

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті



**«Ә. Қоңыратбаев және түркі халықтарының рухани мұрасы:
фольклортану мен әдебиет тарихын зерттеудің жаңа парадигмасы»
профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың 120 жасқа толуына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары
18 желтоқсан, 2025 жыл**

Қызылорда, 2026

ӘОЖ 373
ҚБЖ 74.268
Ә12

Белгілі ғалым, фольклортану мен түркітанудың көрнекті өкілі, эпос мектебінің негізін қалаушы, әдіскер ф.ғ.д., профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналған «Ә. Қоңыратбаев және түркі халықтарының рухани мұрасы: фольклортану мен әдебиет тарихын зерттеудің жаңа парадигмасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары (18 желтоқсан, 2025) – Қызылорда: Жиенай, 2026 ж, 216 бет.

Бас редактор: Ұ.Н. Жанбершиева – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ф.ғ.к.

Редакция алқасы: ф.ғ.к., профессор Ғ.Ә. Тұяқбаев, ф.ғ.к, А.Е. Айтбаева, ф.ғ.к., доцент А.Ә. Әбілов

Құрастырушылар: ф.ғ.к., Г.С. Оралова, PhD К.Т. Кудайбергенова, гуманитарлық ғылымдар магистрі А.Т. Тулебаева

ISBN 978-601-02-1261-8

Жинаққа халықаралық оқуда талқыланған фольклортану мен түркітанудың өзекті мәселелері мен қазіргі гуманитарлық ғылымдардың бағыттары: тарих, археология, лингвистиканы зерттеудің заманауи парадигмалары мен әдебиет пәнін оқытудың үрдістері, жаңашыл бағыттары зерделенген баяндамалар енгізіліп отыр.

Сол сияқты Ә.Қоңыратбаевтың әдебиеттануға қосқан үлесі туралы баяндамалар топтастырылған.

Жинақ фольклортанушы, жас зерттеушілер, докторант, магистрант, студенттерге сонымен бірге орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне арналған.

ISBN 978-601-02-1261-8

«Жиенай» баспасы
Қызылорда, 2026 ж.

АЛҒЫ СӨЗ

Сөз өнерінің адамның ой жүйесін кеңейтуге әсер етер қасиеті ерте заманнан байқалған. Әл-Фараби: «Интеллект» сөзінің мағынасы жайында пайымдама» атты трактатында сөз өнерінің адамды тұлға ретінде қалыптастыратын тәрбиелік мәнін жоғары қойған.

90 жылға жуық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті іргелі оқу орны студенттердің парасатты, адами қасиеттерімен қатар жалпы мәдениет көкжиегін кеңейтудегі әдебиет пәндерінің ықпалын көтеру мақсатында ғылыми-теориялық, әдістемелік жұмыстарды назардан тыс қалдырған емес. Соның бірі – ф.ғ.д., профессор Ә.Қоңыратбаевтың 120 жыл толуына арналған – Қоңыратбаев оқулары.

Университет тарихына көз жіберсек, әр жылдары елімізге танымал ғалымдар: І.Кеңесбаев, Ә. Қоңыратбаев, Ә.Байжолов, Н.Жүнісов, А.Әбілақов, М.Бимағанбетов, Г.Смағұлова т.с.с. ірі ғалымдар қызмет атқарған.

Ұлтымыздың қасиеттерін бойына жинақтап, фольклортану, түркітану, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп, ұлтымыздың рухани-мәдени дамуына қомақты үлес қосқан филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми-педагогикалық жұмыс кезеңі тың ізденістер мен сыни проблемаларға толы болды.

Одақ көлеміне, қазіргі алыс-жақын шетелдердің ғалымдарына кеңінен танымал, тюрколог, фольклортанушы, ғұлама ғалымды өзіне рухани ұстаз тұтатындар қаншама?!

Әуелбек Қоңыратбаев орта және жоғары мектепке арнап оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік еңбектер қатарын молайтты.

«Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері» (1962), «Эпос және оның айтушылары» (1975), «Қазақ эпосы және тюркология» (1987), Ә.Қоңыратбаевтың 10 томдық шығармалар жинағы, т.б.

Қажымас қайратты қажет ететін еңбектері педагог-ғалымның қайраткерлік тұлғасын, азаматтық болмысын айқындай түседі.

Ә.Қоңыратбаевтың 120 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-танымдық оқуларда фольклортану мен түркітанудың өзекті мәселелері мен қазіргі гуманитарлық ғылымдары: тарих, археология, лингвистика, оқытудың инновациялық технологиясына біршама басымдық берілді.

Оқылған баяндамалар, пікір алмасулар және басқа материалдардан туындайтын қолдарыңызға тиген осы жинақтағы ой-түйіндер, пайымдаулар, ЖОО және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдерінің, ізденушілердің, докторант, магистрант, студенттердің қадесіне жарайды деген үміттеміз.

Ф.ғ.к., профессор Ұ.Н. Жанбершиева

«Әуелбек Қоңыратбаев және түркі халықтарының рухани мұрасы: фольклортану мен әдебиет тарихын зерттеудің жаңа парадигмалары» тақырыбында халықаралық ғылыми- тәжірбиелік конференция БАҒДАРЛАМАСЫ

11 ⁰⁰ -11 ¹⁰	Модератор: Жанбершиева Ұлжан Нахатқызы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның профессоры, филология ғылымдарының кандидаты. Алғы сөз.
11 ¹⁰ -11 ²⁰	Сейфуллах Йылдырым - Түркия Республикасы, Гази университетінің профессоры, доктор. Қазақстан даласының діни дастандары және жыраулық дәстүр
11 ²⁰ -11 ³⁰	Аскарова Гауһар Сарыбайқызы - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, ф.ғ.к., профессор. Ә. Қоңыратбаевтың ежелгі әдеби мұраларды талдау тәсілдері және оны ЖОО-да оқытудың маңызы.
11 ⁴⁰ -11 ⁵⁰	Оралова Гүлзира Сапарқызы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты. Көркем шығарманы Ә.Қоңыратбаев әдістемесімен оқыту және оның теориялық негіздері
11 ⁵⁰ -12 ⁰⁰	Білалов Сейдали Өміртайұлы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Тарих және археология БББ-ның аға оқытушысы, PhD (философия докторы). Ә.Қоңыратбаев еңбектерінің Сыр бойындағы археологиялық ескерткіштері: тарихы, аңыздары.
12 ¹⁰ -12 ²⁰	Алмауытова Әсия Базарбайқызы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты. Ә.Қоңыратбаевтың “Тілдік әлемі”
12 ²⁰ -12 ³⁰	Құдайбергенова Күнімжан Тыныштықбекқызы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның аға оқытушысы, PhD (философия докторы). Әуелбек Қоңыратбаев және тұрмыс-салт жырларын жүйелеу мәселелері.
12. ⁵⁰ -13. ¹⁰	Изтлеуова Жанна Бахытжановна - старший преподаватель образовательной программы «Иностранные языки и перевод», магистр гуманитарных наук. Содержание профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов на основе полилингвального образования
13. ²⁰ -13. ³⁰	Қазбай Парасат Абдулрашидқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторанты. Халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Конференция бағыттары (секциялар):

1. Фольклортану мен түркітанудың өзекті мәселелері

- Түркі эпосының типологиясы және тарихи поэтикасы
- Қазақ фольклорындағы мифологиялық жүйе және дәстүр сабақтастығы
- Түркі халықтарының ортақ рухани кодтары мен мәдени архетиптері
- Қазіргі фольклортану: методология, бағыттар, мектептер

2. Әдебиеттанудағы ғылыми-теориялық бағыттар және зерттеу әдіснамасы

- Әуелбек Қоңыратбаев және әдебиет тарихын зерттеу әдістері
- Компаративистика, герменевтика, нарративистика
- Әдебиеттанудағы интердисциплинарлық және цифрлық зерттеу тәсілдері
- Ежелгі және орта ғасырлар әдеби жәдігерлерін жаңа қырынан талдау

3. Қазіргі гуманитарлық ғылымдағы зерттеу бағыттары: тарих, археология және лингвистика

- Түркі өркениетінің тарихи-мәдени контексті
- Археологиялық деректер және әдеби-фольклорлық материалдардың тоғысуы
- Лингвистикалық реконструкция, тарихи грамматика және этимологиялық зерттеулер
- Тарихи-мәдени антропология және өңірлік зерттеулер

4. Фольклор үлгілерін мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары

- Фольклортану білімінде ЦОР, интерактивті платформалар, мультимедиялық сабақтар
- Цифрлық гуманитаристика және фольклорлық мәтіндерді оқытудағы жаңа әдістер
- STEAM және CLIL технологиялары негізінде фольклорды оқыту
- ЖОО мен мектептердегі фольклор курстарының мазмұны және әдістемелік жаңғыруы

KAZAK SAHASINDA DİNÎ DASTANLAR VE KISSACILIK GELENEĞİ

PROF. DR. SEYFULLAH YILDIRIM

Gazi Üniversitesi, Gazi Eğitim Fakültesi, Türkçe ve Sosyal Bilimler Eğitimi Bölümü,
Türk Dili ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı Öğretim Üyesi, Ankara/ Türkiye

Özet

Kazak sözlü edebiyat geleneği, tarihsel süreç içerisinde İslamiyet'in kabulü ve yerleşik hayata geçişle birlikte önemli bir dönüşüm geçirmiştir. Bu çalışmada, Kazak edebiyatında “dastan” ve “kıssa” kavramlarının gelişimi, özellikle XIX. yüzyıl ve XX. yüzyıl başlarında ortaya çıkan “kitabi akınlar” (okuryazar icracılar) geleneği çerçevesinde incelenmektedir. Fars ve Arap edebiyatlarından etkilenerek Kazak bozkırlarına taşınan *Şehnâme*, *Binbir Gece Masalları* ve dinî menkıbeler, yerel kültürel unsurlarla sentezlenerek “dinî dastanlar” türünü oluşturmuştur. Çalışma, bu eserlerin sadece edebi birer ürün olmadığını; aynı zamanda Çarlık Rusya'nın Ruslaştırma politikalarına ve misyonerlik faaliyetlerine karşı bir kültürel direnç ve kimlik muhafaza aracı olarak işlev gördüğünü ortaya koymaktadır. Ayrıca çalışmada genel manada, Sovyetler Birliği döneminde bu türün “gerici” ve “burjuva” olarak etiketlenip yasaklanması, Arap alfabesiyle yazılan eserlerin imha edilmesi ve kültürel hafızanın silinmeye çalışılması süreci de detaylandırılmaktadır. Makalede, B. Azibayeva gibi araştırmacıların tasniflerine yer verilerek dastanların konularına göre sınıflandırılması (dinî, aşk, kahramanlık vb.) ve Kazan, Orenburg gibi merkezlerdeki yayıncılık faaliyetleri ele alınmaktadır. Sonuç olarak, kıssacılık geleneğinin, sözlü kültürden yazılı kültüre geçişte bir köprü vazifesi gördüğü ve Kazak manevi dünyasının şekillenmesinde hayati bir rol oynadığı vurgulanmaktadır.

Anahtar Kelimeler: Kazak Edebiyatı, Dinî Dastanlar, Kıssa, Kitabi Akınlar, Folklor, Kültürel Direnç.

Giriş: Kazak Edebiyatında Dastan ve Kıssa Kavramları

İnsanlık tarihiyle eş zamanlı bir kökene sahip olan sözlü kültür, asırlar boyunca şifahi yolla tekâmül etmiş ve toplumların tarihsel süreçteki kültürel birikimlerinin ve değişimlerinin en canlı tanığı olmuştur. Türkistan coğrafyasında meskûn Türk topluluklarının konar-göçer yaşam tarzından yerleşik hayata geçişleri nispeten yakın bir tarihte gerçekleşmiştir. Bu durum, diğer Orta Asya Türk topluluklarında olduğu gibi, Kazak sözlü edebiyatı örneklerinin de XIX. yüzyıla kadar halk hafızasında canlı kalmasını ve nesilden nesle aktarılmasını sağlamıştır. Nadiren de olsa bazı eserlerin el yazması formunda günümüze ulaştığı görülmektedir (Yıldırım, 2015:1).

Folklor ürünlerinin bir kısmı, halkın yerel kültürel değerlerini yansıtmakla birlikte, yeni kültürel çevreler ve dinî hayatın tesiriyle farklı topluluklardan Kazak folkloruna intikal etmiştir. Bu türlerin başında, Kazak literatüründe “dastan” veya “kıssa” olarak adlandırılan eserler gelmektedir. Türkiye Türkçesinde “halk hikâyesi” olarak karşılanan bu tür, Kazak folklorunda hem konu hem de sanatsal yapı itibarıyla geleneksel dastanlardan ayrılır. “Dastan” teriminin köken itibarıyla Farsça olduğu ve Kazak sahasına Deşt-i Kıpçak döneminde Fars edebiyatından geçtiği kabul edilmektedir. Ancak bu etkileşim tek taraflı bir kültür aktarımı olarak görülmemeli; Kazakların da dâhil olduğu Doğu medeniyetinin ortak mirası olarak değerlendirilmelidir. Fars kültüründe dastanlar genellikle mensur veya manzum anlatılırken, Kazak geleneğinde bu tür, manzum ağırlıklı

olup içinde mensur kısımları da barındıran ve dombıra eşliğinde icra edilen kendine has bir forma bürünmüştür. Ancak XIX. yüzyılın sonlarından itibaren bu icra geleneğinde değişimler yaşanmış, okuryazar icracılar dastanları enstrümentsiz, belirli bir makamla okumaya başlamışlardır (Kaskabasov & Azibayeva, 2004: 10-11; Yıldırım, 2015:1-3).

Kazak Dastanlarının Derlenmesi ve Yayınlanması

Kazak dastanlarının derlenmesi ve incelenmesi XIX. yüzyılda, Çarlık Rusyası'nın bölgedeki bilimsel ve siyasi faaliyetleriyle eş zamanlı olarak başlamıştır. 1845 yılında kurulan Rusya Coğrafya Cemiyeti (Russkoye Geografiçeskoye Obşçestvo), Kazak bozkırlarına düzenlediği gezilerle folklor malzemeleri toplamıştır. Ancak bu cemiyetin faaliyetleri, saf bilimsel meraktan ziyade, Rusya'nın sömürgeci politikalarıyla da ilişkilidir (Kaskabasov, 1988: 93; Azadovskiy, 1963: 3; Yıldırım, 2015: 15-49).

Derlenen malzemelerin bir kısmı "Jivaya Starina" gibi yayın organlarında neşredilmiş, bir kısmı ise arşivlerde kalmıştır. Bazı Rus araştırmacılar, Kazak halkına karşı ön yargılı yaklaşımlar sergilemiştir. Örneğin V. D. Tronov, Kazakları "gelişmemiş ve vahşi" olarak nitelendirerek, yerlerinin daha medeni komşularına (Ruslara) bırakılması gerektiğini savunmuştur (Tronov, 1891: 8). Bu tür yaklaşımlar, dönemin diğer araştırmacıları (A. İvanovskiy gibi) tarafından bilimsellikten uzak ve vicdansızca bulunarak eleştirilmiştir (Kaskabasov, 1988: 103).

Kazak folklorunda yayımlanan ilk eser, aynı zamanda bir dastan olan *Seypilmalik*'tir (1807, Kazan). 1917 yılına kadar Kazakistan'da matbaa kurulmasına izin verilmediği için, sadece 1912'de Semey'de "Jardem" matbaası açılmıştır, Kazakça kitaplar çoğunlukla Kazan, Orenburg ve Taşkent gibi şehirlerde basılmıştır. Bu dönemde yayımlanan eserler, Arap alfabesiyle basılmış olup halkı aydınlatma, Doğu edebiyatını tanıtmaya ve eğitim materyali sağlama gibi amaçlar gütmüştür (Folklor Matintanuvı, 2009: 57-59; Yıldırım, 1998: 37). *Kıssa-i Şakir* gibi popüler dastanlar, defalarca basılmış ve geniş kitlelere ulaşmıştır (Azibayeva, 2004b: 349-357).

Çarlık Rusya döneminde yaygınlık kazanan dastan türü, zamanla "kıssa" (kiyssa) terimiyle de ifade edilmiştir. Arap, Fars ve Çağatay edebiyatları kanalıyla Kazak edebiyatına giren kıssalar, konularını ekseriyetle Kur'an-ı Kerim, Binbir Gece Masalları, Şehnâme ve Tutinâme gibi klasik eserlerden almıştır. Bu eserleri icra eden veya yeniden üreten sanatçılar "kıssacı akınlar", "kitabî akınlar" veya "dastancı" olarak isimlendirilmiştir (Ergöbek, 2012: 6-7). Ünlü Türkolog A. K. Borovkov, Türk dilli halkların destanlarında, sonraki dönemlerde gelişen kitabî edebiyatın güçlü bir tesiri olduğunu vurgulamaktadır (Süynşaliyev, 1960: 7).

Şokan Valihanov, kendi dönemindeki akınların dinî anlatılara yönelmesini eleştirmiş; Seyyid Battal Gazi, Yusuf ile Züleyha gibi konuları işleyen akınların eserlerini abartılı ve bıktırıcı bulduğunu ifade etmiştir. Dinî eğitim almış icracılar, halk nezdindeki itibarlarını kullanarak dinî dastan ve kıssalar üzerinden topluma öğüt vermeye amaçlamışlardır. Hem akın hem de din adamı kimliği taşıyan bu şahsiyetler, eski halk destanlarına İslami motifler eklemiş veya doğrudan dinî konuları dastanlaştırmışlardır. *Bozjigit*, *Muñdik-Zarlık*, *Ferşil Kız* gibi eserler bu dönemin en yaygın örnekleridir (Süynşaliyev, 1960: 8; Yıldırım, 2015:15-49).

Kitabî/ Kıssacı Akınlar

XIX. yüzyılın son çeyreği ile XX. yüzyılın başlarında "kitabî akınlar"ın yükselişinde çeşitli faktörler rol oynamıştır. Bu eserler, geleneksel sözlü edebiyat ile orta çağ tasavvuf edebiyatının bir sentezi olarak XIX. yüzyılda yeniden canlanmıştır. Rus yayımlıcağına karşı dini ve dili muhafaza etme refleksi, bu edebiyatın gelişimini tetiklemiştir. Rus ve sonrasında Bolşevik siyasetinin baskısıyla ana akım edebiyattan dışlanan yazarlar, eski Kazak yazılı geleneği ile yeni edebiyatı birleştirerek "kıssa-dastan" türü üzerinden varlıklarını sürdürmüşlerdir. Sovyet rejimine rağmen bu gelenek,

kırsal kesimde 1970’li yıllara kadar gizli bir şekilde muhafaza edilmiştir (Ergöbek, 2012: 7-8 Yıldırım, 2015:1-14).

Sovyet döneminde, 1960’lı yıllarda, Kazak aydınlarının bir kısmı kıssalara mesafeli yaklaşmıştır. Hanğali Süyiñşaliyev gibi araştırmacılar, kıssaların temelinde “dinî gericilik” olduğunu savunmakla birlikte, bu eserlerin edebiyat üzerindeki geniş etkisini inkâr etmemişlerdir (Süyiñşaliyev, 1960: 8). Çarlık döneminde bağımsızlık mücadelesi veren veya Doğu edebiyatından beslenen aydınlar, Sovyet ideolojisi tarafından “burjuva”, “milliyetçi” veya “taklitçi” olarak damgalanmıştır. “Kıssacı Akınlar”ın eserleri, cehaleti ve geçmişi öven gerici metinler olarak değerlendirilmiş; toplumu manevi arınmaya çağırın yönleri göz ardı edilmiştir (Abdiymanulı, 2002: 6).

Bu olumsuz bakış açısı, “Kitabi kıssacılık” kavramının, Maşhur, Makış, Nurjan gibi usta akınları küçümsemek için bir hafta olarak kullanılmasına neden olmuştur. Oysa bu şahsiyetler, dinî konuları işleyerek Kazak milli şiir geleneğinin ufkunu genişletmişlerdir (Abdiymanulı, 2002: 105). Akılbek Bin Sabal, Şadi Jañgirov, Mavlekey Jumaşov, Jüsipbek Şayhislamuğlı gibi isimler, hak ettikleri değeri görememişlerdir. Ömirhan Abdiymanulı’na göre, *Leyla ile Mecnun*, *Muñdik-Zarlık* gibi romantik dastanlar, Kazak epik ve lirik dastanlarını derinden etkilemiştir; ancak bu eserler sadece dinî vaaz olarak görüldüğü için edebiyat tarihi eksik kalmıştır (Abdiymanulı, 2002: 6).

Kazak dastanlarını oluşturan akınlar, genellikle medrese eğitimi almış, Doğu edebiyatını ve İslamiyet’i iyi bilen şahsiyetlerdir. Ahmet Yesevi, Rabğuzî ve Edip Ahmet Yüknekî gibi isimlerin eserlerindeki dinî motifler, bu akınların temel kaynağını oluşturmuştur. Abdiymanulı, bu akınların temel özelliklerini şu şekilde sıralamaktadır:

1. Medreselerde İslami bir eğitim almışlardır; Rusça ve Rus edebiyatıyla ilişkileri sınırlıdır.
2. Doğu edebiyatı mekteplerini ve üslubunu benimseyerek eserlerinde uygulamışlardır.
3. Çocukluklarından itibaren dinî kıssa ve dastanları ezberleyerek büyümüşler, sonrasında dinî ilimlerle derinleşmişlerdir.
4. Klasik İslami edebiyat örnekleriyle doğrudan temas kurmuşlardır (Abdiymanulı, 2002: 103-104).

Bu bağlamda, “kitabi akın” kavramının sadece eserlerinde Arapça veya Farsça kelimeler kullanan şairleri değil; asıl amacı Doğu geleneğindeki kıssa ve dastanları tercüme etmek, nazire yazmak veya bu konuları temel alarak eser üretmek olan kişileri (örneğin Akılbek Sabaulı, Jüsipbek Şayhislamuğlı) kapsamaması gerekmektedir. Bu akınların temel hizmeti, Doğu dastan geleneğini Kazak bozkırlarında yazılı olarak muhafaza etmeleri ve yaygınlaştırmalarıdır (Abdiymanulı, 2002: 105).

Dastanların Sınıflandırılması ve Dinî Dastanlar

Kazak dastanları üzerine kapsamlı çalışmalar yapan B. Azibayeva, *Kazakhskiy Dastanniy Epos* adlı eserinde dastanları dört ana gruba ayırmıştır:

1. Dinî (Religiozniye) Dastanlar
2. Hikâye Mahiyetindeki (Novelliçeskiye) Dastanlar
3. Romantik/Aşk (Romaniçeskiye) Dastanları
4. Masalsı (Skazoçniye) Dastanlar (Azibayeva, 1998: 20; Yıldırım, 2013: 128).

Azibayeva daha sonraki çalışmasında dördüncü maddeyi “Askeri (Savaş) Dastanlar” olarak revize etmiştir (Azibayeva, 2009: 9).

Dinî dastanlar, “kıssa” veya “hikâye” adıyla jırşı ve jiravların repertuvarlarında önemli bir yer tutmuştur. XIX. yüzyıl sonu ve XX. yüzyıl başında bu eserler, halka nasihat etme aracı olarak topluluk önünde icra edilmiştir. Ancak Sovyet hâkimiyetiyle birlikte dinî dastanlar yasaklanmış, camilerin kapatılması ve Arap harfli kitapların imhasıyla bu kültürel miras arşivlere hapsedilmiştir. Çarlık döneminde İlminskiy gibi misyonerlerin “Kazakları Ruslaştırma” politikaları, Sovyet döneminde daha sert bir

şekilde uygulanarak halkın İslami geçmişiyle bağları koparılmak istenmiştir (Berdibay, 2005: 332-333; Kara, 1997: 37). Misyoner A. Alektorov gibi isimler, Kazakları İslam dünyasından koparmayı amaçlayan çalışmalar yürütmüşlerdir (Berdibay, 2005: 333).

Sovyet döneminde yapılan edebiyat araştırmalarında (A. Baytursinov, M. Avezov, S. Mukanov vb.), rejim baskısı nedeniyle dinî dastanlar görmezden gelinmiş, daha çok aşk dastanları üzerinde durulmuştur (Azibayeva, 1998: 5). Oysa İslamiyet'in Türkistan bozkırlarında yayılmasında, cami ve medreselerin yanı sıra akınların icra ettiği dinî dastanların rolü büyüktür Yıldırım, 2015:1-14). Bu dastanlarda İslami yaratılış düşüncesi, peygamber kıssaları ve evliya menkıbeleri, destansı motiflerle işlenmiştir. Azibayeva, dinî dastanları konularına göre şu şekilde tasnif etmiştir:

1. İslam'ın şartlarını ve ibadetleri konu alan, kuralları çiğneyenlerin cezalandırılmasını anlatan dastanlar.
2. Hz. Peygamber, Dört Halife ve Mehdi ile ilgili dastanlar.
3. Müslüman kahramanlar ve evliyaların hayatlarını konu alan dastanlar.
4. İslam'ın yayılması uğruna yapılan savaşları (gazavat) konu alan dastanlar (Azibayeva, 2004a: 8; Azibayeva, 2009: 87).

Sonuç

Kazak sahasında dastan ve kıssacılık geleneği, sözlü kültürden yazılı kültüre geçişin ve İslami değerlerin benimsenmesiyle birlikte bu değerlerin kültürel öğeler ve gelenek üzerinden kendine özgü hususlar kazanmasının bir tezahürüdür. Ayrıca din konulu bu dastanlar Çarlık dönemindeki siyasi baskılara karşı kültürel direnişin önemli bir tezahürüdür. “Kitabi akınlar” tarafından Doğu edebiyatından uyarlanan veya telif edilen bu eserler, Kazak edebiyatının zenginleşmesine katkı sağlamış ve halkın manevi dünyasını besleyen temel kaynaklardan biri olmuştur.

Kaynakça

- Abdiymanulı, Ö. (2002). *XX. Ğasır Bas Kezindegi Kazak Adebıyeti*. Almatı: Kazak Üniversitesi Bas.
- Alektorov, A. (1900). *Ukazatel Knig, Jurnalnih i Gazetnih Statey o Kirgizah*. Kazan.
- Azadovskiy, M. K. (1963). *İstoriya Russkoy Folkloristiki* (2.Tom). Moskva.
- Azibayeva, B. (1998). *Kazahskiy Dastannıy Epos*. Almatı: Ğılım Bas.
- Azibayeva, B. (2004a). *Kazaktın Diniy Dastandarı. Babalar Sözi* (10. Tom). Astana: Foliant Bas.
- Azibayeva, B. (2004b). *Kiyssa-i Şakir, Şakirat Padişa Haşım Balaları. Babalar Sözi* (9. Tom). Astana: Foliant Bas.
- Azibayeva, B. (Ed.). (2009a). *Folklor Matintanuvı: Ötkeni Men Bügin*. Almatı: M.O. Avezov Atındağı Adebıyet Jane Öner İnstitutı, Kiye.
- Azibayeva, B. (2009b). *Kazak Dastandarı*. Almatı: Baspalar Üyi.
- Berdibay, R. (2005). *Epos, El Kazınası, Bes Tomdık Şıĝarmalar Jıynağı* (1. Tom). Almatı: Kazıĝurt Bas.
- Ergöbek, S. (2012). *Kazaktın Dastırlı Jazba Adebıyeti*. Türkistan: Turan Bas.
- Kara, A. (1997). *Kazakistan'da 1986 Almatı Olaylarının İçyüzü ve Etkileri* (Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi). İstanbul: Mimar Sinan Üniversitesi SBE.
- Kaskabasov, S. & Azibayeva, B. (2004). *Kazak Dastandarı. Babalar Sözi* (1. Tom). Astana: Foliant Bas.
- Kaskabasov, S. (1988). *XIX Ğasırın Ekinşi Jartısındağı Kazak Folkloristikası. Kazak Folkloristikasınıñ Tariyhı* içinde. Almatı: Ğılım Bas.
- Süyinşaliyev, H. (1960). *Kazak Poemalarının Ösüv Jolı. Dastandar* içinde. Almatı: Kazaktın Memelekettik Körkem Adebıyet Bas.
- Tronov, V. D. (1891). *Materialı po Antropologii i Etnologii Kirgiz*. S. Peterburg.
- Yıldırım, D. (1998). *Türk Bitiği*. Ankara: Akçağ Yay.

Yıldırım, S. (2013). İcracının Elinde Türün Değişmesine Bir Örnek: Kazak Türklerinin 'Keklik ile Kuzgun' Dastanı. *21. Yüzyılda Eğitim ve Toplum*, (6), 125-143.
Yıldırım, S. (2015). *Kazakların Dariyğa Kız Dastanı*. Ankara: KalemKitap Yay.

Abstract

Religious Dastans and the Tradition of Storytelling (Kissa) in the Kazakh Field

The tradition of Kazakh oral literature underwent a significant transformation throughout history, particularly with the adoption of Islam and the transition to settled life. This study examines the development of the concepts of “dastan” (epic) and “kissa” (tale) within Kazakh literature, focusing specifically on the tradition of “kitabi akıns” (literate bards) that emerged in the 19th and early 20th centuries. Influenced by Persian and Arabic literatures, classic works such as the *Shahnameh*, *One Thousand and One Nights*, and religious hagiographies were transported to the Kazakh steppes and synthesized with local forms to create the genre of “religious dastans.” The study demonstrates that these works were not merely literary products but also functioned as instruments of cultural resistance and identity preservation against the Russification policies and missionary activities of Tsarist Russia. Furthermore, the article details the suppression of this genre during the Soviet era, where it was labeled as “reactionary” and “bourgeois,” leading to the destruction of works written in the Arabic script and attempts to erase cultural memory. Referring to classifications by scholars like B. Azibayeva, the study categorizes dastans by subject (religious, romantic, heroic, etc.) and discusses publishing activities in centers like Kazan and Orenburg. In conclusion, it is emphasized that the storytelling tradition served as a bridge in the transition from oral to written culture and played a vital role in shaping the Kazakh spiritual world.

Keywords: Kazakh Literature, Religious Dastans, Kissa, Kitabi Akıns, Folklore, Cultural Resistance.

Аннотация

Религиозные дастаны и традиция кысса в казахской степи

Традиция казахской устной литературы претерпела значительную трансформацию в историческом процессе, особенно с принятием ислама и переходом к оседлому образу жизни. В данном исследовании рассматривается развитие понятий «дастан» и «кысса» в казахской литературе, в частности, в рамках традиции «книжных акынов» (китаби акындар), возникшей в XIX и начале XX веков. Под влиянием персидской и арабской литератур классические произведения, такие как «Шахнаме», «Тысяча и одна ночь» и религиозные жития, проникли в казахские степи и, синтезируясь с местными формами, сформировали жанр «религиозных дастанов». В работе показано, что эти произведения были не просто литературными продуктами, но и служили инструментом культурного сопротивления и сохранения идентичности против политики русификации и миссионерской деятельности царской России. Кроме того, в статье подробно рассматривается процесс подавления этого жанра в советский период, когда он был заклемен как «реакционный» и «буржуазный», что привело к уничтожению произведений, написанных арабской графикой, и попыткам стереть культурную память. Опираясь на классификации таких исследователей, как Б. Азибаева, дастаны систематизируются по тематике (религиозные, любовные, героические и др.), а также обсуждается издательская деятельность в таких центрах, как Казань и Оренбург. В заключение подчеркивается, что традиция кысса служила мостом при

переходе от устной к письменной культуре и сыграла жизненно важную роль в формировании духовного мира казахов.

Ключевые слова: Казахская литература, религиозные дастаны, кысса, книжные акыны, фольклор, культурное сопротивление.

Түйіндеме

Қазақ даласындағы діни дастандар мен қиссашылық дәстүрі

Қазақ ауыз әдебиеті дәстүрі тарихи үдеріс барысында, әсіресе Ислам дінін қабылдау және отырықшы өмірге көшу кезеңінде маңызды өзгерістерге ұшырады. Бұл зерттеу жұмысында қазақ әдебиетіндегі «дастан» және «қисса» ұғымдарының дамуы, әсіресе XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында пайда болған «кітаби акындар» дәстүрі аясында қарастырылады. Парсы және араб әдебиеттерінің әсерімен қазақ даласына жеткен *Шахнама*, *Мың бір түн* және діни әңгімелер жергілікті үлгілермен ұштасып, «діни дастандар» жанрын қалыптастырды. Мақалада бұл шығармалардың тек әдеби туынды ғана емес, сонымен қатар Патшалық Ресейдің орыстандыру саясаты мен миссионерлік әрекеттеріне қарсы мәдени қарсылық және ұлттық бірегейлікті сақтау құралы ретінде қызмет еткендігі айтылады. Сонымен қатар, Кеңес Одағы кезінде бұл жанрдың «керітартпа» және «буржуазиялық» деп таңбаланып, тыйым салынуы, араб қарпімен жазылған мұралардың жойылуы және мәдени жадыны өшіру әрекеттері егжей-тегжейлі баяндалады. Зерттеуде Б. Әзібаева сияқты ғалымдардың жіктеулеріне сүйене отырып, дастандар тақырыбына қарай (діни, ғашықтық, қаһармандық т.б.) жүйеленіп, Қазан, Орынбор сияқты орталықтардағы баспа ісі қарастырылады. Қорытындылай келе, қиссашылық дәстүрінің ауызша мәдениеттен жазба мәдениетке өтуде көпір қызметін атқарғаны және қазақ рухани дүниетанымын қалыптастырудағы өміршең рөлі баса көрсетіледі.

Түйінді сөздер: Қазақ әдебиеті, діни дастандар, қисса, кітаби акындар, фольклор, мәдени қарсылық.

Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ МҰРАЛАРЫН ЖОО-ДА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

АСҚАРОВА ГАУҒАР САРЫБАЙҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
ф.ғ.к., қауымдаст. профессор, Қазақстан, Алматы қ.

Андатпа. Бұл мақалада көрнекті әдебиеттанушы ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың қазақ фольклортану ғылымындағы орны мен ғылыми мұрасының қазіргі білім беру кеңістігіндегі маңызы қарастырылады. Ғалым еңбектерін жоғары оқу орындары мен мектептерде оқытудың тиімді жолдары, соның ішінде сандық форматқа көшіру, ЖИИ технологияларын пайдалану, мультимедиялық ресурстар мен интерактивті әдістер арқылы меңгерту жолдары сипатталады. Мақалада ұлттық әдеби мұраны заманауи талаптарға сай оқытудың әдістемелік негіздері мен болашағы сөз болады.

Түйінді сөздер: қазақ фольклоры, фольклортану, инновациялық технология, цифрлық формат, интерактивті әдіс.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение научного наследия выдающегося литературоведа Ауелбека Қоңыратбаева в развитии казахской науки о фольклоре. Особое внимание уделяется современным подходам к преподаванию его трудов в вузах и школах: перевод в цифровой формат, использование ИИ-технологий, мультимедийных ресурсов и интерактивных методов обучения. Также обсуждаются методологические основы и перспективы интеграции национального литературного наследия в образовательное пространство XXI века.

Ключевые слова: казахский фольклор, фольклористика, инновационные технологии, цифровой формат, интерактивные методы. This article explores the contribution of the prominent literary scholar and folklorist, Professor Äuelbek Qonyratbaev, to the development of Kazakh folklore studies. It emphasizes modern approaches to teaching his scholarly works in universities and schools, including digitization, the use of AI technologies, multimedia resources, and interactive teaching methods. The article also discusses methodological foundations and future perspectives for integrating national literary heritage into the 21st-century educational landscape.

Keywords: kazakh folklore, folklore studies, innovative technologies, digital format, interactive methods

Әуелбек Қоңыратбаев – қазақ ауыз әдебиетін терең зерттеген көрнекті фольклортанушы ғалым. Ол өз ғылыми жолында фольклорды жүйелі түрде зерделеп, кандидаттық және докторлық

диссертацияларын қорғады. Ғалымның кандидаттық диссертациясы «Қазақтың лиро-эпосы» тақырыбында 1945 жылы қорғалса, докторлық диссертациясы 1971 жылы «Көне түркі поэзиясы және қазақ фольклоры» тақырыбында табысты қорғалды. Бұл еңбектер қазақ фольклортану ғылымының іргелі бағыттарын анықтап, кейінгі зерттеушілерге жол ашты.

Ә.Қоңыратбаевтың қазақ фольклорының тарихи негіздері мен көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты зерделейтін құнды еңбектері – «Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы» (1959), «Эпос және оның айтушылары» (1975), «Қазақ эпосы және түркология» (1987), «Қазақ фольклорының тарихы» (1991), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1994) қазақ фольклоры мен көне түркі поэзиясы туралы монографиялық зерттеу еңбектері және «Қорқыт ата кітабы» (1986), «Тотынама» (1991) аударма кітаптары. Бұл еңбектер – қазақ фольклортану ғылымының іргетасын қалауға үлес қосқан маңызды туындылар. Ғалым өз зерттеулері арқылы жоғары оқу орындарының студенттеріне қазақтың бай ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі мен этнографиясы жөнінде жан-жақты әрі ғылыми негізделген білім береді.

«Қазақ фольклорының тарихы» атты оқу құралының кіріспесінде Т.Қоңыратбаев былай деп жазады: «Бұл кезге дейін жоғары оқу орындарында жалғыз-ақ М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1974) атты оқулығы пайдаланылып келгені белгілі. Қазақ филологиясы мамандығында оқыған бірнеше буын өкілдері осы оқулық арқылы ауыз әдебиеті туралы жүйелі де тиянақты білім алып шықты. Алайда уақыт ағымына сай ғылым да, өнер де үнемі дамып, жаңа талаптарды туындатады» [1, 3 б.].

Осы ғылыми қажеттілікке байланысты белгілі фольклортанушы С.Садырбаев М. Ғабдуллин еңбегінің негізінде «Қазақ халқының ауыз әдебиеті программасы» (1980), «Қазақ халық ауыз әдебиеті» (1990) атты хрестоматиялық оқу құралдарын жарыққа шығарды. Бұл еңбектер де өз кезегінде білім беру үдерісін дамытып, фольклорды оқытуда маңызды рөл атқарды. Алайда, ғылымның жаңа жетістіктерін ескере отырып, фольклорлық мұраларды тарихи-философиялық, мәдени-этнографиялық тұрғыдан кеңірек қамтитын, тың көзқараспен жазылған жаңа буын оқу құралдары қажет болды.

Міне, осы ғылыми әрі әдістемелік сұранысқа толық жауап берген еңбек – көрнекті ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» атты құнды кітабы. Бұл еңбек – қазақ ауыз әдебиетін жүйелі түрде зерттеп, фольклорлық жанрларды кезең-кезеңімен ғылыми жіктеу тұрғысынан маңызды үлес болып саналады.

Ғалым өз зерттеуінде қазақ фольклорын жанрлық және мазмұндық ерекшеліктеріне қарай жіктей отырып, әрқайсысының тарихи, мәдени, рухани маңызын айқындайды. Атап айтқанда:

- *Тұрмыс-салт жырлары*: бақташылық өмірге байланысты жырлар, ұлыс жырлары, бөбек жырлары, үйлену салттарымен байланысты туған өлеңдер, жаназа мен жоқтау жырлары, сондай-ақ діни әдет-ғұрыптарға қатысты дүниетанымнан туған фольклор үлгілері. Шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тотемдік сенімдерге қатысты мәтіндер – халық даналығы мен танымының айнасы ретінде қарастырылады.
- *Аңыздар*: қала аңыздары мен дала аңыздарының ерекшеліктері, Қорқыт ата мен Асан қайғы тұлғаларының мифтік бейнесі, Алдар көсе мен Жиренше шешен сияқты фольклорлық кейіпкерлер арқылы берілетін әлеуметтік астарлар.
- *Ертегілер*: мифологиялық ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, реалистік мазмұндағы ертегілер, ертегі тілінің көркемдік ерекшеліктері мен жұмбақтау әдістері; ертегілік эпосқа өтудің көріністері.
- *Қазақ эпосы*: батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар арқылы берілетін елдік идея мен ұлттық болмыс.
- *Тарихи жырлар*: белгілі тарихи оқиғалар мен тұлғалар төңірегінде туындаған шығармалар.
- *Айтыс поэзиясы*: суырыпсалмалық дәстүр мен сөз сайысының фольклордағы орны мен мәні кеңінен талданады.

Ә.Қоңыратбаевтың еңбектері қазақ ауыз әдебиетін тарихи, типологиялық және көркемдік тұрғыдан жан-жақты зерттеудің классикалық үлгілері болып табылады. Ол фольклорды тек әдеби мұра ретінде емес, ұлттық дүниетаным мен рухани-мәдени кодтың маңызды көрінісі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетті. Ғалымның ғылыми мұрасы жастардың ұлттық мәдениет пен әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға, олардың дүниетанымын кеңейтуге зор үлес қосады.

Қазіргі таңда бұл еңбектер еліміздегі жоғары оқу орындарының филология, журналистика, түркітану, педагогика секілді мамандықтарында кеңінен қолданылып, оқу үрдісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде оқытылуда. Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулері уақыт талабынан қалмай, өз маңызын жоғалтпай, ұлттық рухани құндылықтарды танытуда негіз ретінде қызмет атқаруда.

Алайда ғылым мен технологияның қарқынды дамуы, білім беру жүйесінің цифрлануы, білім алушылардың жаңа форматтағы танымдық қажеттіліктері бұл ғылыми мұраларды жаңаша оқыту тәсілдерін енгізуді талап етеді. Осы тұрғыда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлық білім ресурстарын, мультимедиялық материалдарды пайдалана отырып оқыту – уақыт талабына сай келетін тиімді жол.

Сондықтан да, Ә.Қоңыратбаевтың еңбектерін **ЖИИ** (жасанды интеллект, интерактивті оқыту, интернет ресурстар және т.б.) мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сандық форматта ұсыну, **мультимедиялық ресурстармен** (бейнематериалдар, подкасттар, тесттер, инфографика) байыту, студенттермен интерактивті жұмыстар арқылы меңгерту – бұл мұраларды жаңа буынға тиімді жеткізудің жолы болмақ. Мұндай жаңаша оқыту әдістері ғалым еңбегінің маңызын арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды заманауи білім кеңістігіне енгізуге жол ашады. Атап айтсақ,

- **Цифрлық ресурстар:** Ә.Қоңыратбаевтың еңбектерін электронды форматқа көшіру арқылы студенттерге ыңғайлы оқу мүмкіндігі жасалады. Онлайн кітапханалар мен дерекқорлар арқылы кез келген уақытта материалдарға қол жеткізу қамтамасыз етіледі.
- **Мультимедиялық ресурстар:** бейнежазбалар, аудиожазбалар, иллюстрациялар, тарихи-мәдени карталар, инфографика – фольклор мәтіндерін кеңірек, көрнекі және тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (мысалы, «Қобыланды батыр» жырынан анимациялық үзінділер көрсету, бұл мәтінді визуалды түрде елестетуге көмектеседі. Карталар мен инфографика – тарихи-географиялық ауқымын көрсету үшін маңызды. Аудиожазбалар – жыршылардың орындауында тыңдау арқылы ауыз әдебиетінің табиғи болмысын сезінуге көмегі зор).
- **Вебинарлар мен онлайн сабақтар:** Ғалымдар мен мамандардың қашықтан лекциялары, студенттердің талқылау және пікір алмасу мүмкіндіктерін арттырады.
- **Интерактивті оқыту әдістері:** Топтық жобалар, дебаттар, шығармашылық тапсырмалар – студенттердің белсенділігін арттырады және терең түсінік қалыптастырады. Осы технологияларды кеңінен қолдану – жас ұрпақтың әдебиетті терең түсініп, ұлттық мұраға сүйіспеншілікпен қарауына, сондай-ақ заман талабына сай ойлай алатын, рухани дүниесі бай тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Практикалық қолданылуы:

- Ауыз әдебиеті үлгілерін оқытуда инновациялық технологияларды жүйелі түрде енгізу;
- Фольклорлық мәтіндерді сандық базаға енгізу (мысалы, онлайн архивтер мен деректер базасы құру);
- Әдеби мәтіндерге гиперсілтемелер мен терминологиялық түсіндірмелер қосу;
- Фольклорлық мәтіндерді машиналық оқыту, семантикалық талдау тәсілдерімен зерттеу;
- Мектеп пен ЖОО арасындағы ынтымақтастықты күшейту, орта буын оқушыларын ғылыми жобаларға тарту;
- Мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы сабақтастықты нығайту: фольклорды мектепте таныстырып, ЖОО-да тереңдетіп оқыту. Бұл ұлттық мұраға деген қызығушылықты жүйелі түрде дамытудың тиімді жолы;

- TikTok, Instagram секілді жастар жиі қолданатын әлеуметтік желілер арқылы шағын фольклорлық контент ұсыну арқылы қызығушылық тудыру.

Бұл тәсілдер фольклорды тек жаттап оқу емес, оның мағынасын, құрылымын, тарихи, тілдік ерекшелігін жан-жақты, заманауи деңгейде меңгеруге жол ашады. Сонымен қатар:

ЖОО мен мектептердегі фольклор курстарының мазмұны мен әдістемелік жаңғыруы – халық ауыз әдебиетін оқытуда замана талабына сай келетін жаңа мазмұн мен оқыту тәсілдерін енгізуге бағытталған маңызды қадам. Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлау қабілетін дамыту міндеттері алға қойылған. Осыған байланысты фольклор курстары да тек дәстүрлі үлгілерді оқумен шектелмей, қазіргі заманғы фольклорлық құбылыстарды қамтуы тиіс.

Сонымен қатар оқытудың интерактивті әдістері – жобалық жұмыс, мәтіндерге мультимедиялық талдау жасау, топтық зерттеу, шығармашылық тапсырмалар – білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, фольклорды өмірмен байланыстыра түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдістемелік жаңғыру ұлттық мәдениетті тануға, халықтың дүниетанымын терең түсінуге жол ашады.

Курстың мазмұнын жаңарту – оқу бағдарламасына тек көне үлгілерді ғана емес, сонымен қатар мифтерге, аңыздарға, ертегілерге, эпостар мен салт-дәстүрлерге қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан қайта қаралған жаңа мәліметтерді енгізуді көздейді. Мысалы, фольклордың цифрлық нұсқаларын, қазіргі заманғы фольклор түрлерін – интернет-аңыздарды, визуалдымәтіндерді, мемдерді және әлеуметтік желілерде таралатын ауызекі шығармашылық үлгілерін оқу мазмұнына қосу маңызды.

Әдістемелік жаңғыру (Дәстүрлі оқытудан жаңаша тәсілге көшу) – дәстүрлі лекция мен жаттап алу тәсілінен гөрі, оқытудың интерактивті, білім алушыны орталыққа қоятын жаңа формаларын енгізу. Қазіргі заман білім алушыдан тек жаттауды емес, ойлауды, талдауды, шығармашылықты талап етеді. Сол себепті әдістемені жаңарту қажет. Бұл бағытта қолданылатын әдістерге рөлдік ойындар, пікірталастар (дебат), сахналық қойылымдар, зерттеушілік тапсырмалар мен жобалық жұмыстар жатады. Себебі фольклор тек өткеннің мұрасы ғана емес, ол – бүгінгі күнмен де үндесіп жатқан, ұлттың рухани өзегі (мысалы, рөлдік ойындарда студенттер эпостың кейіпкерлеріне айналып, сол кейіпкердің атынан сөйлеуі мүмкін. Бұл мәтінді терең сезінуге көмектеседі. Дебаттар – ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін талқылап, түрлі бейнелер арасында пікірталас жүргізіледі; Сахналық қойылымдар арқылы эпизодтарды драмаландыру арқылы студенттерге шығарманың рухын жеткізуге болады).

Сонымен қатар, заманауи цифрлық құралдарды (Padlet, Kahoot, Google Forms, Quizizz, Mentimeter) қолдану – оқыту процесін жандандырып, білім алушының белсенділігін арттырады. Цифрлық құралдар білімді тексеруге, кері байланыс алуға, викториналар мен тапсырмалар жасауға мүмкіндік береді.

Бұл жаңғыртылған тәсілдер студенттің қызығушылығын арттырады; ұлттық мұраға деген құрметті қалыптастырады; зерттеушілік, шығармашылық дағдыларды дамытады; Заманауи оқыту талаптарына сай білім беру сапасын арттырады. Фольклорды осындай әдістермен оқыту – оны тек өткен тарих ретінде емес, заман талабына сай, өміршең құбылыс ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл ұлттық рухани кодты сақтауға да үлкен үлес қосады.

Қорытындылай келе, Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми мұралары қазақ әдебиеті мен мәдениетін терең түсінуге жол ашатын баға жетпес білім көзі болып табылады. Жоғары оқу орындарында бұл еңбектерді жүйелі оқыту жастардың ұлттық әдебиетке қызығушылығын арттырып, рухани дүниетанымын кеңейтеді.

Цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістер оқу үдерісін тиімді әрі тартымды етеді, дәстүрлі әдеби мұраны заманауи талаптарға сай бейімдеп, ұлттық мәдени-рухани құндылықтарды сақтауға үлес қосады. Сонымен бірге, бұл әдістер студенттердің шығармашылық қабілетін дамытып, пәнге деген сүйіспеншілігін күшейтеді.

Ә.Қоңыратбаевтың еңбектерін цифрлық білім беру кеңістігіне сәтті енгізу – жас ұрпаққа терең мазмұнды рухани тәрбие берудің, ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың және тарихи сананы жаңғыртудың маңызды жолы болып табылады. Бұл арқылы ұлттық мәдениеттің бай мұрасы сақталып, келешек ұрпаққа дұрыс бағытпен жеткізіледі. Инновациялық технологиялар мен жаңа педагогикалық әдістерді ұтымды қолдану білім беру сапасын арттырып, ұлттық болмысты нығайтуға үлкен септігін тигізеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: Ана тілі. 1991. - 288 б.
2. Қасымова А. Қазақ әдебиетіндегі шығармашылық жазу және ЖИ технологиялары // Қазақ әдебиеті, 2023. – № 12, 22–30 бб.
3. Тілеубердиев Б. Көне түркі мәтіндерін цифрландыру: ЖИ қолдану мүмкіндіктері. – Алматы: Ғылым, 2022. - 195 б.
4. Құрманбаев Б. Аудиовизуалды шығармашылық және ЖИ технологиялары // Мәдениет және өнер, 2023. – № 3, 19–27 бб.

Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚИТУДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘНІ

Оралова Гүлзира Сапарқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа.

Мақалада қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелердің бірі – көркем шығарманы терең әрі жүйелі меңгерту жолдары Әуелбек Қоңыратбаев негіздеген «оқу - талдау - түйіндеу» үш сатылы әдістемелік жүйе аясында қарастырылады.

Мақаланың негізгі мақсаты – аталған әдістемелік ұстанымның теориялық негіздерін айқындау және оның практикалық тиімділігін нақты көркем мәтін негізінде дәлелдеу. Мақалада «оқу - талдау - түйіндеу» жүйесінің оқушыны мәтінді үстірт қабылдаудан бастап, оның идеялық-мазмұндық, көркемдік-эстетикалық табиғатын терең түсінуге, авторлық ұстанымды саралауға және тұлғалық деңгейде бағалауға жетелейтін кешенді әдістемелік үлгі екені ғылыми тұрғыда пайымдалады. Бұл жүйенің қазіргі жаңартылған білім мазмұнындағы құзыреттілікке бағытталған оқыту, сын тұрғысынан ойлау, рефлексия, дербес пікір қалыптастыру талаптарымен үйлесімділігі айқындалады.

Мақалада Ә. Қоңыратбаев әдістемесінің мүмкіндіктері Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы негізінде талданып, оқу кезеңінде мәтінді тұтас қабылдау, талдау кезеңінде композициялық, кейіпкерлік, идеялық және көркемдік жүйені ашу, ал түйіндеу кезеңінде оқушының рухани-адамгершілік және құндылықтық пайымын қалыптастыру жолдары нақты мысалдар арқылы көрсетіледі.

Мақала нәтижелері Ә. Қоңыратбаев ұсынған әдістемелік жүйенің қазақ әдебиетін оқытуда теориялық негізі берік, практикалық маңызы жоғары, қазіргі білім беру кеңістігінде де өзектілігін жоймаған тиімді әдістемелік мұра екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: әдеби білім беру, көркем шығарманы оқыту әдістемесі, оқу-талдау-түйіндеу, Ә. Қоңыратбаев, «Ұлпан» романы, әдеби талдау, құзыреттілікке бағытталған оқыту.

Аннотация. В статье рассматривается одна из актуальных проблем методики преподавания казахской литературы – пути глубокого и системного освоения художественного произведения в рамках трехступенчатой методической системы «учебно - анализ - обобщение», основанной А. Кобыратбаевым.

Основная цель статьи-выявить теоретические основы данной методической позиции и доказать ее практическую эффективность на основе конкретного художественного текста. В статье научно утверждается, что система «чтение - анализ – резюме» представляет собой комплексную методическую модель, которая ведет учащегося от поверхностного восприятия текста к глубокому пониманию его идейно-содержательной, художественно-эстетической природы, к дифференциации авторской позиции и оценке на личностном уровне. Определяется совместимость данной системы с требованиями компетентностно-ориентированного обучения, критического мышления, рефлексии, формирования самостоятельного мнения в современном обновленном содержании образования.

В статье проанализированы возможности методики А. Кобыратбаева по роману Г. Мусрепова «Улпан», на конкретных примерах показаны пути целостного восприятия текста на этапе чтения, раскрытия композиционной, героической, идейно-художественной системы на этапе анализа, а на этапе обобщения-формирования духовно-нравственного и ценностного видения учащегося. Результаты статьи доказывают, что предложенная А. Кобыратбаевым методическая система представляет собой эффективное методическое наследие, имеющее прочную теоретическую основу в обучении казахской литературе, имеющее высокую практическую значимость, не ставшее актуальным и в современном образовательном пространстве.

Ключевые слова: литературное образование, методика преподавания художественного произведения, учебно-аналитическое-обобщающее, А. Кобыратбаев, Роман «Улпан», литературный анализ, компетентностно-ориентированное обучение.

Annotation. The article examines one of the urgent problems of the teaching methodology of Kazakh literature – the ways of deep and systematic mastering of an artistic work within the framework of the three-stage methodological system "educational analysis - generalization", founded by A. Konyratbaev. The main purpose of the article is to identify the theoretical foundations of this methodological position and to prove its practical effectiveness based on a specific literary text.

The article scientifically asserts that the "reading - analysis -summary" system is a comprehensive methodological model that leads the student from a superficial perception of the text to a deep understanding of its ideological, substantive, artistic and aesthetic nature, to the differentiation of the author's position and assessment on a personal level. The compatibility of this system with the requirements of competence-based learning, critical thinking, reflection, and the formation of independent opinion in the modern updated educational content is determined.

The article analyzes the possibilities of A. Konyratbaev's methodology based on G. Musrepov's novel "Ulpan". Concrete examples show the ways of holistic perception of the text at the stage of reading, the disclosure of the compositional, heroic, ideological and artistic system at the stage of analysis, and at the stage of generalization-the formation of the spiritual, moral and value vision of the student. The results of the article prove that the proposed Konyratbaev's methodological system is an effective methodological legacy that has a solid theoretical basis in teaching Kazakh literature, has high practical significance, and has not become relevant in the modern educational space.

Keywords: literary education, methods of teaching fiction, educational-analytical-generalizing, A. Konyratbaev, Novel "Ulpan", literary analysis, competence-oriented learning.

Қазақ әдебиетін оқыту – тұлғаның рухани-адамгершілік болмысын қалыптастырумен қатар, оның эстетикалық қабылдауын, эмоциялық сезімін, мәдени таным-көкжиегін және аналитикалық ойлау қабілетін дамытатын педагогикалық-әдеби сала.

Оқу-таным үдерісінің ғылыми негізін айқындауда Әуелбек Қоңыратбаевтың әдістемелік тұжырымдары ұлттық әдеби білім берудің ғылыми-әдістемелік арқауы ретінде айрықша мәнге ие.

Көркем шығарманы оқытуда ғалымның ұсынған «оқу – талдау – түйіндеу» атты әдістемелік жүйесі – мәтінді қабылдау, оның құрылымы мен образдар әлемін тану, идеялық-көркемдік табиғатын ашуға бағытталған кешенді тәсілдер бірлігі болып табылады. Бұл жүйе көркем мәтінді меңгертудің теориялық негіздерін айқындап қана қоймай, оны оқу тәжірибесіне тиімді қолдануға мүмкіндік беретін практикалық әдістерді де жүйелі түрде ұсынады.

Бұл тәсілдер жүйесі мәтіннің поэтикасын, стильдік ерекшелігін, сюжет пен композициясын, авторлық көзқарас пен идеялық арқауды түсіндіруге мүмкіндік беретін ықпалды ғылыми тәсілдердің жиынтығын қамтиды.

Қоңыратбаев жүйесі – мәтінтану, поэтика, интерпретация, композициялық талдау және психологиялық қабылдау сияқты әдебиеттанулық әдістерді оқыту үдерісімен бірлікте қарастыратын тәсіл. Бұл ұстаным қазіргі білім берудің құзыреттілікке негізделген моделіне толық үйлеседі.

Ғалым тұжырымы бойынша үш сатыдағы «оқу – талдау – түйіндеу» жүйесі көркем шығарманы кезең-кезеңімен меңгертуді көздейді.

Алғашқы кезеңде оқушы мәтіннің оқиғалық негізі мен жалпы құрылымын түсінеді. Бұл жаңартылған бағдарламадағы тыңдалым–оқылым дағдыларымен бірге, әдебиетке тән *мәтінді түсіну, сұрақтарға жауап беру, мазмұнды қабылдау* дағдыларын қалыптастырады.

Екінші кезеңде образдар жүйесі, тілдік-стильдік өрнектер, көркемдік тәсілдер және шығарманың **композициялық құрылымы** жан-жақты талданады. Бұл кезең *анализ, салыстыру, интерпретациялау* сияқты әдеби-талдамалық дағдыларды дамытуға бағытталады.

Түйіндеу кезеңде яғни қорытынды кезеңде оқушы шығарманың идеялық-эстетикалық табиғаты жөніндегі жеке пікірін тұжырымдайды. Бұл *бағалау, интерпретация, сын тұрғысынан ойлау, рефлексия* дағдыларын дамытып, көркем мәтінді жеке қабылдау мәдениетін қалыптастырады.

Көркем шығарманы оқытудағы Қоңыратбаев ұсынған дағды жүйесін нақты мысалмен айқындай түсу үшін, енді Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» романының «оқу, талдау және түйіндеу» сатылары бойынша меңгерту жолдарын қарастырып көрейік. Эпикалық туындылардың кең көлемдісіне жататын бұл шығарма мектеп бағдарламасында оқытылады. Әдебиеттанушы ғалым Серік Мақыров роман жанрына: *«Роман – қоғам өмірі мен жеке адам тіршілігінің алуан жайларын, жекелеген сәттері мен тұтас характерінің қалыптасуының белестерін, дәуір шындығын жан-жақты ашып бейнелейтін өнер түрі»* [122 б], - деп анықтама бере отырып, оның көлемдік ауқымын, суреттеу-баяндау тәсілдері мен бейнелеу жүйесінің көпқырлылығын айқындайды. Осы теориялық тұжырымдар тұрғысынан алғанда, Ұлпан романы да кең тынысты эпикалық шығарма ретінде оқушыдан жүйелі қабылдау мен бірізді оқылымды талап етеді. Сондықтан шығарманы меңгертудің алғашқы сатысы – **оқу кезеңі** – оқушыға романның негізгі оқиғалық арқауын, тарихи кеңістігін және басты кейіпкерлердің алғашқы бейнесін тұтас қабылдануға бағытталады. Бұл кезеңде мәтінді мәнерлеп оқу, мазмұнын меңгеру, сюжеттік желіні анықтау, негізгі эпизодтарды бөліп алу және кейіпкерді бастапқы деңгейде тану сияқты дағдылар қалыптасады. Оқушы романның мазмұнын алғаш рет танығанда Есенейдің Қаршығалыға келуі, Ұлпанмен алғашқы кездесуі сияқты композициялық түйіндер арқылы көркем әлемге еніп, шығарманың эмоционалдық тынысын сезінеді.

Шығарманы оқу үстінде оқушы алғашқы әсерді Есенейдің Қаршығалыға қарай түнделетіп жылқысын айдап келе жатқан сәтінен алады. Жазушы бұл көріністі кең даланы жарып өткен көшпенді тынысымен суреттейді. Жылқы тұяғының дүбірі, даланың тынысындағы беймәлім белгілер, аңшы Мүсірептің қара бүркіті – барлығы оқушыны бірден сол заманның рухына енгізеді. Дәл осы эпизод Қоңыратбаев айтқан «эмоциялық қабылдау» міндетін атқарады.

Ал Ұлпанның алғаш көрінуі – оқу сатысының шын мәніндегі өзегі. Кішкентай ғана бойжеткеннің Есенейге батыл қараған көзі, оның үстіндегі күрең барқытпен тысталған бөрік, сәнді белдік, биік өкшелі етік – романның көркемдік әлемін ашатын портреттік детальдар. Оқушы осы көрініс арқылы Ұлпанның тек сыртқы сұлулығын ғана емес, ішкі мінезінің салмағын да сезеді. Бұл – оқиға желісін алғашқы деңгейде түсіну және кейіпкерді бастапқы тану дағдысының жүзеге асуы.

Мазмұндау – оқушыны сюжеттік өзекке баулудың жолы. Ә. Қоңыратбаев: «Мазмұн деген ұғымның екі жағы бар. Бірінде ол көркем шығарманың өзіндік мазмұны (затты өзі). Екінші жағдайда -шығарманың көркемдік идеясы. Мұның бірі-оқу, бірі талдаудан соң үйретіледі»[1, 184 б.],- дейді. Яғни көркем шығарманың мазмұнын толық игерту оқушыға шығарманы толық түсінуге көмектесіп, ары қарай жан-жақты талдауға берік негіз қалайды.

Ә. Қоңыратбаев оқу сабағының мәйегі – мазмұндау» дейді. «Ұлпан» романы бойынша мазмұндау оқушыны оқиғалар арасындағы байланысты көруге жетелейді. Мәселен, оқушы қысқа мазмұндау барысында:

- Есеней мен Артықбай арасындағы баяғы достықтың ел есінде қалғанын;
- Артықбайдың Есенейді Кенесарының қылышынан құтқарғанын;
- Түрікпен Мүсірептің сыбызғысының күйшілік өнерімен танысады ;
- Ұлпанның ақылдылығы мен ел ішіндегі беделінің қалай басталғанын бір-бірімен табиғи байланыста айтып шығады.

Оқиғаның желісін өзара табиғи байланыста, бірізді түрде қайта баяндау көркем шығарманы оқу кезеңінде қалыптасуы тиіс негізгі дағдылардың қатарына жатады.

Ғалым шығармаға жоспар жасату арқылы оқушының мазмұнды терең меңгеріп, шығармаға талдау жасауға біртіндеп үйренетінін айтады. Ғалым: «Жоспар жасатып үйрету ісі әдеби оқу міндетінен ты тұрған «бөлек жаттығу емес» оқылған шығарманың мазмұны мен тақырыбын, тілі құрылысын, образдарын, рның ішкі ерекшелігін, әсіресе, идеясынтанып, талдап оқудың құралы»[2, 193 б.],- деп түсіндіреді. Жоспардың екі түрін атайды.

Жай жоспар – бұл негізгі түйіндерді дәл табу. Қоңыратбаев жай жоспардың ең басты мақсаты – «оқушыға оқиғалардың мағыналық буындарын тапқызу» деп көрсетеді. «Ұлпан» романы бойынша жай жоспар былай түзіледі:

1. Есенейдің Қаршығалыға келуі.
2. Ұлпанмен алғаш жүздесу.
3. Артықбайдың тағдыры мен өткен жолы.
4. Есенейдің Ұлпанға құда түсуі.

5. Ұлпанның ел анасына айнала бастауы. **Бір ғана осы жоспардың өзі оқушыға романның жетекші жібін көрсетеді. Әр тармақ – шығарманың тұтас қаңқасы. Шығарма сюжетін айқындауға жетелейді.**

Күрделі жоспар – көркемдік әлемге тереңдей ену. Күрделі жоспар оқушыдағы оқу → талдау аралығындағы танымдық негізді қалыптастырады. «Ұлпан» романы ішкі қабаттары мол туынды болғандықтан, оқушы күрделі жоспар арқылы:

- Есенейдің тарихи тұлғасын, оның елді қорғаудағы ерлігін;
- Артықбайдың Есеней тағдырындағы рөлін;
- Ұлпанның ел басқарудағы даналығын;
- Біжікеннің тағдыры арқылы аналық қасіретті;
- Романның ұлттық-әлеуметтік суретін жан-жақты қамтып шығады.

Мысалы, Ұлпанның «Мен арзанға түсетін қыз емеспін» деген сөзі – күрделі жоспарға міндетті түрде енетін түбірлі деталь. Бұл тұжырым оқу сатысының мазмұнын тереңдетеді, өйткені оқушы осы сөйлем арқылы Ұлпан мінезінің мәнін, оның ішкі болмысын таниды.

Жалпы, оқу кезеңінде оқушы:

- оқиғаны тұтас қабылдайды;
- негізгі эпизодтарды айырады;
- кейіпкер табиғатын бастапқы деңгейде танып, эмоционалдық әсер алады;
- мазмұндау арқылы сюжетті жүйелейді;
- жай және күрделі жоспар құру арқылы шығарманың құрылымдық өзегін ашады. Сөйтіп, оқу кезеңі әрі қарайғы талдау және түйіндеу кезеңдеріне жүйелі, табиғи дайындықты жасайды.

2. Талдау кезеңі– композиция, кейіпкер, идея, көркемдік жүйені ашу

Талдау кезеңінің негізгі міндеті – оқиғаны қайта мазмұндау емес, мәтіннің ішкі құрылымын, образдық жүйесін, идеялық бағытын, көркемдік ерекшелігін анықтау. Бұл кезең оқушыға көркем шығарманы терең түсініп, оны жеке қабылдай алатын деңгейге жеткізеді. Ә.Қоңыратбаев: «Әрине талдауды үнемі бір сарында, бір формада жүргізіп, схемалауға болмайды»[1, 219 б.],-деп әр жанрдың табиғатына сай талдау жүргізуді ұсынады.

1) Шығармаға композициялық талдау жасау оқиға құрылымының көркемдік қызметін ашуға мүмкіндік береді. Композициялық талдау барысында әрбір эпизодтың сюжеттік жүйедегі орны мен атқаратын қызметін анықтау айрықша мәнге ие. Бұл тұрғыда ғалым З. Қабдолов: «*Өмірдегі шындықтың шынайы әдеби шығармаға ауысуы, әдебиеттегі мазмұнның мазмұнды пішінге көшуі, тақырыптың идеялық-көркемдік шешім табу процесінде сюжет пен композицияның атқарар ролін еш нәрсемен ауыстыру мүмкін емес*» [3, 161 б], – деп, көркем туындыдағы композиция мен сюжеттің идеялық-мазмұндық салмақты көтерудегі шешуші маңызын айқындайды. Ғалымның теориялық тұжырымы роман құрылымын талдауда нақты көрініс табады. Романдағы Біжікенге байланысты оқиға желісі шығарманың «шарықтау шегіне» таяу орналасқан шешуші композициялық элемент ретінде қарастырылады. Мәселен, Біжікеннің Торсанға ұзатылуы сырттай қарағанда шағын оқиға тәрізді әсер қалдырғанымен, композициялық тұрғыдан алғанда болашақ трагедияның бастауын айқындап, оқиға дамуының ішкі логикасын күрделендіретін маңызды түйін қызметін атқарады.

Шығарманың бұл тұсында:

- Ұлпанның аналық алаңы тереңдейді;
- қыз тағдырының сол дәуірде қаншалық күрделі болғаны байқалады;
- Торсанның мінезі мен өмірге көзқарасы алдағы қақтығыстардың белгісін береді.

Осы оқиға шығарманың драмалық өрісін тереңдетіп, композициялық шарықтау шегіне бастайтын негізгі желінің біріне айналады.

2) Кейіпкерлер жүйесін талдау – мінездің мәнін ашу

Кейіпкер талдауы оқушыға не береді?

- мінез бен әрекет байланысын көруді;
- психологиялық иірімдерді түсінуді;
- кейіпкер арқылы туынды идеясын тануды үйретеді.

Ұлпанның кедей-жалшы ауылдарына «орыс үй» салып беруі – оның ел қамын ойлаған, жетім-жесірге пана болған шын мәніндегі ұлттық болмысты әйел екенін дәлелдейтін жарқын сәт.

Осы эпизод оқушыларға:

- Ұлпанның жанашыр, қамқор, адамгершілік болмысын тануға мүмкіндік береді;
- Қазақтың «жетімін жылатпаған, жесірін қорламаған» ұлттық дәстүрінің мәнін ұғындырады;
- Әйел адамның да елдік іске жетекші бола алатынын көрсетеді.

3) Идеялық талдау – шығарманың мәнін ашу

Идеялық талдау оқушыға не береді?

- автор позициясын тануды;
- көтерілген мәселені қазіргі өмірмен байланыстыруды;
- шығармадағы құндылықтарды пайымдауды үйретеді.

Ұлпанның елге «үй» салдыруы – оның жаңашыл, көреген басшы екенін көрсететін идеялық мәні терең эпизод.

Бұл бір әрекет арқылы:

- халықты отырықшылыққа бейімдеу,
- елдің тұрмысын жеңілдету,
- жаңа мәдениетке жол ашу сияқты ұлттық даму идеялары көрінеді.

Осы эпизод идеяда тұрған басты ойды ашады:

«Ел анасы – тек отбасының емес, бүкіл халықтың қамын ойлаған адам».

4) Көркемдік талдау

– Көркемдік талдау оқушыға не береді?

- көркем детальдің маңызын түсіндіреді;
- символдарды, бейнелілік ұғымды тануға үйретеді;
- тілдің эстетикалық қуатын сезіндіреді.

Есенейдің сауығып шығуы үшін халық арасындағы «Әулиесор» атты тұзды көлге түсуі – символдық мағынасы терең деталь.

«Әулиесор» көлін шығармаға арқау етуі:

-тазалық,

-тазару,

-жаңа өмірге өту сияқты көркем мағыналарды жинақтайды.

Символдық образдың қызметін талдау – оқушының эстетикалық сезімін қалыптастырады.

Ә.Қоңыратбаев ұсынған талдау кезеңі бойынша түйін жасар болсақ,

- Кейіпкерлер жүйесі – мінез бен идеяны ашады.
- Композициялық талдау – оқиғалардың қызметін түсіндіреді.
- Идеялық талдау – автордың ой-тұжырымын тануға жетелейді.
- Көркемдік талдау – тілдің эстетикалық қуатын сезіндіреді.

Көркем шығарманы талдау кезеңі оқушыны көркем мәтінді түсініп, оның эстетикалық мәнін бағалай алатын мәдениетті оқырман қалыптастыруға қызмет ететін әдеби талдаудың негізгі әдістемелік құралы болып табылады. Ғалым айқындаған үшінші кезең – түйіндеу, яғни оқушының шығарма мәнін жеке түсініп, оған құндылық тұрғыдан баға беруі. Түйіндеу кезеңі жаңартылған білім мазмұнындағы жеке пікір білдіру, мәтін мазмұнын қазіргі қоғаммен, өмірлік құндылықтармен салыстыра бағалау және сын тұрғысынан ойлау дағдыларымен тығыз үйлеседі. Осы кезеңнің білімдік-маңызын айқындай түскендей, *«оқулыққа енген әрбір шығарманың оқушыға тигізер әсері мол десек, оны баланың бойына сіңірудің кілтін таба білу мұғалімге жүктеледі. Ол үшін көп еңбектенумен бірге әдістемелік құралды да жете пайдалануы керек»* [4, 4 б.], – деген пікір мұғалімнің бағыттаушы рөлін нақтылай түседі. Осы әдістемелік ұстаным негізінде түйіндеу кезеңінде оқушы Ұлпан романының идеялық-эстетикалық мәнін жеке қабылдап, шығарма ұсынған рухани бағдарларды өз өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып саралай бастайды. Нәтижесінде көркем туынды оқушы санасында тек оқылған мәтін ретінде емес, тұлғалық ой мен құндылықтық бағдар қалыптастыратын рухани тәжірибе деңгейіне көтеріледі.

Ең алдымен, Ұлпан бейнесі арқылы қазақ әйелінің парасаты мен ұлттық дүниетанымының терең тамырын танып, ұлттық құндылықтарды жаңа қырынан бағалайды. Роман оқушыны әлеуметтік ой түюге жетелеп, әйел еркіндігі мен қоғамдағы әйелдің тарихи рөліне назар аудартады.

Біжікен тағдыры арқылы туынды адамгершілік пен әділет мәселелерін көтеріп, оқушыны моральдық-этикалық пайым жасауға бағыттайды. Шығарманың жалпы идеялық желісін түйсіну барысында Ұлпанның тұлғалық болмысы елдік мұраттың, аналық парасаттың және адамдық жауапкершіліктің жинақталған бейнесі ретінде көрінеді. Соңында оқушы романның бүгінгі күнмен үндес мәнін ашып, ұлттық бірлік, әйел көшбасшылығы, моральдық жауапкершілік және тарихи сабақтастық сияқты құндылықтардың қазіргі қоғамдағы орнын пайымдайды. Түйіндеу кезеңі Ұлпан романының тәрбиелік, рухани және әлеуметтік маңызын оқушы санасында терең орнықтырады. Осы танымдық пайымдар негізінде оқушы шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын айқындап, оны шығармашылық жұмыс немесе әдеби эссе түрінде дербес пайымдай алады. Бұл кезеңде мұғалімнің бағыттаушы әрі ұйымдастырушы рөлі ерекше айқындалады, себебі оқушының шығармашылық әлеуетінің ашылуы мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ұстанымына тікелей байланысты. Осы тұрғыда *«Мұғалімнің шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал шығармашылық қабілеттер оқушының логикасы мен шығармашылық ойлауы арқылы жүзеге асады»* [5, 219 б.] деген пікір түйіндеу кезеңінің педагогикалық мәнін тереңдете түседі. Демек, мұғалім көркем мәтін бойынша оқушыны ой қорытуға, бағалауға және дербес пікір айтуға жетелей отырып, оның логикалық және шығармашылық ойлау дағдыларын бірлікте дамытатын негізгі тұлға ретінде көрінеді.

Қорытынды. Әдеби білім беру үдерісінде оқушының мәтінді саналы қабылдауы мен терең түсінуін қамтамасыз ететін әдістемелік жүйелердің маңызы ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, Ә. Қоңыратбаев негіздеген **«оқу – талдау – түйіндеу»** үш сатылы дағдысы көркем шығарманы меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделген, дидактикалық әлеуеті жоғары үлгісі болып табылады.

Берілген жүйе оқушының мәтінді қабылдау аясын кеңейтіп, идеялық-мазмұндық және көркемдік-эстетикалық қырларын терең түсінуге, авторлық ұстанымды саралауға және тұлғалық деңгейде бағалауға бағыттайды.

Үш сатылы құрылым бір-бірімен логикалық тұрғыда тығыз байланыса отырып, оқушының әдеби талдау мәдениетін кезең-кезеңімен қалыптастырады: оқу сатысында мәтіннің тұтастығы мен мазмұны игерілсе, талдау барысында шығарманың композициялық құрылымы, көркемдік құралдар, образдар жүйесі, тақырып пен идеяның өзара сабақтастығы айқындалады, ал түйіндеу кезеңінде оқушының жеке көзқарасы, эстетикалық бағасы мен рухани түйсігі қалыптасады.

Осы арқылы оқушы тек білім алушы ғана емес, әдеби құбылысты пайымдай алатын, ой қорыта білетін тұлға деңгейіне көтеріледі. Демек, Ә. Қоңыратбаев ұсынған талдаудың сатылы құрылымы қазіргі білім беру жүйесінде басымдыққа ие болып отырған **құзыреттілікке бағытталған оқыту, сын тұрғысынан ойлау, оқушы белсенділігі мен дербестігін дамыту** талаптарымен толық үйлеседі.

Ұсынылып отырған әдістемелік тұғыр мұғалімнің шығармашылық әлеуетін арттырып, кәсіби-әдістемелік құзыреттілігін дамытуға жағдай жасайды.

Қорытындылай айтқанда, көркем шығарманы терең әрі нәтижелі талдап оқытуда **«оқу – талдау – түйіндеу»** жүйесін басшылыққа алу оқушының әдеби пайымын, эстетикалық талғамын, рухани дүниесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл тәсіл – қазақ әдебиетін оқытудағы теориялық негізі берік, практикалық маңызы жоғары, уақыт сынынан өткен, бүгінгі білім беру кеңістігінде де өзектілігін жоймайтын құнды әдістемелік мұра болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Қоңыратбаев. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.6.Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мерсал, 2005.-520 б.
2. Мақыпұлы С. Адамтану өнері. – Алматы: Арыс, 2009.-214 б.
3. Қабдолов З. Сө өнері. –Алматы: Қазақ университеті, 1992.-352 б.

4. Құтқожина Р. Әдебиет. Оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2012.-144 б.
5. Нұрқасымова С, Самет Зағипа. Орта мектепте физика пәнін оқытуда ІТ технологияларды қолдану. Ізденіс журналы. №4 (1) 2013.-266 б.

Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВ ЖӘНЕ СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, АҢЫЗДАРЫ

Білалов Сейдали Өміртайұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Археология және этнография Ғылыми орталығының
Бас ғылыми қызметкері,
Тарих және археология БББ аға оқытушысы, PhD

Халық ауыз әдебиеті тарихынан сыр шертетін, көне ескерткіштер немесе дүйім жұрт арасында есімі тараған тұлғалар жайлы елдің жадында сақталып, ауыздан ауызға таралып жеткен аңыз, жыр, дастан сипатындағы естеліктер археология және этнология ғылымы үшін құнды дерек көзі болып табылады.

Көне дәуірлерден, ертеортағасырларға дейін, Алтын Орда заманынан Жоңғар шапқыншылығына дейінгі кезеңде қазіргі қазақ даласын мекендеген көшпелі және отырықшы тайпалардың мәдениетінде, дүниетанымында таңғажайып оқиғалар мен ерекше тұлғаларға байланысты халық жадында сақталған фольклорлық деректер орасан көп. Бұл деректер сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мәдени толығу, кемелдену, қайта жаңғыру, толысу, жетілу, көркемделу нәтижесінде осын күнге дейін тарихи шынайылығын сақтаған. Ауыз әдебиетте кездесетін бұл деректердің тұспалды орындары ел арасында арулап, қастерлеп, қадірленіп қорғалған. Олардың кейбірі тілсіз тарихтан сыр шертетін төбелер, елді мекендер күйінде сақталса, енді бірі алыстан мұнартақан, көрер көзге шағлысатын күмбезді, ашық кесенелер түрінде сақталған. Әуелгі келбеті қаншалықты өзгеріске ұшыраса да, тағылымы мен өнегесі халық санасына тәрбиелілік, тәжірибиелілік сабақ ретінде жадталған. Тап осындай тарихи орындар шоғырын біз ортағасырлар дәуіріндегі Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы ескерткіштерден кездестіре аламыз.

Халықтың сан ғасырлық бай фольклорына тарихи дерек ретінде көңіл аударып, оны жинап, жазып алумен айналысқан ғалым Ш.Ш. Уәлиханов «... халықтың өткен тарихы мен рухани өмірін бейнелеп белгілі тарихи мағлұматтарды толықтыруға және оның шығу себебін анықтауға бізге мүмкіндік береді» – деп баға бере отырып, тарихқа қатысты әңгімелерді «тарихи аңыздар» ретінде қарастырады. Аңыздардың тарихи оқиғалар мен адамдар жайында болатынын көрсетіп, тарихи оқиғаларды ертегімен жырдан бөліп, тарихи дерек ретінде сипаттайды [1].

Елдің өткен қилы тағдырындағы аса маңызды оқиғаларға байланысты шыққан аңыздар мен батырлық жырлар, дастандар көп ғасырлардан бері халықтың бірге жасап келе жатқан рухани қазынасы, олар халық жадында сақталып ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған ең асыл мұралармыздың бірі. Халқымыздың жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып келген тарихы ол, – аңыз. Әдетте аңыздарда халықтың басынан өткерген ең басты оқиғалары, тарихи тұлғалар, көне қалалар және жер-су аттарына қатысты құнды деректер беріледі. «Қазақ аңыздарының ертегіден ерекшелігі сол – барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме» – деп сипаттайды жазушы М.Әуезов [2]. Осы салада зерттеу жүргізген Ә. Қоңыратбаев тарихи аңыздардың деректік негізін айшықтай отырып: «қала аңыздары және дала аңыздары» – деп жіктейді [3]. Біздің тарапымыздан ежелгі қалалар мен мекендер туралы аңыздардың нақты бір тарихи кезеңде, белгілі бір жерге

(мекенге) қатысы барын ескере отырып тарихи-мекендік (тарихи-топонимикалық) аңыздар деп топтастырдық. Сондықтанда Сырдария өзені төменгі ағысынан ортағасырлық ескерткіштер мен тарихи оқиғаларға қатысты ел жадында сақталған тарихи-мекендік аңыздарды фольклорлық дерек ретінде кездестіруге болады.

Жанкент жайлы аңыз. Жанкент жайында халық аузынан жазып алынған екі түрлі аңыз бар [4]. Біз ұсынып отырған аңыз түріндегі әңгіме баспа беттерінде көп жарияланбаған. Аңыз мәтінімен желісі алғашқы екі аңызды дәлме-дәл қайталамайды. Бірақ аңызда сипатталған тұлға есімдері мен жер су атаулары, оқиғалар желісінде басқа аңыздар мен ұқсастықтар бар. Дегенмен бұл аңызда Жанкент қаласының күйреуімен оған жақын төбе түріндегі ескерткіштер жайында азды-көпті мағлұматтар берілген. Мысалы:

« ... Шанжар хан халқына жарлық шығарыпты:

- Қара месті күн сайын кезектесіп, бір-бір адамнан күзететін болсын!

Бір күні күзет кезегі бір ақылы кеміс, зүмсерге тиіпті. Әлгі зүмсер: «Алтын қорығандай күзететін осы мекте не бар дейсің?!» деп белдігіндегі қанжармен дәу қара месті тіліп жіберіпті. Қара местің іші бықыған жылан екен. Алғаш сыртқа шыққан жыланның бірі әлгі әумесерді шағып өлтіріпті. Содан жыландар жан-жаққа бытырай тарап, кездескен адамды шаға берген. шаға берген... Сөйтіп Жанкент қаласының тұрғындарын жылан шағып өлтірген. Шаһарға төнген тажалдан есі шыға қорыққан ерлі-зайыпты екі адам жан сауғалап, жалғыз ешкісін жетектеп, қаладан сыртқа қарай қашыпты...» - деп тосыннан келген көңілсіз жағдайға орай Жанкент қаласының күйреуі, тұрғындардың қаланы тастап кетуі сынды оқиғалар суреттелген.

2005 жылдан бүгінге дейін Жанкент қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында беткі қабаттан үнемі адам сүйектері кездесіп отырады. Алайда, оларға жүргізілген ғылыми сараптама қорытындылары, табылған сүйектердің ХХ ғ. 20-30 жж. елде орын алған нәубет кезінде жан тапсырған адамдардың сүйектері екені анықталған.

Сонымен қатар, аңызда Бегім ана құс бейнесіне айналып, қазіргі Арал теңізіне қарай ұшып келе жатып, жолшыбай «Молақ» деген жерде (Үрмәш Түктібаев аулына жақын жерде «Молақ» деген төбе бар) дәрет алыпты. Онан теңіз жағалауына жақын жатқан биік төбеге жетісімен, жан тапсырыпты делінген [5]. Мұндағы «Молақ» ескерткіші Қызылорда обылысы ескерткіштер жинағына енбеген. Сонымен бұл аңыздан сырдың төменгі ағысындағы жаңа бір ескерткіштің орнын кездестіреміз. Аңызды жеткізуші Пірімбетқызы Балбөпе. 1946 жылы аңызды жазып алған немересі Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Әлмәмбет Әлішев. Жазушы 2007 жылы 24 қараша айында алғаш рет аңызды аймақтық “Тұран-Қазалы” газеті. №94 (393) санында жариялаған.

Жоғарыда атап өткеніміздей ортағасырлық Жанкент қаласы орнында заманауи археологиялық зерттеулер 2005 жылы Қорқыт Ата атаныдағы ҚМУ, ҚР БҒМ ҒК Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты және РҒА Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты бірлескен үш жақты келісім-шарт негізінде басталған. Бүгінгі күнге дейін ескерткіште ұзын саны 14 қазба салынып жалпы ауданы 2500 шаршы метрден асатын бөлігі аршылды.

Ортағасырлық Жанкент қаласы – Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жанкент ауылынан оңтүстікке қарай 1,5 км жерде орналасқан. Жоспарында шығыстан батысқа қарай созылып жатқан «Т» әрпі пішінді, шығыс бөлігі шығыңқы тіктөртбұрышты болып келеді. Қаланың қазіргі сақталған аумағы шамамен 15 га, 415 × 230 (шығыс бөлігінде – 320 м) м. Бүгінгі күні ескерткіштің ең жақсы сақталған бөлігі – жартылай дөңгелек шығыңқы мұнаралары бар, пахсадан құйылған сыртқы шығыс қорғаныс қабырғалары. Бекіністің оңтүстік-батыс бұрышы кейінгі уақыттағы тұрғындар салған жолмен қатты бүлінген. Әлі күнге дейін қабырғалар бойымен аралары 25 - 40 м болатын дөңгелек қарауыл мұнараларының іздері байқалады [6]. (Сурет 1, 2)

Қаланың басты қақпасы шығыс қабырғасының орта тұсында орналасқан, қаланың қарама-қарсы бетінде батыс қабырғаның орта тұсында қосымша қақпаның орнына ұқсас ойық сақталған. Басты қақпаның екі жағынан ені 1,5-2 м болатын, ұзындығы 5-6 (оңтүстік) және 6-7 м болатын (солтүстік) шығыңқы мұнарамен күшейтілген. Мұнаралардың биіктігі 1,7-2,3 м-ге сақталған. Ара қашықтығы 50 м асатын екі мұнара арасында қалаға кіреберіс алды жарты ай пішіндегі биіктігі 3 м, төменгі жағында ені 2,5-3 м, жоғары қарай жіңішкере түсіп 70-90 см болатын, ұзындығы 25-27 м келген қалқан қабырғамен жабылған. Яғни, қалаға тура кіру мүмкін емес, қақпа жоспарында лабиринт пішінде салынған [7, с. 155-171.].

Сырт көзге Жанкент қаласының басты қақпасы антикалық және ертеортағасырлық хорезм қалалары қақпасына ұқсас жоспарланған. Қақпалардың осы тәрізді жоспарлануын Жамбас қала, Кургашин қала, Топрақ қала, Гулдурсун ескерткіштерінен көруге болады [8, с. 119-123; с. 177; 308, с. 16-18; 9.]. Сонымен қатар, ертедегі Шірік Рабат қала-қорымы ортағасырларда қайта жанданған тұста салынған қорғаныс және қақпа құрылысына ұқсас жоспарланған [10, с.139-141].

Керамикалық материалдарға жасалынған сараптама Жанкент қаласының тіршілік еткен жоғарғы қабатын IX ғ. - X ғ. бірінші жартысымен мерзімдеуге болатынын көрсетті. Бұл хронологиялық шеңберді қазба барысында алынған нумизматикалық материалдар да растап отыр. Қаланың беткі қабатынан табылған барлық дерлік монеталар IX-X ғғ. сәйкес келеді [11, с. 80-91; 12, с. 26-30].

Зерттеулердің жалпы нәтижелерінде ескерткіштен Хорезмдік сәулет өнері элементтері және керамикасының анықталуы, мұнда Хорезмнен қоныс аударған топтың болғанын аңғартады. Бұл өз кезегінде Сырдария өзенінің Арал теңізіне құяр сағасына жақын экономикалық жағынан тиімді жерде оғыз тайпаларының бақылауы мен қорғауында тіршілік еткен хорезмдік сауда пункті болғанын болжауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Оғыз мемлекетінің қалыптасуы кезінде көшпелі қоғамда жетіспейтін мамандармен (жылнамашылар, саудагерлер және қолөнер шеберлері) қамтамасыз ететін қалалар қажет болды.

Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық тағы бір ерекше қала Қышқала (Баршынкент) туралы аңыздарды Қоғалыкөл ауылы тұрғындары Каюпов Сламбектен (2018) және Оспанов Нұралыдан (2020) жазып алынған.

Қышқала жайлы бірінші аңыз. Ертеде осы өлкеде ержүрек әрі батыр бір хан өмір сүріпті. Бұл ханның билігі Ескідария мен Жаңадария арналарын мекен еткен халықтарға толық жүрген деседі. Хан өз халқын өте қатты жақсы көрген, елі де оны өте қатты құрметтеген екен. Осылайша күндердің бір күнінде халқының ыстық ықласына бөленген хан елінің игілігі үшін үлкен, әсем, әрі сәулетті қала салуды ұйғарыпты. Хан осы игі іске бүкіл халқты жұмылдырып, қала құрылысы басталып кетеді. Арадан күндер, айлар, жылдар өтеді. Қорғаны мен қамалы биік, зәулім қаланың құрылысы аяқталуға жақындайды, хан да егде тартып қартайып қалады. Осы сәтте бейбіт өмір сүріп келе жатқан елді тұтқиылдан келген жау шабады. Хан және оның халқы қала ішінде қорғанып жауға берілмейді. Қаланы бірнеше күн бойы қоршап ала алмаған жау тарап әскерлері дарияға тоған салып, қаланы топан сумен бастыруға пәрмен беріпті. Арада екі-үш күн өткенде қаланы топан су басып, көп адам мерт болыпты. Рас болса, Баршынкентті суға бастырған Жошыхан екен.

Аңыз желісіндегі берілмеген қаланы жау әскері дария суын бұру арқылы алғаны жайлы мәліметтерді, ескерткіштен 650-700 м жердегі Жаңадариядан өтетін өткелдің атауы көнеден Томарөткел деген атпен сақталып қалғаны да айғақтайды. Яғни дария суын бұру үшін жау сексеуіл томарынан бөгет жасап сол арқылы Қышқаланы суға батырған.

Екінші аңыз. Іңкәрдарияның жағасында тұрған Баршынкент жұрты кезінде саудасаттығы күллі ғаламға мәшһүр болған үлкен қалалардың бірі болыпты. Бұл қалаға керуендер Іңкәрдария мен Торанғылдария өзендеріндегі өткелдер арқылы өтіп келеді екен. Ал онан шыққан керуендер Іңкәрдарияны жағалап Жентке, Үргеншке, Сырдария өзенін жағалап

жүрген бір жол Жанкентке, екінші жол Сығанақ арқылы Сауран, Түркістанға, ал Сырдан өткен үшінші жол Сарысуды жағалап Арқаға өтеді екен. Баршынкентте төбесі көкке жететін кесене, мешіт, медреселер көп болыпты, олардың күнмен шағылысқан көк күмбездері керуендерге күндік жерден көрінеді екен. Заманында бұл қалада ғұламалар көп болған, солардың ең атақтысы Баршынғали деген ғұлама болған дейді.

Көмулі қалған ескерткіштердің, тарихи тұлғалар мен оқиғалардың, топонимдік жер-су атаулары жөнінде аса құнды мәлімет беретін дерек көздерінің бірі – батырлар жыры. Батырлар жыры халық ауыз әдебиетіндегі бай мұралардың бірі. Батырлар жырының бастауы жерімізде мекен еткен ертедегі ру тайпалар мен тайпалық одақтардың ауыз әдебиетінде екенін ескерсек оның тарихи дерек ретіндегі маңызы да тереңдей түседі.

Батырлар жырына ерекше көңіл аударып, оларды жан-жақты зерттеуге мән берген ғалым Ш. Уәлиханов: «Батыр төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, жағрафия, дін және салттық жоралғы, әдет-ғұрып жөнінде түсініктердің энциклопедиялық жинағы» деген сипаттама береді [1, б. 220-227]. Ә. Марғұлан өзінің зерттеулерінде батырлар жырының кейбір құпия жақтарын ашумен қатар оларға тарихи дерек ретінде қарау керектігін алға тартады [13].

Батырлар жырында тек көне қалалардың аты, орналасқан жері ғана аталып қоймайды, сонымен қатар, бұл жырлардан қалаларды мекендеген халықтың тұрмыс-тіршілігі, әскер жасақтай алатыны және қалалардың бекініс жүйесімен ішкі құрылысы жайлы мәліметтер кездеседі. Орта Азия мен Сібір аумағын мекендеген түркі-монғол халықтарының ауыз әдебиетінде кездесетін архаикалық мотивтерден түзілген ертегілік эпос түріндегі батырлық жырлар XI-XIV ғғ. қыпшақ тайпалары мен Кіші Азия, Мәуераннахр, Армения, Сирия, Месопотамия, Пәкістан, Грузия т.б. елдерге таралғаны белгілі. Солардың бірі – ортағасырлық қыпшақтың бірегей батырлық эпосы «Қобыланды батыр». Басты кейіпкері Қобыланды жайындағы жыр. Жоғарыда көрсетілген ортағасырлық деректерге, тарихи-әдеби, фольклорлық мәліметтерге сүйеніп аталған жыр сарындарының V-VII ғғ. Алтай өлкесінен Сырдария - өзенінің төменгі ағысы аймағында, одан IX ғ. бастап батысқа көшкен оғыз тайпаларымен Еуразияның өзге де аймақтарына таралып кеткендігіне көз жеткізуге болады. Сонымен, «Қобыланды батыр» жырындағы жер-су атаулары мен, елді мекен қала аттарына жете тоқталсақ. Жырда Қырлы қаланың мықты бекініс жүйесі былайша сипатталады:

Қазанның Қырлы қаласын аламын десе ала алмас

«Сырлы қала дейтін қаласы,

Қорғансыз сырты ашық-ты» – деген Сырлы қалаға іргелес жатқан қоныстың сыртында бекінісі (қамалы, оры) болмауына қатысты айтылып отырса керек. Қорыта келгенде, «Қобыланды» жырындағы Сырлы, Қырлы қалаларның тарихи орындары табылды деп айтуға негіз бар, демек, Ә. Қоңыратбаев: «... осы жырдағы Қазан оқиғалары VIII-IX ғғ. пешене-оғыз, сыр бойындағы оғыз-қыпшақ дәуірінің ыдару кезінен алынған» - деген [30] пікірі ойға қонымды.

Алпамыс батыр жыры – топонимикалық атауларға бай әрі күллі түркі дүниесіне ортақ қазақи шығарма. Жыр дәл қазіргідей классикалық бүтіндікке ғасырлар бойында жетілу, толығы арқасында жеткен [14].

Түркі халықтарының тектік-нәсілдік жақындығы, қоныстану аумағының тұтастығы, тіл, дін мен діл туыстығы кейбір рухани мұралардың ортақ болып қалуына ықпалын тигізді. Әуелден ұрпақ жадына ауызша жетіп, жатталып, кейінгі бірер ғасырдың аясында ғана хатқа түсіп, сақталып қалған эпостық туындылар мен еншілес құндылықтар көп-ақ. Солардың бірі – «Алпамыс батыр» жыры. Аталмыш жыр XX ғасырдан бастап фольклортанушы ғалымдар тарапынан хатқа түсіріле бастады.

Жырда «қала», «қақпа», «ор» деген сөздер жиі айтылады және кей жерлерде олардың баламасы ретінде мекен, қамал, бекініс, дарбаза сөздері де қолданылады.

Осы жырда айтылған тұлғалардың есімдеріне қатысты ғылыми тұжырымдарға назар аударсақ. XIII-XIV ғғ. өмір сүрген ортазиялық тарихшы Әбілғазы: «Баршын қаласы Оғыз еліне даңқы жайылған жеті қыздың бірі – Гүлбаршынның атымен байланысты» [15], – деп көрсеткен, яғни бұл келтірілген деректерден біз Сырдария өзенінің төменгі ағысында көптеген қалалардың және олардың ішіндегі ең әйгілісі Баршынкент атты қаланың болғандығын анықтаймыз. Ә.Х. Марғұлан жоғарыда келтірілген Әбілғазының пікіріне сүйене отырып, Баршынкент атауын халық поэмасының кейіпкері «Алпамыспен» байланыстыра келіп: «Оғыз феодал ақсүйектерінің өкілі Баршын есімді сұлу, атақты әйел Сырдарияның бойындағы қаланы өз есімімен атады, осыдан Қызқала шыққан» – деп, бұл қаланың қираған бөліктері: «Қызылордадан 25 км төменірек Қышқала атауымен белгілі» – деп жазады [16].

Жыр-дастан, аңыз-әңгіме, тарихи оқиғалардың межелік мерзімі ортағасырлық кезеңдегі мәдениетті сипаттайтын, топономикалық, аумақтық, тұрмыстық атаулар жайында мол ақпарат беретін фольклорлық дерек ретінде бағамдауға болады. Аталған аңыз деректердің басты желісі қазақ халқының ұлт болып ұйысу жолында Сырдарияның төменгі ағысы орта ғасырларлық ескерткіштерінің, оның ішінде Баршынкент, Жент, Орнас (Асанас) қалалары мен Бегім ана, Гүлбарышын, Алпамыс, Қобыланды есімдеріне қатысты аңыз-жыр нұсқалары бейбіт күннің тұрмысынан хабар береді. Өткен тарихты жеке тұлға яки белгілі бір нысанмен байланыстыра отырып баяндау шынайлыққа қайшы емес керісінше көшпелі халықтың тарих жасаудағы идеологиялық дәстүрі болып табылады.

Сырдария алқабындағы ортағасырлық қалалардың орналасуы реті мен атауына, саяси-әлеуметтік ахуалына қатысты сол заманның өзінде жазылып хатқа түскен деректер бар. Ендігі кезекте осы Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық ескерткіштерге қатысты жазба мәліметтерді саралап көрелік.

Орнас (Эшинас), Ашинас – Асанас қаласы. Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 48 км жерде, Іңкәрдария арнасының оң жағалығында, Асанас өзекекке жақын орналасқан. Асанас қаласының аты алғаш рет Алтын Орда дәуірі жазба деректерінде аталады. (Сурет 3, 4)

XIII ғасырда ғалым Жамал Қарши Алмалықтан Сырдарияның төменгі ағысына діни білімін тереңдету мақсатында ислам мектептеріне келіп, бірнеше қалаларда болып оның ішінде өте бай Асанас қаласы жағдайының нашарлағанын айтып кеткен, дегенмен сол кездің өзінде онда ірі базар болып, жан-жақтан саудагерлер ағылып отыратынын және оның ислам әлеміндегі

Зерттеушілер П. Карпинидің деректеріне сүйене отырып ескерткіштің атын әр түрлі атаған. Мәселен Э. Бретшнейдерде Ашинас [17, с. 69]. К. Д'Оссон Арнас [18, р. 113-114], ал С.П. Толстов көне қаланы Орнас (Онақ, Орнар) деп атап оны көне Үргеніш қаласымен баламалаған [19, с. 105].

Ә. Дербісәлі Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалаларда туып-өскен ортағасырлық ғұлама-ғалымдардың Баршынлығы, Женди т.б ғұламалардың еңбектеріне жан-жақты тоқталып, шолу жасаған [20].

1899 жылы алғаш рет В.Каллаур Сырдарияның сол жағалық төменгі ағысы бойымен, Сырдария өзенінен оңтүстікке қарай 25 верст, Берқазан станциясынан батысқа қарай 30 верст Ақ-арыққа (Асанас өзекекке) жақын орналасқан көне қаланың орнын тауып, алғашқылардың бірі болып, жазба деректердегі Асанас қаласымен баламалайды [21, с. 167]. В.В. Бартольд және Ә.Х. Марғұлан В.А. Каллаур келтірген пікірмен келіскен [22, б. 222; 23]. К.М. Байпақовта бұл пікірге қосыла келе, Сырдарияның төменгі ағысында Асанас деген үлкен елді мекен бар екенін және ол қаланы жазба деректердегі Ашинас (Ашинас) қаласымен баламалап, ескерткішті Қызылорда қаласынан солтүстік-батысқа қарай 30 шақырым жерде орналасқан деп көрсеткен [24]. Зерттеушілер Л.Б.Ерзакович және

М.Елеуов В.А.Каллаурда көрсетілген қала орнын бір ауыздан қолдап, олар П. Карпинидің мәліметтеріне сүйеніп ортағасырлық Асанасты «Орнас» деп атаған [25, б. 70; 26].

Ортағасырлық Асанас қаласынан солтүстік – батысқа қарай жүрген сол жағалық Сырдария керуен жолы Жаңадарияны жағалап отырып Қышқалаға келген [27, б. 92].

Баршынкент – Қышқала (Қыштөбе). Қышқаланың баламалануы мәселесін бірқатар зерттеушілер қарастырған. Енді сол зерттеушілердің еңбектерінде, тарихи деректер кездесетін осы қалаға байланысты атауларға (аттарға) тоқталамыз.

«Баршын» сөзінің шығу тегіне көз жүгіртер болсақ, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «жолағы бар жібек мата» [28] ретінде сипатталады. Яғни, баршын (парча) – парсы тілінен енген сөз. Метал тектес өте жұқа жіптермен тоқылып, ауыр болып келетін мата түрі бізге шығыстан келген.

Т. Жанұзақов «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде осы баршын мата атауы тек әйелдерге есім ретінде қойылғанын атайды. Әйел адамдарға қойылған есімдер құрамы ортағасырда, әсіресе XV-XVIII ғғ. ерекше дами түскенін келтіреді: «Бұл кездерде ертеден келе жатқан дара тұлғалы есімдерге жаңа сөздер қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасау дәстүрі күшейген-ді. Біріккен тұлғалы әйел есімдеріндегі ең көрнекті тәсіл «гүл» сөзін қосу арқылы есім жасау. Бұл тәсіл арқылы жасалған есімдер өте көп» [29]. Мұнда аталып өткендей, әйел адамдарға қойылатын Баршын және Гүлбаршын есімдерінің түпкі шығу тегі «гүл» және «баршын» (барчін – жібек) мата атауынан бірігіп жасалғанын айғақтай түседі.

Жалпы қазақ эпостық жырларындағы негізгі кейіпкерлердің есімдері осындай екі сөзден бірігіп жасалғанын, оның шығу тегіне тереңдегенде көбіне ер адам есімдерінің мансаптық, басқарушылық белгілерге бағытталған болса, ал әйел есімдерінде көбіне жоғарыда атап өткеніміздей гүлге теңеу, олардың нәзіктігін, сұлулығын бағалы маталардың атауымен одан әрі әрлендіре түсу мақсаты байқалады. Бұл ойымызды Ә.Қоңыратбаев та растайды. Ол «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршын есіміне тоқтала отырып, бұл есімнің этимологиясы түрлі негіздерге байланысты қарастырылатынын келтіреді: «Оны парчин (парча – мата атауы) деп ұғынатындар бар, қыздардың сұлулығын, нәзіктігін гүл, жібекке теңеу түркі тайпаларында кең етек алған үрдіс десек, бұл пайымдауының негізі болуға тиіс. Бірақ антропонимдік тұлғадағы көне атауды бір ғана эпитет деңгейінде ұғыну жеткіліксіз болар еді» [30, б. 5], – дей келе, екінші жағынан, географиялық тұрғыдан алып қарастырғанда, Сыр бойындағы баршын элементі арқылы жасалған кентастар және гидронимиямен байланыстырған.

Баршынкент қаласының атауы «баршын және «кент» деген екі сөзден құралғанына назар аударсақ, мұндағы *кент* сөзіне М. Қашқари өзінің «Түркі тілдерінің сөздігі» атты еңбегінде: «KEND», «KENT» оғыз елі мен оған жақын орналасқан халықтар тілінде «қыстак», деген мәнде, түркі халықтарының көпшілігінде «шәһар», «қала» дегенді білдіреді десе [31], А.К. Құрышжанов «кент» сөзі соғдыларда «*Stadt-қала*», парсыларда «*кандар-мекен*», арабтарда «*кэнд-қала*» т.б халықтардағы орфоэпиялық және орфографиялық айтылу заңдылықтарын талдаған [32, с. 3-200]. Ә. Қоңыратбаев былайша сипаттама беріп өтеді: «Ортағасырлық топонимдердің компоненттерінде «кент» сөзі жиі қолданылған. Мысалы: Шымкент, Жаркент, Узкент т.б.» [33, б. 170].

Қазақ совет энциклопедиясында: «Баршынкент оғыз тайпаларының сәулетті бір қаласы болған. Абұлғазының көрсетуінше, оның Баршын аталуы Оғыз еліне даңқы жайылған жеті қыздың бірі – Гүлбаршынның атымен байланысты» [34]. – деп келтіріледі.

«Оңтүстік Қазақстанда қалалар мен елді-мекендер әсіресе X-XIII ғасырларда Қарлұқ дәуірінде, одан кейін X-XII ғасырларда Қараханидтер мемлекеті кезінде дамығаны тарихтан белгілі. Бұл кезде пайда болған қалалар: Отырар (Фараб), Исфиджаб (Сайрам), Барчыкен. Осындай қала атауларынан Сайрамбай, Баршын, Фараби тәрізді кісі аттарының жасалғаны мәлім. Жер-су аттарынан жасалған мұндай кісі аттары әсіресе орта ғасырда мол болған» [29,

б. 169-170], – деп орта ғасырлық қала атауларының негізінде кісі аттарының туындағанына негіздейді.

Т.К. Әлбеков ««Алпамыс батыр» эпосының оғыз версиясы және оның тарихи негіздері» атты мақалада Баршынкент қаласымен оның халықаралық деңгейдегі қала болғаны жайында мынадай мағлұматтар береді. «Баршынкенттің Дешті-Қыпшақ тарихындағы орны, дамуы, құлдырап жойылып кетуі туралы деректер біржақты емес, түрліше құбылып отыратынын байқауға болады. В.В. Бартольдтың, П. Лерхтың еңбектерінде қала 1219 жылғы монғол шапқыншылығы кезінде күйреген. Керісінше, ханзада Жошы пәрменімен шығарылған теңгелердегі жазуларға (П. Лерх), сондай-ақ Жамал Каршидің жоғарыда аталған сапарында осы шаһарда ғұлама ғалым Хусам ад-Дин Грубили Барчынлығы кездесіп, одан дәріс алғанын ескерсек, онда XIII ғасырдың аяғында Баршынкенттің Сыр өңіріндегі ірі мәдени орталық болғанын аңғаруға болады» - дейді [35].

М. Ноғайбаева және А. Қошымова «Ортағасырлық оғыз қалалары және аңыздар» атты мақалада Баршын сұлу мен Баршынкент қаласының байланысы жөнінде: «Олардың біріншісі – Алтын Гездекі, Сұндүн байдың қызы және Салор Қазан алыптың әйелі, бойы ұзын болып еді. Екіншісі – Қармыш байдың қызы, Мамыш бектің әйелі Баршын Салор еді. Оның қабірі сыр суының жағасында, халыққа мәшһүр, өзбек оны Баршынның Көккешенсі дейді, кешене көрікті, жақсы күмбез еді. Яғни Қармыш байдың қызы, алып Мамыштың (Алпамыстың) әйелі Баршын сұлудың аты осы күнге дейін Сырдария бойында кездесетін жер атауларында сақталған. Ерте кезде жасап, кейін қирап қалған бір қаланың аты тарих бетінде «Баршынкент» атауымен қалды, ол Қызылорда қаласына жақын маңда орналасқан. Халық Баршын сұлуды «Қозы Көрпеш» - Баян сұлу» эпосындағы Баян сұлу сияқты аса қадірлі санағандықтан, Баршынкентті «Қызқала» деп те атаған» - деген пікір білдірген [36].

А. Молдахмет, А. Ерсариев Баршынкентпен Қышқаланың өзара жақындығы жайында тың ақпараттар бере отырып, оның орналасуына және ғылыми ортада Қышқаланың көне Баршынкент шаһарымен теңестірілуіне байланысты деректерді жинақтады [37].

Қазіргі Қышқаланың орнын ортағасырлық Баршынкент қаласымен тікелей теңестірген Т. Мәмиевтің пікіріне қосыла отырып, А.Молдахмет өз тарапынан: біріншіден, П. Карпини Бархин қаласы Жанкентпен Асанас қалаларының аралығында орналасқан деп дұрыс көрсеткенін; екіншіден, бұл қаланың орналасқан жері, тарихи құрылымы Ж. Карши болған мекен Барчкандқа сай келеді – деп дәйкті түрде Барчканд пен Баршынкент екеуі бір қаланың аты деп тұжырым жасайды.

Бұдан шығатын қорытынды, орта ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысындағы атақты қалалардың бірі болған Баршынкент қаласы атауына талдау жасай келе, бағалы мата атауларын әйелдерге есім ретінде қою және сол есімдердің эпостық жырлардағы кейіпкерлерге, қала атауына берілуі сәйкесінше Ә.Қоңыратбаев атап өткендей, қала атаулары негізінде кісі есімдерінің пайда болуына әсер етуі әбден мүмкін деп топшылаймыз.

Сонымен, деректерде, зерттеушілердің еңбектерінде Бархин (П. Карпини), Барчканд (Жамал Карши), Барчинлигкент, Барчканд, Барчкенд (Ә. Дербісалиев), Барчин (Жошы теңгелерінде), Ба – эр – чи – ли – Хань, Ба – эрчжень (қытай транскрипциясы бойынша), Барчынлыгенд (Барчкенд), Барчынлыген, Хышт – қала, Баршын, Баргент (В.В.Бартольд), Барлычгенд (К.М. Байпаков), Барчынлыгент (Жирмунский), Бархалигкенд (П. Лерх), Барчынлыгент, Бархалыгкент, Барчинлыкент (В.А. Каллаур), Баргенд, Барчынлыгенд (А. И Маленин), Баршынкент (Ә. Марғұлан) Ә. Қоңыратбаев, С. Жолдасбайұлы, Т. Мәмиев) аталған қалалардың барлығы бір қаланың әртүрлі аталуы (аты). Ал зерттеушілердің еңбектерінде Кыс – Қала, Гыш – Қала (В.А. Каллаур), Хышт – қала (В. В. Бартольд) Қыз қала (Археологическая карта Казахстана), Қыш төбе (С.П. Толстов), Қызтөбе (К.М. Байпаков), Қышқала (Ә. Қоңыратбаев), Баршынкент (Т. Мәмиев) деп атаған қаланың орны қазіргі Қышқалаға сәйкес келеді. (Сурет 5, 6)

Жаңақала – Жент. Көне Жент қаласы алғаш рет араб-парсы жазба деректеріндегі Худуд әл-әлем, Тарих-и-Жехангуша, Китаб муджам ал-булдан да кездеседі [38, с. 38, с. 485, с. 412]. (Сурет 7, 8)

XIII ғ. Жамал Қарши діни білімін тереңдету мақсатында сырдың төменгі ағысындағы ислам ғалымдарынан сабақ алғаны және жылға жуық уақыт ішінде Жент қаласында тұрғаны айтылады [39, с. 155].

XIV ғасырда жазылған «Жамиғ ат-тауарих» (Шежірелер жинағы) – деп аталатын Рашид әд-динде Барчылыгкент пен Женттің территориялық жақындығы көрсетілген [38, с. 200].

Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық ірі орталықтар Асанас, Мыңшоқы, Қышқала, Жаңақала, Мыңтөбе қалажұрттары Жошы Ұлысының маңызды қалаларының қатарын құрады. IX-XII ғғ. бұл қалалардың алғашқы іргетасы қаланып, өңірдің негізгі орталықтарына айналды. XIII-XV ғғ. саудасы экономикасы дамыған Орта Азиядағы ірі рухани-мәдени қалажұрттардың алдыңғы шегіндегі қалалар ретінде төрткүл дүниеге белгілі болды. XIV-XV ғғ. Сырдария өзені төменгі ағысындағы гүлденген қалалық мәдениет, мұнаралар мен көз жауын алатын архитектуралық кешендер біршама әдеби шығармалардың туындауына арқау болып, уақыт өте келе ауыздан-аузыға тарап, фольклорлық тарихқа айналып, халық жадына аңыз болып жайғасты.

Осылайша Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар фольклорлық материалдар негізінде сипатталып, тарихи-топономикалық аңыздар, қаһармандық бағыттағы батырлық жырлар салыстырмалы тұрғыда талданып, ауызша естеліктердегі жер-су атаулары мен жазба мәліметтердегі ескерткіштер теңестірілді.

Қорыта айтқанда қазақ әдебиеттануы мен фольклортану ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі, түркология, эпос теориясы, мифология және ежелгі әдебиет салаларында іргелі еңбектер қалдырған ғалым Ә. Қоңыратбаев – әдебиет тарихын зерттеуде археологиялық, этнографиялық және тарихи деректерді кешенді түрде қарастырған алғашқы қазақ ғалымдарының қатарында болғанын нық сеніммен айта аламыз. Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми әдістемесінің ерекшелігі – фольклорлық мәтінді тек көркем туынды ретінде емес, белгілі бір тарихи-мәдени дәуірдің айнасы деп қарастыруында. Осы себептен ол фольклорды талдағанда археологиялық ескерткіштерге жиі сүйеніп, Сырдария өңіріндегі оғыз-қыпшақ мәдениетінің қалдықтарын эпоспен байланыстыра зерттеді.

Археологияны әдебиеттанумен ұштастыру – XX ғасырдың екінші жартысында ғана қалыптаса бастаған жаңа ғылыми бағыт. Бұл салада Ә.Қоңыратбаевтың үлесі айрықша, себебі ол Қазақстандағы алғашқы ғалымдардың бірі болып эпикалық сюжеттер мен тарихи-археологиялық деректерді салыстырып, олардың арасындағы мәдени сабақтастықты ғылыми түрде дәлелдеді. Әсіресе Жанкент (Янгикент), Шірік-Рабат, Бәбіш-Молла, Сығанақ сияқты Сыр бойындағы археологиялық ескерткіштерді эпос пен мифология контекстінде зерттеуі түркология ғылымында маңызды орын алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. – Алма-Ата, 1961. – Т. 1. – 428 с.
2. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 428 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 279 б.
4. Бабалар сөзі: 100 т. / ред. Т. Әлбеков – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 85. – 416 б.
5. Әлішев Ә. Ежелгі Қазалы жері // Аймақтық «Тұран-Қазалы» газеті. – 2007. – №94 (393).
Әйтеке би кенті Аймақтық «Тұран-Қазалы» газеті. – 2007, қараша – 24.
6. Толстов С.П. Города гузов (Историко-этнографические этюды). // СЭ. 1947. №3. стр. 55-102.
7. Билалов С.У., Тажекеев А.А: Археологические работы на главных въездных воротах средневекового городища Джанкент в 2019 г. // Вестник Казахского национального университета им. Аль-Фараби, 2020. – №1 (96). – стр. 155-171.

8. Толстов С.П. Древний Хорезм. – М.: Изд.: МГУ. 1948а. – 441 с.
9. Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). /Коллективная монография / – Алматы: «Арыс», 2014. – 320 с.
10. Толстов С.П. По древним Дельтам окса и Яксарта. – М.: Издательство Восточной литературы: 1962 г. – 353 с.
11. Гончаров Е.Ю., Настич В.Н. Монеты Сырдарьинских огузов IX в. // Тюркологический сборник. 2011-2012. – М., 2013. стр. 80 – 91.
12. Гончаров Е.Ю., Настич В.Н. Новые нумизматические памятники IX в. из Восточного Приаралья (Новооткрытый чекан государства Сырдарьинских огузов) // Международная научная конференция «РАСМИР: Восточная нумизматика – 2011». Сб. науч. тр. – Киев, 2013. – стр. 26-30.
13. Маргулан А.Х. О характере и исторической обусловленности Казахского эпоса // ИАН Каз ССР. – 1946. – №2. – С. 75-81.
14. Молдахмет А. Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент) эпостық дерекетерде // Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер «ХІІІ Оразбаев оқулары»: халық. ғыл.-әдістем. конф. матер. – Алматы, 2021. – Б. 151-153.
15. Әбілғазы Б. Түрік шежресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
16. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. – Алматы, 2011. – Т. 9. – 472 б.
17. Бретшнейдер Э.В. Азия и Европа в эпоху средневековья: сравнительные исследования источников по географии и истории Центральной и Западной Азии XIII–XVII веков. – СПб., 2018. – 280 с.
18. D'Ohsson C. Histoire des mongols. – Paris, 1834. – 651 p.
19. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л., 1974. – 725 с.
20. Дербісәлі Ә. Қазақ даласының жұлдыздары: тарихи-филологиялық зертеу. – Алматы: Рауан, 1995. – 240 б.
21. Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии // В кн.: Историко-культурные памятники Казахстана / сост. М. Елеуов, М.М. Бахтыбаев. – Туркестан: Туран, 2011. – С. 167-171.
22. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. – Алматы, 2011. – Т. 9. – 472 б.
23. Бартольд В.В. Сочинения. – М.: Наука, 1965. – Т. 3. – 711 с.
24. Байпаков К.М. Огузы, туркмены и селджуки в городах Жетысу и Южного Казахстана: средневековая археология // Известия НАН РК. – 2007. – №1. – С. 35-61.
25. Елеуов М. Плано Карпини мен Гильом Рубруктың Қазақстан арқылы сапары туралы // ҚазҰУ хабаршысы. – 2003. – №4(31). – Б. 69-71.
26. Ерзакович Л.Б. Караванные пути юга Казахстна в XIII-XVIII вв // Известия АН Каз ССР. – 1969. – №2. – С. 79-85.
27. Елеуов М. Сырдарияның орта ағысы мен Қаратаудың ортағасырлық керуен жолдары // Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы: халық. ғыл. конф. матер. – Түркістан, 2017. – Б. 90-102.
28. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
29. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы: лингвистикалық және тарихи этнографиялық талдау. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
30. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және Туркология – Алматы, 1987. – 368 б.
31. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: Диуани лұғат-ат-түрік. – Алматы: Хант., 1997. – Т. 3. – 595 б.
32. Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного апмятика XIII в. – «тюркско-арабско словаря». – Алма-Ата, 1970. – 220 с.

33. Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мер Сал Баспа үйі, 2004. – Т. 2. – 518 б.
34. Қазақ совет энциклопедиясы / ред. М.Қ. Қаратаев. – Алматы, 1972. –Т. 1. – 647 б.
35. Әлбеков Т.К. «Алпамыс батыр» эпосының оғыз версиясы және оның тарихи негіздері // Keruen. – 2020. – Vol. 4, №69. – P. 30-43.
36. Ноғайбаева М., Қошымова А. Ортағасырлық оғыз қалалары және тарихи аңыздар // Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы: халық. ғыл.-тәжірейб. конф. матер. жин. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Б. 343.
37. Молдахмет А., Ерсариев А. Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық Қышқаланың баламалану мәселесі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы. – 2020. – №4(67). – Б. 380-383.
38. Материалы по истории туркмен и Туркмении / под ред. С.Л. Волина и др. – М.; Л., 1939. – Т 1. – 612 с.
39. История Казахстана в персидских источниках / под ред. А.К. Муминова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 1. – 416 с.

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ «ТІЛДІК ӘЛЕМІ»

Алмауытова Әсия Базарбайқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты

***Аңдатпа.** Бұл ғылыми мақалада көрнекті ғалым, профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың тіл білімі саласына қосқан үлесі жан-жақты қарастырылды. Зерттеуде ғалымның қазақ тілінің тарихы, ауыз әдебиеті тілінің табиғаты, эпостық жырлар тілінің көркемдік-стильдік ерекшеліктері жөніндегі ғылыми тұжырымдары талданды. Ғалым шығармаларындағы лексика-семантикалық жүйе, фразеологизмдер, көне сөздер мен этномәдени бірліктердің қолданысы тілдік тұрғыдан сипатталып, авторлық баяндау тілі анықталады.*

***Аннотация.** В данной научной статье был подробно рассмотрен вклад выдающегося ученого, профессора Ауельбека Коныратбаева в область языкознания. В исследовании проанализированы научные выводы ученого об истории казахского языка, природе устной литературы, художественно-стилевых особенностях языка этических псалмов. Лексико-семантическая система, фразеологизмы, использование древних слов и этнокультурных единиц в произведениях ученого описываются с языковой точки зрения и определяется авторский язык повествования.*

Фольклортану мәселесін ғалымдар түрлі бағытта қарастырып, әдеби және тілдік құрылымы жөнінде біршама зерттеулер жүргізді. Тілші ғалымдар бұл салаға ерекше дайындықпен келіп, оны этнолингвистика, этимология, тарихи лексикология тұрғысынан қарастырды.

Осы тұрғыда қазақ халқының талантты перзенті, фольклортану ғылымының білгірі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қоңыратбаевтың сан-салалы ғылыми еңбектерінің бірі қазақ фольклорының тіліне қатысты зерттеулері болды.

Ғалым «Қазақ фольклорының тарихы» [1]еңбегінде Гүлбаршын немесе Баршын қыз аңызы XIII-XVIII ғасырларда емес, ертедегі хұн дәуірінен болса керек. Бұл атаудың түбірінде бөрі қыз (гүл – қыз, шин – бөрі) деген ұғым да бар. Осы орайда «баршын» сөзінің түбірінде жүрген «шин» сөзіне тоқтала кетелік. «Бейшин», «Байсын» деген сөздердің өзі парсыша «абад» – қалалы жер деген ұғымды білдіреді. Кейінгі дәуір жырларында «Байсын» қала емес, дала атауы (Жиделі Байсын). Ол Әмудің бас жағында. Бұл монғол шабуылынан

соң туған ұғым. «Шин» сөзінің араб, парсы әдебиетінен көрінетін бір формасы – жын. Арабтар шығыс елдерін «жын елі» деп атаған. Ол «Шаһнамада» суреттелген, - дейді.

«Алпамыс батыр» жырына қатысты «Жырдың тіл байлығы керемет. Теңеу, эпитет, метафора өзінің тиісті орнында молынан қолданылады. «Тарбаңдап ұшқан қарғадай, құстай ұшты шұбар ат, ботадай боздап өкірді» деген жолдар теңеумен берілген. «Кебенек киген ер еді, ертең қозым келеді» деген жердегі «қозы» – метафора – деген дәлел келтіреді.

Түркі дүниесінің ұлы ойшылы Қорқыт атауынада этимологиялық зертеу нәтижесінде мынадай қорытынды жасайды: «Қорқыт» атауында «хор» және «құт» деген екі сөз болса керек. Мұндағы «хор» – тайпа атына жақындау («хойхор»-ұйғыр тайпаларының аты). Сөздің екінші түбірі – «хұт» Орхон-Енисей жазуларында, «Құдатқу білік» атауында кездеседі. «Құт» сөзі Сібір тайпаларының атауында да сақталған. Оған Жақұт (Якут), Жерқұт (Иркут), Сүрқұт (Сургут), Үсқұт (Ускуп) сияқты толып жатқан атаулар айғақ. Сүрқұт – сұлу тұрғын (мекен), Жерқұт – жер құты деген мағына береді. Сонда Қорқыт оғыздардың құты, ойшылы, сәуегейі болмақ. Дәлірек айтсақ, Қорқыт (Хор-хұт) сөзінің этимологиясы «құтты адам» немесе «құт әкелетін адам» деген ұғым береді.

«Көрұғлы» жыры тілінде түркі сөздері басым. Адам, жер-су, қала аттары түркіше. Сонымен бірге тәжік, араб сөздіктері де баршылық (Рүстем, Халил – Ибраһим найзасы, асфиһани қылыш, Мұхамед, Сүлеймен).

Ғалым «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына қатысты тілдік тұжырым жасайды: «Жырдың ең құнды жағы – тіл байлығында. Онда араб-парсы сөздігі мейлінше аз, жыр байырғы халық сөзінің мол лексикалық қорына негізделген. Тілінде қазіргі жастар біле бермейтін, кейде жолсыз ұмытылып бара жатқан көне сөздер көп. Кезінде кейбіреулер соның бәрін не архаизм не диалект деп өз басындағы бейшаралықты ұлы эпосқа қарай жұмсады. Бұл, әрине, өкінішті құбылыс. «Қозы Көрпеш» диалект емес, қазақтың әдеби тіл нормасына жол салған эпостық мұраның бірі. Бұл үлгілердің тілі, өлеңдік кестесі, идеясы қарапайым халыққа жақын, түсінікті.

Ғалым «Айман – Шолпан» жырына қатыстыбылай дейді: «Жыр халықтың таза сөйлеу тіліне негізделген. Сондықтан көпшілікке танымал әрі көркем. Оның тілінде ирониялық сөздермен қатар фольклорға тән «ақ Айман», «сұлу Шолпан», «ер Әлібек» дейтін тұрақты эпитеттер, әсіресе барыс жалғаулы ұйқастар мен етістік, баяндауыштар өте көп. Етістік сөздердің көп болуын жырдың реалистік сипатынан деп түсінген жөн. Айманның қысқа портреті жырда бір-ақ теңеумен берілген:

Айманның ақ мамықтай білегі бар,
Майысқан жез қармақтай сүйегі бар.

Пікіріміздің басты дәлелін Ә.Қоңыратбаевтың «Қобыланды батыр» жырының тіліне қатысты төмендегі түйіндерінен танимыз: «жырдың тілінде күрделі эпитет, метафора, метонимия маржандай төгіліп, тілге образдылық, ойнақылық, жырға пафос, ерлік рухын береді. Мысалы, «қырыда жалды қыл құйрық», «екі аяқты, бір басты деген» жыр тізбектері метонимияға негізделген, алдында эпитет бар [2,54].

Тілдің өзіндік заңдылықтары тіл иесі этностың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тарихының қалың беттерін, мәдениетін, ұлттық мінез-құлқын сипаттауда ерекше орны бар көркем туынды тілі арқылы да танылады. Себебі, көркем туынды ұлттық болмысқа қатысты мәселелерді жинақтайтын күрделі құбылыс, біртұтас дүние ретінде әр ұлттың өзіне тән мәдениетімен, мінез-құлық, жан-дүниесінен хабардар етеді, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Осымен байланысты, Әуелбек Қоңыратбаев шығармаларының тілінде де халықтың мәдени өмірі мен тарихы, мыңдаған жылдар бойы жинақтаған танымы мен білімінің көрінісі жатыр.

Осындай мұраларымыз, ғалым Ә.Қоңыратбаев аудармаларының бірі – «Қорқыт ата кітабы» [3,322]. Төл лексикамыздағы атаулардың этнолингвистикалық қырлары олардың түсіне байланысты уәжділік арқылы да айқындалады.

Көк, қызыл, ақ, қара т.б. түстердің номинациялық мағынасынан басқа халқымыздың түсінігінде «ақ түс – кіршіксіз тазалықтың, махаббаттың, қызыл түс – жастықтың, қара түс – қайғының» белгісі болып саналған. Бұл жөнінде: «дүниенің тілдік бейнесіндегі қара, ақ сөздерінің мағыналық спектрінің өте кең екендігі байқалады». *Қара жамылу, ниеті қара* сияқты тіркестердегі қара сөзінің «қайғы, қаза, жамандық» мағынасында жұмсалып, символдық мән алуы лингвомәдени коннотация болып табылады».

Осы пікірдің растығын «Қорқыт Ата кітабы» жырында кездесетін «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақтуралы жыр» жоқтауынан көруге болады. Мұндабылай деген: Байрақтың жеті қарындасы *ақ киімін тастап, қара киді*. «Бәну Шешек өзінің *ақ көйлегін тастап, қара көйлек* киді, күздің піскен алмасындай қып-қызыл беттерін жұлды. Бұл хабарды естіген Қиян Селжүк баласы Дондаз да өзінің *ақ киімін тастап, қара киім* киді. Байрақтың барлық білектес батырлары *ақ киімдерін тастап, қара киінді*. Солардың бәрі де сен үшін қайғырып, *ақ орнына қара киген*, Бәмсім. Ақ сақалды әкенді, ақ шашты анадан сұрар болсаң, олар да аман, Бәмсім. Олар да *ақ киімдерін тастап, қара киген*, Бәмсім. Бұдан соң Байрақ өзінің басқа қарындастарына барды. Олар *қара көк киім* киіп отыр екен. Байрақ дауыстап сөйлеп кірді. Не айтқан екен, тындап көрелік, хан ием: «О, қыздар, төсектеріңнен таңмен бірге тұрасыңдар. *Ақ шатырды қойып, қара шатырда* отыратын болыпсыңдар, қыздар. *Ақ киімдеріңді тастап, қара киетін* болыпсыңдар, қыздар».

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, тура мағынасымен уәжделген ауыспалы – метафоралық қолданыстағы түстердің көрінісі, яғни, әр ұлттың өзіне тән мәдени – танымдық ерекшеліктерінен «дүниенің тілдік бейнесі» түрліше болатындығын дәлелдейді.

Жалпы қай тілде болмасын, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер қат-қабат, қатарласа өмір сүреді. Бұл тілдік категориялар тіл байлығының ең құнарлы тармағына жатады және көркем сөз қорының мәйегі болып саналады.

Ә.Қоңыратбаевтың прозалық шығармалары қазақтың бай ауызекі тіліне, ұлттық дүниетанымына негізделген. Жазушы кейіпкер мінезін, өмір шындығын, халықтық болмысты көрсету үшін фразеологизмдерді шебер қолданады. Әсіресе, жазушы шығармашылығында этнофразеологизмдер ерекше орын алады, өйткені олар белгілі бір этностың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи-мәдени болмысына тікелей байланысты. Мәселен, Күздігүні шығыр салған егіншілерге *сауын айтып*, малға беремін деген тарының қара кебегінен жиырма-отыз қабын жинап алыпты; Үйге келген бетте Қалкеш қаптың аузын ашып, *шашу шашты*; Ұзамай Досбол қайтыс болып, от ауыз, орақ тілді шешенді бүкіл Сыр елі болып *ас беріп, ат шаптырып* жерледі; Орта жастан асқанына қарамастан, Әшір жас қызға үйленіп, *төсек жаңғыртпақ*; Осы тұрғыда, «*сауын айту*», «*шашу шашу*», «*бәйге бермеу*», «*төсек жаңғырту*» тәрізді этнофразеологизмдер – ұлттық мәдени кодтарды бойына сіңірген көркем бейнелер. Аталмыш тілдік бірліктер көркем шығармада тек стилистикалық қызмет атқармай, ұлттық дүниетаным мен тұрмыс-салт туралы танымдық ақпарат жеткізіп тұр.

Жазушы әңгімелерінде мақал-мәтелдерді тек стилистикалық көркемдеу құралы ретінде ғана емес, ұлттық дүниетаным мен тарихи-мәдени құндылықтарды жеткізудің танымдық әрі концептуальдық тетігі ретінде пайдаланады. Мәселен, «Жақсылардан ат қалар, молдалардан хат қалар», «Үлкен бақ біреуге құт, біреуге жұт», «Кісілік ақылдыны адам етеді, ақылсызды надан етеді», «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар», «Жері ортақтың малы ортақ», «Ен дәулет шала естіні жынды қылады», «Уайым түбі – теңіз, үміт түбі – кеме», «Жаманның төрінен, жақсының есігі артық», «Мал ашуы – жан ашуы», «Мал байдікі, жан құдайдікі», «Адамнан ұялмағаннан ұял», «Пысықтың жілігі жасық», «Ұрыдан қарауыл қойсаң, адалдықтан басқаны айтпайды», «Төрешің ұры болса, төріңді былғайды», «Құт-береке еңбекте», «Пәниліктің заманы – бейнамаздық», «Алланы бір, пайғамбарды хақ деп білу парыз», «Түс – Алланың аяны», «Мал - жер танығыш», «Мал – құт, ұры – жұт», «Егінжай піскенде жауторғай бұлбұл болар», «Жалғыздың ісі озбас, дүние ісі

дүниемен», «Арқада жүрген жаяу едің, еліме келіп бек болдың», «Сынса байдың көзесі, төгілсе байдың көжесі [4] т.б. тілдік бірліктер арқылы жазушы қазақ халқының өмірлік қағидаттарын, ар-ұят, имандылық секілді рухани ұстанымдарын бейнелейді. Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер халықтың тарихи жадын, мәдени кодын сақтаушы бірліктер ретінде қызмет атқарады.

Теңеу – барлық өзге көркемдеу құралдарының негізі, сонымен бірге ұлттық менталитеттің айнасы. Теңеуде этнос болмысының табиғаты күллі ерекшеліктерімен көркем бейнеге айналады.

Төрт түлік малдың қатысуымен жасалған теңеулер – тілдің мазмұндық жағынан санғасырлық дамуының нәтижесі деуге болады. Қазақ халқының негізгі өмір сүру тәсілі – малды бағу болғандықтан, теңеулердің жалпы мазмұнында адамдардың мінезі, болмысы, қимылы, жүріс-тұрысы ассоциацияланады. Мысалы: *Ауыздарын бұған қойдай* тіл білмейтін жарамсақтар, сол жарамсақтықпен кісі болғандар; *Қой жасындай*ғана өміріңіз қалыпты; *Қой терісіне сыйғандай*ғана тұлғаң бар, ат бауырынан өткізе сабасам не жаның қалар еді,- дейді; Жиенбай жырау сөзді *жүйрік аттай* ойнатып, құлпыртып айтады екен.

Ия, теңеу модельдерінің табиғаты бұрыннан зерттеліп келе жатса да, олардың этнос болмысын, оның көркемдік, бейнелі дүниетанымдық мәні мен тілдегі қызметін терең де жан-жақты қарастыру антропоцентризмнің өзекті мәселелеріне жатады. Өйткені мындаған теңеу модельдерінің уәжі мен нысаны, сайып келгенде, халықтық дүниетанымға, ұлттық менталитетке және оның құндылығын айқындау принципіне тікелей байланысты. Осымен байланысты, Орнитонимдердің қатысуымен жасалған теңеулерде адамдардың іс-әрекеті алғыр, ұшқыр құстарға теңеп айтылады. Оған дәлел:

Шағаладай қонған бес-он үй – қамыс-миясы жайнап тұрған Қырықжайынның кең даласына іргелес жайғасқан; Қоңыр әнмен баяу айтылатын әннің соңындағы «Көзіме, Ереймен тау, бір көрінші» деп келетін жері созылып, *құстың қонғанындай* елес береді екен.

«Бәтес» әңгімесінде қыздың сұлулығы былай суреттеледі [5]. Мөлдіреген қарақат көздер *оттай жайнайды*. Күлкісі жұмсақ, сүйкімді. Күлгенде ақ тістері жарқ етіп, бетінің ұшы *жас бөбектің жүзіндей* шұңқырланып тұрады. Мінезі ұяң, биязы. *Анар гүліндей* әсем де ғажап біткен ақ саусақтарына салынған қызыл-жасыл жүзіктері өзіне жарасымды. Осы контекстегі *оттай жайнайды, жас бөбектің жүзіндей, анар гүліндей* сынды теңеулер ұлттың дүниетанымын, психологиясын, рухани-мәдени өмірін өз бойына сіңірген лингвомәдени бірліктер қатарына жатады.

Қорыта келе, жазушының тілдік тұлғасының қалыптасуында рухани-мәдени, тарихи-танымдық негіздер маңызды рөл атқарады. Оның тілі – тек сөздер жиынтығы емес, тұтас бір дәуірдің мәдени жадын, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген көркем дискурс. Ғалым еңбектері ұлттық тіл білімі ғылымының дамуына негіз болып, болашақ зерттеулер үшін маңызды ғылыми тұғыр қызметін атқарады. Ғалымның тілдік әлемін ғылыми тұрғыда зерделеу – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болуы заңдылық деп қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. -Алматы: Ана тілі, 1991. -279 б.
2. Рақымов Б. Эпостың тілі. 54-б., Ә.Қоңыратбаев және тіл тарихы мәселелері. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. -Алматы, 2005.
3. Қоңыратбаев Ә.Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.9. -Алматы: МерСал, 2004.- 554 бет.
4. Қоңыратбаев Ә.Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.8. -Алматы: МерСал, 2004.- 554 бет.
5. Қоңыратбаев Ә. Керуен: Деректі әңгімелер мен естеліктер / Құраст. Т.Қоңыратбаев. – Алматы: Жалын, 1989. – 216 б.

Ә. ҚОҢЫРАТБАЕВ ЖӘНЕ ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫН ЖҮЙЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Құдайбергенова Күнімжан Тыныштықбекқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның аға оқытушысы, PhD (философия докторы)

Аңдатпа.

Бұл мақалада көрнекті әдебиеттанушы ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың қазақ фольклортануындағы ерекше орны, соның ішінде тұрмыс-салт жырларын ғылыми тұрғыда жүйелеу мәселесіне қосқан үлесі қарастырылады. Ғалым тұрмыс-салт жырларын мазмұны мен функциясына қарай топтастырып, олардың түрлік ерекшеліктерін айқындауға күш салған. Атап айтқанда, той бастар, беташар, жар-жар, жоқтау, сыңсу сияқты жанрларды тарихи-этнографиялық және әдеби-функционалдық тұрғыдан талдаған.

Мақалада ғалымның фольклорлық мәтіндерге сүйеніп жасаған ғылыми тұжырымдары, оның зерттеу әдістері мен фольклортану ғылымына қосқан теориялық үлесі нақты деректермен негізделеді. Сонымен қатар қазіргі фольклортануда Ә. Қоңыратбаев еңбектерінің маңызы мен өзектілігіне де тоқталады.

Тірек сөздер: фольклор, түркітанушы, этнограф, әдебиет тарихы, тұрмыс-салт жырлары, әдет-ғұрып, наным-сенім.

Аннотация.

В данной статье рассматривается особое место выдающегося литературоведа Ауелбека Коныратбаева в казахской фольклористике, в том числе его вклад в научную систематизацию бытовых и обрядовых песен. Ученый классифицировал бытовые и обрядовые песни по их содержанию и функциям, стремясь определить их видовые особенности. В частности, он проанализировал такие жанры, как «той бастар», «беташар», «жар-жар», «жоқтау», «сынсу» с историко-этнографической и литературно-функциональной точек зрения.

В статье научные выводы ученого, основанные на фольклорных текстах, его методы исследования и теоретический вклад в фольклористику обоснованы конкретными данными. Он также обсуждает важность и актуальность работ А. Коныратбаева в современной фольклористике.

Ключевые слова: фольклор, тюрколог, этнограф, история литературы, бытовые и обрядовые песни, обычаи, верования.

Abstract.

This article examines the special place of prominent literary scholar Auelbek Konyratbayev in Kazakh folklore studies, including his contribution to the scientific systematization of household and ritual songs. The scholar classified household and ritual songs according to their content and functions, striving to define their specific types. In particular, he analyzed such genres as "toy bastar," "betashar," "zhar-zhar," "zhoktau," "synsu" from a historical-ethnographic and literary-functional point of view.

In the article, the scholar's scientific conclusions based on folklore texts, his research methods, and theoretical contributions to folklore studies are substantiated with specific data. He also discusses the importance and relevance of A. Konyratbayev's works in modern folklore studies.

Keywords: folklore, Turkologist, ethnographer, literary history, everyday and ritual songs, customs, beliefs

Қай кезеңде халқымыздың әдеби-мәдени мұрасы зерттеушілеріміздің назарында болды. Солардың ең көрнектісі, ғұлама ғалым, түркітанушы, фольклоршы, зерттеуші, сыншы, қаламгер - Әуелбек Қоңыратбаев.

Қазақ халқының бүкіл тұрмыс-тіршілігін, қуанышы мен қайғысын сөзге сыйғызған әдеби бай мұраларды Ә.Қоңыратбаевтың зерттеуі заңды құбылыс. Өйткені, ғалым саналы ғұмырында ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға, зерттеуге ерекше көңіл бөлген. Ғалымның фольклористика саласында жазған ғылыми еңбектерінің бір саласы - тұрмыс-салт жырларына арналған.

Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да көп заманнан бері келе жатқан тұрмыс-тіршілігі, еңбек-кәсібі, әдет-ғұрпы, салты бар. Бұлардың бәрі адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өміріне, экономикалық жағдайларына байланысты туып қалыптасқан және сол негізде дамып отырған. Халқымыз көп ғасыр бойына жасаған тұрмысы, еңбек-кәсібі, әдет-ғұрпы, салты жайында неше түрлі шығармалар шығарған. Бұл шығармалар «тұрмыс-салт жырлары» деп аталады [1, б. 14].

Орыстың ұлы жазушысы М.Горький тұрмыс-салт жырларын халық ауыз әдебиетінен бастау алатынын айта келіп, «халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-күйін, әдет-ғұрпын жақсылап зерттейміз десек, оны дұрыстап түсінеміз десек, ауыз әдебиетін білуге тиістіміз. Бұл жөнінде ауыз әдебиеті бізге өте көп мәлімет береді», - дейді М.Горький [2, б. 14].

Ә.Қоңыратбаев сюжетсіз өлеңдерге қатысты: «Елдің тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпы, түрлі наным-сенімдерге байланысты туған сюжетсіз ұсақ өлеңдерді тұрмыс-салт жырлары дейміз», - деп [3, б. 44] анықтама береді де, содан кейін барып жырларды мазмұны мен тақырыбына қарай былайша бөліп қарастырады. Олар: 1) Бақташылық жырлары, яғни төрт түлік мал туралы жырлар; 2) Діни-әдет ғұрыптар тудырған жырлар (жарапазан, бәдік); 3) Үйлену жырлары (той бастар, жар-жар, сынсу, жұбату, беташар); 4) Ұлыс жырлары, бөбек жырлары; 5) Жаназалау жырлары (естірту, қоштасу, жоқтау) т.б.

Алайда, қазақ фольклористикасында басқа да ғалымдар тұрмыс-салт жырларын зерттеумен айналысқан. Олардың бірі - М.Ғабдуллин. Ол өз кезегінде, тұрмыс-салт жырларын зерттей келе, оны үлкен екі топқа бөледі: 1) Төрт түлік мал, еңбек, кәсіп жайындағы шығармалар; 2) Әдет-ғұрыпқа байланысты туған шығармалар [4, б. 14].

Сол сияқты ғалым Б. Кенжебаев тұрмыс-салт жырларын арнайы бір салт шартын орындау ретінде айтылып қолданылатын өлеңдер» - дей келе, оларды өз кезегінде 4 түрге бөледі: 1) Мал шаруашылығы жайлы өлеңдер; 2) Діни-салт өлеңдер; 3) Үйлену өлеңдері; 4) Мұң-шер өлеңдер.

Осы жіктелестерге қарап отырып, біз Ә.Қоңыратбаевтың төрт түлік малға байланысты туған жырларды «бақташылық жырлары» деп бөлекше атағанын байқаймыз. Оны ғалым былайша түсіндіреді: «Бір кездері жабайы, аңдарды ұстап, үй түлігіне айналдырған шаруаларды халық төрт түлік малдың «пірі» деп ұғынып, солар жайында түрліше, аңыздар тудырып отырған. Сол кезеңнен бастап бақташылық жырлары туса керек», - дейді де, өз ойын: «бұрын жабайы, аңдарға сыйынған халық енді төрт түлік малды құт санап, олардың Шопан ата, Шекшек ата, Жылқышы ата, Ойсыл қара, Зеңгі баба деген иелеріне табынған», - деп жалғастырады. Демек, ғалым бұл атауды көшпелі мал шаруашылығымен, яғни мал бағумен айналысқан халқының тұрмысымен байланысты таңдап алғанға ұқсайды. Ал, діни-әдет ғұрыптарға байланысты туған жырлар жайлы ғалым: «Қазақ фольклорынан көшпелі тайпалардың ежелгі наным-сенімдері басты орын алады.

Оның көріністері - бәдік, жарапазан, алғыс-қарғыс, арбау, бақсылық сарындары», - деп айта келіп, әрі қарай Шоқанның «қазақ арасындағы шаманизм нанымдарының қалдықтары» деген еңбегіне кең көлемде талдау жасайды. Атап айтсақ, зерттеуші шамандық ұғымына, оның негізгі белгілеріне ерекше тоқталады. Сөйтіп, одан әрі бәдік айтысы, жарапазан жырлары жайлы сөз етеді».

Бәдік айтысы туралы Ә.Қоңыратбаев: «бәдік жырларында магия, тотемизм, мифологиялық сарындар бар. Оны дуализм дейді. Дуализмнің арғы тегі жақсылық пен жамандық тартысы түрінде келеді. Бәдікті бір ғана адам кеселі емес, мал емдеуге-де қолданған», - деп тұжырымдайды.

Ал, М.Ғабдуллин болса, діни ұғымдарға байланысты туған шығармаларды сөз еткенде, біз оларды ертеде қараңғылық жағдайда болған адамдардың ой-өрісі, дүниетану дәрежесі қандай болғанын және ол қазақ ауыз әдебиетінде қай түрде суреттелгенін білу жайын көздейміз, - дей келе, оған бәдік, арбау, жалбарыну өлеңдері, бақсы сарыны, жарапазанды жатқызады.

Ә.Қоңыратбаев жарапазанды: «бір кезеңде діни әдет-ғұрыпқа байланысты айтылған өлеңдер», - деп атап, «жарапазан жырларынан ислам дініне байланысты әдет-ғұрып көбірек орын алған. Бақсылық сарынында «тәңірі» сөзі басым болса, жарапазанда «алла», «құдай», «пайғамбар» дейтін сөздер үстем», - дейді. Сондықтан жарапазанды діни әдет-ғұрыпқа байланысты туған жыр деп қабылдайды.

Осылайша Ә. Қоңыратбаев өз тұжырымын нақты мысалдармен дәлелдейді. Ал, М.Ғабдуллин: «бесік жыры, шілдеhana сияқты балаларға арналған жырларды әдет-ғұрыпқа байланысты туған шығармалардың қатарында қарастырса, Ә.Қоңыратбаев «бөбек» жыры, - деп бөлек алып зерттейді. Оған шілдехананы, жаңылтпаш, өтірік өлең, бесік жырын жатқызады.

М.Ғабдуллин: «Қазақ халқының өткендегі тұрмыс-салтына байланысты туған шығармалардың енді бір түрі - адамның көңіл-күйін, қуанышы мен қайғысын, іштей тартқан мұң-шерін, ауыр қазаға душар болғандағы күйініш-күйіктерін білдіруге арналған лирикалық өлең-жырлар. Бұл өлең жырлар арқылы өткендегі адамдар ауыр қаза күйігін серпіп тастауды, оны жеңілдетуді көздеген», - дей келе, әдеп-ғұрыпқа байланысты туған шығармалардың өзін «көңіл-күйін білдіретін шығармалар» [5, б.69], - деп бөлектеп, оған қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтауды жатқызады.

Сол сияқты Ә.Қоңыратбаев: «отбасының тағдырына, жас буынның өсіп жетілуіне байланысты туған жырларды „үйлену жырлары“ деп, олардың өзін жар-жар, сыңсыма, қоштасу, жұбату, беташар, тойбастар деп бөліп қарастырады. Мұндағы бір ерекшелік жаназалау жырларындағы қоштасу мен жұбату мұнда да бар. Бірақ оларға ғалым жаназалау жырларының қатарында арнайы тоқталып өтеді. Яғни, тарихи оқиғаларға, адам қазасына байланысты туып, ел аузында сақталған естірту, көңіл айту, қоштасу, жоқтау сияқты салт жырларын жаназалау жырлары дейміз», [6, б.169] - деп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, өзіндік белгілері мен ерекшеліктерін саралап көрсетіп, халық арасында сақталған, кең тараған кейбір үлгілеріне талдау жасайды.

Мұнда жеке адам, қала берді бүтін бір халықтың көңіл күйлерінің сан алуан толқыны бар. Жерімен, елімен, жарық дүниемен қоштасу өлеңдері ел басына түскен ауыр күндерде туған. Оның өлген адамның тірі күнінде айтқан өсиеті түрінде кездесетін үлгілері-де болады. Халық өмірінің осындай сәттері-де поэзия тілінде өрнектеліп отырған. Мұң-шер өлеңдерінің бірнеше түрлері бар. Оларға қоштасу, естірту, жоқтау өлеңдері жатады. Тұрмыс-салт жырларының бұл арнасын біз мұң-шер өлеңдері деп те атаймыз.

Қазақ әдебиетінде мұң-шер өлеңдері деп аталып жүрген жырларды М.О.Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927) деген еңбегінде сыршылдық салт өлеңдері қатарына жатқызып, оларды ретіне қарай 2 түрге бөледі: 1) Жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдері (наурыз, жарапазан, бата беру өлеңдері, бақсы сарыны); 2) Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдері (жар-жар, сыңсу, беташар, тойбастар).

Бұлай тұрмыс-салт жырларын екіге бөлу үлгісі М. Әуезовке дейін А.Байтұрсыновта кездеседі. Тек А.Байтұрсыновта тұрмыс-салт жыры орнына «сарындама» ұғымы қолданылады да, оны іштей «салт сөзі», «ғұрып сөзі», «қалып сөзі» болып өзгеше бөлген (Әдебиет танытқыш. 1926.) Мәселен, А.Байтұрсынов «салт сөзіне» мақал-мәтелмен қатар,

әдебиет жанрына жататын мысал түрін-де жатқызған. Бұл арада фольклор мен әдебиет жанрларының ара-жігі ажыратылмағаны көрінеді.

Ал, С.Сейфуллин фольклордың ауызекі даму ерекшелігін дұрыс айқындаған. Жалпы С.Сейфуллин фольклорды: эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б. деп жүйелеген. Егер қазақтың тұрмыс-салт жырларын М.Әуезов сыршылдық салт өлеңдері деп қарастырса, С.Сейфуллин салт өлең-жырлар ұғымында алған. Мұндағы қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдеріне М.Әуезов («Әдебиет тарихы», 1927) жар-жар, қоштасу-танысу, беташар үлгілерін жатқызса, С.Сейфуллин зерттеуінде бұлардың қатары, сондай-ақ тойбастар, сыңсыма, жұбату-үгіт, айт келін түрлерімен толықтырады. Ал, дінмен байланысты өлеңдер деп М.Әуезов бақсы сарынын, жарапазанды атаса, С.Сейфуллин бұларды ескілікті дін салтынан туған өлеңдер дей отырып, олардың қатарына, сондай-ақ шақыру, арбау, байлау, күн жайлату, бұлт пен жауын шақыру, бәдік т.с.с. түрлерін жатқызған. Ал, мұндағы фольклордың шақыру, арбау, бәдік түрлері Х. Досмұхамедұлы еңбегінде («Қазақ халық әдебиеті», 1928) ғана кездеседі. С.Сейфуллин еңбегінде фольклордың алғаш рет күн жайлату, бұлт пен жауын шақыру түрлерінің ажыратылуы, сөз жоқ, фольклортану ғылымының жетістігі болып табылады. Сондай-ақ С.Сейфуллин ажыратқан Шопан атаға, Жылқышы атаға, Ойсыл қараға, Зеңгі бабаға, Сексек атаға арналған жануарлар турасындағы жыр үлгілері де - алғаш зерттеушілер назарына ұсынылғаны, сөз жоқ, ХХ ғасырдың 30- жылдарындағы қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі деп ауыз толтырып айтуымызға болды.

Тұрмыс-салт жырларында көне эпостық шығармаларға негіз болған мұң-шер өлеңдері мен саят жырларынан бастап, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты, қуаныш пен сүйініш-күйінішті көрсететін лирикалық ән-өлеңдер-де, тарихи шағын жырлар да кездеседі. Соның ішінде наурыз жырлары, төрт түлік мал туралы өлеңдер ең көне түр болып саналады. Мұндай жырларда ежелгі адамдардың еңбек кәсібі түрлі тотемдік түсініктері, табиғаттың жұмбақ сырына үңіліп, оған табынудан туындаған ұғым-түсініктері сипатталады. Мысалы, «Жылқышы ата» (кейде Қамбар ата деп те айтылады), «Шопан ата», «Зеңгі баба», «Ойсыл қара», «Бозінген», т.б. Төрт түлік мал жайындағы жырлардан тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен байланысты болған шаруа адамының көп заман бойына төрт түліктің иелеріне: «Малымызға ауру, індет жіберме, одан сақтай гөр, малымызды өсімтал ет», - деп, жыр арқылы тіл қатады, әрқайсысына арнайы тілек айтады.

Әрине, төрт түлік жайындағы шығармалардың бәрі бірдей ескі наным, ескі ұғымдарды жырламайды. Олардың көпшілігі төрт түлік малдың адам баласына келтіретін пайдасын, атқаратын қызметін әңгіме етеді.

Түркі халықтарының тұрмыс-салт жырлары тақырып, мазмұн, түр, жанр жағынан ұқсас келеді. Мысалы, нәрестенің дүниеге келуі, үйлену, дүниеден қайту, жаңа жыл салтанаты, еңбек мерекесі, т.б. дәстүрлі салттар түркі халықтарында өлең-жырсыз өтпейді.

Қазақтың тұрмыс-салт жырлары да жеке немесе топтасқан түрде белгілі бір әуенмен орындалады. Ә.Қоңыратбаевтан басқа қазақ зерттеушілері де тұрмыс-салт жырлары терминін түрліше қолданған: салт өлеңдері (Ә.Диваев, Б.Кенжебаев), сарындама (А.Байтұрсынов), сыншылдық салт өлеңдері (М.Әуезов), салт өлең-жырлары (С.Сейфуллин), тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар (М.Ғабдуллин), әдет-ғұрыппен байланысты өлеңдер (Б.Уахатов), т.б. Б.Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» (1974) еңбегінде тұрмыс-салт жырларының көне түркілік дәуірден бергі үлгілері мен жиналу, зерттелу жайы жан-жақты қамтылып, өлеңдер жанрлық тұрғыдан 4 түрге жіктелген. Алайда халықтың тұрмысы мен салты үнемі өсу, жаңару үстінде болғандықтан жырларды жіктеуде өзгеріске ұшырап отырады.

Қорыта айтқанда, Ә.Қоңыратбаевтың тұрмыс-салт жырларына байланысты ғылыми тұжырымдары мен қазақ фольклористика ғылымының дамуына, зерттеуіне қосқан үлесі өте мол.

Ғұлама ғалым Ә.Қоңыратбаев әрбір жырдың шығу тегіне, өзіндік ерекшеліктеріне жіті мән беріп қарап, толымды да тұшымды пікірлер айтты. Десек те, ғалым еңбектерінің зерттелмеген қырлары да жетерлік.

Келешекте ғалым еңбектерін одан әрі тереңірек зерттеп, ғылыми негізде жүйелеу әрі қалай да жалғасын таба береді деп қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Халық ауыз әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1974. -14б.
2. Бұл да сонда. -14 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. -Алматы: Ана тілі, 1991, -44-73бб.
4. Ғабдуллин М. Халық ауыз әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1984.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. -Алматы: Мектеп, 1974.
6. Қоңыратбаев Ә. Шығармалары. - Алматы: МерСал 2004. -Т.1.

СОДЕРЖАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ ПОЛИЛИНГВАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Изтлеуова Жанна Бахытжановна

– старший преподаватель кафедры «Иностранные языки и перевод»,
магистр гуманитарных наук

Түйіндеме

Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығын полилингвальдық (көптілдік) аспектіде оқыту әдістемесінің ұйымдастыру мәселесі қарастырылды

Кілт сөздер: *Көптілдік, көпмәдениеттік, білім алу, мұғалім, бастауыш мектеп, қостілдік*

The article describes some approaches to organizing the process of training future primary school teachers in the aspect of multilingualism.

Keywords: *multilingualism, multiculturalism, study, teacher, primary school, bilingualism.*

В настоящий момент необходимость подготовки учителя начальных классов с уровнем международных компетенций определяется процессами глобализации в аспекте Болонского соглашения. Модернизация педагогического образования в Казахстане как предмет научного исследования позволила вскрыть ее различные аспекты: поиск новых методологических подходов к проектированию педагогического образования (гуманистического, личностно-ориентированного, компетентностного, поликультурного и др. В последние годы казахстанскими исследователями предпринимались попытки анализа полилингвального образования в качестве одного из факторов полной социализации в современном обществе, подробно изучалось влияние полилингвального подхода к обучению языку в современной школе [2.142-143], в целом давалась оценка текущему реальному состоянию соотношения языков в Казахстане [3]. В исследуемой проблематике автором [4] отмечаются особенности поэтапного внедрения трёхязычного образования в вузе Республики Казахстан. Авторы характеризуют проблемы,

связанные с изменением структуры, содержанием и технологий обучения в условиях полиязычного образования, а также предлагают специальную программу поэтапного внедрения и реализации полиязычного обучения в вузе на основе технологии E-learning [2.211].

(В. А. Болотов, А. А. Греков, Б.С. Гершунский, Э. Д. Днепров, В.В. Краевский, Н.Б. Ромаева, и др.); механизмов обеспечения качества подготовки специалистов (научно-методическое обеспечение, тестирование, управление качеством, мониторинг качества, измерители качества и др.)

Методологической основой по проблеме исследования являются научные труды исследователей: Ф.Х.Киргуевой, Л.В.Мосиенко, Г.Х.Хажгалиевой, Е.С. Трунтовой, Г. Р. Тимирбаевой, Ялалова Ф.Г., М. Н. Вольфа, А. А. Ивина, Д. В. Зайцева, Е. Н. Лисанюк, А. В. Болотнова, Л. С. Бондажевской, В. Н. Вагина, О. Л. Моросина, Е.А. Сидоровой, И. Р. Ахмадеевой, А.С. Серого, В. К. Шестакова, Т. Б. Стариннова, Н. А. Мальковской и др. [9-14].

Актуализация полилингвального образования в настоящее время связано, по мнению Л. В. Мосиенко, Г. Х. Хажгалиевой, с возрастанием роли полилингвального образования в мировом пространстве поликультур и полиязычия, предоставляющего возможности для формирования личности, способной к активной жизнедеятельности в многонациональной, поликультурной среде, обладающей развитым чувством понимания и уважения других народов и культур [3.212-216]. Полилингвальное обучение мы понимаем как целенаправленный процесс приобщения к мировой культуре средствами нескольких языков, когда изучаемые языки выступают в качестве способа постижения сферы специальных знаний, усвоения культурно-исторического и социального опыта различных стран и народов.

Необходимость поиска путей решения проблемы подготовки учителя начальных классов на уровне бакалавриата на основе полилингвального подхода и определение на этой основе адекватных моделей обусловили теоретическую и практическую актуальность данного диссертационного исследования [4.269-273]. Современная культурная ситуация решительно требует существенного пересмотра традиционных образовательных парадигм, которые оказались уже сегодня несостоятельными в смысле обеспечения развития любого цивилизованного общества. Казахстан, являясь многонациональным государством, определяет специфику поликультурного образовательного пространства, ориентированного на возрождение интеллектуально-творческого потенциала нации, интеграции личности в международное пространство (И.В. Абакумова, Е.В. Бондаревская, А.П. Валицкая, Т.И. Власова, В.В. Сериков, В.Т. Фоменко, И.С. Якиманская и др.) [5.75-79].

Культурологический подход утверждает новые универсалии – духовный, раскрывающий человека-творца, систему его жизненных идеалов; гуманистический, утверждающий человеческую сущность; коммуникативный, требующий познания себя и другого; деятельностный, создающий условия для самореализации. Исходя из вышесказанного, актуализируется вопрос о модернизации образовательного пространства высшей школы как среды подготовки нового типа учителя начальных классов, обладающего современными духовно нравственными и коммуникативными способностями, позволяющими ему стать мобильным в условиях современного рынка образовательных услуг [6.424]. В условиях модернизации образования в контексте поликультурного образовательного пространства возникает необходимость развития новых компетенций будущих учителей начальных классов, обусловленных созданием высококачественной информационной среды, активизирующей студентов к освоению новых средств коммуникаций: способов коммуникаций, языковой культуры, представлений о логике построения, структуре информационных массивов,

фундаментальных навыков работы с текстами и др. Анализ теории и практики подготовки учителя начальных классов выявил ряд противоречий, которые могут быть разрешены переходом на многоуровневую систему их подготовки: несоответствие профессиональных компетентностей современного учителя начальных классов требованиям модернизации начального образования; затруднения в переходе от нормативно-исполнительской к проектировочной, инновационной, исследовательской деятельности; увеличение объема функциональных обязанностей учителя, снижение качества его педагогической деятельности; неготовность современного учителя к достижению высокого качества образования, обусловленная стереотипами педагогической деятельности; ориентированность преподавателей вуза на предметную подготовку, а не на специфическую деятельность учителя начальных классов в школах различного типа. В контексте модернизации высшей и начальной школы приоритетными направлениями в подготовке современного учителя начальных классов на уровне бакалавриата могут выступить: создание целостной многоуровневой системы подготовки учителя начальных классов на новых идеях современного образования, развивающегося в контексте требований Болонского соглашения; проектирование новой модели образовательного стандарта и образовательной программы бакалавриата по профилю «Начальное образование» на основе компетентностного подхода; разработка компетенций учителя начальных классов, содержащих языковой, профессиональный, коммуникативно-информационный модули, соответствующие современным типам школ и запросам на образование учащихся; интеграция в подготовку бакалавров по профилю «Начальное образование» современных технологий (информационных, теле коммуникативных, языковых, проективных, психолого-педагогического сопровождения и т.п.), изменяющих учебную среду личностного и профессионального развития студентов; воспитание толерантной личности учителя начальных классов, способного уважать достоинства каждого учащегося. Анализ исследований и опыта подготовки учителя начальных классов в различных вузах Казахстана показал, что проблема подготовки бакалавров по профилю «Начальное образование» в системе многоуровневого образования остается актуальной и мало разработанной. Моделирование содержания педагогического образования на основе компетентностного подхода требует отбора педагогических компетенций, отражающих множество субъектных отношений в учебно-воспитательном процессе начальной школы, педагогических закономерностей, управление которыми обеспечивает качество подготовки младших школьников. Само же содержание направлено на формирование отношения к ценностям общечеловеческой и национальной культуры, развитие потребности их познавать и проектировать личную и профессиональную жизнь в границах этих ценностей (при этом сохраняя лучшие традиции казахстанского образования с его ценностями: личность, деятельность, фундаментальность и др.), культурно-исторический опыт народов республик, для которых готовится учитель начальных классов. Все это позволяет открыть новые возможности в познании мирового опыта, раскрывающие горизонты познания новых технологий, культур и обеспечивающие учителю мобильность и гибкость на рынке образовательных услуг. Культурологический подход к модернизации образования усиливает гуманистический контекст подготовки учителя начальных классов, определяет культурологические основания полилингвальной среды и развития личности в ней. Исходя из этого, высшая школа призвана готовить учителя начальных классов нового типа, способного взаимодействовать с культурой, осваивать ее, выступать носителем ценностей и образцов поведения определенной культуры, создавать новую культуру общения в профессиональной среде и в системе отношений «учитель-учащийся».

Таким образом, современные исследования проблем подготовки учителя начальных классов позволяют раскрыть сложившиеся концепции развития педагогического образования - деятельностный подход, обеспечивающий формирование средств самоопределения; личностно-ориентированный, изменивший отношение к системе образования и поставивший прежде всего интересы учащегося; гуманистический, ориентирующий содержание образования и технологии обучения на развитие и воспитание личности. Обращенность образования к культуре наполнило его человеческим смыслом и ценностями (человек, культура, творчество, развитие, индивидуальность, сообщество и др.), которые составили содержание педагогического образования, позволили выработать новые требования к подготовке учителя начальных классов, способного интегрироваться в любое социо-культурное и образовательное пространство. Развитие системы педагогического образования должно выступить в качестве гаранта сохранения жизнеспособности всей образовательной системы и личности как заказчика качественных образовательных услуг, изменяющихся с учетом запросов региона. Интеграция культур создает особое поликультурное и полилингвальное образовательное пространство, выступающее активной средой развития личности и характеристикой нового времени, когда возрастает влияние культуры на образование [7.39-45.]. В полилингвальной образовательной среде диалог приобретает особый смысл и выступает побудительной силой к разрыванию широкого общения на уровне личностей, социальных групп и культур. В основу республиканской Концепции национального образования положен принцип полилингвальности, реализуемый через использование казахского, русского, иностранного языков не только в качестве изучаемых предметов, но и языков обучения. Мы рассматриваем модель полилингвального образования посредством стратегического подхода к развитию национально-образовательной системы, приводящего к созданию соответствующих культурно-социальных и педагогических условий для подготовки конкурентоспособной и коммуникативной личности. Основная проблема, стоящая перед высшей школой, реализующей идею полилингвального образования, связана с поиском более эффективных способов организации учебно-воспитательного процесса на основе дифференциации, индивидуализации, включения механизмов личностного развития и воспитания толерантной личности (Е.В. Бондаревская, СБ. Еремин, З.Н. Зангиева, Т.Т. Камболов, И.Ю. Кокаева, Л.А. Кучиева, СП Ларченко, Л.В. Щерба). Программы подготовки будущих учителей начальных классов основывается на принципах логичности и интеграции исследовательской, учебной, проективной, практико-ориентированной деятельности, отвечающих современному состоянию сегодняшней начальной школы и процессам модернизации системы образования в Казахстане в целом, и регионе, в частности. [8.131-136] Эксперимент показал, что эффективными условиями, обеспечивающими качество подготовки учителя начальных классов в контексте полилингвального подходов, явились: наличие целостной концепции и программы модернизации системы подготовки учителя начальных классов в современных реалиях социокультурной и образовательной среды региона; осуществление интеграции языковой, ценностно-смысловой, психолого-педагогической, полилингвальной составляющих в содержании педагогического образования; мониторинг образовательного маршрута студентов на различных уровнях образования; разработка механизма стимулирования потребностей студентов в получении достаточно высокого уровня качества образования; активное внедрение информационно-коммуникативных и проектных технологий в подготовку современного учителя начальных классов; реструктуризация форм организации учебного процесса в педагогическом институте, направленная на усиление доли

самостоятельной работы студентов [9.322-326.]. Анализ выполнения заданий позволил обнаружить положительную динамику проявления творчества студентов. Следует отметить, что развитие профессионального творчества является весьма сложной задачей при подготовке будущего учителя начальных классов: большинство студентов находятся на среднем уровне проявления творчества; представляют продукт своей деятельности как модернизацию имеющегося опыта или уже проведенных работ; затрудняются в обосновании необходимости создания оригинального продукта, нового метода в обучении или воспитании. Эти же студенты проявляют высокую активность в коммуникациях по проблемным вопросам начального образования. Данный факт можно считать предпосылкой для развития в будущем у них творческой деятельности. Как показало исследование, полилингвальная образовательная среда вуза и начальной школы в процессе педагогической практики усиливает потребности студентов в самопрезентации среди представителей других национальностей и культур. Эффективность самостоятельной деятельности обеспечивалась наличием у студентов разнообразных компетенций и способностей активно включать мыслительные действия, способы контроля, самоконтроля, самооценки и рефлексии. При этом у студентов формировались способности к самоконтролю как способу учения, самостоятельному принятию решений в сложной ситуации жизненного выбора. Кроме того, самостоятельная работа активизировала волевую готовность студентов к самообразованию. Констатирующий этап педагогического исследования позволил определить показатели их самодиагностики, доказывающие позитивную динамику становления у них педагогических компетенций. На основании результатов экзаменационных сессий, промежуточных аттестаций и тестовых заданий, выполненных студентами в ходе контрольного эксперимента, удалось зафиксировать позитивную устойчивую динамику не только в уровнях освоения разработанных и апробированных нами компетенций, которыми должен овладеть будущий учитель начальных классов, работающий в условиях полилингвальной образовательной среды, но и качественной успеваемости студентов, участвовавших в эксперименте. В заключении обобщаются результаты исследования, излагаются основные выводы:

1. Систематизированы проблемы полилингвального образования. Анализ современного состояния различных направлений развития высшего педагогического образования с учетом международных требований Болонского соглашения выявил ряд противоречий между потребностью в специалистах, способных осуществлять профессиональную деятельность на международном уровне и фактическим отсутствием таких педагогов. Выявлена динамика и специфика подготовки учителей начальных классов.

2. Как показало наше исследование, наиболее эффективна концептуальная идея компетентного подхода, состоящая в разработке ключевых компетенций, вбирающих в себя профессиональные, личностные, социальные, гуманитарные сферы, позволяющие выпускнику высшей школы решать множество практических, исследовательских и личностных проблем в условиях полилингвального и поликультурного образования. В ходе исследования компетентный подход дополнен идеями: квалификационными характеристиками профессиональной компетентности учителя начальных классов на уровне бакалавриата в аспекте полилингвального подхода; критериями и показателями профессиональных, информационно-коммуникативных и языковых компетенций.

3. Современное общество представляет собой поликультурную среду жизнедеятельности, что диктует необходимость проектирования поликультурного образовательного пространства высшей школы как среды подготовки будущего

учителя начальных классов с новой научной и культурной картиной мира, способного работать в поликультурном сообществе, проявляющего толерантное отношение к детям и родителям, принадлежащим к различным этносам, вероисповеданию. Педагогическая теория дополнена идеями поликультурного образования в высшей школе: изложены теоретические положения о полилингвальном образовании учителя начальных классов на уровне бакалавриата; расширены понятия «полилингвальное образование учителя начальных классов», «языковые компетенции учителя начальных классов», «педагогические компетенции учителя начальных классов», «информационно-коммуникативные компетенции»; впервые разработана модель подготовки бакалавров профиля «Начальное образование» на основе полилингвального подхода.

4. В работе осуществлена концептуализация понятий, что позволило пополнить теоретические положения педагогической науки: «полилингвальное образование учителя начальных классов» как система, интегрирующая языковые, национально-культурные ценности и идеалы воспитания личности, обеспечивающая возможности для освоения равноправных, толерантных способов жизнедеятельности и гуманной модели жизни; «языковые компетенции учителя начальных классов» как речевые способности в области говорения, аудирования, чтения и письма, коммуникаций в полилингвальной образовательной среде; «педагогические компетенции учителя начальных классов» как профессиональные способности в понимании целевых установок урока, определении ценностно-смысловой канвы текста, проектировании и управлении системой отношений в учебной деятельности; «информационно-коммуникативные компетенции» как способность самостоятельно работать в открытом информационно-коммуникативном пространстве, находить и использовать вербальные и невербальные средства коммуникации в полилингвальном образовательном пространстве для обеспечения качества образования младших школьников.

5. В исследовании разработаны базовый и вариативный составляющие содержания высшего педагогического образования бакалавра по профилю «Начальное образование» на основе компетентностного и полилингвального подходов: образовательная программа, учебный план, пакет рабочих программ ряда учебных курсов; контрольно-диагностический инструментарий; контрольно-тестовые задания для самостоятельной работы студентов, педагогической практики.

6. На теоретико-методической основе компетентностного и полилингвального подходов к подготовке бакалавров по профилю «Начальное образование» разработана авторская модель учителя начальных классов, построенная на принципах оптимизации, непрерывности, конструктивности, психофизической безопасности, полилингвизма и регионализации. Структурными составляющими данной модели выступают цели – создание образовательной среды вуза, обеспечивающей подготовку учителя нового типа, способного оказать существенное влияние на инновационное развитие республики в сфере образования, создание толерантного сообщества в поликультурном образовательном пространстве республики, проявление способности быть конкурентоспособным и мобильным на рынке знаний и технологий; содержание, представляющее ценности поликультурной образовательной среды, компетенции, способы профессиональной деятельности и др.; технологии подготовки бакалавров в педагогическом вузе (информационно-коммуникативные, проектные и др.) [11.13].

7. Целенаправленное формирование компетентности обеспечивалось разработанными технологиями, обуславливающими подготовку учителя начальных классов на основе современных международных требований к компетенциям выпускника

полилингвальной вуза: СУУД – «Ситуация-ученик-учитель-диалог» в виде электронного решебника; ПИТ – «Познание-интерпретация-творчество», обеспечивающая развитие профессионально-педагогических и информационно-коммуникативных компетенций; технология кейсов (учебных и практико-педагогически ориентированных) как метод анализа ситуаций, позволяющих понять и осмыслить педагогическую ситуацию и найти оптимальный способ ее решения; технология «Синтез текстов», позволяющая студентам осваивать казахский и русский языки на лучших литературных образцах [10.268-272].

8. Научно-методическое обеспечение учебно-воспитательного процесса в педагогическом вузе на основе компетентного и полилингвального подходов обеспечило перенос учебной информации на электронные носители, позволило студентам осуществлять правильность выбора педагогических решений, способствовало развитию у них критичности, создало условия для интеграции педагогических, языковых и информационно-коммуникативных компетенций [12.320-321].

9. Инновационность представленных и апробированных в исследовании технологий способствовала развитию у студентов компетенций, позволяющих им успешно работать в полилингвальном образовательном пространстве; развила у них чувство самостоятельности при выполнении учебных заданий; сформировала опыт их толерантного взаимоотношения с учениками; активизировала потребность в коммуникациях, самообразовании и научно-исследовательском творчестве. Перспективные направления исследования состоят в осуществлении сравнительного анализа развития образовательного пространства вуза в условиях становления компетентностной модели подготовки учителя начальных классов в условиях многоуровневого образования с учетом Болонского процесса [13.14]. Дальнейшим возможным направлением исследования может стать совершенствование рассмотренных технологий развития педагогических компетенций будущего учителя начальных классов за счет модернизации электронных методических пособий на основе полилингвального подхода.

Список использованной литературы

1.Баяндина З.К., Нурмагамбетова Ж.С. Полилингвальное обучение в качестве одного из факторов полной социализации в современном обществе. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований.–2014. – № 8-4. – С. 142-143

2.Болонский процесс: Поиск общности европейских систем высшего образования (Проект TUNING) Текст. /Под научн ред. проф. В. И.Байденко. — М: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов.-2006.-211 с.

3.Хажгалиева Г. Х. Полилингвальная культура как предмет педагогического исследования.Филологическиенауки.Вопросытеорииипрактики.2018.№5-1 (83).–С.212-216.

4.Жетписбаева Б. А. Педагогические индикаторы полиязычного образования. Сибирский педагогический журнал. - 2008. - №13. – С. 269-273

5.Рягин С. Н., Исмагамбетова Л. Ш. Особенности внедрения полиязычного образования в Республике Казахстан // Наука о человеке: гуманитарные исследования. - 2017. - №2 (28). – С. 75-79

6.Киргуева Ф. Х. Подготовка учителя начальных классов в системе многоуровневого образования на основе компетентного и полилингвального подходов: диссер д . п. н. : 13.00.08.- Владикавказ, 2010.- 425 с.

7.Мосиенко Л., Хажгалиева Г. Ценностные основания самоопределения студентов

в полилингвальном образовании. Вестник ОГУ. - 2016. - №2 (190). – С.39-45.

8.Трунтова Е. Социологический анализ и перспективы полилингвального образования менеджеров. Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 1: Регионоведение: философия, история, социология, юриспруденция, политология, культурология. - 2010. - №3. – С. 131-136.

9.Хажгалиева Г. Х. Организация полилингвального образовательного пространства вуза. Проблемы современного педагогического образования. - 2018. - №61(1). – С.322-326.

10.Тимирбаева Г. Р. Полилингвизм как принцип подготовки переводчиков в сфере профессиональной коммуникации в полилингвальном обществе. Вестник Казанского технологического университета. - 2007. - №3(4). – С.268-272.

11.Киргуева Ф. Х. Подготовка учителя начальных классов в системе многоуровневого образования на основе компетентностного и полилингвального подходов: диссер. ... д. п. н.: 13.00.08.- Владикавказ, 2010.- С. 45

12.Хажгалиева Г. Х. Организация полилингвального образовательного пространства вуза. Проблемы современного педагогического образования. - 2018. - №61(1). – С.324.

13.Иксанова Р.М., Киреева З.Р., Хабибуллина З.А., Абдюшева С.А. Опыт внедрения полилингвальной модели поликультурного образования в субъектах Северо-Кавказского федерального округа //Современные проблемы науки образования. – 2021.423.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ

Қазбай Парасат Абдулрашидқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторанты

Аңдатпа

Халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу – ұлттың рухани мұрасын сақтап, жас ұрпаққа тәрбие берудің ең тиімді жолдарының бірі. Негізгі ұлттық құндылықтар және ауыз әдебиетіндегі көрінісі: Отансүйгіштік, ел қорғау – батырлар жыры («Алпамыс», «Қобыланды») арқылы ерлікке, елді қорғауға тәрбиелейді. Үлкенді сыйлау, әдептілік – мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер арқылы адамгершілікке баулиды. Бірлік, ынтымақ – ертегілер мен аңыздарда халықтың ауызбіршілігі дәріптеледі. Еңбекқорлық, адалдық – ертегілердегі кейіпкерлер арқылы еңбек пен шыншылдықтың қадірі түсіндіріледі. Тіл мен дәстүрді сақтау – жыр, айтыс, шешендік сөздер қазақ тілінің байлығын танытады. Имандылық, ар-намыс – терме, толғауларда ар, ұят, намыс ұғымдары насихатталады.

Жалпы алғанда, Халық ауыз әдебиеті – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі. Ол жас ұрпақтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, ұлттық рухты күшейтеді.

Кілт сөздер: ауыз әдебиеті, батырлар жыры, құндылық, тәрбие, салт-дәстүр.

Аннотация

Прославление национальных ценностей через устное народное творчество – один из самых эффективных способов сохранить духовное наследие народа и воспитать молодое поколение.

Основные национальные ценности и их отражение в устном творчестве:

Патриотизм, защита Родины – через героические эпосы («Алпамыс», «Кобланды») воспитывается мужество и готовность защищать страну.

Уважение к старшим, воспитанность – пословицы и поговорки учат нравственности и правильному поведению.

Единство, согласие – в сказках и легендах прославляется сплочённость народа. Трудолюбие, честность – через образы героев сказок объясняется ценность труда и правдивости. Сохранение языка и традиций – песни, айтыс и ораторские слова раскрывают богатство казахского языка.

Духовность, честь и достоинство – в терме и толғау пропагандируются понятия совести, стыда и чести.

Устное народное творчество – источник национального воспитания. Оно помогает молодому поколению сохранять язык, культуру и традиции, укрепляя национальный дух.

Ключевые слова: устное народное творчество, героический эпос, ценность, обычаи и традиции.

Abstract

Promoting national values through oral folk literature is one of the most effective ways to preserve a nation's spiritual heritage and educate the younger generation.

Main national values and how they are reflected in oral literature:

Patriotism and defending the homeland – heroic epics (such as “Alpamys” and “Koblandy”) teach bravery and love for the country.

Respect for elders and good manners – proverbs and sayings encourage moral behavior and politeness. Unity and harmony – fairy tales and legends highlight the importance of solidarity among people.

Hard work and honesty – characters in folk tales show the value of labor and truthfulness. Preserving language and traditions – songs, aitys (poetic contests), and wise speeches demonstrate the richness of the Kazakh language.

Spirituality, honor, and dignity – terme and tolgau promote conscience, modesty, and honor. Oral folk literature is a valuable source of national education. It helps younger generations preserve their language, culture, and traditions, strengthening national identity.

Keywords: oral folk literature, oral folklore, heroic epic / epic poems, value, upbringing education, customs and traditions

Фольклорлық шығармаларды ұлттық мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі ретінде қарастырып, оларды орта мектеп жағдайында оқытудың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту әдістерін талдау мен саралаудың тиімділігі айқындалады.

Білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер, жаңартылған оқу бағдарламалары мен ғылыми-техникалық үдерістің қарқынды дамуы әдебиет пәнін оқытатын мұғалім мен оқушының алдына жаңа әрі күрделі талаптар қояды. Сонымен қатар оқушыға сапалы білім берумен бірге, оларды шығармашылық әрекетке баулу, өз ойын еркін әрі дәл жеткізе білуге үйрету, мақсат қоя алу қабілетін дамыту, сонымен қатар өнегелі тәрбие беру де аса маңызды болып табылады. Осы тұрғыда оқушыны ерлікке, батырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін фольклорлық шығармалардың рөлі ерекше мәнге ие. Қазіргі жаһандану кезеңінде білім мен ғылым бәсекесіне ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгерту арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің қайнар көзі – фольклор. Онда ел тарихы, азаматтық борыш, туған жерге деген сүйіспеншілік, жауға қарсы қайсарлық, халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, наным-сенімі, дүниетанымы, ділі мен дінінде көрініс тапқан.

Ұлттық құндылықтарды білім берудің даму тенденцияларымен байланыстыру, оларды жаңа технологиялармен ұштастыру фольклорлық шығармаларды оқытудың дәстүрлі жүйесін жаңа бағыттармен, заманауи әдіс-тәсілдермен нақтылауды талап етеді.

2007 жылғы шілде айында қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабында: «Ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби тұрғыда жетілдіруге бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – [1] деп білім беру жүйесінің басты міндеттері нақты көрсетілген.

Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін халқымыздың тұрмыс-тіршілігі бай ауыз әдебиетінде сақталып, ұлттық құндылықтар кеңінен көрініс тапқан. Халықтың мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, нақыл өсиет-сөздері, жұмбақтары мен жаңылтпаштары, ертегілері мен аңыздары, айтыстары, тұрмыс-салт жырлары мен эпостық жырларында ұлттық құндылықтар кең өрісті әрі көркем түрде бейнеленіп, тұлға қалыптастыруда айрықша рөл атқарады.

Орта мектептерде халық ауыз әдебиетін оқыту үдерісінде ұлттық құндылықтарды танытуға да мол мүмкіндіктер бар. Мәселен, тұрмыс-салт жырларын меңгеру барысында оқушы табиғатты сүю, төрт түлік малдың қасиеті мен пайдасы, халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, наным-сенімі туралы жан-жақты мәлімет алады.

Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтары оқушының ой-өрісін дамытып, сөйлеу мәдениетін, шешендік қабілетін жетілдіреді. Ғалым М.Ғабдуллин: «Халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен салты, дүниетанымы, шаруашылығы мен мұңы, ақыл-өсиеті, үйретуі мен үкімі, қысқасы, халық өмірінің барлық қырлары мақал-мәтелдердің басты тақырыбы болып табылады», – [2, б. 80] деп атап көрсетеді.

Мәселен, «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Бірлік болмай тірлік болмас», «Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ», «Ырыс алды – ынтымақ» деген мақалдарда бүкіл қоғамның, ел-жұрттың, отбасының ұйымшылдығы мен татулығы бейнеленген. Бұл мақалдар арқылы оқушының ой-өрісі кеңейіп, бірлік пен ынтымақ туралы түсінігі қалыптасады. Осылайша халық қоғамдағы барлық рухани құндылықтарды жасаушы, салт-дәстүр мен тұрмыс-тіршілікті қалыптастырушы күш ретінде танылады.

Сондай-ақ Сыр өңірінің сүлейлері өз шығармаларында ұлттық кодты, отансүйгіштік рухты басты идея етіп көтерген. Мысалы, Сыр сүлейі Дүр Оңғардың өлеңдері мен толғауларында елін сүю, ұлттық құндылықтарды сақтауға үндеу басым. Атап айтқанда:

– «Алдыңнан шығып жүрмесін,
жақсылық жаман еткенің»;

– «Атадан алтау тусаң да, бір басыңа жетерлік»;

– «Жақсының жанабында болған кісі –
Тарығып, тартып жүдеу кемтар болмас.

Жамандар көкірегін көтергенмен,
Теңеліп жақсыларға ол пар болмас», –
деген нақыл сөздері елжанды, отансүйгіш ұрпақ қалыптастыруға ықпал ететіні анық [3, 53-б].

Қазіргі таңда орта мектептерде жаңа оқу бағдарламалары енгізіліп, оқытылатын шығармалар жүйелі түрде іріктелуде. Қандай бағдарлама қабылданса да, негізгі мақсат – оқушыларға әдеби білім берудің сапасын арттыру. Осыған сәйкес «Қазақ әдебиеті» пәнінің міндеттері ретінде оқушыларға төл әдебиеттің ұлттық сипатын, жанрлық және стильдік ерекшеліктерін, көркем шығарманың идеялық әрі адамгершілік мәнін түсіндіру, мазмұн мен форма тұтастығын, тарихи-әдеби деректер мен әдебиет теориясының негіздерін меңгерту, ауызша және жазбаша тілін дамыту мәселелері алдыңғы қатарға қойылады [4].

Бұл зерттеу жұмысында бағдарламада ұсынылған фольклорлық шығармаларға назар аударылады.

Фольклорлық шығармалар арқылы болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарды танытып, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді меңгертуге болады. Осы ойды М.Әуезовтің: «Қытайлықтар Ұлы Қытай қорғанымен, италиялықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтары мен бай тілімен мақтанады», – деген пікірі нақтылай түседі [5, б. 63]. Бұл пікір ұлттық құндылықтар мен бай тілдің бастауы фольклорда жатқанын дәлелдейді.

Халқымыздың аса бай ауыз әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың ашылып көрсетілуі оқушының дүниетанымын қалыптастырып, ұлттық рухының оянуына жол ашады.

Негізгі ережелер

1. Фольклорлық шығармаларды оқу мақсаты мен міндеттері

- Оқушыларға ұлттық құндылықтарды таныту және оларды өмірге қолдана білуге үйрету.
- Халық ауыз әдебиетінің түрлерін (ертегі, аңыз, жыр, мақал-мәтел, жұмбақ) дұрыс талдау қабілетін дамыту.
- Сөйлеу мәдениетін, шығармашылық ойлау және шешендік қабілетін жетілдіру.

2. Оқыту принциптері

- **Ұлттық бағыттылық:** Оқыту барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тарихи оқиғалары мен тұрмысын ескеру.
- **Құндылыққа бағдарлау:** Шығармалар арқылы оқушының адамгершілік, патриоттық, әлеуметтік және эстетикалық құндылықтарын қалыптастыру.
- **Жеке және топтық жұмыс үйлесімі:** Жеке тапсырмалармен қатар топтық талқылау, пікір алмасу және шығармашылық жаттығуларды қолдану.

3. Оқыту әдістері

- **Сұрақ-жауап әдісі:** Оқушылардың мәтінді түсіну және талдау қабілетін арттыру.
- **Талдау және салыстыру әдісі:** Фольклорлық шығармаларды жанрлық ерекшеліктеріне қарай салыстырып, идеялық мәнін ашу.
- **Шығармашылық тапсырмалар:** Мәтінді өз сөзімен қайта айтып беру, ертегі немесе мақал бойынша сурет салу, драматизация жасау.
- **Интерактивті әдістер:** Дебат, рөлдік ойындар, топтық жобалар арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру.

4. Бағалау критерийлері

- Оқушы мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінеді және қысқаша айтып бере алады.
- Ұлттық құндылықтарды талдай біледі және өз ойымен байланыстыра алады.
- Сөйлеу мәдениетін сақтап, ой-өрісін көркем жеткізеді.
- Шығармашылық тапсырмаларды орындауда белсенділік көрсетеді.

5. Ұйымдастыру ерекшеліктері

- Сабақ барысында әр түрлі материалдарды қолдану: мәтіндік, бейнематериалдар, иллюстрациялар, аудио-сызбалар.
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін ойын элементтерін, жарыстар мен байқауларды енгізу.
- Қажет болған жағдайда онлайн ресурстар мен цифрлық платформаларды пайдалану.

6. Сабақты қорытындылау ережелері

- Сабақ соңында негізгі идеяларды қайталау және талқылау.
- Оқушылардан алған білімін қысқаша эссе немесе шағын шығарма арқылы көрсету.
- Мақсатқа жеткенін тексеру үшін бағалау критерийлеріне сәйкес кері байланыс беру.

Қазіргі кезде дәстүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, жаңа технологиялар: дамыта оқыту, модульдік технология, деңгейлеп оқыту, компьютер арқылы меңгерту, жоспарлау технологиясы, проблемалап оқытуды пайдаланып жүрміз.

Біздің зерттеу нысанымыз 5-сыныпта ертегілерді оқыту барысында **проблемалап** оқытудың тиімді жолдары болып отыр. Ертегілерді оқыту барысында дидактикалық ойларды ашу көзделеді. Ол үшін мұғалім белгілі мақсат қояды. Оқушы сол мақсатқа сай болжам жасайды. Оқушы жіберген қателерін түзетіп, тапсырманы орындайды, толықтырып отырады.

«Проблема» грек сөзі «қиындық», «кедергі» деген ұғымды білдіреді [9].

Проблемалап оқыту барысында кез-келген сұрақ проблема бола бермейді. Оқытушы баланың танымын, қабілетін дамыту үшін ізденушілік ситуация тудыратын сұрақ арқылы ойландырады. Мысалы, 5-сыныпта «Керкұла атты Кендебай» ертегісін оқытуда оқушының танымдық қабілетін дамыту үшін

Тапсырма үлгісі

Мұғалім ертегіден эпизод оқиды, сұрақтар қояды.

1. Ертегі қандай сөздермен басталды?
2. Кендебай дүниеге қалай келді?
3. Кендебай Керкұла құлынға қалай ие болды?

Оқушыларға қойылған сұрақтар проблемалық сипатта іздендіру әдісінің элементтерінен құрылады. Оқушылардың ойлау белсенділікті артады, білімді өз ынтасымен алуға ұмтылады.

Ықтимал жауап:

1-білім алушы: Халық ертегіні ерте-ерте-ертеде деп бастаған, себебі тыңдаушысын әрі қарай еліктіре түскен.

2- білім алушы: Кендебай Мергенбай батырдың баласы, ол әкесін іздеп сапарға шығады. Керкұла - ең алдымен Кендебайдың досы. Халық мақалында: «Жүйрік ат - бірде ат, бірде - канат», - деген.

Оқытудың проблемалық ситуацияға құрылуы білім алушының ойлау қабілетін арттырады. Оқыту үдерісінде проблемалық әдісті әр түрлі салада қолдануға болады. Ертегіні оқытуда тәлім-тәрбиелік ғибраттары тұнып тұрған үлгі-өнегеге, танымдық мәнге зор. Қазақ ертегілерінде кейіпкерлер бойынан ұлтжандылық, адамды сүю, асыл қасиеттерін насихаттау, ұлттық рухты көтеру байқалады.

Тапсырма:

«Керкұла атты Кендебай» ертегісінде халық шешімі, кейіпкер сезімі, іс-әрекеті қалай берілген? Халықтың ертегі соңындағы шешіміне қосыласың ба? – деп, проблемалап оқытудың кейбір үлгілерін ұсынып кетейік.

Үлгі

	<i>Ертегі арқылы халық нені айтпақ болған?</i>	<i>Өзіңе Кендебай ұнай ма? Кендебайға ұқсағың келе ме?</i>	<i>Ой-тұжырым Проблеманы шешу</i>
1	Ертегі арқылы халық үшін туған батырдың ерлігін айтпақ болған.	Ертегіні оқып отырып Кендебайдың бейнесі қатты ұнады.	Кендебайдың өмірге құштарлығы, батырдың қиыншылықты жеңуі тіршілік ұлағаты ойландырды.
2	Кендебайды хан балаларымен салыстырады, ол батырлығы адамгершілігімен артық.	Ел үшін қызмет етуге дайынмын. Кендебайдың ерлік істері бізге үлгі.	Мейірімді, адал, халқына қызмет етуі ой салды.
3	Кендебайды халық өте мейірімді деп білген.	«Ер болсаң, елің үшін ет қызмет», - дегендей романтикалық тұлға болып танылған.	«Менің ойымша, халық бұл ертегіде адамгершілік, адалдық, ерлік ұстанымдар ұсынған».
4	Бұл ұлттық құндылық екенін білуіміз керек.	Кендебай бейнесі маған қатты әсер қалдырды. Ғибрат алып, тәлімдік ой түйдік.	Үлгі-ғибрат беріп ұлттық құндылықтардың ұлағатын үлгі еткен.

Бүгінде жеке адамды қалыптастырып дамыту, оған жан-жақты зерделі білім беруде, проблемалап оқытуда мұғалімге жауапты міндеттер жүктеледі.

Ең бастысы мұғалім сабақты білімділікке құруда тиімді әдісті таңдай білуі керек.

Жоғарыдағы кестені толтырып, шағын ой-толғам жасаған оқушылар, ертегі туралы білетіндерін проблема арқылы айқындап, шешуге кірісті. Ізденіс, зерттеушілік, шығармашылық ойлаумен болжам жасады. Дерек, дәйектеме келтіре отырып, қорытынды жасап, проблемаға болжам жасайды, ұлттық құндылықты таниды.

Сабақты пысықтауда оқушы өз бетімен ізденіп, проблеманы танып, зерттеуге ұмтылады.

Жұптық жұмыстарда ойларын еркін айтып шығады да, проблеманы өзі шешеді, жігерленеді. Қандай ситуация болса да себебін ашуға ұмтылады. Мысалы, «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебай бойындағы жақсы қасиеттерді оқушы ізденіп ойлануға жетелейтін проблемалық сұрақ туындайды.

Тапсырма үлгісі

Сабақты төрт кезеңге бөліп өткізу тиімді.

1. Қызығушылықты ояту – Оқушылар бұрын білетін ертегілерін жаңа біліммен ұштастырады. Ой қозғау, білетіндерін еске түсіреді. «Аяз би» ертегісіндегі жаман, «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегісіндегі кейіпкерлерді айтып, білім жайында ақпарат жинайды.

2. Мағынаны тану. Ертегіні өтер алдында оқушылар «білемін», «мен үшін түсініксіз», «мен үшін жаңа ақпарат», «мені таңқалдырды» белгісімен жұмыс жасайды. Мысалы, «Керкұла атты Кендебай» ертегісін өтерде оқушылар бұрын ертегімен таныс емес екенін, жаңа ақпарат деп ұғады.

3. Ой-толғаныс. Ертегі сюжетін толық оқыған соң оқушылар өз ойларын айтып, бір-бірімен ой бөліседі.

4. Рефлексия. Білім алушылар мұғалімнің проблемалық ситуацияға құрған сұрақтарына жауап береді.

Мұғалім тиімді әдістерді таңдайды. Тұжырым кестесі, ойлар шеңбері, әдебиет лотосы т.б.

Ертегіні талдау мәтін соңындағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Топтық жұмыс беріледі, оқушылар бірін-бірі қайталамауы керек. Сұрақ: Кендебай бойында үлгі боларлық қандай қасиеттер бар?

Үлгі:

Тірек ой:

I Іс-әрекеті	II Ішкі сезімі	III Ұлттық мінез	IV Ұлттық рух
1. адалдық	2. Жанашырлық	3. Ақылдылық	4. Кішіпейілділік
-	-	-	-
-	-	-	-
-	-	-	-

Оқушылар кестені толтырып жауап береді. Оқушылар кезек-кезегімен өз ойларын ортаға салады.

5- сұрақ. Кендебай мен қозы баққан баланың кездесуін сәттік сахнаға бейімдеп, рөлдерді өздерің ойнап көріңдер.

Үлгі: (Қойшы бала еңіреп жылап жүр. Кендебай – аңшы баланың қасына келеді).

Кендебай: - Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың?

Бала: - Ардақтаған анаңды алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкеңді алса, көрген күнің құрысын (жылайды).

Кендебай: - Не болды? Жөндеп айтшы!

Бала: - Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тұяқ қалдырмай айдап әкетті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде, алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқан әкемді жау әскері байлап әкетті. Әкемді арашаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдында өңгеріп жөнөп берді. Мен жетім

қалдым. Ішерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым, ернім жалақ, басым таз болды. Содан бері көзімде жас, көңілімде қайғы мен әке-шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды.

Кендебай: - Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп, тауып берейін [10].

Оқушыны кейіпкер орнына қойғызып, «Сен қандай әрекет жасар едің?», «Сен не деп жауап айтар едің?» т.б. сұрақтар беріп, баланың бойындағы ерлік, ұлтжандылық, адамгершілік қасиеттердің көзін ашуға тырысамыз. Мысалы, оқулықтағы 9-сұрақ осы мақсатта берілген.

Топтық жұмыс.

1-топ. Ертегідегі басты мәселе не? (постер)

2-топ. Басты идеясы қандай? (рафт)

3-топ. Халық өз арманын қалай жеткізген? (фиш боун)

4-топ. Ертегінің тілі мен көркемдігі (Венн диаграммасы)

Білім тірегі ұлттық мәдениет ұғымы болу керек.

Шығарманы салыстыра талдату – 5-сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай келеді. Себебі бұл жастағы балалар жақсы мен жаманды, заттарды (жақсы машиналарды) салыстырып жүреді. Соған байланысты алдында оқып кеткен «Ер Төстік», «Аяз би» ертегілерімен салыстырып, айырмашылығы мен ұқсастығын сұрағаны жөн.

Балалардың мүмкіндік деңгейі шығармашылық жұмыстардан көрінеді.

8-тапсырма. «Керқұла аттың өсіп жетілуі» деген тақырыпты негізге ала отырып, өзін әңгіме жазып көр. Оқушыларға ескерту жасаңыз. Өзің жазатын ертегі-әңгіме болғандықтан қиялыңнан, ойыңнан қосып, оқиға жасап жазуларыңа болады. Мәтінмен (оқулықтағы) шектелмеңдер деп, үлгі ретінде мұғалім өз шығармашылығынан, дайындап келген ертегі-әңгімесінен үзінді оқып беруге болады.

Жинақтап айтқанда, бұл жұмыстарды орындау барысында оқушылар проблемалық шешімін табу үшін іс-әрекет жасайды. Сұраққа байланысты не білетіндері жайлы ойланады, проблеманы анықтайды. Оқушы зерттеушілік болжам, негіздеме жасап, ой-тұжырым жасауға үйренеді. Проблеманы танып, сұрақтар мен тапсырмаларды орындауға ұмтылады.

Демек, проблемалық оқыту технологиясы оқушыны шығармашылыққа бағыттайды екен. Б.Сманов: «Сабақ тиімділігін арттыруда ондағы мақсаттың дұрыс қойылуының оқу материалдарындағы ең басты мәселелерді ажырата білудің, шәкірт материалдарындағы ең басты мәселелерді ажырата білудің, шәкірттермен әңгімені ұйымдастыруды динамикалық түрде жүргізудің, сұрақ-тапсырмалар жүйесін әрбір жекелеген оқушының ұғымына орай ойластырудың аса көп мәні бар», [11] – деген.

Қорытынды

Фольклорлық шығармаларды оқыту мәселесі бойынша орта мектеп әдістемесінде айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Дегенмен, қазіргі кезеңде фольклорды оқытуда жаңа зерттеулер мен инновациялық әдістерге әлі толық назар аударылмай отыр.

Орта мектепте қазақ фольклорын оқытуда басты мақсат – оқушыларға ұлттық мәдениетті насихаттау, оқу дағдыларын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды таныту болып табылады. Фольклорлық шығармаларды жүйелі түрде оқыту арқылы оқушыда ұлттық мәдениет туралы түсінік қалыптасады, ұлтқа деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезім оянады.

Ертегілерді оқытудың мәдени-рухани мәні адамгершілік мұраттарды ұғындыруда, адам мен ұлт өміріндегі маңызды құндылықтарды түсінуде айқын көрінеді. Ұлттық мәдениет пен ұлттық мінез, ұлттық рух фольклорлық шығармаларда айқын көрініс табады.

Фольклорлық шығармаларды оқыту барысында теориялық материалдардың тиімді берілуіне, проблемалық оқыту әдістерінің қолданылуына ерекше мән беріледі. Осы тәсілдер оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады, білімді өз бетінше игеруге мүмкіндік береді.

Ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен фольклорлық шығармалар мен ата-бабадан қалған асыл сөздердің астарында көрікті ой, сабырлы ақыл және ұлттық құндылықтар жатыр. Сондықтан оқушыға ұсынылатын оқу материалдары оның таным белсенділігін арттыруға ықпал ететіндей болуы керек.

Қорытындылай келе, фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы:

1. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тануға және бағалауға үйретеміз;
2. Оқушының ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілетін дамытамыз;
3. Ұрпақ бойында патриоттық сезім, адамгершілік және адам мен қоғамға деген жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырамыз.

Фольклорлық шығармалар – бүгінгі мәдениетімізге қосылған мол қазына, ұлттық рухты тәрбиелеудің басты құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 28.06.2007ж., №546 Қаулысы. – Астана: Ақорда, 2007 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> . 19.02.2018.

2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Санат. - 1996. - 368 б.

3. Төлебаева А.Т., Айтимов М.К., Оралова Г.С., Камиева Г.А., Сердалы Б.К. Философиялық дүниетаным және педагогикалық кәзқарастар: Арал–Сырдария ақын-жыраулары поэзиясы. Volume 10, Proceedings of the 6th International Conference on Applied Linguistics Issues (ALI 2019) July 19-20, 2019, Saint Petersburg, Russia, Summer and Autumn 2019, Pages 256-274 // <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196>(ағыл.)

4. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама, V-IX-X-XI сыныптар.- Алматы, 2013, - 264 б.

5. Әуезов М. II томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Білім, 2000, I-том, -160 б.

6. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009, -288 б.

7. Байтенова Г., Айтбаева К., Кудуркулова Н. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу. – Алматы, 2001, - 62 б.

1 – СЕКЦИЯ

ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ҒЫЛЫМИ ТАҢУ

А.С. Нуржанова

С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ

Қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Аннотация

Бұл мақалада қазақ фольклоры мен халық поэзиясын зерттеудегі Әуелбек Қоңыратбаев еңбектері талданады. Ғалымның ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыда жүйелеуі, эпостық және лиро-эпостық шығармаларды зерттеудегі әдістемелік тәсілдері қарастырылады. Мақалада Ә.Қоңыратбаев еңбектерінің ұлттық мәдениетті сақтау, халықтың рухани құндылықтарын ұрпаққа жеткізу, және фольклор поэтикасын ғылыми тұрғыдан жүйелеу рөлі көрсетілген. Ғалымдар пікірлеріне сүйене отырып, қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері мен халық поэзиясының тарихи-әлеуметтік мәні талданады.

Кілт сөздер: қазақ фольклоры, ауыз әдебиеті, халық поэзиясы, эпос, ғылыми жүйелеу, Әуелбек Қоңыратбаев, ұлттық мәдениет.

Abstract:

This article analyzes the works of Äuelbek Qonyratbaev in the study of Kazakh folklore and folk poetry. It examines the scholar's scientific systematization of oral literature, as well as his methodological approaches to epic and lyrical-epic works. The article highlights Qonyratbaev's contributions to preserving national culture, transmitting spiritual values to future generations, and scientifically structuring folklore poetics. Based on scholars' opinions, the genre characteristics of Kazakh oral literature and the historical and social significance of folk poetry are discussed.

Keywords: Kazakh folklore, oral literature, folk poetry, epic, scientific systematization, Äuelbek Qonyratbaev, national culture.

Қазақ ауыз әдебиеті – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тәжірибесін, тарихи жадын және көркемдік дүниетанымын сақтаған аса маңызды мәдени құбылыс. Ауыз әдебиеті арқылы халық өзінің өмірге деген көзқарасын, қоғамдық қатынастарын, арман-

мұратын және эстетикалық талғамын көркем бейнелер арқылы жеткізіп отырған.

Осы себепті ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыдан зерттеу ұлттық рухани мұраны танудың басты жолдарының бірі болып табылады.

XX ғасырда қазақ фольклортану ғылымы дербес сала ретінде қалыптасып, жүйелі зерттеу объектісіне айналды. Бұл кезеңде қазақ ауыз әдебиетін жинау, жариялау және

талдауісімен айналысқан бірқатар көрнекті ғалымдаршықты. Солардың ішінде Әуелбек Қоңыратбаевтың орны айрықша.

Әуелбек Қоңыратбаев қазақ ауыз әдебиеті мен халық поэзиясын зерттеуді өмірлік ғылыми мұрат еткен ғалым ретінде танылды. Ол фольклорды кездейсоқ пайда болған шығармалар жиынтығы емес, халықтың тарихи дамуының көркем шежіресі деп қарастырды. Ғалым ауыз әдебиетін ұлттық сананың қалыптасуымен, халықтың қоғамдық тәжірибесімен тығыз байланыста зерттеу қажет екенін дәлелдеді. Оның еңбектерінде фольклор халықтың рухани облысын айқындайтын негізгі дереккөз ретінде сипатталады. Ә.Қоңыратбаев ауыз әдебиет

іүлгілерінің идеялық мазмұны мен көркемдікқұрылымына терең мән берді. Ол фольклордың поэтикалық табиғатын ашуға ерекше көңіл бөлді.

Академик Бердібай Р. «Ә.Қоңыратбаев фольклорды ғылыми жүйелеуде жаңа әдіснамалық тәсілдер ұсынды» деген пікір білдірген.[1] Ғалым эпос пен халық поэзиясын біртұтас фольклорлық жүйе ретінде қарастырды. Ол эпостық және лиро-эпостық жырларды зерттеу арқылы халық санасын, ұлттық рухты түсіндіруге үлес қосты. Ә. Қоңыратбаевтың еңбектері қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де өзекті.

Ғалым қазақ ауыз әдебиетін зерттеу барысында оның жанрлық жүйесін айқындауды басты міндеттердің бірі деп білді. Ол тұрмыс-салт жырлары, батырлық эпос, лиро-эпостық жырлармен тарихи жырларды бір-бірімен салыстыра отырып қарастырды.

Осы арқылы ауыз әдебиетінің ішкі даму заңдылықтарын ашуға аумтылды. Ә.Қоңыратбаев фольклорды халықтың әлеуметтік өмірінің көрінісі ретінде талдады. Оның пікірінше, әрбір ауыз әдебиеті үлгісі белгілі бір тарихи кезеңнің рухани сұранысынан туындайды. Сондықтан фольклорды зерттеу халық тарихын танумен тікелей байланысты.

Белгілі фольклортанушы Мәлік Ғабдуллин Әуелбек Қоңыратбаевтың еңбектерін жоғары бағалап: «Әуелбек Қоңыратбаев қазақ ауыз әдебиетін зерттеуде оны тарихи-эстетикалық тұрғыдан қарастырудың ғылыми жолын көрсетті», – деп жазады.[2]

Бұл пікір ғалымның фольклорды тек мәтіндік деңгейде емес, тұтас мәдени құбылыс ретінде етанығанын дәлелдейді. Ә.Қоңыратбаев ауыз әдебиеті үлгілерін халықтың дүниетанымына нсабақтастыра зерттеді. Ол фольклорлық мәтіндердегі образдар жүйесінің ұлттық ерекшелігін ашуға ерекше назар аударды. Ғалым үшін ауыз әдебиеті – халықтың өзін-өзі тану формасы болды.

Әуелбек Қоңыратбаев қазақ ауыз әдебиетін зерттеуде ғылыми жүйелілік пен тұтастық қағидатын берік ұстанды. Ол фольклорлық мұраны кездейсоқ жинақталған мәтіндер жиынтығы ретінде емес, ішкі заңдылықтары бар көркем жүйе ретінде қарастырды. Ғалым ауыз әдебиетінің әрбір жанрын халық өмірінің нақты кезеңдерімен байланыстыра зерттеді. Оның пікірінше, фольклор халықтың әлеуметтік тәжірибесінен тікелей туындайды. Ә.Қоңыратбаев ауыз әдебиетін зерттеуде тарихи әдістің маңызын ерекше атап көрсетті. Ол халық поэзиясының мазмұны қоғамдағы өзгерістерге сай дамып отырғанын дәлелдеді. Ғалым фольклорды халықтың рухани тарихының айнасы деп таныды. Ауыз әдебиетінде халықтың дүниетанымы, моральдық қағидалары көрініс табатынын көрсетті. Ә.Қоңыратбаев фольклорлық шығармалардың пайда болу негізін тарихи жағдайлармен байланыстырды. Ол ауыз әдебиетін халықтың ұжымдық санасының жемісі деп түсіндірді.

Ғалым халық поэзиясының басты ерекшелігі – оның халықтық сипаты екенін бірнеше еңбектерінде атап өтті. Оның зерттеулерінде автор мәселесі ерекше қарастырылады. Ә.Қоңыратбаев ауыз әдебиетінде жеке автор болмайтынын, шығармашылықтың ұжымдық сипатта дамитынын дәлелдеді. Бұл тұжырым қазақ фольклортану ғылымында маңызды ғылыми негізге айналды. Ғалым фольклорлық дәстүрдің үздіксіздігін атап көрсетті. Ол ауыз әдебиетінің ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралу ерекшелігін ғылыми тұрғыдан талдады. Ә.Қоңыратбаев халық поэзиясының тұрақты формаларын зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Ол қайталау, формулалық тіркестердің көркемдік қызметін ашты. Ғалым бұл ерекшеліктерді фольклор поэтикасының негізгі белгілері ретінде бағалады. Белгілі фольклортанушы Сейіт Қасқабасов: «Әуелбек Қоңыратбаев ауыз әдебиетін тарихи-эстетикалық тұрғыда терең түсінген зерттеуші» деп жазады.[3] Бұл пікір ғалым еңбектерінің теориялық салмағын айқындайды.

Ә.Қоңыратбаев фольклорды халықтың рухани қажеттілігін өтейтін құбылыс деп таныды. Ол ауыз әдебиетінің тәрбиелік қызметіне назар аударды. Ғалым халық поэзиясының жас ұрпаққа ұлттық рух сіңірудегі ролін атап өтті. Ауыз әдебиеті арқылы халықтың ерлік, адалдық, адамгершілік идеялары қалыптасатынын көрсетті. Ә.Қоңыратбаев фольклорды ұлттық сананы қалыптастырушы күш ретінде

бағалады. Ол ауыз әдебиетінің көркемдік қуатын ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге ұмтылды. Ғалым фольклорлық мәтіндердің мазмұнын ғана емес, олардың көркемдік құрылымын да терең зерттеді. Оның еңбектерінде ауыз әдебиеті жан-жақты талданған. Ә.Қоңыратбаев зерттеулері қазақ фольклортану ғылымының методологиялық негізін кеңейтті. Ол ауыз әдебиетін зерттеудің ғылыми дәстүрін қалыптастырды. Ғалым еңбектері кейінгі зерттеушілер үшін бағыт-бағдар болды. Осы тұрғыдан алғанда, Әуелбек Қоңыратбаевтың қазақ ауыз әдебиетін ғылыми танудағы орны ерекше.

Әуелбек Қоңыратбаев қазақ ауыз әдебиетіндегі эпостық мұраны зерттеуге айрықша назар аударған ғалым болды. Ол эпосты халықтың тарихи санасының көркем көрінісі ретінде қарастырды. Ғалым эпикалық жырлардың шығу тегін халықтың әлеуметтік өмірімен байланыстырды. Оның пікірінше, эпос – белгілі бір тарихи кезеңнің рухани сұранысынан туған құбылыс. Қоңыратбаев батырлық жырлардың негізгі идеясы ел қорғау, ерлік пен бірлік екенін дәлелдеді. Ол батыр бейнесін халық идеалының көрінісі ретінде талдады. Ғалым эпостық кейіпкерлердің мінез-құлқын халықтық дүниетаныммен байланыстырды. Батырлардың әрекеті халықтың арман-мүддесін бейнелейтінін көрсетті. Ә.Қоңыратбаев эпосты тек көркем шығарма емес, тарихи дерек көзі ретінде де бағалады. Ол жырларда халықтың өткен өмірінің іздері сақталғанын атап өтті. Ғалым эпикалық жырлардың сюжет құрылымына ерекше мән берді. Ол эпостағы оқиғалардың бірізді дамуын ғылыми тұрғыда талдады. Қоңыратбаев жыр композициясындағы тұрақты бөлімдерді анықтады. Ол эпостың басталуы, дамуы және аяқталуындағы дәстүрлі үлгілерді көрсетті. Ғалым эпостық жырлардағы қайталаулардың көркемдік қызметін ашты. Ол бұл тәсілдердің ауызша таралуға байланысты қалыптасқанын дәлелдеді. Ә.Қоңыратбаев эпостың поэтикалық тілін зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Ол жыр тілінің бейнелілігін халық поэзиясының басты белгісі деп таныды. Ғалым эпостық жырлардағы теңеу мен эпитеттердің қызметін талдады. Бұл көркемдік құралдардың батыр бейнесін асқақтатуға бағытталғанын көрсетті. Ә.Қоңыратбаев эпостық дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын маңызды мәселе ретінде қарастырды. Ол жыршы мен тыңдаушы арасындағы байланысты ғылыми тұрғыда түсіндірді. Ғалым эпостың халықтық сипатта дамитынын дәлелдеді. Ол жеке орындаушы жырдың мазмұнын өз қалауынша өзгерте алмайтынын көрсетті. Ә.Қоңыратбаев эпостық жырлардың көпнұсқалылығын зерттеді. Ол нұсқалардың айырмашылығы тарихи жағдайларға байланысты екенін айтты. Ғалым эпостың уақыт өте жаңарып отыратынын дәлелдеді. Ол эпикалық дәстүрдің тұрақты және өзгермелі жақтарын ажыратты.

Ә.Қоңыратбаев лиро-эпостық жырларға да арнайы тоқталды. Ол махаббат тақырыбының халық поэзиясындағы орнына назар аударды. Ғалым лиро-эпостық жырлардың эмоционалдық қуатын жоғары бағалады. Ол бұл жырларда адам сезімінің терең көрініс тапқанын көрсетті. Ғалым Ахметов Ж.: «Ә.Қоңыратбаев эпостық және лиро-эпостық дәстүрді жан-жақты талдаған» деп жазған[4].

Ә.Қоңыратбаев халық поэзиясының көркемдік табиғатын жан-жақты зерттеді. Ол ауыз әдебиетіндегі поэзияны жазба әдебиеттің бастауы деп таныды. Ғалым халық өлеңдеріндегі ырғақ пен ұйқас жүйесін талдады. Ол өлең құрылысының ауызша айтуға ыңғайланып қалыптасқанын дәлелдеді. Қоңыратбаев поэзиядағы әуезділікке ерекше мән берді. Ол халық поэзиясының музыкамен тығыз байланысты екенін көрсетті.

Ғалым өлеңнің мазмұны мен формасының бірлігін негізгі қағида ретінде ұсынды. Ол поэтикалық форма мазмұнды ашуға қызмет ететінін дәлелдеді. Ә.Қоңыратбаев халық поэзиясындағы тақырыптық кеңдікті атап өтті. Ол тұрмыс, еңбек, табиғат, ерлік тақырыптарының кең қамтылатынын көрсетті. Ғалым халық поэзиясының философиялық мазмұнына назар аударды. Ол өлеңдерде өмір мен адам тағдыры жайлы терең ойлар бар екенін дәлелдеді. Ә.Қоңыратбаев фольклор поэзиясын халықтың рухани айнасы деп бағалады. Ол поэзия арқылы халықтың ішкі жан дүниесін тануға болатынын айтты. Ғалым

халық поэзиясының тәрбиелік мәнін ерекше атап өтті. Ол өлеңдер арқылы жас ұрпаққа адамгершілік құндылықтар берілетінін көрсетті.

Ә. Қоңыратбаев поэзиядағы ұлттық рух мәселесін көтерді. Ол халық поэзиясы ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдеді. Ғалым фольклор поэзиясының тарихи жақты сақтайтынын айтты. Ол өлеңдерде халықтың өткен өмірі бейнеленетінін көрсетті. Қоңыратбаев эпос пен поэзияны біртұтас фольклорлық жүйе ретінде қарастырды. Ол бұл мұраларды бөліп қарауға болмайтынын дәлелдеді. Ғалым ауыз әдебиетінің көркемдік қуатын жоғары бағалады. Ол фольклорды ұлттық мәдениеттің негізі деп таныды. Қоңыратбаевтың эпос пен халық поэзиясына қатысты тұжырымдары қазақ фольклортану ғылымының дамуына зор үлес қосты.

Қорыта айтқанда, Әуелбек Қоңыратбаев қазақ ауыз әдебиеті мен халық поэзиясын зерттеуде терең ғылыми тұжырымдар жасаған көрнекті ғалым болып табылады. Оның еңбектері қазақ фольклортану ғылымының қалыптасу кезеңінде маңызды рөл атқарды. Ғалым ауыз әдебиетін халықтың рухани өмірінің тұтас көрінісі ретінде қарастырды. Ол фольклорды тарихи, әлеуметтік және көркемдік тұрғыдан бірлікте зерттеді. Ә.Қоңыратбаев ауыз әдебиетін жүйелеу арқылы ұлттық мәдени мұраны ғылыми негізде тануға жол ашты. Ғалым фольклор жанларының ішкі заңдылықтарын анықтауға ерекше мән берді. Оның зерттеулері ауыз әдебиетінің жанрлық табиғатын терең түсінуге мүмкіндік берді. Ә.Қоңыратбаев эпос пен халық поэзиясын фольклорлық жүйенің өзегі ретінде бағалады. Ол эпостық жырларды халықтың тарихи санасының көркем көрінісі деп таныды. Ғалым батырлық жырлар арқылы ұлттық рухтың қалыптасуын көрсетті. Халық поэзиясын ол ұлттың эстетикалық талғамының жемісі ретінде қарастырды.

Ә. Қоңыратбаев поэзиядағы көркемдік құралдардың халықтық сипатын дәлелдеді. Оның еңбектерінде фольклор поэтикасы ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданды. Ғалым ауыз әдебиетінің ұжымдық табиғатын нақты дәлелдермен негіздеді. Ә.Қоңыратбаев ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәнін ерекше атап өтті. Ғалым фольклор арқылы жас ұрпақтың рухани дүниесі қалыптасатынын дәлелдеді. Ол халық поэзиясының адамгершілік идеяларды насихаттайтынын көрсетті. Ә.Қоңыратбаев фольклорды ұлттық бірегейліктің негізі деп таныды. Ғалым ауыз әдебиеті арқылы халықтың тарихи жады сақталатынын атап өтті. Оның тұжырымдары бүгінгі гуманитарлық ғылым үшін де өзекті. Ә.Қоңыратбаев зерттеулерінде фольклор тірі мәдени процесс ретінде сипатталады. Ол ауыз әдебиетінің уақытпен бірге дамитынын көрсетті. Ғалым фольклордың тұрақты және өзгермелі белгілерін нақты ажыратты. Бұл тұжырым фольклортану ғылымында маңызды теориялық негіз болды. Ә.Қоңыратбаев еңбектері кейінгі зерттеушілер үшін әдіснамалық бағдар қызметін атқарды. Оның ғылыми көзқарастары қазақ фольклортану мектебінің дамуына ықпал етті. Ғалым ауыз әдебиетін тек өткеннің мұрасы ретінде емес, қазіргі рухани өмірмен байланысты құбылыс деп бағалады.

Ә.Қоңыратбаев фольклорды ұлттық мәдениеттің тірегі ретінде қарастырды. Ол халық поэзиясының көркемдік қуатын жоғары бағалады. Ғалым ауыз әдебиетінің эстетикалық мәнін ашуға зор үлес қосты. Қоңыратбаев зерттеулерінде ұлттық рух мәселесі кеңінен қозғалды. Ол фольклордың халық санасын қалыптастырудағы маңызын дәлелдеді. Ғалым еңбектерінде қазақ ауыз әдебиетінің тұтастығы айқын көрінеді. Оның зерттеулері фольклорлық мұраны ғылыми тұрғыда бағалауға мүмкіндік берді. Ә.Қоңыратбаевтың еңбектері ұлттық мәдени мұраны сақтауға бағытталды. Ол ауыз әдебиетін халықтың рухани қазынасы ретінде таныды. Ғалым фольклорды зерттеу арқылы ұлттық болмысты тануға жол ашты. Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми мұрасы қазақ әдебиеттану ғылымының алтын қорына енді. Оның еңбектері бүгінгі күні де ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ. Әуелбек Қоңыратбаевтың қазақ ауыз әдебиеті мен халық поэзиясын зерттеудегі үлесі аса құнды. Сондықтан ғалым мұрасын терең зерделеу — қазіргі ғылым үшін маңызды міндет болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бердібай, Р. (2010). Қазақ фольклоры: эпос және поэзия. Алматы: Қазақ университеті баспасы, 124–130 бет.
2. Ғабдуллин, М. (2005). Қазақ ауыз әдебиеті: тарихи-теориялық зерттеу. Астана: Елбасы баспасы, 78–85 бет.
3. Қасқабасов, С. (2012). Ауыз әдебиеті мен халық поэзиясы. Алматы: Ғылым, 45–52 бет.
4. Ахметов, Ж. (2008). Халықтық эпос және ұлттық сана. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан баспасы, 33–40 бет.
5. Қоңыратбаев, Ә. (1998). Қазақ эпостары және поэзиясы. Алматы: Қазақ университеті, 55–70 бет.

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ ЖӘНЕ ТҮРКІ ЭПОСЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Козыбаева Айгул Мусаевна

Ж. Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Аңдатпа

Бұл мақалада Әуелбек Қоңыратбаевтың түркі эпосын зерттеудегі ғылыми концепциялары жан-жақты талданады. Ғалымның эпосты мифологиялық, қаһармандық және тарихи кезеңге бөлуі, мифологиялық эпосқа тән тәңіршілдік дүниетаным мен шамандық ритуалдардың көркемдік табиғатын анықтауы баян етіледі. Әсіресе батырдың күдіретті, тылсым жаратылуы мотивінің эпикалық дәстүрдегі маңызы айқындалып, оның түркі халықтарының архаикалық ойлау жүйесімен байланысы көрсетіледі. Зерттеу Қоңыратбаев мұрасының түркологиядағы орны мен эпос теориясына қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан негіздеуді көздейді.

Кілт сөздер: Мифологиялық эпос, түркі эпосы, архаикалық поэтика, батырдың күдіретті туу мотиві, тәңіршілдік дүниетаным, шамандық элементтер, қиял-ғажайып әлем, синкреттік поэтика, халықтық дүниетаным.

Аннотация

В статье рассматриваются научные взгляды Ауелбека Коныратбаева на типологию тюркского эпоса. Анализируется его деление эпических памятников на мифологический, героический и исторический слои, а также раскрывается художественная природа тенгрианских и шаманистских представлений в мифологическом эпосе. Особое внимание уделено мотиву чудесного рождения героя, который исследователь трактует как центральный элемент архаического мировоззрения тюрков. Работа направлена на научное осмысление вклада Коныратбаева в развитие тюркологии и теории эпоса.

Ключевые слова: Мифологический эпос, тюркский эпос, архаическая поэтика, мотив могущественного рождения героя, тенгское мировоззрение, шаманские элементы, фантастический мир, синкретическая поэтика, народное мировоззрение.

Annotation

This article examines Auelbek Qonyratbaev's scholarly concepts concerning the typology of Turkic epic tradition. It analyzes his classification of the epic heritage into mythological, heroic, and historical layers, and explores the artistic nature of Tengrist and shamanistic elements in mythological epics. Special emphasis is placed on the motif of the hero's miraculous birth, which Qonyratbaev identifies as a core component of the archaic worldview of the Turkic

peoples. The study aims to highlight the significance of Qonyratbaev's contributions to Turkology and the theoretical understanding of epic literature.

Keywords: Mythological epic, Turkic epic, archaic poetics, the motif of the mighty birth of a hero, Tengriist worldview, shamanic elements, fantasy world, syncretic poetics, folk worldview.

Түркі халықтарының рухани мәдениетінде эпос жанры ерекше орын алады. Батырлық жырлар, ғашықтық дастандар, шежірелік әңгімелер мен мифологиялық аңыздар – түркі дүниетанымының көркем моделі, тарихи жадтың басты сақтаушысы. Қазақ фольклортану ғылымында осы эпостық дәстүрді алғаш жүйелі, кешенді түрде талдаған ғалымдардың бірі – Әуелбек Қоңыратбаев. Ол түркі эпосының шығу тегі, жанрлық дамуы, көркемдік табиғаты мен тарихи қызметі жөнінде ғылыми мектеп қалыптастырған тұлға. Бұл баяндамада ғалымның түркі эпосының типологиясына қатысты көзқарастары, принциптері және ғылыми мұрасы талданады.

Түркі эпосы мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ауызша дәстүрдің көрінісі. Қоңыратбаев оны үш ірі кезеңге бөліп қарастырған:

1. Мифологиялық эпос – тәңіршілдік, көне шамандық наным-сенімдермен байланысты.
2. Қаһармандық эпос – тайпалық бірлестіктердің қалыптасуына, қарым-қатынас соғыстарына негізделген.
3. Тарихи эпос – нақты тарихи оқиғалармен сабақтас жырлар.

Қоңыратбаев бұл жіктемені былай нақтылайды: "Эпос өзінің шығу тегіне қарай үш дәуірге бөлінеді: миф дәуірі, қаһармандық дәуір және тарихи дәуір. Әр қабаттың өзіндік поэтикалық жүйесі бар" (Қоңыратбаев Ә., «Қазақ фольклорының тарихы», 1991, 47-б.)

Әуелбек Қоңыратбаев мифологиялық эпосты түркі эпосының ең көне, бастапқы қабаты деп анықтайды. Ғалым былай дейді: "Миф – халықтың дүниені алғаш тану моделі. Мифологиялық жырлар – сол танымның көркем шежіресі" (Қоңыратбаев Ә., «Қазақ эпосы және түркология», 1987, 12-б.) Оның пікірінше, мифологиялық эпос — халықтың дүниені мифтік тұрғыда тану кезеңін бейнелейтін, шамандық-тәңірлік сенімдермен байланысқан көркем жүйе. Қоңыратбаев бойынша мифологиялық эпостың басты ерекшеліктерінің бірі-тәңіршілдік дүниетаным болып табылады. Ғалымның айтуынша, мифологиялық жырларда аспан мен жер, Ұмай ана, ата-баба рухы, табиғат күштері алғашқы құдірет ретінде көрінеді. Мысалы: жарықтан туу, күн нұрынан жаралу — көне түркі мифінің көрінісі. Ал екінші ерекшелігі- эпостық шығармалардағы шамандық (бақсылық) сенімнің көрінісі. Ол мифологиялық эпостың көптеген элементтері бақсылық ғұрыптармен байланысты екенін көрсетеді: аруақ шақыру, түс көру, тылсым күштен жәрдем алу.

Бұл — эпостың ритуалдық негізін дәлелдей отырып, қазақ халқының ерекше сенімге мән бергендігін баса айтады. Қоңыратбаев эпостағы шамандық көріністерді былай сипаттайды: "Бақсылық сарын эпостың архаикалық қабатының өзегі. Батырлардың түс көруі, аян алуы, рухтармен байланысы — шамандық салттың әдеби көрінісі" (Қоңыратбаев Ә., «Қазақ фольклорының тарихы», 58-б.) Қиял-ғажайып әлемнің басым болуын Қоңыратбаев мұны эпостың архаикалық поэтикасы деп атайды. Оған тән: алып жыландар, жеті басты дәулер, жалмауыздар, қанатты тұлпарлар, судан шыққан перілер. Ғалым мұны миф пен реалдықтың араласып жатқан кезеңі деп бағалайды.

Әуелбек Қоңыратбаевтың пайымдауынша, мифологиялық эпос құрылымындағы ең жетекші мотив – батырдың құдіретті, тылсым жолмен жаратылуы. Мұндай туу мотиві көне түркілердің дүниетанымынан бастау алады. Батырдың нұрдан, аяннан, киелі күштен немесе тотемдік жануар арқылы дүниеге келуі — халықтың батырға ерекше миссия, тектік құдірет, рухани міндет жүктейтінін көрсетеді. Қоңыратбаев бұл мотивтің мәнін төмендегідей түсіндіреді: 1) Батыр — қарапайым адам емес, киелі тектен тараған тұлға. Бұл миф халықтың батырды құдайлық күштің жердегі өкілі ретінде танитынын білдіреді. Батырдың дүниеге келуі табиғи құбылыс емес, рухани заңдылық. Батырдың

жаратылуы — эпостың архаикалық ойлау жүйесінің көрінісі. Шамандық және тәңіршілдік дәуірінде әр қаһарман белгілі бір киелі күштің қорғауымен дүниеге келеді.

Осы арқылы халық батырды қоғамнан жоғары, қауымның рухани иесі ретінде қояды.

Осылайша, Қоңыратбаев көрсеткен батырдың құдіретті жаратылу мотиві мифологиялық эпостың өзегін құрайды және ол халық санасындағы батырдың миссиясын, рухани жүгін айқындайтын негізгі поэтикалық заңдылықтардың бірі болып табылады.

Қаһармандық эпос – халық әдебиетінің мифологиялық қабатынан кейінгі дамыған кезеңі. Түркі эпостарында бұл дәуір батырлық дәстүрді, тарихи жауынгерлік оқиғаларды және қоғамның моральдық құндылықтарын көрсетуге бағытталған. Қазақ фольклортану ғылымында Әуелбек Қоңыратбаев қаһармандық эпосты зерттей отырып, оны мифологиялық эпостан бөлектеп, поэтикалық ерекшеліктері мен сюжет құрылымын талдаған (Қоңыратбаев, 1991, 47-б.). Қаһармандық эпос халықтың батырлық дәстүрін, тарихи жауынгерлік ерлігін және рухани құндылықтарын бейнелеудің көркемдік формасы ретінде танылды. Қаһармандық эпостың негізгі ерекшеліктері ретінде батыр бейнесінің қоғам алдындағы рөлін, сюжеттік құрылымын, эпостың поэтикасының элементтерін атауға болады.

Қаһармандық эпоста батыр тек мифологиялық құдіретке ие тұлға емес, сонымен қатар қоғамның қорғаушысы, әділдік пен тәртіптің сақтаушысы ретінде көрінеді. Қоңыратбаевтың пікірінше:

"Қаһармандық эпоста батыр – халықтың әлеуметтік және моральдық құндылықтарының тірегіне айналған тұлға" (Қоңыратбаев Әуелбек. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Қазақ баспасы, 1987, 34-б.)

Мысалы, Қобыланды батыр эпосында Қобыланды өзінің ру-тайпасын қорғау үшін жауға қарсы шығып, батырлық ерлігін көрсетеді. Ол тек жаумен күреспейді, сонымен бірге әділеттілікті орнатып, қауымның рухани бірлігін сақтайды.

Қаһармандық эпостағы сюжет тарихи және батырлық оқиғаларға негізделеді. Қоңыратбаев бұл сюжеттік ерекшеліктерді атап көрсетеді:

1. Жауынгерлік эпизодтар: батырдың жауға қарсы күресі, батырлық ерлік көрсетуі.
2. Әділдік пен тәртіпке шақыратын мотивтер: батыр қауым мүддесін қорғау міндетін атқарады.
3. Рухани сынақтар: батырдың адамгершілік және моральдық қасиеттерін сынау.
4. Қорғаушы миссия: ру, тайпа немесе халықты жаудан қорғау.

Мысалы, Ер Тарғын эпосында батыр өзінің жеке ерлігімен қатар, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету миссиясын атқарады. Бұл қаһармандық эпостың негізгі құрылымдық элементі болып саналады.

Қаһармандық эпоста мифологиялық элементтер тарихи реализммен үйлеседі. Қоңыратбаев поэтикалық ерекшеліктерді былай сипаттайды:

1. Эпикалық кеңістік: оқиғалар нақты тарихи жерлер мен қауым ортасында жүреді.
2. Батырлық эпитеттер: батырдың ерлігі мен қаһармандығын көрсететін тұрақты сипаттау формалары (мысалы, «берік мінезді», «жылқы тұлпарлы батыр»).
3. Қарсыластардың бейнесі: жаулардың сипаттамасы моральдық және символдық реңк береді.
4. Әдеби құрылым: қайталанатын мотивтер, эпикалық формула, диалогтар арқылы оқиға өрбиді.

Мысалы, Алпамыс батыр эпосында Алпамыс пен кейіпкерлер арасындағы диалогтар, жаумен күрес эпизодтары және батырдың рухани міндеті нақты поэтикалық құрылым арқылы беріледі.

Батырдың рухани миссиясына ғалым ерекше тоқталады. Қаһармандық эпоста батырдың миссиясы физикалық күшпен ғана шектелмейді, ол рухани жауапкершілікті де қамтиды.

Қоңыратбаев атап көрсеткендей: "Батырдың ерлігі тек жауға қарсы күреспен шектелмейді. Ол халықтың моральдық, әлеуметтік, рухани құндылықтарын сақтаушы ретінде көрінеді" (Қоңыратбаев Әуелбек. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1991, 52-б.)

Мысалы, Қобыланды батырда Қобыланды жаудан жеңіспен оралуымен қатар, ру арасындағы бейбітшілік пен әділдікті сақтайды. Бұл қаһармандық эпосты тек батырлық ерлік жырынан артық етеді, ол халықтың әлеуметтік тәртіп пен рухани бірлігін көрсетеді. Қаһармандық эпос халықтың тарихи жадысын сақтаушы рөлін атқарады. Қоңыратбаев бұл эпосты зерттей отырып, оның тарихи контекстпен тығыз байланысын атап көрсетеді. Батырлық эпостың кейіпкерлері нақты тарихи тұлғаларға негізделген, бірақ олардың ерліктері әдеби өңдеумен беріледі. Мысалы, Алпамыс батыр мен Ер Тарғын сияқты эпостардағы оқиғалар тарихи кезеңдермен үйлеседі, бірақ батырлардың ерліктері көбінесе әдеби және символдық өңдеумен беріледі. Әуелбек Қоңыратбаев қаһармандық эпосты мифологиялық эпостың дамуының екінші кезеңі ретінде қарастырады. Бұл эпоста батыр бейнесі тарихи, әлеуметтік және рухани міндеттермен толықтырылады. Қоңыратбаевтың зерттеулері қаһармандық эпосты ғылыми тұрғыдан зерттеуге жол ашып, қазақ эпостануында батырлық дәстүр мен қоғамның моральдық құндылықтарын зерттеудің маңызды бағытын қалыптастырды.

Қоңыратбаев эпосты ғылыми тұрғыдан жүйелеуде бірнеше негізгі принцип қолданған:

1. Тақырыптық принцип: эпостарды мазмұны бойынша бөлу.

Батырлық эпос: халықты қорғау, жаумен күрес, ерлік дәстүрі (мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр»).

Ғашықтық эпос: махаббат пен сезімдер, ішкі жан дүниесін бейнелеу («Қыз Жібек», «Баян сұлу»).

Діни эпос: рухани құндылықтар, сенім мен салт (мысалы, «Қорқыт ата кітабы»).

Тарихи эпос: тарихи тұлғалар мен оқиғаларға негізделген эпостар.

2. Шығу тегі бойынша: эпостардың тарихи-этникалық дәстүріне сүйене отырып жіктелуі – көне түркі, оғыз, қыпшақ, қаңлылық эпостары. Бұл топтастыру эпостың шығу тегін, дәстүрлік сабақтастығын көрсетеді.

3. Стилі бойынша: поэтикалық формула, синкреттік құрылым, ритмдік ерекшеліктер. Мысалы, «Қобыланды батыр» эпосында қайталанатын эпитеттер мен формулалар батырлық эпостың өзіне тән поэтикалық ритмін қалыптастырады.

4. Функциясы бойынша: тәрбиелік, тарихи-мәдени, идеологиялық және ритуалдық функциялар. «Қорқыт ата кітабы» эпосында діни ритуалдық элементтер басым, ал «Қобыланды батыр» батырлық эпосы қоғамдық тәртіп пен әділеттілікті насихаттайды.

Эпос – халық мәдениетінің тарихи, әлеуметтік және рухани жадысы. Оның құрылымы, мазмұны және поэтикалық формасы халықтың дүниетанымын көрсетеді. XX ғасырдың 70–90-жылдарында қазақ эпостануында жаңа бағыт қалыптастырған ғалымдардың бірі – Әуелбек Қоңыратбаев. Оның ғылыми жаңалығы тек эпостарды жинау мен жариялауда ғана емес, сонымен қатар эпосты зерттеудің кешенді әдіснамалық жүйесін жасауында көрініс тапты.

Қоңыратбаевтың әдіснамалық жаңалығы қазіргі қазақ және түркі эпостануында негізгі зерттеу құралы болып табылады. Ол эпостарды тек әдеби объект ретінде қарастырмай, оны тарихи, мифологиялық, құрылымдық және этнолингвистикалық тұрғыдан талдауды ұсынып, фольклортануда жаңа ғылыми тәсіл қалыптастырды.

1. Тарихи-салыстырмалы әдіс

Қоңыратбаев эпостың тарихи шығу тегін анықтауда тарихи-салыстырмалы әдісті алғашқылардың бірі ретінде жүйеледі. Бұл әдіс эпостың құрылымын, сюжетінің дамуын және батырлық мотивтерін тарихи контекстке байланысты зерттеуге мүмкіндік береді.

«Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» эпостарын салыстыру арқылы ғалым олардың ортақ түбірін, оғыз-қыпшақ дәуіріне тән мотивтерін анықтады(Қоңыратбаев, 1991, 52–57-б.). Бұл тәсіл эпостардың тек ұлттық емес, бүкіл түркі әлеміне ортақ мәдени феномен екенін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Мысал: «Қобыланды батыр» эпосындағы батырдың жаумен шайқас мотиві мен «Алпамыс батыр» эпосындағы ұқсас сюжет элементтері тарихи контексті ескере отырып салыстырылды.

Тарихи-салыстырмалы әдіс эпостардың даму заңдылықтарын, ортақ типтік белгілерін зерттеуге, сондай-ақ олардың шығу тегін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Қоңыратбаев эпостың ішкі құрылымын, батырлық мотивтердің логикасын және эпикалық формулалардың орналасуын структуралық әдіс арқылы зерттеді. Мақсаты: эпостың әрбір бөлігінің, оның ішінде сюжеттік эпизодтар мен мифологиялық элементтердің, жалпы композицияға қалай үйлесетінін анықтау.

Батырлық эпостағы қаһарман моделі (тылсымнан туу, алғашқы ерлік, жеке шайқас, ел қорғау миссиясы, оралу) структуралық әдістің көмегімен жүйеленді.

Мысал: «Ер Тарғын» эпосындағы батырдың жеке шайқас эпизодтары мен ел қорғау мотиві логикалық құрылым тұрғысынан талданып, батырлық эпостың композициялық заңдылығы көрсетілді (Қоңыратбаев, 1987, 45-б.). Структуралық әдіс эпостың композициялық тұтастығын, мотивтердің бір-бірімен байланысын және оқиғаның эпикалық ритмін түсінуге мүмкіндік береді.

Қоңыратбаевтың ең ерекше жаңалығының бірі – мифопоэтикалық әдіс. Бұл тәсіл арқылы батырлық эпостардағы мифологиялық элементтер мен батырлық мотивтердің байланысы зерттелді. Мифопоэтикалық әдіс эпостың тек тарихи немесе әдеби құбылыс емес, сонымен қатар рухани және мәдени феномен екенін дәлелдейді.

Қоңыратбаев эпосты зерттеуде этнолингвистикалық әдісті қолданды. Бұл тәсіл эпостың тілдік ерекшеліктерін, халық арасындағы айтылу формаларын, салт-дәстүр және рухани мәдениетпен байланысын зерттеуге мүмкіндік береді.

Қоңыратбаев еңбектері қазіргі түркологияда да кеңінен қолданылады. Оғызнама, эпос генезисі, батырлық жырлар типологиясы жөніндегі идеялары халықаралық фольклортану мектептерімен үндес. Әуелбек Қоңыратбаев – түркі эпосының табиғатын ғылыми тұрғыдан жаңаша ашқан ғалым. Оның типологиялық жіктеуі, салыстырмалы талдауы, эпостың мифологиялық қабатын ашуы – қазақ фольклортануын жаңа деңгейге көтерді. Түркілік тұтастық идеясы мен эпостың тарихи жад ретіндегі қызметін дәлелдеуі – бүгінгі гуманитарлық ғылымдар үшін де өзекті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев Әуелбек. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1991. 276 бет.
2. Қоңыратбаев Әуелбек. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Қазақ баспасы, 1987. 158 бет.
3. Қоңыратбаев Әуелбек. Эпос және оның поэтикасы. Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1973. 112 бет.
4. Қобыланды батыр эпосы. Алматы: Қазақ әдебиеті баспасы, 1989.
5. Алпамыс батыр эпосы. Алматы: Қазақ баспасы, 1985.
6. Ер Тарғын эпосы. Алматы: Жазушы баспасы, 1990.

ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҒАЛЫМ: ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ МҰРАСЫ НЕГІЗІНДЕ

Сейтова Гүлзада Пернебековна

№221 жалпы білім беретін орта мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аңдатпа.

Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық рухын ұлықтауға сүбелі үлес қосқан ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармашылық мұрасы қарастырылады. Ғалымның еңбектері халық әдебиеті мен фольклорын зерттеу арқылы ұлттық сананы тәрбиелеудің маңызды құралы екенін көрсетеді. Мақалада Әуелбек Қоңыратбаевтың ғылыми және әдеби мұрасының жастар тәрбиесіндегі рөлі талданады. Сонымен қатар, оның зерттеулері қазақ тілін, дәстүрін және мәдени құндылықтарын сақтауға бағытталғанын көрсетеді. Ғалым шығармашылығы арқылы ұлттық бірегейлікті нығайтуға, қоғамдағы патриоттық сезімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Мақалада Әуелбек Қоңыратбаевтың мұрасы қазіргі білім беру жүйесінде және әдебиеттану ғылымында маңыздылығы айқындалады. Автор ғалымның еңбектерін талдай отырып, жастарға ұлттық құндылықтарды сіңірудің тиімді жолдарын ұсынады. Сонымен бірге, мақалада оның еңбектерінің халықаралық мәдениетаралық байланыстардағы рөлі де қарастырылады, бұл қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Ғалымның мұрасы жастарға ұлттық тарих пен дәстүрді түсінуге шабыт береді.

Тірек сөздер: ұлттық рух, Әуелбек Қоңыратбаев, фольклор, әдебиет, жастар тәрбиесі

Аннотация.

В данной статье рассматривается творческое наследие ученого Әуелбек Қоңыратбаев, который внес значительный вклад в укрепление национального духа казахского народа. Работы ученого показывают, что исследование народной литературы и фольклора является важным инструментом воспитания национального сознания.

В статье анализируется роль научного и литературного наследия Әуелбека Қоңыратбаева в воспитании молодежи. Кроме того, его исследования направлены на сохранение казахского языка, традиций и культурных ценностей. Через свое творчество ученый способствует укреплению национальной идентичности и формированию патриотических чувств в обществе. В статье подчеркивается значимость наследия Әуелбека Қоңыратбаева в современной системе образования и литературоведении. Автор, анализируя труды ученого, предлагает эффективные пути передачи национальных ценностей молодежи. Также рассматривается роль его работ в международных культурных связях, что способствует продвижению казахской культуры на мировой уровень. Наследие ученого вдохновляет молодежь понимать национальную историю и традиции.

Ключевые слова: национальный дух, Әуелбек Қоңыратбаев, фольклор, литература, воспитание молодежи.

Abstract.

This article examines the creative legacy of the scholar Äuelbek Qonyratbaev, who made a significant contribution to promoting the national spirit of the Kazakh people. The scholar's works demonstrate that the study of folk literature and folklore is an important tool for nurturing national consciousness. The article analyzes the role of Äuelbek Qonyratbaev's scientific and literary heritage in the education of youth. Furthermore, his research is aimed at preserving the

Kazakh language, traditions, and cultural values. Through his work, the scholar contributes to strengthening national identity and fostering patriotic feelings in society.

The article highlights the importance of Auelbek Qonyratbaev's legacy in contemporary education and literary studies. By analyzing the scholar's works, the author proposes effective ways to instill national values in young people. The article also examines the role of his works in international cultural exchanges, which helps to promote Kazakh culture on a global scale. The scholar's legacy inspires young people to understand and appreciate their national history and traditions.

Keywords: national spirit, Auelbek Qonyratbaev, folklore, literature, youth education.

Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті ғасырлар бойы өзінің ерекше ұлттық ерекшелігімен ерекшеленіп келеді. Ұлттық рухты сақтау, халықтың тілін, дәстүрін, салт-санасын ұрпаққа жеткізу – әрбір қоғам үшін маңызды міндет. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиеттануы мен фольклортану ғылымының көрнекті өкілі Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармашылық мұрасы ерекше маңызға ие. Ғалымның еңбектері тек әдебиеттану саласында ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы қалыптастыру, жастарға патриоттық тәрбие беру, мәдени құндылықтарды сақтау сияқты әлеуметтік маңызы бар бағыттарда да үлкен рөл атқарады.

Әуелбек Қоңыратбаевтың ғылыми және әдеби мұрасы халық фольклорын, ауыз әдебиетін зерттеуге арналған. Ол өз еңбектерінде халық ауыз әдебиетін жан-жақты талдап, оның тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнін көрсетеді. Ғалымның зерттеулері тек теориялық сипатта ғана емес, практикалық бағытта да маңызды: олар мектептер мен университеттерде ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын әдістемелік құралдарға негіз болады. Сонымен қатар, Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармалары қазақ тілінің дамуына, сөздік қордың байытуына ықпал етіп, әдеби тілдің тазалығы мен көркемдігін сақтау мәселесін көтереді.

Ғалымның мұрасы жастардың бойында ұлттық сана мен патриоттық сезімді оятуға бағытталған. Әуелбек Қоңыратбаев әдебиет пен фольклор арқылы халықтың рухани байлығын көрсетуге тырысады. Оның еңбектері жастарға өздерінің тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін түсінуге көмектеседі. Мұралардың әрқайсысында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі басты орын алады, бұл қазіргі заманғы білім беру жүйесінде де ерекше өзектілікке ие. Ғалымның зерттеулері ұлттық құндылықтарды насихаттаумен қатар, жастарға дұрыс мінез-құлық, адамгершілік, ынтымақшылдық қасиеттерін бойға сіңіруге мүмкіндік береді.

Әуелбек Қоңыратбаев тек қазақстандық ғалым ретінде ғана емес, халықаралық мәдени байланыстарда да танымал тұлға. Оның зерттеулері қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді, халық әдебиеті мен фольклорының басқа халықтармен өзара байланысын көрсетуге жағдай жасайды. Бұл тұрғыда ғалымның мұрасы тек білім беру мен әдебиеттануда ғана емес, мәдени дипломатияда да маңызды рөл атқарады. Әуелбек Қоңыратбаевтың еңбектері арқылы Қазақстанның мәдени мұрасы халықаралық аренада танымал болып, ұлттық рухтың әлемдік деңгейде таныстырылуына үлес қосады.

Ғалымның шығармашылық мұрасы бірнеше бағытта көрінеді. Біріншіден, ол қазақ халық әдебиетінің тарихын зерттеп, ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтады. Екіншіден, ол халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мерекелік мәдениетін ғылыми тұрғыдан талдады. Үшіншіден, оның еңбектері мектептер мен университеттердегі оқу бағдарламасына енгізіліп, жастарға ұлттық құндылықтарды насихаттаудың тиімді құралдарына айналды. Осы бағыттар арқылы Әуелбек Қоңыратбаевтың мұрасы қазіргі заманғы қазақ қоғамында ерекше рөл атқарады.

Сонымен қатар, ғалымның еңбектері тек мәтіндік зерттеумен шектелмей, аналитикалық, салыстырмалы талдау әдістерін қолдану арқылы халық әдебиетінің

ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Оның зерттеулері арқылы фольклордың әлеуметтік, тарихи және мәдени рөлін терең түсінуге болады. Мақалада сондай-ақ, Әуелбек Қоңыратбаевтың ғылыми көзқарастары мен әдістемелік тәсілдері заманауи әдебиеттану ғылымында қолданылып, оның мұрасының өміршеңдігі көрсетіледі.

Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармашылығын зерделегенде, оның ұлттық рухты сақтау мен дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлгенін аңғаруға болады. Ғалым өзінің еңбектерінде: «Халық әдебиеті – ұлттық сана мен руханияттың айнасы, оны зерттеу арқылы біз өзіміздің мәдени тамырымызды түсінеміз» деп атап көрсеткен. Бұл сөздер оның шығармашылығында фольклор мен ауыз әдебиетінің тек ғылыми құндылық қана емес, сонымен қатар қоғамдағы рухани тәрбиенің маңызды құралы екеніне сенімді екенін көрсетеді. Мысалы, Қоңыратбаев жинақтаған ертегілер мен аңыздар арқылы жастар өздерінің мәдени және тарихи тамырларын таниды, бұл олардың ұлттық санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Ғалымның зерттеулерінде қазақ тілін сақтау мәселесі де басты орын алады. Ол тілдің әдебиет пен фольклор арқылы дамитынын атап көрсетіп, әрбір сөздің мәні мен салмағын талдаған. Қазақ әдебиеттанушысы Әуелбек Қоңыратбаевтың пікірінше, ұлттық тіл мен әдеби мұра жастарға өткенді түсінуге, өз дәстүрін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оның еңбектерінде халық дәстүрлері мен салт-санасының маңыздылығы да айқын көрініс табады. Мысалы, мерекелер, тұрмыс-салт әдеттері, ән-жыр мен мақал-мәтелдер арқылы қоғамның рухани құндылықтары ұрпаққа жеткізіледі.

Басқа зерттеушілер де Қоңыратбаевтың мұрасына жоғары баға береді. Мысалы, белгілі әдебиеттанушы М. Әбдірахманова былай дейді: «Әуелбек Қоңыратбаевтың еңбектері қазақ фольклорын зерттеуде негіз салушы болды. Оның әдістемелік тәсілдері қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымында да қолданылып келеді». Бұл пікір ғалымның мұрасының өміршеңдігін және оның ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы рөлін айқындайды. Сонымен қатар, ғалымның шығармашылығы тек әдебиеттану саласында ғана емес, мәдениеттану мен педагогика саласында да үлкен әсер қалдырады. Мысалы, мектеп және университет бағдарламаларында Қоңыратбаевтың зерттеулері ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын әдістемелік құралдарға айналды.

Қоңыратбаевтың мұрасына сүйене отырып, жастардың бойында патриоттық сезім қалыптастыруға болады. Ол өзінің еңбектерінде ұлттық тарих пен дәстүрдің маңыздылығын бірнеше рет атап өткен. Ғалымның пікірінше, ұлттық сананы тәрбиелеу үшін тек ақпарат беру жеткіліксіз, маңыздысы – жастарды өз мәдениетімен таныстырып, оның құндылығын сезіндіру. Мысалы, ол ертегілерді, аңыздарды және мақал-мәтелдерді талдау арқылы балалар мен жасөспірімдерге тарихи сана мен адамгершілік қасиеттерді дарытуға болады деп есептеген.

Сондай-ақ, Қоңыратбаевтың еңбектері халықаралық мәдени байланыстарда да маңызы бар. Оның зерттеулері қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Зерттеуші Т. Жұмабек былай деп жазады: «Қоңыратбаевтың шығармалары арқылы қазақ фольклоры мен әдебиеті шет елдерде де танылады. Бұл ұлттық мәдениетті әлемдік аренаға шығару жолындағы маңызды қадам». Бұл пікір ғалымның еңбектерінің тек қазақстандық деңгейде ғана емес, жаһандық мәдени контексте де бағалы екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, Қоңыратбаевтың ғылыми әдістемесі оның зерттеулерін ерекше етеді. Ол тек мәтіндік жинақтаумен шектелмей, ауыз әдебиетін жан-жақты талдап, салыстырмалы және аналитикалық әдістерді қолданған. Ғалымның әдістемелік тәсілдері қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымында қолданылып, жаңа зерттеушілерге үлгі болуда. Мысалы, оның жинақтары мен зерттеулері арқылы халық ауыз әдебиетінің әлеуметтік, тарихи және мәдени мәнін түсінуге болады.

Қоңыратбаевтың мұрасы тек білім беру мен әдебиеттануда ғана емес, сонымен қатар жастардың адамгершілік және рухани тәрбиесінде де маңызды. Оның еңбектері ұлттық тарихты, дәстүрді және мәдени құндылықтарды жастарға жеткізуге бағытталған.

Ғалымның мұрасына сүйеніп, әрбір ұрпақ өз мәдениетін сақтап, оны дамытуға үлес қоса алады. Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармашылығы жастарға ұлттық рухты ұғынуға, өз тарихын бағалауға және патриоттық сезімін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармашылық мұрасы тек әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен руханиятты тәрбиелеу саласында да баға жетпес құндылық болып табылады. Оның еңбектері жастарға патриоттық тәрбие беруде, ұлттық тарих пен мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады.

Ғалымның мұрасы арқылы қоғамдағы әрбір адам өз мәдениетін бағалауға және оны сақтауға үлес қосады. Әуелбек Қоңыратбаевтың зерттеулері мен шығармашылық мұрасы қазақ халқының мәдени және рухани дамуына қосқан елеулі үлесі ретінде мәңгілік есте қалары анық.

Сонымен қатар, оның еңбектері ұлттық құндылықтарды ұрпаққа жеткізуге бағытталған ғылыми әдістемелік тәжірибелердің үлгісі болып табылады.

Қоңыратбаевтың шығармашылығы қоғамдағы мәдени сабақтастықты сақтап, ұлттық рухты жаңа буынға сіңіруде маңызды рөл атқарады. Ғалымның мұрасы жастарды өз дәстүрін қадірлеуге және ұлттық тарихқа қызығушылық танытуға ынталандырады. Сонымен қатар, оның еңбектері қазақ әдебиеті мен фольклорының дамуына қосқан тарихи үлесін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев, Ә. (2010). Қазақ ауыз әдебиеті: тарихы мен әдістемесі. Алматы: Ғылым.
2. Қоңыратбаев, Ә. (2005). Халық ертегілері мен аңыздары. Алматы: Атамұра.
3. Әбдірахманова, М. (2015). Қазақ фольклорының зерттелу тарихы. Қазақ әдебиеті журналы, 3(45), 12-25.
4. Жұмабек, Т. (2018). Қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде таныту жолдары. Мәдениеттану ғылыми журнал, 2(7), 34-47.
5. Қоңыратбаев, Ә. (2008). Мерекелер мен салт-дәстүрлер: зерттеу және жинақ. Алматы: Білім.
6. Smith, J. (2012). *Kazakh Folklore and National Identity*. London: Routledge.
7. Ivanova, L. (2010). *Central Asian Literature and Cultural Heritage*. Moscow: Nauka.
8. Қожанова, Г. (2016). Әуелбек Қоңыратбаевтың әдеби мұрасы және жастар тәрбиесі. Ғылыми зерттеулер журналы, 4(12), 56-68.

2 – СЕКЦИЯ

ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

ТҰРМАҒАНБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Ұ.Н. Жанбершиева

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа

Әдебиеттану ғылымында Сыр сүлейлерінің шығармалары туралы зерттеулер түрлі жаңа бағыттардың бірлесіп, тың еңбектердің жазылуына себеп болып жүргенін байқап жүрміз.

Мақалада Сыр сүлейі Т.Ізтілеуов шығармаларындағы танымдық қор мен ұлттық тәрбие көріністері айқындалады. Басқаша айтқанда, ұлттық тәрбиенің ұлт психикасына, ондағы ой орамдарына әсері, гибраттық үлгісі кең ұғымда тұтас алынып, тәрбие кілті ретінде түсіндіріледі. Жас ұрпақтың сөз арқылы дүниетанымы мен көзқарасын қалыптастырып, ұлтжанды етіп тәрбиелеу қарастырылады.

Демек, Т.Ізтілеуовтің толғау-термелері, мысалдары мен айтыстары, дастандарындағы тағылымдық ойлар мен өсиеттік үлгілер - ұлт рухының жыр үлгісіндегі көрінісі екені сараланады. Сыр сүлейлері шығармаларында ұлтымыздың тұтастай мәдениеті, тарихы, тәрбиесі сақталған. Сондай-ақ тәрбиенің негізгі қызметінің бірі – адамгершілік, имандылық арқылы көрінетіні анықталған.

Сол себепті де адам тәрбиесін нысан ретінде алып, оны ғылыми жүйеде қарастырып, танымы мен ойына психологиялық бірліктер мен дидактикалық ұғымдарға қарай зерттеу қажеттілігін ескере отырып, мақаламызда олардың парадигмаларына талдау жасауды мақсат тұттық.

Сондықтан, бұл мақалада Т.Ізтілеуовтің шығармаларының тәрбиелік ерекшелігі қарастырылды.

***Түйін сөздер:** тағлым, ұлттық дүниетаным, мағыналық парадигма, дидактика, рухани байлық, ұлттық рух, гибрат, насихат-өсиет, әлемдік өркениет.*

Аннотация

В литературоведении мы видим, что исследования о произведениях сказителей Сыра являются поводом для написания новых трудов вместе с различными новыми направлениями.

В статье будут определены познавательный фонд и национальные воспитательные сцены в произведениях сказителей-поэтов Сыра. Иными словами, влияние национального воспитания на психику нации, ее мышление, культовую модель в широком понимании воспринимается как ключ к воспитанию. Предусматривается формирование у молодого поколения через речь мировоззрения, воспитание у него патриотизма.

Следовательно, Т.Изтлеуов и Базар Ондасулы– великий поэт-жырау, примеры и высказывания, наставления и завещания в эпосах - воплощение духа нации в стихотворной форме. В произведениях поэтов сохранилась целая культура, история, воспитание нации. Также установлено, что одна из основных функций воспитания - нравственность.

Поэтому, принимая во внимание необходимость изучения человеческого воспитания как объекта, рассматривая его в научной системе, исходя из психологических единиц и дидактических понятий, в нашей статье мы ставим цель проанализировать их парадигмы.

Поэтому в данной статье была рассмотрена воспитательная особенность произведений сказителей Сыра Т.Изтлеуова.

Ключевые слова: мудрость, национальное мировоззрение, смысловая парадигма, дидактика, духовное богатство, национальный дух, сила, пропаганда-завет, мировая цивилизация.

Abstract

In literary criticism, we see that research on the works of storytellers is an occasion for writing new works along with various new directions.

The article will identify the educational fund and national educational scenes in the works of storytellers-poets Cheese. In other words, the influence of national education on the psyche of the nation, its thinking, the cult model in a broad sense is perceived as the key to education. The formation of the younger generation through the speech of the worldview and worldview, the education of patriotism from him.

Consequently, T. Iztleuov and Bazar are the great zhyrau poet, examples and statements, instructions and wills in epics are the embodiment of the spirit of the nation in poetic form. In the works of poets, a whole culture, history, and education of the nation have been preserved. It has also been established that one of the main functions of education is morality.

Therefore, taking into account the need to study human education as an object, considering it in the scientific system, based on psychological units and didactic concepts, in our article we set the goal to analyze their paradigms.

Keywords: *wherefore, in this article, the educational feature of the works of storytellers T.Iztleuov cheese was considered.*

Сыр елі сонау Қорқыт жырларынан бастап бүгінге дейін өнер-жырды құрметтеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, рухани байлыққа айналдырып келген.

Әлемдік өркениет кеңістігінде адамзаттың дүние әлемін, адамгершілік ұлағатын тәрбиімен ұштастырып, рухани қазынаға айналдырған.

Рухани жаңғыру ұлттық кодты негізге алады десек, тарихты тірілтпей, ұлттық сананы жаңғырту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мүмкін емес.

Сыр сүлейі Тұрмағамбет Изтілеуов – қазақ әдебиет тарихында өзіндік орны бар, ерекше ақын. Оның дидактикалық ағартушылық бағыттағы үгіт-насихат, өсиет өлеңдерінен бастап барлық шығармаларында ұрпақ, ұлт тәрбиесіне көңіл бөлгенін өз алдына сөз етуге тұрарлық мол дүние.

Оның ақындық, азаматтық позициясы да ұлттық тәрбие, ұрпақ тәрбиесі болған.

Сол себепті өлеңді ұлттық рух биігіне көтеруде Абай, Ыбырай, Міржақып, Сұлтанмахмұт сияқты классик ақындармен сарындас. Ар-ұят, иман-адамгершілік туралы пікірлері қазіргі заман тілегіне үндес, отбасылық тәрбиімен сабақтасып жатыр.

Т.Изтілеуов шығармаларының үлкен арнасы – лирикалық дидактикалық өлеңдер. Оның әдеби бай мұралары фольклордан тамыр тартып жатады. Шығармаларына негіз болған ауыз әдебиетінде жиі кездесетін мотивтер, халықтық көріністерді тәрбие көзіне айналдырып, адамгершілік түйін түйіп, халық поэзиясының дәстүрлі сипаттарымен байланыстырады.

Өскелең ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіруді, ұғындыруды мақсат еткен ол ел тарихының көркем шежіресін жасап, оны ұрпаққа ұлттық нақышта жеткізіп, сөз өнерімен өнеге, өсиет қалдырған.

«Адамға бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» - [1, 56] деп ұлы ғұлама әл-Фараби айтқандай, адам тәрбиесі орасан жауапты істерді жүктеген Тұрмағамбет ақын шығармаларында ұлттық тәрбие даралана көрініп, үлгі-өнеге басым келеді. Мысалы:

Кейбіреу сәл бақытқа мас болады,
Шабактай шалпылдаған қайрандағы.
Адамдық ісіңе жұрт аңсап тұрсын,
Не керек қарныңның құр майланғаны?!
Көңіліңе: «Мен де адаммын!»- деп жүргендер көп,
Кілегей майға ұксаған айрандағы.
Ер болсаң, елің үшін ет қызмет,
Сыбанып білегінді салсаң-дағы,- [2,27]

- деп адам бойындағы асыл қасиеттерді халқымыздың қайырымды, мейірбандығын жырлап ұрпаққа сөз өрнегімен ой тастайды.

Түркі-қазақ өркениетінің сан ғасырлар бойы игерген ұстанымы – ұрпақтардың азаматтық тұлғасын, үлгілі болмысын насихаттау. Әлем әдебиетінде осы үрдіс, яғни, ұрпақ тәрбиесі ең негізгі дүниетаным болып отыр.

Тұрмағамбет шығармалары да ұлттық тәрбиемен өзара сабақтас мәселелерді қамтумен ерекшеленеді. Ақындық пен ұстаздықты ұштастырған оның шығармалары тәрбие ұлағатымен сабақтас.

Қазақтың отбасылық тәрбиесінде адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда адамгершілік, халыққа қызмет ету парызы, елді, ата-ананы қадірлеу дәстүрі ұлттық тәрбиені мәңгілік ұлықтау екенін ақын:

Тұлпардың тұқымының туымы бар,
Белгілі ат болары тайдан-дағы
Тұлпардың тұқымының туымы бар,
Белгілі ат болары тайдан-дағы,
Алда аға, артта іні жетіп тұрса,
Жігітке ол бір құрал, сайман-дағы,
Деген бар: «Төртеу түгел – төрге шығар!»
Төрің сол – бақыт құстың байланғаны.
Алтау боп аузың ала бола қойса,
Дұшпанға құл боп анық байланбағы [2]

- деп халықтық тәрбиедегі адамдардың ізгілік жолдан айнымауын, ұлағатты ойлармен береді. Ұрпаққа өнеге болатын ұлтымыздың жақсы қасиеттерін үлгі етіп, тәрбие сабақтастығын айқындай түседі.

Оның ақындық тұлғасынан ұрпақ тәрбиесінің көрінісін қазақтың даналық ойлармен суреттегені байқалады. Барлық шығармаларында қазақтың ұлттық дүниетанымы, ұлттық тәрбиесі сабақтасып жатыр.

Адамзат баласы үшін ұрпақ тәрбиесінен асқан құндылық жоқ. Ұрпақ тәрбиесі арқылы ұлтты тәрбиелейміз десек, білім-ғылым арқылы биікке жететін болсақ, ғибрат, насихат-өсиет адамды тәрбиелеудің құралы екені Тұрмағамбет шығармаларынан анық байқалады.

Ата-баба дәстүрінде қалыптасқан адам мінез-құлқындағы жақсы мен жаман қасиеттерді ғибрат сөздермен өрнектей білген.

Жақсы мен жаман – философиялық категория. Адам баласы пайда болғаннан бастап келе жатқан ұғым, атадан-балаға мирас болатын осы өсиетті сөздерді Тұрмағамбет ақын:

Жаманға жақсы адам ақыл айтар,
Жақсыға жаман көзін бақырайтар.
«Тудым» деп, өзің туған мен де атадан,
Едәуір аузын керіп нақыл айтар, - [3,77]

- деп, өмірде нені қадірлеп, неден үлгі алу керек екенін жеткізуді өзіне міндет санайды.

Ұлттық сана мен ұлттық жады кез-келген халық үшін ең қастерлі, баға жетпес құнды қасиет деп ұққан ақын танымында тәрбие адамтанудың негізі деп есептейді.

Келешектің тұтқасы болашақ ұрпақ екенін пайымдаған ақынның жақсы мен жаманды өлең өзегінде салыстыра беруі, ұлттың рухани жетілуіне бағытталған ойы екені анық.

Ұлтымыздың тәрбие берудегі тиімді құралдары ертегілерде, эпостық шығармаларда әдет-ғұрып, бақыт үшін күрес, адамдардың өзара қарым-қатынастары, қазақ халқының ең жақсы қасиеттері елін, жерін сүйі бейнеленеді.

Үлкенге құрмет, әйелдерді қадірлеу, адамгершілік, мейірбандықты жырлау арқылы адамның ойлау қабілетін, тілін дамытып тұлға болып қалыптасуына септігін тигізетінін Тұрмағамбет өмірдің өзінен алынған қорытынды түйіндерді сөз асылымен маржандай етіп тізеді.

Мәселен,

Ердің ісі – келіс,
Жаманның ісі – керіс,
Ақылсыз адам, ауыздықсыз ат,
Керіспеймін деп мақтанба,
Кек сақтамаймын деп мақтан, [4]

- деп қысқа тұжырымды тұспал өсиетпен ұрпақ тәрбиесіне ықпал жасаған.

Өмір шындығынан қорытынды түйін жасаған қанатты сөздер мен халықтық мақал-мәтелдерді жиі кездестіреміз.

Әр халықтың өзі жасаған логикалық ережесі – мақал мен мәтелдердегі тәрбиелік ойлар тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйіндеп, бір-ақ ауыз сөзге сыйғызу, оның тәрбиелік мәнін ұрпақ санасына беруде: «Ердің өзіне қарама, сөзіне қара. Өлімнен ұят күшті», - деп ой түйеді. Мысалы, «Данышпан қарт» дастанында:

Кем болмас, кеңнің ісі қалайда да,
Қате емес қарттар айтқан нақлиқат.

«Тұтқын қыз» дастанында:

Жол табам жалғыз едім дегендерден,
Өшпесе, өсірмейді оның бойын.

«Рауа бану» дастанында:

Еңбегім есесізге еткен еш болар,
Не ексең, соны орасың,

- деген халық шежіресі тарихынан сыр шертетін мақал-мәтелдер арқылы ұлт тәрбиесін халықтық ұғыммен түсіндіреді, шешімі де байламды.

Ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін сазанды,
Ат қадірін білмесең, жаяушылық берсін сазанды [4]

Ұлт болашағы – ұлттық тәрбие деп ұққан ақын ас пен ат қадірін біліп, ұлттық рухты, ұлтжандылықты ұрпақ бойына сіңіруге ат салысқан. Халқымыздың әдет-ғұрпын, елді, дін мен тілді сүйіп, жаман әдет, жат қылықтардан аулақ болуға шақырған.

Өсиеттік ғибраты мол өлеңдерінде адам бақыты дәулетімен шектелмейтінін, жігіттің асыл қасиеті – халқына адал қызмет ету деп өнеге, тағлым беруді ұлттық құндылықтар арқылы ұғындыруды көздеген.

Бақ қонып, бастарыңа бітсе дәулет,

Көзің сал, көкірегі шерленгенге.
Қолайлы өз халқыңа қызмет қыл,
Белгілі бедеу сыры ерленгенге [3].

Адамгершіліктің ең жоғарғы сатысы – өнер, білімді игеріп, халыққа қызмет ету деп білген. Жеке бастың тәрбиесі адам болашағын белгілейтін бастау «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», - деген халықтық қағидамен байланыстырады. Сөйтіп ұлттық тәрбие беру арқылы отбасында парасатты ұрпақ өсіруді армандайды.

Тұрмағамбет шығармаларының түпкі ниеті – халыққа адал қызмет ету деген түйінге тіреледі. Ақынның «Шәкірттерге», «Балаларыма», «Ұстаз ұсынысы», «Адамдық іс», «Халық үшін туған хас жомарт», «Татулық», «Күн шықса нұр қашады айдан -дағы» т.б. өлеңдері халықтық тәрбиеге тұнып тұр.

Тұрмағамбет пайымында адам үшін ұрпақ тәрбиесінен асқан байлық жоқ, осы құндылықты ұрпақ бойына сіңіруде ұлтымыздың ұлағатына сүйене білген.

Халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-санасында үлкенге құрмет, аға мен іні, әйелі мен ері, ана мен бала арасындағы сыйластық, жарасымдылық, ауызбірлік сияқты қасиеттер тәрбие құралына айналған. Осы ойларды Тұрмағамбет «Тәлім» өлеңінде кестесін жатық етіп, көңілге қонымды береді.

«Аға» деген ініні
Жаным десе болады.
Ерін күткен әйелді,
Ханым десе болады.
Қызғалдақтай ұл-қызды,
Сәнім десе болады.
Ойлы туған ұлдарды,
Ғалым десе болады.
Осындай айтқан үгітті,
Ел біткенге таратып,
Мәлім десе болады [2,59]

Өлеңді оқыған әрбір адамның жүрегіне жетерлік ой жатыр, отбасылық тәрбие татулық, бірлік, сыйластық, құрмет жасанды емес, қарапайым халықтық тілмен суреттелген. Отбасының ынтымағы, бірлігінің жарқын көрінісін өлеңмен өрнектеген.

Академик З.Қабдолов: «Әдебиеттегі тіл көркемігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт-жұлт күлді бадамда болуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымдылығында, халықтылығы мен тазалығында жатады» [5], - дейді.

Осы пікірге сай ақын қолданған бейнелі сөзі өмір шындығы, тәрбие өрісі көз алдыға келеді.

XX ғасыр жаһандану кезеңі болғандықтан тәрбие, тағылым мәселесі мен туған әдебиеттің ұлттық сипатын, ақын халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасының көрінісіне сай баға берген. Халқымыздың ұлттық-рухани дүниесін байыта отырып, адамгершілік, азаматтық тәрбие беруді көздеген ақынның арқа сүйері – халық, халықтың келешегі боғандықтан өлеңдерінің дидактикалық талғамы зор мұра ретінде бағалы.

«Тәрбиенің түп қазығы – ғибратты, ғұмырлы, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлермен берілген ұлттық педагогика болып табылады» [6,10]. Олай болса, ұлттық тәрбиені жаңа талапқа сай жеткізуде Тұрмағамбет шығармалары тағылым болары сөзсіз.

Ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан дәстүр сабақтастығын жалғап, ұлттық тәрбиемен үндестіре жырлаған Т.Ізтілеуов шығармалары ұлтымыздың жадында сақталып, қайта жаңғырып, жалғасын тауып отыр. Отбасындағы татулық, бірлік, адамгершілік қарым-қатынастың негізін қалайтын ұлттық дәстүрді қалыптастыруда жеке адамның қалыптасу процесі мен нәтижесі болатын отбасы тәрбиесінің күші мен қуатын мойындайтын болсақ, Тұрмағамбет ақын ең алдымен отбасына назар аударғаны, оның бұлжымас ұстанымы болғаны сөзсіз.

Қазақ әдебиетіне баға жетпес үлес қосқан Т.Ізтілеуов шығармаларындағы ұлттық тәрбиенің көрінісін түгелдей түсу, бағасын беру азаматтық борышымыз және кезек күттірмейтін іс деп білеміз.

Пайдаланылған дереккөздері мен әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікәрімұлы Ж. Әл-Фараби педагогикасы. Оқу құралы.-Қарағанды: ҚарМУ, 2008. - 536 б.
2. Т.Ізтілеуов шығармалары. – Алматы: «Дешті Қыпшақ» баспа үйі, 2007. – 588 б.
3. Ізтілеуов Т. Шығамалар жинағы. Назым. - Алматы: Ғылым, 1982. - 320 б.
4. Жанбершиева Ұ. Т.Ізтілеуовтің әдеби мұрасы. – Алматы: Арыс, 2003. - 336 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 294 б.
6. Табылды Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992, - 240 б.

БЕЙСЕНБАЙ ҚАСҚЫРБАЙҰЛЫНЫҢ АЙТЫСТАРЫ

Төлебаев Қанатжан Тойбазарұлы

№230 орта мектеп

Арал ауданы

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі фольклорлық дәстүрден жазба әдебиетке өту үдерісі және осы кезеңдегі Сыр сүлейлерінің жазба айтыс өнерін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Жазба айтыстың ауызша айтыстан ерекшелігі, ақынның жеке ой-толғаныстарының басым болуы, көркемдік жауапкершіліктің артуы нақты мысалдар арқылы талданады. Әсіресе Әбдікәрім Оналбаев пен Бейсенбай Қасқырбаев арасындағы жазба айтыс негізінде мысал-хикаят тәсілінің қолданылуы, ғибраттық ой айту дәстүрі айқындалады. Жазба айтыстың білімділік пен сауаттылыққа сүйенген, мазмұны терең, уәжі салмақты әдеби құбылыс екені тұжырымдалады.

Түйін сөздер. Айтыс, фольклор, жазба айтыс, Сыр сүлейі.

Аннотация

В статье рассматривается процесс перехода от фольклорной традиции к письменной литературе в казахской литературе конца XIX – начала XX века, а также роль поэтов-сказателей земли Сыра в формировании искусства письменного айтыса в этот период. Анализируются отличия письменного айтыса от устного, преобладание индивидуальных размышлений поэта, возрастание художественной ответственности на основе конкретных примеров. Особое внимание уделяется применению приёма назидательного рассказа (пример-хикаят) и традиции выражения поучительной мысли в письменном айтысе между Абдикаримом Оналбаевым и Бейсенбаем Касқырбаевым. Делается вывод о том, что письменный айтыс является литературным явлением, опирающимся на образованность и грамотность, отличающимся глубиной содержания и весомостью аргументации.

Ключевые слова. Айтыс, фольклор, письменный айтыс, поэтов-сказателей земли Сыра.

Abstract

The article examines the process of transition from folkloric tradition to written literature in Kazakh literature at the end of the 19th and the beginning of the 20th centuries, as well as the

role of the poets and storytellers of the Syr land in the formation of the written aitys tradition during this period. The differences between written aitys and oral aitys, the predominance of the poet's individual reflections, and the increased sense of artistic responsibility are analyzed through specific examples. Particular attention is paid to the use of the parable-narrative (exemplary story) method and the tradition of conveying moral instruction, based on the written aitys between Abdykarim Onalbaev and Beisenbay Qasqyrbaev. The study concludes that written aitys is a literary phenomenon grounded in education and literacy, distinguished by its depth of content and the weight of its argumentation.

Keywords. Aitys, folklore, written aitys, the poets and storytellers of the Syr land.

Қазақтың ақындық өнері фольклорлық үлгіден жазба әдебиетке ұласқан кезеңі де XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басы деп танымыз. Өйткені, осы кезде, сөз өнерінде ауызша шығармашылығымен қатар жазба үлгідегі жаңашыл ақындар көбейе түседі. Мәселен, Шортанбай, Әбубәкір, Тұрмағамбет, Омар, т.б.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Сыр сүлейлерінің қалыптастырған жазба айтыс өнерінің тарихи уақытына дәл келеді. Ұлы жазушы-ғалымның атап көрсеткеніндей, жазбалық өнер – ауызекі айтқаннан әлдеқайда бөлек формада қалыптасады. Жазба айтыста ақынның жеке ой-толғаныстары рөл атқарады. Оның шығармалары көркем әдебиеттің еншісіне тиіп, ауызекі өнердің сипаттарынан жырақтай түседі.

Жазба әдебиеттің рөлі артып, мәртебесі көтеріле бастаған уақытта олар, импровизация – суырыпсалмалық өнерін тастап, алаңсыз жазба өлеңмен шұғылданады дей алмаймыз. Қайта аса дарынды суырыпсалма ақындардың шығармашылығына үстеме жауапкершілік алып келді десе де болғандай. Оларды елдегі шиеленіс өмір, теңсіздік түрлері шындай түскен еді. Осы кезде Жанак, Түбек, Шөже, Орынбай, Шортанбай, Сүйінбай, Қашаған, Дәме, Мұрат, Кемпірбай, Күдері қожа, Ақсұлу, Дәме, Ырысты қыз, Ұлбике, Біржан, Сара, Кеншімбай, Манат секілді айтыстың ірі тұлғалары дараланып шықты.

Әдетте, жазбаша айтыстың мақсаты әртүрлі болып келеді. Кәдімгі суырып – салма айтыстарындағыдай сатира жағы басым боп көрінгенімен, кейбір айтыстар уәж айтыс мәселесіне келгенде ұзағырақ толғайды. Көтеретін мәселелері де әр алуан. Жалпы жазба айтыстың тууына аса бір дайындықтың, саяси талап-тілектің болуы шарт емес. Мысалы, Әбдікәрім Оңалбаев пен Бейсенбай Қасқырбаевтың арасындағы алғашқы айтыс Әбдікәрімнің Бейсенбайға қиянат ықтиярсыз кітабымды алдың деп жала жабуынан басталады.

Асылы, жазба айтыс үлкен білім мен сауаттылық негізінде дүниеге келеді. Ауызекі айтыста бір-бір шумақтан жиын-тойда аты шыққандар да болған. Ал жазба айтыста тек сүбелі өнер иелері, оған нағыз саңлақ ақындар ғана қатыса алған.

Жазбаша айтыста сөз болып жатқан жағдайға байланысты мысал келтіреді, сол арқылы ақын өз ойын салмақтай жеткізеді. Тек оның ұйқасы, сөз қолданысы ақынның өз шеберлігіне байланысты және ол ақындардың ойы мен өрісін таныту үшін қолданылатын әдісі.

Б.Қасқырбаев Әбдікәрім Оңалбаевтың бірінші хатына жауапта мысал – хикаят келтіреді. Өсек сөзге ерген Мәруан жан жолдасын өлтіріп, Шам қаласына қашып кетеді. Сол өсектің кесірінен миллиондаған халық жапа шеккенін мысалға келтіре отырып, біреудің артынан анығын білмей ғайбаттама. Екі сөйлеу, өтірік сөйлеу азаматқа тән іс емес екендігін Әбдікәрім ақынға мойындатады.

Ағартудың әменгері аңлап бас,
Аз күн ермек маңсабына болма мас.
Масайраудың мазмұны-терең, тұңғиық,
Құрбы көңілін құр жасытып, етпе тас.

Мәруан еппен жан жолдасын өлтіртіп,
Шам-шәріге жалғаз қашқан жалаңаш.
Өсегінен миллион халық бүлініп,
Майдан түзеп, халық қырылып, ақты жас.
Шам деген Үрімдегі үлкен қала.
Ежелден даңқы Туран, Иран халқы,
Қан төгіп, қорғандарын еткен дала.
Асылы, Шамшы деген арабы тіл,
«Ш» - жұрнақ қысқартылған шәһижада.
Мәуренқан төккішінің сиқыршысы,
Асанға «у» бергізген Әсімаға.
Сондайын шамшы менен қол ұстасып,
Өсекпен жүрегіме салдың жара.

Қиялдың қанатында самғаған ақын ойынан туған мысалдар – Сыр бойы ақындарында жиі кездеседі. Себебі, сол кезде Сыр бойы ақындарының шығармаларында шығыс үлгісі сақталды. Өйткені, әдебиетте шығыс үлгісі дәстүр дәрежесіне жеткен болатын.

Сыр сүлейлерінің жалғасындай бола білген Б.Қасқырбаев айтыс атты дүбірлі өнерде өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Біздің қолымызда ақынның 1945 жылы ақындар айтысында айтқан «Қызыл қасқа бұқаның арызы», Жалағаш ауданының ақыны Төлеубай Үркімбаев және Әбдікәрім Оңалбаевпен жазба айтыстары бар. Бейсембайдың Төлеубай, Әбдікәрім ақындармен айтысы толассыз, әрі сәтті жалғасып отырған. Осы айтыстары арқылы оның айтыс өнеріндегі ерекшелігі де айқындалды. Ол Бейсембайдың тапқырлығы, білімпаздығы, қарсыласымен шебер айтыса отырып, толғамды ойлар мен замана, дәуір бейнесін көрсете білуі. Айтысты «От басы, ошақ қасын» күйттеуден аулақ, әлеуметтік мәселе қозғайтын өнер майданына шығаруы.

Жергілікті ақындар Үркімбаев Төлеубай мен (Жалағаш ауданы) Бейсембай Қасқырбаевтың Қармақшы ауданының атынан 1944 жылдың 11 қарашасынан бастап, 1945 жылдың 20 қаңтарына дейін екі ауданның жетістік, кемшіліктері жөнінде баспасөз бетінде өнер жарыстырған. Т.Үркімбаевтың бірінші хаты (1944.11.11) Бейсенбайға жолданады. Бармысың, Қармақшыда Қасқырбаев? деп басталады.

Бейсенбайдың жеке басының қасиеттерін санамалай келе:

Жасыңнан өленді сен сүюші едің,
Алтындай асыл сөзді жиюшы едің.
Толтырып, қарыныңды қазынаға
Халықтың құлағына күйюші едің
Жалықпай елің үшін қызмет етіп
Жаныңды керек десе қиюшы едің
Бір басты, екі аяқты пенде болса
Өлеңмен алысқанда жеңуші деп өнеріне үлкен баға береді.
Екеуінің де туған жері Қармақшының өткені мен бүгінін зерделейді.
Қармақшы мен де туған жерім еді
Өзімді ерке өсірген елім еді.
Қамыстан ат қып мініп, асыр салған.
Төрт көлдің төбешігі дөңім еді.
Суы бал, топырағы алтын, шөбі шүйгін,
Малға жай бетегелі белім еді ...
Есіліп ер анамыз еміреніп
Еңбектің ықпалына көніп еді.
Үйіліп ақ қырмандар Алатаудан
Айтарлық алтын дәнді төгіп еді.

Қаһарман Қармақшының қалың елі
Кездескен кедергіні жеңіп еді.
Амал не, осы биыл Қармақшының
Хал-жайы өте нашар көрінеді.
Ортақ боп туған жердің қайғысына
Қабырғам қарап жүріп сөгіледі.

Айтыс Қармақшы ауданының егін жинауда жоспардың төрттен бірі ғана берілгенін, ауданда орны толмас кемшіліктердің орын алғанын тілге тиек етіп, оған кінәлі кім, шаруашылықты тез арада қалай жөндемексіздер деп сұрайды. Расында шаруашылық жайын сөз ету – уақыт талабы. Ақындар күнделікті қарапайым тіршіліктің өзін отан алдындағы зор жауапкершілікке балаған тұстары аз емес. Бейсенбай да сөз таппай қалмайды, бірінші хатқа (136 өлең жолы) 221 өлең жолымен жауап қайтарады.

... Жұмыстың басын бастап, артын тастап,
Меніңше сіз айыпты, сыртқа көшкен
Жеткіншек тәрбиелеп мұра сайлап,
Қалдырмай неге асықтың, қай себептен?
Дәлелсіз мен айыпты қалай болам,
Ерлермен етігімен суды кешкен?
Тынық Дон, Днепрдің жұққан суы
Жыл толмай, етігімнен жоқ қой кепкен.

Яғни, Бейсенбайдың соғыстан оралғанына жыл да толмаған еді. Сен ер болсаң, әуелі Қармақшыдай елінде танылмадың ба, елімнің айбарын асырмадың ба,- деп кінәні Төлеубайдың өзіне аударады.

...Түс көріп мұңайыпсың, қайғы жеп
Халық мұңын неге ерте жыр етпедің?
Мерзімді дер кезінде көрсетіп дөп.
Іс жайын ертеменен сезген болсаң,
Неге үгіт жүргізбедің, ауданға кеп?
Өткен жылкөктемінде неге жазбай,
Болмаса не бітірдің ала жаздай.
Жиналып егін – тегін қыста бітіп,
Ол да өтіп, құстар келді, тобын жазбай.
Кезінде Асанқайғы кезді жерді,
Каспий, Арал, еділ, Жайық суын көрді.
Жетісу, Торғай, Ертіс суын шолып,
Желдіріп желжаямен төсін керді.
Болмаса қалған, аз атағы,
Қайғыдан басқа, халыққа нені берді.
«Бар өнім шұнайыпты», - деп қайғырған,
Сөзіңіз қажытпай ма қайратты ерді?

Бейсенбайдың хатында халыққа жігер, қайрат, қуат беретін отты сөздер бастан-аяқ төгіліп жатыр. Ел қорғаудағы ерлердің есімі, жеңіске жету мақсаты, халқымыздың жеңіс тойы тезірек жетсе екен деген тілегі өлеңнің өн бойында ақынға тән стильмен келісті өрілген. Ел бірлігінің арқасында фашистерді талқандайтынымызға сенімі зор. Халықтар достығы, ел бірлігі, патриотизм – Бейсенбайдың басты нысаны.

Б.Қасқырбаевтың Т.Үркімбаевпен бірінші айтысындағы талантын таразылай келе, нағыз ақын екенін сезінесіз. Ол татулықты, достықты, отан-ананы, туған жер мен ел тарихын, оның сүйікті ұлдары мен қыздарын, еңбекті жырлады. Еңбегі жанған ерлерді сұлу сөзбен сырлады.

Екінші айтыс көлемі 296 жолды құрайды. Сөз кезегінде ақындар қыр-сырына қанық шаруашылықтағы кемшіліктерді, социалистік жарыстағы екі ұжымның

жетістіктерін нақты фактілер арқылы көрсетеді. Сын түзелмей, мін түзелмейді деген қорытындыға келеді. Т.Үркімбаев:

Қаһарман Қармақшының қалың елі,
Кездескен кедергіні жеңіп еді.
Егістен, малдан өнім мол өндіріп,
Майданға сансыз көмек беріп еді.
Жарыстар облыстағы, аудандардың,
Алдыңғы кеудесіне келіп еді.
Осындай абыройдан аумаспас деп,
Кеуілімде бұл бір мықты сенім еді,
Амал не, осы биыл Қармақшының,
Хал-жайы өте нашар көрінеді.
Ортақ боп туған жердің қайғысына.
Қабырғам қарап жүріп сөгіледі.
Ұйықтасам кейбір түні түсіме еніп,
Ойсырып ойым ойға бөлінеді.
Алды бар аудандардың арты да бар,
Ішінде бүтін де бар, жарты да бар.
Ең артта қалды деген Қармақшының,
Қайғылы хабары бар, даңқы да бар.

Айтыс барысын сараласақ, оза шауып, дараланған Бейсенбайдың ақындық таланты көрінеді. Ал тақырып аясында олардың бірлігі сақталады. Бұл айтыстарда ақындар руының, жеке басының намысын жырtpпайды, әріптесі де ол жағына барыспаған. Олар жалпы елдік, әсіресе, қоғамдық мүддені алға қойып жырлады. Мақтау мен даттау сөздері қоғамы үгіт насихат деңгейінен аспайды. Осы кездегі айтыстың үлкен бір ерекшелігі – ақын өз атын ғана емес, өзінің облысы, ауданы, ұжымындағы келеңсіздіктерді алдын ала газеттен оқып, «хат тасушы» адамның да тұртпек болатыны бар (мысалы Т.Үркімбаевқа Қармақшы ауданының мәліметін беріп тұрған Кенжебаев Зейнебіл деген кісі) берілген деректермен толық танысқаннан кейін ғана сынасады. Сол себептен де айтыс шын мәніндегі өнер жарысы, таланттық қабілет сайысы деңгейіне жете бермегенінде жасыруға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқырбайұлы Б. Ел деп соққан жүрегім. Өлеңдері мен айтыстары. Алматы, 2007.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. -Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. 1997.

ҚАРАСАҚАЛ ЕРІМБЕТ АЙТЫСТАРЫНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оралова Гүлзира Сапарқызы

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Андатпа. Бұл мақалада XIX ғасырдағы көрнекті ақын, айтыс өнерінің ірі өкілі Қарасақал Ерiмбеттің айтыстарының поэтикалық ерекшеліктері ғылыми тұрғыда кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – ақын айтыстарының көркемдік жүйесін, тақырыптық-идеялық мазмұнын, образ жасау ерекшелігін және тілдік-стильдік қолданыстарын айқындау болып табылады.

Мақалада Қарасақал Ерімбеттің Жекей қызбен айтысы мен Шораяқтың Омары айтысы негізгі дереккөз ретінде алынып, олардың құрылымдық-композициялық жүйесі, поэтикалық өрнегі және мазмұндық сипаты талданады. Аталған айтыстар арқылы ақынның суырыпсалмалық қабілеті, импровизациялық шеберлігі, сөз саптау мәдениеті мен шешендік даралығы нақты мысалдар негізінде сараланады. Сонымен қатар зерттеуде Қарасақал Ерімбет айтыстарының жазбаша айтыс дәстүрімен сабақтастығы қарастырылып, жазбаша айтысқа тән поэтикалық ерекшеліктер мен көркемдік тәсілдердің ақын шығармашылығында көрініс табуы айқындалады. Әсіресе жазбаша айтысқа тән қосалқы басу айту салтының Ерімбет айтыстарында қолданылуы оның дәстүрлі айтыс мектебін терең меңгергенін және поэтикалық ойлау жүйесінің күрделілігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде Қарасақал Ерімбет айтыстарының халықтық дүниетанымды, әлеуметтік ойды және ұлттық құндылықтарды көркем бейнелеудегі ролі анықталып, ақын поэзиясының қазақ айтыс өнері тарихындағы орны мен маңызы ғылыми тұрғыда негізделеді. Мақала мазмұны қазақ ауыз әдебиеті, айтыс поэтикасы және дәстүрлі сөз өнерін зерттеуге бағытталған ғылыми ізденістерге теориялық әрі практикалық тұрғыдан үлес қосады.

Кілт сөздер. Сыр сүлейі, айтыс, жазбаша айтыс өнері, қазақ поэзиясы, суырыпсалмалық, поэтика, көркемдік ерекшелік, халықтық дәстүр, тілдік өрнек.

Аннотация. В статье всесторонне и комплексно рассматриваются поэтические особенности айтысов выдающегося поэта XIX века, крупного представителя айтысного искусства Карасакала Еримбета. Основной целью исследования является выявление художественной системы айтысов поэта, их тематико-идейного содержания, особенностей образной системы, а также языково-стилевых средств.

В качестве основных источников исследования анализируются айтысы Карасакала Еримбета с Жекей кыз и с Шораяком Омаром, в рамках которых раскрываются их структурно-композиционные особенности, поэтический строй и содержательная специфика. На основе конкретных примеров определяется импровизационное мастерство поэта, его суырыпсалмалық (экспромтная) традиция, культура поэтического высказывания и индивидуальное ораторское искусство. Кроме того, в статье рассматривается преемственность айтысов Карасакала Еримбета с традицией письменного айтыса, выявляются поэтические особенности и художественные приёмы, характерные для письменного айтыса и нашедшие отражение в творчестве поэта. Особое внимание уделяется традиции «қосалқы басу айту» – особой практики письменного айтыса, когда в ходе исполнения кроме основных участников другие поэты вставляют дополнительные поэтические строки, дополняя и развивая основное содержание. Проявление этой традиции в айтысах Еримбета свидетельствует о глубоком освоении им традиционной школы айтыса и сложности его поэтического мышления.

В результате исследования определяется роль айтысов Карасакала Еримбета в художественном отражении народного мировоззрения, социальных идей и национальных ценностей, а также научно обосновывается место и значение поэзии поэта в истории казахского айтысного искусства. Материалы статьи вносят теоретический и практический вклад в исследования казахской устной литературы, поэтики айтыса и традиционного словесного искусства.

Ключевые слова. Поэт-импровизатор айтыс, письменный айтыс, казахская поэзия, импровизация, поэтика, художественные особенности, народная традиция.

Annotation. The article comprehensively and comprehensively examines the poetic features of the aitys of the outstanding poet of the 19th century, a major representative of the aitys art Karasakal Yerimbet. The main purpose of the research is to identify the artistic system

of the poet's aitys, their thematic and ideological content, the features of the figurative system, as well as linguistic and stylistic means. The main sources of the study are the aitys of Karasakal Yerimbet with Zheki kyz and Shoryak Omar, which reveal their structural and compositional features, poetic structure and content specifics. Based on specific examples, the poet's improvisational skills, his suyrypsalmalyk (impromptu) tradition, culture of poetic utterance and individual oratory are determined. In addition, the article examines the continuity of Karasakal Yerimbet's aitys with the tradition of written aitys, identifies the poetic features and artistic techniques characteristic of written aitys and reflected in the poet's work. Special attention is paid to the tradition of "kosaly basu aitu" – a special practice of written aitys, when during the performance, in addition to the main participants, other poets insert additional poetic lines, complementing and developing the main content. The manifestation of this tradition in Yerimbet's aitys testifies to his deep mastery of the traditional Aitys school and the complexity of his poetic thinking. As a result of the research, the role of Karasakal Yerimbet's aitys in the artistic reflection of the national worldview, social ideas and national values is determined, and the place and significance of the poet's poetry in the history of Kazakh aitys art is scientifically substantiated. The materials of the article make a theoretical and practical contribution to the research of Kazakh oral literature, aitys poetics and traditional verbal art.

Keywords. Improvisational poet aitys, written aitys, Kazakh poetry, improvisation, poetics, artistic features, folk tradition.

Қазақ поэзиясындағы айтыс – ұлт руханиятын, халық дүниетанымын көркем бейнелейтін дәстүрлі өнер. Қазақ халық әдебиетінің көптомдығының «Айтыс» деп аталатын бірінші томында айтыстың халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласы екендігін айтады: «Айтыс-«айт» етістігінен туған зат есім, өз мағынасымен алғанда «айтыс» екі кісінің сөйлесуі. Бұл сөйлеу қазақ арасында кең ұшырасады. Айтыс кейде «талас» мағынасында ұғылып, біреу мен біреу таласса, жанжалдасса «пәленше мен түгенше айтысып қалыпты» деп те атайды», - [1,7]. Осы анықтаманың өзі айтыстың көне замандардан келе жатқан, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдық қатынастарын бейнелейтін дәстүрлі ауыз әдебиеті саласы екенін дәлелдейді. XIX–XX ғасырлар шегінде айтыс ауызша суырып салмалықпен қатар, жазбаша үлгіде дамып, жанрлық ауқымы кеңейді. Жазбаша айтыстың поэтикалық дәстүр ретінде жүйелі дамуы, ең алдымен, **Сыр өңірі ақын-жырауларының әдеби мектебімен, шығармашылық дәстүрімен тығыз байланысты.**

Сыр сүлейлері ішінде жазбаша айтысты мазмұндық әрі композициялық тұрғыдан жетілдірген көрнекті тұлға – Ерімбет Көлдейбекұлы.

Айтыс жанрының даму ерекшеліктерін зерттеген әдебиеттанушы ғалым

Т.Тебегенов айтысты үш түрге бөліп қарастырған:

1. мұсылмандық-ағартушылық айтыс;
2. еларалық-ұлтаралық айтыс;
3. жазбаша айтыстар [2, 8],-деп бөледі.

Бұл жанрлық жіктеу Ерімбет поэзиясының табиғатын танып-білуге де негіз болады. Ақынның «Ерімбет пен қыз Жекей», «Ерімбет пен Ыбырайым», «Ерімбет пен Аппаз», «Ерімбет пен Шораяқтың Омары» секілді кеңінен танылған айтыстары бар. Сонымен бірге «Інісінің апасына түс жорытқаны «Ерімбет пен Жұмабайдың сөз қағысуы», «Ерімбет пен Сайымның жауаптасуы», «Қыз Ханыммен жауаптасуы» жазбаша айтыстары *Сырдария кітапханасы* сериясымен жарық көрген жинақта «айтыс үлгілері» ретінде топтастырылған.

Аталған туындылардың жанрлық және көркемдік табиғатын салыстыра зерделеу, ең алдымен, Ерімбет Көлдейбекұлы шығармаларындағы поэтикалық құрылымның бірқатар тұрақты ерекшеліктерге ие екенін көрсетеді.

Біріншіден, Ерімбет айтысы синкретті сипатқа ие. Яғни, бір шығарманың өзінде намә, насихат, толғау, діни уағыз секілді бірнеше поэзиялық үлгілер алма-кезек қолданылып, айтыстың мазмұнын байытады.

Екіншіден, өлең құрылысы жағынан күрделі. Ұйқас түрлері сан алуан болып келеді ол айтыстағы тартыстың шиеленісуіне, оқиғаның дамуына қызмет етеді. Бұл айтыстың драмалық қуатын арттырады.

Үшіншіден, Ерімбет айтысындағы дәлелдер діни-танымдық негізге сүйенеді. Ақын Құран, шариғат қағидаларын мысалға келтіре отырып, қарсыласын нандыруға тырысады. Мұның өзі айтыстың ой жүйесін күшейтеді.

Төртіншіден, көркемдік айшықтар молдығы. Риторикалық сұрақ, антитеза, астарлы мысқыл, айқындаулар, эпитет, ирония – ақын тілінің өткірлігін арттырып, айтыстың эстетикалық әсерін күшейтіп отырған.

Бесіншіден, айтыстың лирикалық және психологиялық тереңдігі жоғары. Айтыс тек сөз жарысы емес, адамгершілік, елдік мүдде, рухани болмыс мәселелерін көтереді. Ақын кейде өз мінезін, кейде заман келбетін ашып көрсеткен.

Ойымыз дәлелді болу үшін мысалға жүгінейік.

«Ерімбет пен қыз Жекей» айтысы – Ерімбеттің жанрлық-стильдік ерекшелігін танытатын негізгі поэтикалық мәтіндердің бірі. Айтыс – қыз бен жігіт айтысына жатады.

Айтыстың ең алдымен назар аударар тұсы – лирикалық тереңдігі. Ерімбет өз тағдыр жолын, елден жырақта қалған сәтін ішкі сезім иірімдері арқылы бейнелейді. Бұл – айтысқа шынайы психологиялық реңк беретін маңызды поэтикалық ерекшелік.

Айырылған үйірінен мен бір марал,
Басына бәйтеректің құс ұялар [3, 190]

Осы тармақтарда ақын метафоралық тәсілді қолдана отырып, өзінің әлеуметтік-психологиялық жағдайын жинақталған көркем образ арқылы береді. «Үйірінен айырылған марал» – туған ортасынан ажырап, қорғансыз күй кешкен тұлғаның **тағдырлық образы**. Ал «бәйтерек», «құс ұясы» бейнелері бөтен ортада уақытша пана тапқанымен, толық сенім мен тұрақтылықтан айырылған рухани ахуалды мегзейді.

Ерімбет жастық шағында Ханым есімді қызды алып қашып, қуғынға ұшырайды да, Қазалының Елібай өңірінде бірнеше жыл бөтен елде өмір сүруге мәжбүр болады. Осы әлеуметтік – оқшаулану кезеңі оның шығармашылық ойлау жүйесіне әсер етіп, айтыстың поэтикалық құрылымының дамуына әсер еткені байқалады.

Айтыстың маңызды ерекшеліктерінің бірі – Ерімбеттің айтысқа қатысушы екі поэтикалық тұлғаны да өзі сомдауы. Айтысушы образдар ақынның көркемдік ойлау жүйесіне сай үйлестіріліп, туындының идеялық өзегін айқындайды. Сондықтан бұл айтыс дәстүрлі суырыпсалма үлгіден өзгеше сипатқа ие. Алғашында ел арасында ауызша тарап, кейіннен Ерімбеттің өзі ой елегінен өткізіп, қайта өндеп қағазға түсіргендіктен, шығарма жазбаша айтыс поэтикасына тән тұрақты композициялық құрылыммен ерекшеленеді.

Әдебиеттану ғылымында мұндай тәсіл диалогтық негіздегі психологиялық құрылым ретінде түсіндіріледі. Мұнда автор ішкі идеялық қайшылықты екі кейіпкердің тартысы арқылы ашып, ішкі монологты сыртқы диалогқа айналдырады.

Бұл айтыс – композициялық құрылымы жағынан оқиғалы, баяндауға негізделген айтыс. Ғалым Т.Тебегенов: «Жазбаша айтыстардың кейбір үлгілерінің жанрын шартты түрде айтыс-дастан деп атауға болады. Себебі, жазбаша айтыстардың кейбірі қисса-дастан жанрына ұқсастық жағдайында жазылады» [2, 34], -дейді.

Сонымен қатар, ғалым Ұ.Жанбершиева жазбаша айтысқа тән үш негізгі қағидалы көрсетеді:

1. тақырып пен идеяның айқын болуы;
2. композиция мен сюжеттік желінің жүйелі құрылуы;
3. көркемдік сөз айшықтарының мол қолданылуы [4, 173]

Осы ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, «Ерімбет пен қыз Жекей» айтысы – оқиғаға құрылған құрылымдық тұтастығымен, поэтикалық бейнелілігімен және тәрбиелік мәнімен айтыс-дастан жанрының табиғатына толық сай келетін көркем туынды. Пікірталастық насихат басым. Айтыста элеуметтік сын да өткір айтылады. Жекейдің:

Әлімнің ақылы жоқ, түйе заңлас,

Өлтірткен Жанқожадай асыл ерін! [3,196],- тармақтарда жекелеген руға емес, елдік мүддеге қатысты намыс пен жауапкершілік мәселесін қозғаған өткір сын. Жекей сөзі арқылы айтылған бұл ой халықтың тарихи жады мен ерлік дәстүрінің қадірленбеуіне деген наразылықты танытады. Осылайша айтыс сыншылдық ойға құрылып, туындының мазмұндық салмағын күшейте түседі.

Басында ер Қорқыттың жанар шырақ

Өлген соң көз жұмылып, бітер құлақ [3,194],-деген тармақтар – Қорқытты рухани биік пен даналықтың символы ретінде көрсетіп, мәдени-тарихи символ айтысқа эпикалық өріс береді. Жекеймен сөз тартысында антитеза тәсілі де тиімді қолданылған:

«Мен – көлдегі көлбеңдеген қоңыр қазбын,

Сен – шөлдегі қарабауыр боз бұлдырық» [3,195].

Бұл жерде екі бейне – кеңдік пен таршылықты, еркіндік пен тәуелділікті, рухани биіктік пен тұрмыстық шектеулікті қарама-қарсы қою арқылы ашылады. Осы қарама-қарсы салыстыру кейіпкерлердің дүниетанымдық айырмашылығын ғана емес, олардың элеуметтік-психологиялық алшақтығын да дәл көрсетеді. Бұл тәсіл айтыстағы мінез қақтығысын күшейтіп, тартыстың көркемдік қуатын арттыра түседі.

Сонымен бірге Жекейдің риторикалық сұрақтары айтыстың эмоционалдық қуатын арттырып, поэтикалық мысқыл мен өткір мінезді көрсетуге қызмет етеді:

«Нағашым, я жиенім емессің сен,

Көрісіп жын ұрды ма көрінгенмен?» [3,189].

немесе:

«Молдеке, қайда қалған сенің көлің?

Қызыл үй орыс алған бөлім-бөлім» [3,195].

Бұл сұрақтар жауап күтпейтін тілдік құрылым болғанымен, тыңдаушының ойын оятып, қарсыласына психологиялық қысым түсіреді. Жекейдің тапқырлығы, астарлы мысқылы мен элеуметтік наразылығы осы тұста анық танылады.

Жалпы айтыс поэзиясында риторикалық сұрақ – ой тастау, шындықты әшкерелеу және эмоционалдық әсерді күшейтуге бағытталған маңызды көркемдік тәсіл.

Айтыстың негізгі идеялық өзегі – «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген халық даналығымен сабақтасқан тәрбиелік-танымдық қағида. Ерімбет ел ішіндегі элеуметтік әділетсіздікті, адам бойындағы міндерді ашық сынау арқылы қоғамды ізгілікке, ар-ождан тазалығына үндейді.

Жұмбақ айтыс – ақындардың логикалық пайымын, дүниетаным кеңдігін, тілдік шеберлігін сынға салатын интеллектуалдық-поэтикалық сайыс үлгісі. Бұл дәстүр қазақ поэзиясында бұрыннан белгілі болғанымен, оның жазбаша айтыста жаңа сапалық деңгейде дамуына Қарасақал Ерімбет шығармашылығының да елеулі ықпалы бар. Жұмбақ айтыстар ақын өмір сүрген кезеңнің элеуметтік-мәдени келбетін танытатын маңызды дереккөз қызметін де атқарады.

«Ерімбет пен Шораяқтың Омары» айтысының композициялық жүйесі осы жұмбақ ұсыну – жұмбақ шешу үлгісінде өрбіп, одан әрі элеуметтік-этикалық тартысқа ұласады. Мәселен, Ерімбет Көлдейбекұлының Шораяқтың Омарымен, Аппазбен және Ыбырайыммен болған үш айтысы **жұмбақ айтыс** түріне жатады. Бұл айтыстар **дүниетанымдық мазмұнға** құрылып, **пікір сайысы** сипатында өрбиді.

Бірінші жұмбақ бұл газетте жарияланады.:

Ерімбет: «Теңізден терең қайсы, желден жылдам,

Не болар балдан тәтті, жерден жалпақ"?деп жұмбақтайды.

Оған Омар: «Нәрсе жоқ тілден жүйрік, ойдан – терең» деп,
«Не тәтті» дегеніне «О, дарих, кәләм шәріптің лебізі бал» [3, 212], деп шешеді.

Жұмбақпен басталатын бөлімі композициялық дамуда бірнеше маңызды қызмет атқарады. Жұмбақпен басталу айтыс құрылымында экспозициялық қызмет атқарады, поэтикалық тартыстың бағытын айқындайды. Сонымен қатар, қарсыластың білімдік және логикалық қабілетін сынау – айтыстың көркемдік-танымдық қызметін күшейтіп, оны айтыс композициясының жетекші әдісіне айналдырады.

2-жұмбақ:

Қысырақ саны он екі, кеткен ыдырап,
Естіп жоқ хабарын, шықтым қарап.
Сұрадым жылқышыдан буаздарын,
Кетті,-дейді төртеуі оның қысырап. [3, 213]

Омардың нақты әрі дәл жауабы:

«Он екі жілігіне хайуанаттың
Келеді қиюласып сөз жүйесі...» - деп жауап айтады [3, 214].

Жұмбақтың шынайы шешілуі композициялық түйін құрып, айтысты танымдық деңгейден тұлғалық-элеуметтік тартыс өрісіне ауыстырады. Ерімбет ақын Омарға сегіз жұмбақ жазған. Төртеуіне Омардан жауап келген.

Айтыстың идеялық-композициялық құрылымында Ерімбет қарсылас бейнесін ирониялық және сатиралық теңеулер арқылы даралайды:

«Ағаға іні сөзі жасындай-ақ,
Ауыр сөз айттың бізге аңдатуға,
Ағанды көрдің бе, інім, масылдай-ақ»[3,152].

«Ақымаққа түсіну жоқ тимей таяқ»,
Баладай батпан-батпан сөз жазады...»[3,153]

немесе:

«Енді жат жарқанаттай жар астында,
Даусыңды құрбақадай шығармай-ақ!»[3,153].

Құстардың бейнесін ирониялы теңеулерде қолданып, қарсылыстың шама-шарқын таныту мақсатында айтысқа көркемдік рең бере бейнелейді.

«Атаңдай ағанды, інім, мұнша сөгіп,
Хатима мен хутима келер өзі-ақ.
Тілеймін сенен пана пәруарлігәр,
Өркімді өз көңілінен құдай таппақ!»[2,159 б.]

Омар ақын жаубында: «Бұрқапсыз аққан судай тайыз жаптан .

Сарқырап астын-үстін сапырмайды,
Дарияның, назарың сал, суына аққан!
Сыбанған сырттан білек екпініңнен,
Түрі бар Қазалының жаңғырыққан.
«Өзелгі алғыр бүркіт мұздыбалақ,-
Халық күлді,-қайбыртқаны ма,-деп бұлдырықтан?!»[3, 160] - дейді.

Ақын қолданған теңеулер кейіпкердің қарсыласының тұлғалық қасиеттерін кекесінмен бейнелеудің көркемдік тәсілі ретінде ойдың түпкі мағыналық реңін аша түседі. Айтыста мақал-мәтелдер де ойды кеңейте түсетін көркемдік тәсіл ретінде көп қолданылған. Мәселен, «Бойыңнан сөзің биік болсын», «Егінді біреу салған, біреу ормас», «Ит үрер, керуен кешер», «Халық-таразы», «Атаңа не істесең, алдына сол» т.б.

Айтыс құрылымында сонымен қатар, Ешанияз сал, Шернияз, Сәтбай, Сәдір би, Базар жырау, Сүйіндік, Аманжол, Құлназар, Шегебай секілді елге қадірлі тұлғалардың аталуына

қарап, айтыстың сол кезеңдегі рухани ортамен байланысы да аңғарылады. Мұндай көркемдік қолданыстар:

- айтыстың дидактикалық мазмұнын күшейтеді;
- қоғамдық ортадағы тұлғалардың орнын айқындап, бағалау жүйесін жасалады;

Бұл тәсіл – поэтикалық тартыстың идеялық салмағын арттырады.

Ерімбет Көлдейбекұлының бұл көркемдік әдісі қарсыласын кемітуге ғана емес, әлеуметтік көзқарасты айқындап, айтыстағы психологиялық және қоғамдық тартысты, күшейтіп, айтыс көркемдігін өрістетеді.

Жазбаша айтыс – құрылысына қарай түре айтыс және сүре айтыс болып екіге бөлінеді. Бұл айтыс түрінің басты ерекшелігі – оған бір мезетте бірнеше ақынның қатыса алу мүмкіндігі. Зерттеуші Т. Тебегенов жазбаша айтыстарды қатысушы ақындар санына қарай төмендегідей жіктейді:

- екі ақынның айтысы;
- үш ақынның айтысы;
- төрт ақынның айтысы;
- алты ақынның айтысы;
- жеті ақынның жұмбақ айтысы;
- тоғыз ақынның айтысы;
- бір ақын мен он алты ақынның айтысы («Ырысты мен он алты ақынның айтысы»).

Ғалымның пайымдауынша, жазбаша айтыстың құндылығы қатысушылар санына емес, тақырыптық тереңдігіне, ой ұшқырлығы мен өміршендігіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, жазбаша айтыс қазақ поэзиясының этнопсихологиялық және этнопедагогикалық қырларын айқындайтын күрделі көркемдік құбылыс ретінде бағаланады.

Сыр сүлейлеріндегі тағы бір ерекшелік, хат арқылы айтыса отырып, арты дауға ұласатын жағдайларда аралық сөздермен дауды тоқтатып, пікір білдіретін жағдайлар да көп кездеседі. Олар көпшіліктің назарын аударып, сауал тастап, оның жауабын беру арқылы төрелік жасаған.

Ерімбет пен Омардың айтысында да тартыс шиеленіскен тұста Балқы руынан шыққан Оразымбет Есентайлақұлы мен Кете руынан шыққан Шегебай Бектасұлы араласып, айтыстың эстетикалық әрі әлеуметтік маңызын арттыра түскені байқалады.

Айтыстың мазмұндық жүйесінде шешендік, діни, шежірелік, батырлық дәстүр және мақал-мәтелдерге негізделген тәрбиелік-этикалық ой тоғысады. Бұл – айтыстың рухани-мәдени жүгін күшейтіп, идеялық салмағын арттыратын маңызды көркемдік сипат.

Айтыстың өлшемдік-пішіндік жүйесі поэтикалық тартыспен сабақтас түрде құрылады. Негізінен 11 буынды қара өлең өрнегі қолданылады, ал кей тұста 7–8 буынды жыр өлшеміне ауысу айтыстың эмоциялық серпінін күшейтеді.

Қарасақал Ерімбет шығармашылығын зерттеуші Д. Сатемирова: «Ерімбет пен Аппаз айтысының арқауында адамдардың туысқандық, қарым-қатынастары сөз болады. Айтыстың композициясында көңіл-күй арнаулары, Ерімбет пен Жүсіп арасындағы пікірталастары жырланады... Пікірталас арқауындағы мәселе – адамзат көңілінің қанағат ұғымын қалай қабылдайтынын саралау»,– деп бағалау жасаған [5, 21]. Осы ғылыми тұжырымға негіздей отырып, «Інісінің апасына түс жорытқаны», «Ыбырайыммен», «Аппазбен», «Жұмабай», «Сайым», «Қыз Ханыммен жауаптасуы» айтыстарын жанрлық-мазмұндық ерекшеліктеріне қарай төмендегі төрт топқа жіктеуге болады:

1. **Дәстүрлік-танымдық айтыстар.** «Інісінің апасына түс жорытқаны» айтысында қазақтың дәстүрлі таным элементтері – түс жору, ырым-наным, өмірлік тәлім – көркемдік жүйенің негізгі мазмұндық өзегіне айналады. Айтыстағы апа бейнесі халықтық тәжірибе мен тәрбиелік тәлімді жеткізуші рухани ұстаз ретінде көрінеді.

2. Лирикалық-ғашықтық айтысқа «Қыз Ханыммен жауаптасуы» жазбаша айтысын жатқызамыз.

Туындының өзегі – жеке сезім мен әлеуметтік норма қайшылығы.

- Ерімбет: махаббатты рухани құндылық деңгейіне көтереді;
 - Ханым: тектілік, әлеуметтік жағдай талабын алға тартады.
- Айтыста шығыстық ғазал поэтикасына тән тұспал, Ләйлі-Мәжнүн бейнелерін ишаралау лирикалық қуатты арттырып, сезімдік-психологиялық тереңдікті күшейтеді.

3. Мұсылмандық-өнегелік айтыстар. «Ерімбет пен Сайымның жауаптасуы», «Ерімбет пен Аппаз» айтысын жатқызамыз. Бұл – имани сабыр, қанағат, тәубе ілімін насихаттайтын діни-дидактикалық жазба айтыстары. Адамдық ізгілік, ағайындық сыйластық, сөз әдебі мен рухани тәрбие – поэтикалық тартыстың өзегі.

4. Қоғамдық-сыншыл айтыстар тобына «Ерімбет пен Жұмабайдың сөз қағысуы» жатады. Айтыста әлеуметтік мінез-құлықтағы кемшіліктер сатира мен ирония арқылы әшкереленеді. Мінез мәдениеті, адамдық жауапкершілік–этикалық бағалау айтыстың - басты нысаны.

Көркемдік мұра – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, уақыт сынынан сүрінбей өтетін мәңгілік құндылық. Әдебиеттанушы ғалым М.Базарбаевтың пікіріне жүгінсек, халық жүрегіне жеткен шығарма ғана болашаққа қызмет етіп, жалпыадамзаттық рухани қажетке айналады, [6, 8]. -дейді. Осы тұрғыдан алғанда, Ерімбеттің мұрасы – қазақ әдебиетінің көркемдік қазынасын толықтырып, бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған рухани көркем мұра деп бағалаймыз. Оның айтыстарында ұлттық сана, адамгершілік ұстаным, әлеуметтік толғаныс пен азаматтық үн айқын көрініс табады.

Қорыта келгенде, Ерімбет айтыстары – көркемдік тереңдігі мен поэтикалық өрнегі арқылы қазақ сөз өнерінің қазынасын байытқан ұлттық рухтың асыл мұрасы. Олар уақытпен бірге жаңарып, әр кезеңнің рухани сұранысына жауап бере алатын, дәстүр мен көркемдік сабақтастығын айқын танытатын құндылықтар қатарында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халық әдебиеті. Айтыс. – Алматы: Жазушы, -1988, -352 б.
2. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі.- Алматы: Білім, 2001, -332 б.
3. Қарасақал Ерімбет. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Астана: «Фолиант», 2009-408 б.
4. Жанбершиева Ұ.Т.Ізгілеуовтің әдеби мұрасы. – Алматы: Арыс, 2013, -332 б.
5. Сатемирова Д. Ерімбет Көлдейбекұлының әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі. Канд. Дис. Автореф. – Алматы, 2001- автореферат.
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі /Құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

«ЕДІГЕ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛІ СӨЗДЕР

Үдербаева Шұғыла

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2 курс магистранты

Андатпа. Мақалада түркі дүниесіне ортақ батырлық эпос «Едіге батыр» жырының көркемдік жүйесіндегі метафоралық бейнелер мен жырдың тарихи-рухани мәні кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында эпостағы жаугершілік сипаттағы метафоралар жыр мәтіні негізінде талданып, олардың ортағасырлық түркі ұғымындағы **ел, жұрт, ұлыс, ноғайлы қауымы** секілді дүниетанымдық категориялармен тығыз байланыста қалыптасқаны айқындалады.

«Едіге батыр» жыры тарихи тұлға Едіге бейнесін тек жеке ер ретінде ғана емес, **ел тағдырын ойлаған қолбасшы, ұлыс тірегі, жұрт қорғаны** деңгейінде сомдайды.

Эпостағы «Тебінгіден тер келіп», «Қабырғадан қан келіп», «Бүліншілік салармын», «Суарып қанмен жерінді» тәрізді метафоралық тіркестер жаугершілік дәуірдің қаталдығын, үздіксіз жорық пен ел қорғау жолындағы ауыр сындарды бейнелі түрде жеткізеді. Бұл бейнелер нақты оқиғаны баяндаудан гөрі, **елдік сананы, ерлік рухты, қаһармандық дүниетанымды** көркем жинақтауға қызмет етеді.

Мақалада жырдың тарихи шежіре емес, эпостық дәстүрге сай қиял мен әсірелеуге құрылған көркем туынды екені ескеріледі. Сонымен қатар, метафоралар арқылы Едіге бейнесінің күнделікті адам болмысынан биіктетіліп, **жұрт жадындағы мәңгілік қаһарман, ұлыс қорғаушысы** деңгейіне көтерілгені көрсетіледі. «Едіге батыр» жыры түркі жұртының тарихи жадын, елдік бірлік идеясын және билік пен жауапкершілік туралы түсінігін сақтаған аса маңызды эпикалық мұра ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: Едіге батыр, батырлық эпос, метафора, ел, жұрт, ұлыс, ноғайлы дәуірі, эпикалық поэтика, түркі дүниетанымы.

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются метафорические образы и историко-духовное значение поэмы «Едиге батыр», героического эпоса, общего для тюркского мира. В ходе исследования были проанализированы метафоры враждебного характера эпоса на основе текста поэмы и установлено, что они сформировались в тесной связи с такими мировоззренческими категориями средневекового тюркского сознания, как страна, народ, улус, Ногайская община.

Героического эпос «Едиге батыр» изображает историческую личность Едиге не только как отдельного человека, но и как полководца, оплот улуса, защитника жұрта. Метафорические выражения эпоса, такие как «от тебя идет пот», «от стены идет кровь», «сеять хаос», «поливая кровью землю», образно передают суровость враждебной эпохи, идею непрерывной борьбы и защиты страны. Эти образы служат художественному обобщению народного сознания, героического духа и эпического мировоззрения, а не буквальному воспроизведению реальной истории.

В статье подчеркивается, что эпос не является исторической хроникой, а представляет собой художественное произведение, созданное на основе воображения и гиперболизации в соответствии с эпической традицией. Посредством метафор образ Едиге возвышается над повседневной человеческой сущностью и поднимается до уровня вечного героя в народной памяти, защитника улуса.

Эпос «Едиге батыр» рассматривается как одно из важнейших эпических наследий тюркских народов, сохранившее историческую память, идею единства страны и представления о власти и ответственности.

Ключевые слова: Едиге батыр, героический эпос, метафора, страна, народ, улус, ногайская эпоха, эпическая поэтика, тюркское мировоззрение.

Annotation. The article comprehensively examines the metaphorical images and historical and spiritual significance of the poem "Yedige Batyr", a heroic epic common to the Turkic world. The study analyzed the metaphors of the hostile nature of the epic based on the text of the poem and found that they were formed in close connection with such ideological categories of medieval Turkic consciousness as country, people, ulus, Nogai community.

The heroic epic "Yedige Batyr" portrays the historical figure of Yedige not only as an individual, but also as a commander, a stronghold of the ulus, a defender of Zhurt. Metaphorical expressions of the epic, such as "sweat is coming from you", "blood is coming from the wall", "wreaking havoc", "watering the earth with blood", figuratively convey the severity of a hostile era, the idea of continuous struggle and protection of the country. These images serve as an artistic generalization of the national consciousness, heroic spirit and epic worldview, rather than a literal reproduction of real history.

The article emphasizes that the epic is not a historical chronicle, but is a work of fiction created on the basis of imagination and hyperbolization in accordance with the epic tradition.

Through metaphors, the image of Edige rises above the everyday human essence and rises to the level of an eternal hero in the national memory, the defender of the ulus.

The epic "Yedige Batyr" is considered as one of the most important epic legacies of the Turkic peoples, preserving historical memory, the idea of the unity of the country and ideas about power and responsibility.

Keywords: Yedige Batyr, heroic epic, metaphor, country, people, ulus, Nogai epoch, epic poetics, Turkic worldview.

Түркі халықтарының ортағасырлық тарихы мен рухани мәдениетінде батырлық эпостар айрықша орын алады. Солардың ішінде «Едіге батыр» жыры – тарихи шындық пен эпикалық қиялдың тоғысынан туған, елдік сана мен сыртқы жаудан елді сақтау, идеясын терең танытатын көрнекті мұра. Бұл жырдың негізінде Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген әйгілі тарихи тұлға – Едіге бейнесі жатыр. Эпоста Едіге тек жеке батыр ретінде ғана емес, ел тағдырын ойлаған көреген қолбасшы, саяси қайраткер, халық мүддесін қорғаушы тұлға деңгейінде сомдалады.

«Едіге батыр» жыры қазақ халқымен шектелмей, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, қырым татары секілді көптеген түркі тілдес халықтардың эпикалық дәстүрінде кең тараған. Бұл жайт жырдың тарихи негізінің ортақтығын ғана емес, түркі дүниесіне тән дүниетаным, билік, әділет, ерлік ұғымдарының біртұтас көркем жүйе құрағанын көрсетеді. Әр халықтағы нұсқаларында оқиға желісі мен кейіпкер жүйесінде айырмашылықтар болғанымен, Едігенің ел қорғаған ер, ел тірегіне айналған тұлға ретіндегі басты бейнесі тұрақты сақталады.

Эпоста Алтын Орда тарихында шешуші рөл атқарған оқиғалар мен тұлғалар кеңінен қамтылады. Атап айтқанда, жырда Әмір Темір, Тоқтамыс хан сияқты тарихи қайраткерлердің аталуына байланысты Еуразия кеңістігіндегі саяси тартыстар, билік үшін күрес, ел бірлігінің күйреуі мен қайта түлеу мәселелері көркем түрде бейнеленеді. Дегенмен, жыр таза тарихи шежіре емес, халықтық эпосқа тән әсірелеу, қиял-ғажайып элементтер, батырды идеалдандыру үрдісі арқылы көркемдік деңгейге көтерілген.

«Едіге батыр» жыры қазақ фольклортану ғылымында да ерекше назар аударған туындылардың бірі. Жырдың бірнеше нұсқасының сақталуы, әр кезеңде әртүрлі жыршылар мен ғалымдар тарапынан хатқа түсуі оның көркемдік өміршеңдігін дәлелдейді. XIX ғасырдың өзінде-ақ жырды ғылыми тұрғыда тіркеп, бағалауға талпыныстар жасалды. Соның ішінде Шыңғыс Уәлиханов жазып алған нұсқа мен оны жариялаған П.М. Мелиоранский еңбегі эпостың ғылымға енуіне жол ашты [1]. «Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері» еңбегінде: «Қазақ эпостарының жасалыну жолдарын Шоқан Уәлиханов XIV-XVI ғасыр, Алтынорда дәуірімен байланыстырады [2, 10].

Кеңестік кезеңде «Едіге» жырының тағдыры күрделі болды. Академик Қаныш Сәтбаев жариялаған «Ер Едіге» нұсқасы үшін ғалымның қуғын-сүргінге ұшырауы эпостың идеологиялық тұрғыда «қауіпті» деп танылғанын көрсетеді. Соған қарамастан, халық жадында сақталған жыр XX ғасырдың соңында қайта жаңғырып, Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» құрамында ғылыми айналымға түсті. Осы тұрғыдан алғанда, «Едіге батыр» жыры – тек батырлық ерлікті мадақтайтын эпос қана емес, түркі халықтарының тарихи жадын, саяси ойлау жүйесін, елдің бірлігі идеясын бейнелейтін күрделі көркем мәтін. Бұл мақалада жырдың тарихи негізі, нұсқалары, көркемдік-идеялық ерекшеліктері мен ұлттық дүниетанымдағы орны жан-жақты талданып, «Едіге батыр» эпосының қазақ рухани мұрасындағы маңызы айқындалады [1].

«Едіге батыр» жырының сюжеттік-композициялық өзегін батырдың әскери жорықтары мен жаугершілік эпизодтар құрайды. Бұл эпизодтар арқылы эпостағы қаһармандық рух, ел қорғау идеясы және батырдың тұлғалық болмысы барынша айқындалады. Едігенің соғыс жолындағы әрекеттері жалаң күш көрсету емес, тарихи-әлеуметтік жағдайлармен, ел мүддесімен тығыз байланыста бейнеленеді.

Жырда Едіге сыртқы жаулармен, соның ішінде қалмақ қолдарымен болған шайқастарда ел шетіне қауіп төндірген күштерге қарсы тұрған батыр ретінде көрінеді. Бұл соғыстар эпоста тек жеке батырдың ерлігін таныту үшін ғана емес, халықтың ата жауға деген тарихи өшпенділігі мен азаттық жолындағы күресін бейнелеу мақсатында беріледі. Қалмақ бейнесі жырда шартты түрде жинақталып, «сыртқы жау» ұғымының символына айналады. Осы арқылы эпос «өз» бен «өзге» арасындағы шекараны айқындап, ұлттық бірегейлікті күшейтеді.

«Едіге батыр» жыры – түркі халықтарының ортақ тарихи-эпикалық санасын қалыптастырған аса ірі қаһармандық эпос. Бұл жыр қазақ, ноғай, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, татар, башқұрт және басқа да түркі халықтарының ауыз әдебиеті қорында сақталған. Зерттеушілердің пайымдауынша, жырдың түркі халықтары арасындағы нұсқаларының жалпы саны **елуге жуық**. Бұл жағдай «Едіге» эпосының бір этностың ғана емес, күллі түркі жұртына ортақ тарихи жад пен рухани тұтастықтың көрінісі екенін дәлелдейді.

Жырдың ғылыми тұрғыда алғаш хатқа түсуі мен зерттелуі XIX ғасырдан басталады. Қазақ нұсқаларын алғаш назарға алып, жазып қалдырғандардың бірі – Шыңғыс Уәлиханов. Ғылыми жағынан зерделеп, орыс тіліне аударма жасаған Шоқан. Бұл нұсқа кейінгі ғылыми зерттеулер үшін маңызды дереккөзге айналды. Батырлық, қаһармандық жырлар қазақ халқының рухани мәдениетін танытатын, түп тамырын көрсететін құндылықтар екендігін ғалым Қ.Жұмалиев өзінің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» еңбегінде: «Қазақша «Батырлар жыры» деп аталатын эпостық поэмалар не эпос ерте заманнан бері халық арасында ірге тепкен, көбінің қай ғасырда пайда болғаны белгісіз, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, замандар бойы ауызша сақталынып, ақыры біздің дәуірімізге жетіп отыр», - деген түсінік береді [2, 7 б.].

Қазақ фольклорында «Едіге батыр» жырының **14 нұсқасы** бар деп есептеледі. Солардың ішінде **Нұрым жырау** мен **Нұртуған жырау** жырлаған варианттар кең таралған әрі көркемдік қуаты жоғары нұсқалар саналады. Әр нұсқаның тілдік өрнегі, кейіпкер мінезін беру тәсілі, кейбір оқиғаларды суреттеуінде айырмашылықтар болғанымен, барлығын біріктіретін **идеялық өзек пен тарихи сарын ортақ**.

Қ.Жұмалиев: «Қай елдің эпосы болсын белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туатынға ұқсайды. Және ол бір күн, бір жылдың жемісі ғана емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі. Бір батырдың ерлік өмірі туралы, не жалғастыра жырланатын көп батырлардың күрестері туралы жырлар талай жылдарды, талай шығарушы, жырлаушыларды бастарынан өткізіп барып, халық қазынасына айналады» [2, 10 б.], - дейді. «Едіге батыр» жырының ең көлемді нұсқасы қарақалпақ әдебиетінде сақталған. Ол **Қияс жырау нұсқасы** деп аталып, көлемі **16 328 жолға** жетеді. Сондай-ақ қарақалпақтағы **Өтенияз нұсқасы** да көлемі жағынан ірі – **14 мың жолға жуық**. Бұл нұсқалар эпостың кең тынысты, хроникалық сипат алған үлгілері ретінде ерекшеленеді және тарихи оқиғаларды барынша егжей-тегжейлі баяндаумен құнды.

Кеңес тұсында «Едіге батыр» жырына идеологиялық тұрғыдан тыйым салынуы – оның зерттелуіне үлкен кедергі келтірді. Себебі жырда Алтын Орда дәуірі, түркілердегі елдік идея, батырлық пен саяси бірлік мәселелері айқын көрініс тапқан. Кеңестік идеология үшін мұндай ұлттық-тарихи мазмұн «феодалдық» немесе «ұлтшылдық» деп танылып, жырды жариялау мен оқыту шектелді. Соған қарамастан, жыр ауызша дәстүр, жыршы, жыраулар арқылы халық жадында сақталып отырды. Барлық түркі халықтарындағы нұсқаларды салыстыра қарағанда, сюжет пен идеялық желінің түпкі негізі өзгермейді. Жырдың басты тарихи-философиялық тұжырымы – **Едіге тірі кезінде елге сыртқы жау бата алмағаны**, ал Едіге қаза тапқан соң ел бірлігінің әлсіреп, **Алтын Орданың ыдырауы**, жаудың қаптауы. Бұл сарын қазақ, ноғай, қарақалпақ және өзге де

түркі нұсқаларында әртүрлі көркемдік тәсілмен берілгенімен, мағыналық тұрғыда толық сәйкес келеді.

«Едіге батыр» жыры – жеке батырдың ерлігін ғана жырлайтын шығарма емес, **түркі халықтарының тарихи тағдыры, ел бірлігі мен көшбасшы тұлғаның рөлі туралы терең эпикалық пайым.** Жырдың көпнұсқалылығы мен кең географиялық таралуы оны түркі өркениетінің ортақ рухани коды деңгейіне көтереді. «Едіге батыр» эпосының зерттелуі – тек әдеби мұраны тану ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің тарихи жадын, мәдени тұтастығын зерделеу болып табылады. «Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері» еңбегінде: «Ежелгі дәуір әдебиетінің ауқымын жалғыз жазба мұралар мен тарихи ескерткіштерден ғана іздеу аңғалдық болар еді. Өйткені, біздің заманымызға дейінгі барша әлем халықтарының әдебиетінің қайнар көзі-ауыз әдебиеті, әсіресе фольклорлық шығармалар болған»[3, 33 б.] осы ойға сүйенсек, халық шығармашылығының үлгілері жыршылар мен жыраулардың үлесі айқындала түседі. Бұл пікірден ерте заманнан жеткен мұралар бүгінгі әдебиеттегі көркем шығармалардың негізі, қайнар көзі екені танылады.

Батырлық жорықтардың басты ерекшеліктерінің бірі – сан жағынан аз қолмен көп әскерге қарсы тұру мотиві. Бұл эпикалық дәстүрге тән қаһармандық өлшемді танытады. Едіге бастаған шағын жасақтың бірнеше күнге созылған шайқастарда мыңдаған жауға қарсы тұруы батырдың жеке күшін ғана емес, оның рухани қуатын, сарбаздарын соңынан ерте алатын қолбасшылығын көрсетеді. Мұндай көріністерде батыр бейнесі халық арманындағы «жеңілмес қаһарман» деңгейіне көтеріледі.

Жырдағы шайқас суреттері поэтикалық тұрғыдан аса әсерлі. Қару-жарақ атаулары, ат әбзелдері, соғыс қимылдарының жаугершілік сипатта берілуі эпостың көркемдік қуатын арттырады. Жебенің жауған қардай борауы, қылыштың жарқылы, найзаның серпілуі – барлығы батырлық жыр поэтикасына тән бейнелеу құралдары арқылы суреттеледі. Бұл тұста гипербола, теңеу, эпитет сияқты поэтикалық тәсілдер кеңінен қолданылады. Соның нәтижесінде соғыс көріністері реалистік баяндаудан гөрі символдық, эпикалық сипат алады. Сонымен қатар, Едіге тек жеке шайқаста алда жүретін батыр ғана емес, соғыс тактикасын меңгерген стратег, қолбасшы ретінде де танылады. Ол жорық алдында жағдайды бағамдап, қолдың орналасуын, шабуыл мен қорғаныс тәсілдерін алдын ала ойластырады. Батырдың шешімдері мақсатты әрі нәтижелі болып келеді. Бұл жырдағы қаһарман бейнесін біржақты күш иесі емес, ақыл мен айланы қатар ұстаған көшбасшы дәрежесіне көтереді.

«Едіге батыр» жырындағы батырлық жорықтар мен жаугершілік эпизодтар эпостың идеялық-көркемдік құрылымында маңызды қызмет атқарады. Олар арқылы батырдың ерлігі, қолбасшылық қабілеті, елдік мүдде жолындағы күресі біртұтас жүйеде ашылып, жырдың қаһармандық пафосы күшейе түседі. Бұл эпизодтар Едіге бейнесін тарихи тұлғадан халықтық қаһарман деңгейіне көтеріп, эпостың тәрбиелік әрі идеялық мәнін айқындайды. **«Едіге батыр»** жырында метафоралар батыр тұлғасын көркемдік тұрғыдан терең әрі көпқырлы етіп ашатын негізгі поэтикалық құралдардың бірі болып табылады. Эпостық дәстүрге сай метафоралар нақты сипаттаудан гөрі жинақтау, әсірелеу, символдық мән беру қызметін атқарады. Осы арқылы Едіге бейнесі күнделікті адам болмысынан биіктетіліп, халық идеалындағы қаһарман деңгейіне көтеріледі.

«Едіге батыр» жырындағы метафоралар эпостың эмоционалдық әсерін күшейтіп, тыңдаушыға батырдың ерлігі мен асқақ рухын сезіндіреді. Олар батырды тек тарихи тұлға ретінде емес, халықтың арман-мұратынан туған идеал кейіпкер ретінде қабылдануға қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, метафоралар Едіге бейнесін көркемдік тұрғыдан сомдаудың негізгі тетігі болып, жырдың поэтикалық қуатын арттырады.

«Едіге батыр» жыры – поэтикалық тілдік құралдарға аса бай эпикалық туынды. Жырдағы көркемдік құралдары тарихи оқиғаларды көркемдік тұрғыдан жинақтаудың негізгі тәсілі ретінде көрінеді. Бұл көркемдік амалдар эпостың тек бейнелеу деңгейін ғана

емес, оның идеялық-эмоциялық әсерін де күшейтеді. З.Ахметов: «Бейнелі сөздер ақындық эстетикалық сезімнің дүниені образды бейнелі түрде танып білетін және танытатын, көрсететін көркем ойдың ұрығы іспетті. Әрбір бейнелі сөз - бүтіннің бөлшегі. Ол сөз кестесіндегі көркемдік жасаушы көп әшекейдің бір айшығы ғана», -[4, 212 б.]

Жырдағы метафоралар, ең алдымен, Едіге тұлғасын асқақтата көрсетуге бағытталған. Батырдың дене бітімі мен болмысы нақты сипаттаудан гөрі бейнелі теңеулер арқылы беріледі. Мәселен, «Жауырының үлкен қақпақтай», «Айдарың үлкен тоқпақтай» секілді теңеулер батырдың күш-қуатын, тегеурінін көзге елестетерлік дәрежеде бейнелейді. Мұнда қақпақ пен тоқпақ – қаттылық пен салмақтың символы. Осы арқылы Едігенің жаратылысынан алып, өзгеден айрықша тұлға екені танылады.

Метафоралар тек батырдың сыртқы кескінін ғана емес, оның рухани ахуалын да ашады. «Жауар күндей торланған» тіркесі адам көңіл-күйін табиғат құбылысымен астастыра отырып, ішкі алаң мен күйзелісті айқын көрсетеді. Ал «Алағаншық күндей боп» деген бейне батырдың айбыны мен рухани қуатын күннің жарығымен теңестіріп, қаһармандық сипат береді.

Жырда халықтың ауыр халін көрсету үшін қолданылған «Аш күзендей бүгіліп», «Аш бөрідей шүйіліп» секілді теңеулер да айрықша мәнге ие. Бұл жерде жануарлар бейнесі арқылы әлеуметтік-психологиялық жағдай көркем жинақтауға түседі. Аш бөрі – жауға деген өшпенділік пен қаталдықтың, ал бүгіліп тұрған күзен – езілген елдің символы. Ат бейнесіне қатысты теңеулер де ерекше назар аударады: «От орнындай тұяқты», «Қолтырауындай танаулы», «Қысыр жылан өзекті» тәрізді суреттеулер эпостағы тұлпар бейнесін, батыр мен тұлпардың біртұтастығын көрсетеді. Мұнда ат – жай көлік емес, батырдың ерлік болмысының жалғасы.

Жырдағы бірқатар метафоралар дерексіз ұғымдарды заттық сипатта беруімен ерекшеленеді.

Метафора (грек. *metaphora* – ауыстыру) – зат пен құбылыстың ұқсастық, жанастық белгілері негізінде бірінің атауын екіншісіне көшіру арқылы жасалатын бейнелі мағына.

Кенестің ұлы Кеңжанбай,
Ақылың жоқ...жанбай.
Хан емес ол - қ...м ғой,
Кім екені маған аян ғой!
Өзің аман қайтса[ң],
Барып оған айтса[ң] не?
Бұ барғаннан барармын,
Сатемір ханға барармын.
Қанша жолдас болса да,
Керегінше алармын.
Қайтып келіп еліңе
Тебінгіден тер келіп,
Қабырғадан қан келіп,
Бүліншілік салармын.
Күнікейдей көріктіңді,
Тінікедей тектіңді
Неке қимай, мал бермей,
Қатындыққа алармын!
Суарып қанмен жеріңді,
Бүлдіріп шауып еліңді,
Қылышымды суарып,
Жосадай қанға малармын![5, 269-270 б.]

«Тебінгіден тер келіп». Метафоралық мәні: Шайқастың, жорықтың ауырлығын терді дербес күшке айналдырып бейнелеу.

«Қабырғадан қан келіп». Қан – нақты физиологиялық қан емес, жан азабы, ішкі күйзеліс, шектен асқан зорлықтың бейнесі.

«Бүліншілік салармын. Бүліншілік – дерексіз ұғым. Оны «салу» арқылы әрекетке айналдыру – ауыстыру тәсілі.

«Суарып қанмен жерінді». Қанды – су орнына қолдану. Жер – тірі организм тәрізді бейнеленіп, қанмен “суарылады”.

Қылышымды суарып». Қылыш – тірі зат емес, бірақ қанға «суарылатын» тірі күшке айналады.

«Жосадай қанға малармын». Қанды – бояу, сұйық зат ретінде қолдану. Соғыс пен қырғынның көлемін астарлап береді. Бұл жырдан алынған мысалдарда метафоралар бейнелік ұқсастықпен жасалып, жаугершілік дәуір психологиясын, батырлық эпостың табиғатын, соғыстың каталдығын таныту үшін, жырдың көркемдік сипатын арттыру үшін жасалған.

Қорыта айтқанда, «Едіге батыр» жырындағы бейнелі ұғымдар эпостың көркемдік жүйесінің өзегін құрайды. Олар батырдың сыртқы айбынын ғана емес, ішкі рухын, халықпен байланысын, тарихи сипатын бейнелі түрде танытады. Осы көркемдік тәсілдер арқылы Едіге бейнесі тарихи тұлға деңгейінен көтеріліп, халық санасындағы мәңгілік қаһармандық идеалға айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 1. Қазақ радиосындағы «Түркі әлемі» хабарының кезекті тақырыбы - «Едіге батыр» жырының шығу төркіні. Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/news/14050/12> наурыз, 2019 ж
2. Қ.Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдеби ет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958.- 393 б.
3. Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері. Ұжымдық ғылыми еңбек.-Алматы, 2011-249 б.
4. Ахметов З. Олең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973, -212 б.
5. <https://ru.scribd.com/document/737411251/%D0%95%D0%A0-%D0%95%D0%94%D0%86%D0%93%D0%95-%D0%96%D0%AB%D0%A0%D0%AB>

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ

Серікбаев Мағжан Бауыржанұлы

И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің 4-курс студенті, Қызылорда, Қазақстан
Жетекшісі: Басхожаева Нышанкүл

И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің оқытушысы,
Қызылорда, Қазақстан

Бүгінге дейін ізденімпаз ғалымдар ақын поэзиясының әр қырын, тілінің шұрайлылығын көп зерттеді, зерттеп те келе жатыр. Біз білімі мен білігі терең ғалымдардан асып, зерттеу жүргізе алмамыз. Дегенмен, өзімнің деңгейімде Мағжан Жұмабаевтың туған жер тақырыбындағы өлеңдерін зерттеу арқылы, осы жанрдағы туындыға қойылатын талаптарды, көркемдегіш құралдарды тереңірек білгім келді.

Алаш арыстарының бай рухани мұрасын қай жағынан, қанша жыл зерттесек те, өзіндік ерекшелігін тани түсетініміз анық.

Туғанына 129 жыл болған қазақтың дарынды ақыны, көреген қоғам қайраткері, бірнеше басылымдар арқылы өзінің өткір ойларын білдіріп, қоғамдық пікір

қалыптастырған қоғам қайраткері, қазақ педагогика ғылымының негізін қалаушы ғалым Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы сан қырлы.

Алаш арысы Ж.Аймауытов: «Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын, ол – түрікшіл, санашыл, дарашыл, уайымшыл, өзімшіл ақын... Мағжан нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны. Ұлт ақыны!» [1], - деп бір ғасырдан астам уақыт бұрын көрегенділікпен көрсеткен. Ал заманымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезов: «...бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі» [2, 16 б.], -деп баға берген Мағжан жырларын, Мағжан сөздерін әуелі өзіміз оқып, түсініп, туған елімізді, атамекен жерімізді, асыл ана тілімізді, ар-намыстан жаралған асқа рухымызды Мағжанша қастер тұтып, қадірлей білуіміз керек.

Жыр әлемінде өз ойын, өмір шындығын көркем тілде ақындық биік тұрғыдан тұтас шеберлікпен жырлаған, өз дәуірінің шежіресін айқын да айшықты бояумен жеткізген, қасқая қарап ақиқатты жырлаған Мағжан Жұмабаев шығармалары өз дәуірінің көркем тілмен жазылған тұтас бір шежіресі секілді.

Мысалы, ақынның «Мен кім» өлеңіндегі:

...Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

...Өзім – Тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім – құран, бағынамын сөзіме!

Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,

Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе! [3, 45-46 бб.] -деп, Құран сөзінің ешқашан өтірік болмайтынын білеміз, ақын да өлеңдерінде тек шындық сипатталатынын айтады.

1923 жылы Сұлтанбек Қожановтың алғы сөзімен «Мағжанның өлеңдері» атты жинағы жарық көрген [4, 26 б.]. Осы жинаққа енген өлеңдерінің басым бөлігі баспасөзде жарық көрген туындылары болды.

Мағжан ақынның әдеби туындыларын, өлеңдерін зерттеп жүрген ғалымдар тұжырымдары мен мәліметтерінен көп сыналған, досынан гөрі жауы көп болған ақын екендігін көреміз. Ж.Аймауытов «Мағжанның ақындығы» атты классикалық сыни мақаласында: «Мағжанның өлеңдерін аса құптап, ұшпаққа шығаратын Мағжаншылар да бар; іске алғысыз қылып, өртеп жіберу керек дейтіндер де бар, қысқасы, Мағжанның қасы да, досы да көп» [4, 29 б.], - дегенсөзі біздің ойымызды дәлелдей түседі.

Әбден сыннан, өзіне тағылған жалған айыптан шаршаған ақынның өзі де:

Қайтуым хақ, белді буып, тас қылып,
«Кет!» деме, елім, енді мені басқа ұрып.

Дейтін болсаң: «Қой жырыңды жырауым!»,

Қобызымды қиратармын тасқа ұрып [5, 230 б.] -деп, «Сәлем хат» деген өлеңін «Тілші» газетіне 1924 жариялайды.

Сондай-ақ өз заманының шындығын суреттеп, артындағы қалың оқырманына қаншама жыр топтамаларын қалдырған лирик ақын Мағжан шығармашылығы көз алдына керемет бір көркем сурет галереясын әкеледі.

Ақын шығармаларының тақырыбы әр алуан, бірақ оның ерекшеліктері өзгеге ұқсамас сыры мен қырында жатыр. Дүниедегі бар құбылысты, адамзат санасындағы сан қырлы сезімді сөз арқылы жеткізуге болады. «Қазағым», «Көңіл», «Дін үйреткенге», «Жауынгердің жыры», «Мешіт һәм абақты», «Немере мен әжесі», «Ата, бата» т.б. өлеңдерінде сөз құдіретінің мән-мағынасына терең бойлап, мың сөзден бір сөз таңдап, сөз маржанын бейнелі өрнекпен кестелейтін Мағжандай ақын-қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі.

Мағжан Жұмабаев өз шығармашылығының алғашқы кезінде-ақ тамаша өлеңдерімен, жырларымен қазақ халқына танымал болды. Оның шығармашылығының ең биік шыңы оның лирикасында. Ақынның терең де мазмұнды, көркем суретті, фәлсафалық ойға толы, сиқырлы ұйқаспен жазылған лирикалық туындылары күллі қазақ халқының сүйіп оқитын өлеңдеріне айналды.

Ақын өз жүрегін жарып шыққан туындылары арқылы жалпыға тән ой-сезімді білдірген. Ал сол сезім-ой өлеңнің құрылысы, бейнелеу, қайталау, теңеу, метафора, анафора мен эпифора сияқты көріктеуіш құралдар арқылы беріледі. Мұнда сөз бейнелері, ақындық толғаныс-тебіреністер арқылы жан сыры мен жүрек лүпілі айтылады.

Әдебиеттанушы-ғалым Зәки Ахметов сөзімен айтқанда: «Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Поэзияда тек тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой-сезім тереңділігі, өткірлігі, әсерлілігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз әлгі ақындық, көркем ой-сезімді жеткізудің құралы ғана» [6,56 б.].

Мағжан шығармаларын тақырыптық жағынан үшке бөлуге болады:

- 1.Отаншылдық тақырыптағы туындылары;
- 2.Әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптағы туындылары;
- 3.Философиялық мазмұндағы өлеңдері.

Отаншылдық тақырыбында жазылған өлеңдеріне «Түркістан», «Ескі Түркістан», «Орал», «Орал тауы», «Туған жер», «Туған жерім – Сасықкөл», «Көкшетау», «Сырдағы алашқа» өлеңдері мысал бола алады.

Ақын «Түркістан» өлеңінде:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан– ер түріктің бесігі ғой .

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой,-

деп, Түркістанның түркі баласы үшін киелі де қасиетті жер екендігін айта келіп, оның сан-салалы тарихына тоқталады:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда ер түрігім туып-өскен.

Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан көп тамаша күндер кешкен [7].

-деп, ақын бабаларының ұрпаққа деген өсиет үлгісі өнер арқылы жеткенін, ата-бабаның өмірі, салты көшпелі болғанымен рухани болмысы дамығандығын кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Өз халқының мәдениеті терезесін әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен тең суреттеуін ақынның туған еліне сүйіспеншілігі деп білеміз.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта ел жеткенбе?

Кең ақыл, отты қайрат,жүйрік қиял,

Тұранның ерлеріне ер жеткенбе?!- [Сонда]

-деген жолдардан ақынның Тұрандықтарға деген мақтаныш сезімін байқаймыз.

«Тұран», «Түркістан» деген образды бейнелер арқылы Мағжан осылайша Шығыс әлемін, бүкіл түркі дүниесін мақтан ете жырға қосады. Оның бүкіл өткен өміріне шолу жасай отырып, тарихтың небір ерлікке толы, бейбіт өмір жайлаған беттерін парактайды. Оларды өз заманымен салыстырады. Салыстыра отырып көп нәрсеге көңілі толмайды. Себебі бір кезде Тұранды мекен еткен ер түріктің бүгінде бірлігі азайған. Бас-басына ел болған, жеке халықтарға бөлініп кеткен. Сондықтан шығысты дәріптейтін өлеңдерінде Мағжан осынау бірлігі азайған түркі халықтарын бірлікке шақырады. Сонда ғана Батыстан келген қиянатқа, Ресей патшасының отаршыл саясатына қарсы туруға болатынын ұқтыруға тырысады.

Бұған дәлел ретінде ақынның «Орал тауы» атты өлеңін алуымызға болады. Өлеңдегі бас кейіпкер - Орал тауы. Мағжанның бейнелеуінде ол – бүкіл түркі дүниесінің символы ретінде берілген.

...Аспанмен таласқан көкпеңбек таулар. Қарағай, шыршасы сыңсыған, бауырында не түрлі аңдары жортқан, қойнауында алтыны мен алмасы тұнған Орал тауы. Тау табиғатының әсем суретін сала отырып, ақын Мағжан сөзін ары қарай жалғайды:

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойыныңа жайыменен кіріп еді.
Ер түрік ен далаға көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді.
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі жел, күн тимей, берік еді [8].

Мұндағы ақынның «ер түрік» деп отырғаны-түркі дүниесі, түрік, қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар, башқұрт сияқты түркітілдес халықтардың жиынтық бейнесі. Бір кезде ен даланың көркі болған осынау халықтардың бүгінгі халі қандай? Міне, Мағжан ақын соған үңіледі.

Оралдай ата мекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне,
Аузы түкті шет елдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне,-деп, ақын тарихи шындықты баяндайды.

Өлеңнің соңын Мағжан бүкіл түркі жұртын бірлікке шақырумен аяқтайды:
Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,
Мойның бұр тұңғышыңа, бермен Орал!
Қосылып батыр түрік балалары,
Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге орал.

Туған халқының, түркі дүниесінің басындағы ауыр халді, мұндана баяндаған өлеңдерінің өзін Мағжан айрықша оптимизммен қорытып отырады. Ақынның лирикалық кейіпкері-аса батыл, нені болса да кесіп айтатын өткір жан.

Ақын өлеңдерінен ақынның туған жерге деген махаббаты шексіз екенін көріп, ақынмен бірге туған өлкенің ұлылығын сезінеміз. Мағжан Жұмабаев мәңгі адамзат тақырыбын жырлады. Ол махаббат пен қасіретті қозғап, болмыстың жалғандығын, әлемнің әсемдігін толғады. Оның шығармалары адамға тыныштық, рухани ләззат сыйлайды. Сонымен қатар Отанды сүйеге тәрбиелейді. Сондықтан да Мағжан мұрасы мені өте қызықтырады. Мағжан мұрасы-мәңгілік таусылмас тақырып.

Мағжан шығармалары-халық жүрегінен орын алған бірегей туынды. Ақын сөзіне жазылған әндер әлі күнге дейін әншілер репертуарынан түспеуі соның дәлелі болмақ. Ал ақын өлеңдерін мектеп оқушылары тек ақын мерейтойында ғана емес, әрбір сабағымызда жүргізілетін поэзия минутында жатқа айтады. Мұның өзі халқымыздың ақынға деген сүйіспеншілігін аңғартады.

Мағжан – қазақ өлеңінің көркіне көрік қосқан, саздылығы мен әуезділігін әсемдеген ақын. Сондықтан да Мұхтар Әуезов: «Мен қазақ ақындарының ішінде Мағжанды сүйемін. Оның жарқырағын, әшекейін, Европашылдығын сүйемін» дейді. Ол өлеңдерінің бәрінде де ол қарапайым өмір құбылыстарын әсем суретке айналдыра жырлайды. «Толқын», «Шолпы», т.б. өлеңдерінде Мағжан өлеңдеріне тән ерекше бір әуезділігі айқын көрінеді. Сондықтан да Мағжанды «лирик ақын» деп батыл айта аламыз. Оның шығармаларының сыршылдығы, нәзіктігі басым.

Қорыта келе,
Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы айтылған ой халқымыздың баға жетпес құндылығы екендігін естен шығармауымыз керектігін түсіндік. Өмірінің соңына дейін өз

ұстанымына, өз ұлтына, туған жеріне, елінің бостандығы мен еркіндігіне, өз шығармашылығы мен қазақ әдебиетіне адалдығын көрсеткен Мағжан Жұмабаев сынды Алаш арысының арманы тәуелсіз елдің ұлану болу еді. Бағамыз армандаған дәуірде біз өмір сүріп жатырмыз. Ендеше қаншама зиялы қауымның қиын тағдырымен, ауыр өмір жолымен, маңдай терімен, тіпті өмірлерімен келген тәуелсіздік біздер үшін де өте қымбат болуы тиіс!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы// Қазақ газеті, 1919 ж <https://adebiportal.kz/kz/news/view/14658>
- 2 Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы / М. О. Әуезов ; [ред. кеңес: М. Құл-Мұхаммед] . - Алматы : Дәуір : Жібек жолы, 2014 . – III-том, 16-б.
- 3 Жұмабаев М. Туған жер. – Петропавл, 2008. – 382 б. – 45-46-бб.
- 4 Кәкішев Т.М. Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра, 1995. – 168 б.
- 5 Жұмабаев М. Туған жер. – Петропавл, 2008. - 230-б.
- 6 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408-б.
- 7 <https://bilim-all.kz/olen/1827-Turkistan>
- 8 <https://bilim-all.kz/olen/1829-ETurkistan>

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ Т.ӘЛІМҚҰЛОВТЫҢ ТАНЫМДЫҚ, ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Тұрсынбай Құдайберген

И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің 4-курс студенті, Қызылорда, Қазақстан

Жетекшісі: Мустафаева Карлыгаш Ибадуллевна

И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп отыратын ұлы Абай шығармалары оқырманына ой салып, білім шыңына жетелейді. Уақыт озған сайын, замана өзгерген сайын Абай мұралары әр қырынан, зертеушінің бар сырымен зерттеліп, зерделенуде.

Дүние жүзілік әдебиетте сөздік қоры мол деп Шекспир, орыс әдебиетінде Пушкин аталады. Ал бізде сөздік қоры жағынан Абайға тең келетін суреткер сирек. Алдыңғы екеудің жазғаны көл-көсір болса, Абайдан қалған шығарма небәрі екі-ақ том. Соған қарамастан тілдік қоры мол болуы неліктен? Абай өзін-өзі қайталамаған ақын, - дейді Тәкен Әлімқұлов. Расында, Абай «қалдырмай бәрін жиған» ақын, ұлы тұлға еді. Сөз өнеріне, тіл тазалығына келгенде, Тәкен Әлімқұлов Абайдан үлгі-өнеге алған, кейбір кейіпкерлер аузынан Абайдың өлеңдерін айтқызып, өмірдің қиыншылықтарын түсіндіруге талпынады.

“Қазақ әдебиеті” газетіне 2002 жылы берген сұхбатында жазушы Әкім Тарази Тәкен Әлімқұловтың көп қырынан сыр шертеді.

“Абайды аузынан тастамайтын, көп өлеңдерін жатқа білетін”, - деп Тәкеннің ылғи да Абай өлеңдерін айтып жүретінін мәлім етеді [1, 6 б].

Ал кейіпкер тілінде қаламгер қалай сөйлетеді екен, соны аңғарып көрсек. “Сейтек сарыны” повесіндегі журналист Дәрмен Нұсқабаев ылғи да Абайдың өлеңдерін есіне алып тұрады.

“Бір кезде жолаушының қарсы алдынан қоңыр самал соқты. Самал ұшқан гүлдің, піскен жусанның исін аралас әкелді. Дәрмен ширағандай, аяғын үзеңгіге салып, атын тебінді.

Есіне және де Абай өлеңі түсті.

Көк-ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

“Шыншылдың бәрі данышпан емес, бірақ данышпанның бәрі шыншыл”,- деп түйді Нұсқабаев, – Абай аулақта жылағанын жасырмайды. Біз жасырамыз. Неге жасырамыз? Біз басы жұмыр пенде емеспіз бе?” [2, 254 б]

Осындай көптеген ой-түйіннің қорытындысы арқасында Тәкен Әлімқұлов ұлы тарихи тұлғаға шама-шарқы жеткенше еселі еңбек арнап, поэзия өнеріндегі айшықты сөздерін анықтап бергісі келеді. Сөйтіп, сын саласындағы сыншының ірі еңбегі “Жұмбақ жан” дүниеге келді. Зерттеу- сыни еңбектің “Жұмбақ жан” аталуында мән бар сияқты. Абайдағы жұмбақтық пен жазушы-сыншының өз басындағы сыршылдықты үндестірмекші болған деп ой түйеміз. Себебі, өмірде Тәкен Әлімқұловтың бізге беймәлім сырлары көп болған секілді. “Не жазып жүргенін айтпайтын” құпияға толы сыршыл жазушы ма деп қоямыз.

“Тәкен Әлімқұлов әу баста ақын боп өсіп, сыншы боп танылған еді”, –дейді сыншылар қауымы. Проза жанрында шеберлігін ұштаған Т.Әлімқұлов сын саласынан қол үзіп қалғанға ұқсайды. Бірақ сыншы проза жанрының тасасында қалып қоймағанын аңғартқан. Мұның дәлелі - Абай шығармашылығы жайында 1972 жылы “Жұмбақ жан” атты сыни еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекке жазушы арнайы дайындықпен үлкен ізденіспен келген. Тәкен Әлімқұловтың өмірі мен шығармашылығына қатысты Мәскеу қаласындағы бұрынғы КСРО Жазушылар Одағы мұрағатында құжаттар сақталған екен. Соның бірі – 1970 жылы КСРО Жазушылар Одағының басқармасы секретариатына жазушының өз қолымен жазған өтініші. Онда жазушы он төрт жыл бойы қазақ әдебиеті бойынша кеңесшілік қызметте жүрген кезінде еш жамандық көрмегенін, рухани жан-жақты байығанын айта келіп, қызметінен босатуын сұрайды. Бұған себеп денсаулығының сыр бере бастағанына да байланысты болса, екінші жағынан Абайдың шығармашылығын толық қарап шығып, жазуына рұқсат алу еді.

“Жұмбақ жанның” бастапқы нұсқасын Мәскеудегі Әдебиет институтында оқып жүрген кезінде жазып, институтты бітірер жылы, 1954 жылы Абайдың қайтыс болуының елу жылдығына орай “Абай” деген еңбегі жарық көреді. Аталмыш кітап жарыққа шыққаннан кейін Тәкен Әлімқұловтың көлемді мақалалары газет-журналдарда жарияланып тұрады. Мәселен, “Қазақ әдебиетінің негізін салушы” (“Екпінді құрылыс” газеті), “Өлмес мұра” (“Әдебиет және искусство” журналы), “Сөз таныған кісі” (“Оңтүстік Қазақстан” газеті), “Абайтану туралы” (“Қазақ әдебиеті” газеті) атты т.б. мақалалары көптеп саналады.

Алғашқы “Абай” мен қазір бізге белгілі “Жұмбақ жанның” аралығында көркемдік белгілеріне тоқталмай, тек көлемін ғана айтқанның өзінде, айтулы айырма бар. Тәкеннің Абай жайлы еңбегі әуелгі нұсқасында бар болғаны екі баспа табақтай кішкентай ғана дүние болса, соңғы нұсқаның көлемі он баспа табактан асады. Сыншының бұл екі еңбегі де Абайдың екі жолдық өлеңімен ашылады. Бастапқы нұсқада:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес, –

деген өлең қатары алынса, соңғы нұсқада эпиграфқа Абайдың:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла, –

деген жыр жолдары келтіріледі. Осындай жырлармен Тәкен Әлімқұлов Абайтану саласына енеді. Абайдың жұмбақ жанын өлең-жырларымен түсіндіргісі келеді.

Абай – қазақ елінің көш бастаушысы, көрегені, қамқоры, ақылгөйі, мақтанышы, оның бір өзінің қазақ халқының рухани өмірінде қаншалықты құнарлы қызмет атқарғанын уақыт дәлелдеп келеді. Қилы-қилы қызметімен, еселі еңбегімен өз халқының дәуір-дәуірлік шежіресін жасап кеткен Абай өзінің дара болмысында да шексіз ұзақ жасамақ. Абай парасатының биіктігі, Абай сезімінің тереңдігі, оның көңіл күйі, көкей көксеуі, өкініші, уанышы, арманы, үміті бірден емес, бірте-бірте баян тапқан. Сыншының байқағыштығы, дананың ойшылдығы, ақынның түйсікшілдігі туысы бөлек пенденің терең тебіренісі арқылы шежіреленеді. Дарындарды қаңбақша қуған қара заманда қайнаған қан, қинаған жан, өткелсіз өксік өзінің тұңғық мұңын, намыстың наласын кейінгіге сиқырлы сыбаға етеді. Осының баршасында белгілі мезгілдің бейнесі, дәйекті деректердің таңбасы жатады. Абайды зерттеймін деген талапкердің әмсе тұтатын бір жәйті - осы.

Сыншы абайтану тұрғылары түрлі-түрлі екенін айта келе, “биіктігі біреу ғана” дейді. “Ол – Абайдың өз биіктігі. Оған жетудің өзі – үлкен еңбек мектебі” [3, 3 б]

Әдебиеттің тарихын білу, түсіну, бүгінгі әдебиеттің ағымына ілесу – жан-жақтылықты тілейтін өзгеше күрделі қабілет. Тәкен Әлімқұлов мұны ұққан еді. Сондықтан “Жұмбақ жанды” жазуда қаламгер сыншылық сипатына прозалық және поэзиялық шеберлікті де қосқанын көре аламыз. Әдебиет сүйер оқырманнан “барынша сазды, мейлінше бейнелі, ойы орнықты, тілі шұрайлы” деген баға алған “Жұмбақ жанды” өмірге бұл қалпынша әкелу үшін нағыз алапат жүрек болмаса, жадағай сыншылықтың қуат-күші олқылық етер еді.

Жанына жақын тұтқан ақынның сырын, мұңын, жүрегінің түбіне бойлай бере жұмбақ жанның құпиясын түсінгісі келеді.

Ұлы адамның жұмбағы көп болады. Бұл жерде бір күнде, бір айда, бір жылда шешілетін құпия жатқан жоқ, ғасырлар шешетін, бәлкі шеше жататын жұмбақ жатыр. Қыры қыруар, сыры қиын Абай өз тұсына ғана жұмбақ болмай, осы заманға да сыбаға қалдырып кеткен.

Абай тоғыз жолдың торабында өнерді, оның ішінде поэзияны таңдады. Мұны Т. Әлімқұлов былай түсіндіреді: «Абай өзінің ішкі әлемін өлеңмен ашып, өлеңмен мұң шағады., өлеңмен наз төгеді, өлеңмен сыр шертеді. Поэзияның табиғатын жетік білген ақын жомарттық жасайтын жерде жомарт та, сараңдық жасайтын жерде сараң. Ол кейде төкпе, кейде бүкпе. Кейде сыршыл, кейде суретшіл. Кейде іңкәр, кейде торыққыш. Кейде әсершіл, кейде байқампаз. Кейде ойшыл, кейде ақылгөй. Осының бәрі оның байырғы болмысының, табиғи дарынының үстіне оның мұратының, мақсатының мүддесінің кеңдігінен туған қасиеттер еді» [4, 5 б].

Қазақ поэзиясының төркіні тым әріден басталады, оның араласпаған саласы жоқ. Сәбидің тілін сындыратын жаңылтпаштан дананың жұмбағына шейін, жар-жардан жоқтау жырына шейін, қаһармандық дастаннан ғашықтық дастанына шейін, тойбастардан хиссаға шейін, ауыз-екі айтыс пен қағаз жүзіндегі айтысқа шейін поэзия үстемдік жүргізді. Терме, тақпақ, жарапазан жырмен айтылса, жезтаңдай шешендер сөзі ырғаққа құрылды. Міне, поэзияның қаншалықты дәрежеде болғанын білуге болады. Қазақ әдебиетінің тарихына үңілетін болсақ, осыны көреміз.

Осылайша, Тәкен Әлімқұлов Абайдың өнердегі жұмбағын шешуде ұшқарлық, дәлділік керек екенін, сонымен қоса өмір тарихына, заманына, өскен ортасына зер салады. Абайдың дүниеге келген уақытында қазақ халқы Россияға түгел қосылып болған кезі еді. «Патша үкіметінің отарлау саясатының обырлығына, жүгенсіздігіне қарамастан, бұл қосылудың тарихи мәні аса зор болғаны мәлім. Мәдениетке жырақ ғасырлық көшпенділіктің негізі шайқалып, отырықшылық өмір жаңа нышанын көрсетті, прогрессивтік қанатын жая бастады. Бұрынғы жабайы шаруашылыққа ақша араласты. Қазақ даласына тіршіліктің жаңа түрлері енді. Жаңа идеялар келді. Экономикалық, рухани

жаңа мәдениет бой көрсетті. Бұл, әсіресе, Россиядағы 1861 жылғы реформадан кейін кең өріс алды. Россияда өркендеген капитализм қазақ даласының байлығына құныға түсті» [4, 6 б]. Абай заманында қазақ даласында осындай жаңалықтар өтіп жатыр еді. Мәтіннің астарын қарайтын болсақ, ұлы державаның халқымыздың құндылықтарын жұтып жатқаны аңғарылады. Әрине, бұл кезеңдегі барлық еңбектер идеология тұрғыда жазылған деп қарау шарт.

Осы тұрғыдан Абайдың әкесі Құнанбай да қатал, мейлінше қатты болып келеді. Бірақ осы деректі хикаясында сыншы ұлы жүзге сапар шеккен Вишневскийдің экспедициясына енген поляк Адольф Янушкевичтің күнделігінен Құнанбай туралы үзінді келтіреді: «Памяты тамаша, сөзге шешен, табиғаттан парасатты туған Құнанбай – қарапайым қазақтың баласы. Дала правосының үлкен білімдары, қара қылды қақ жаратын қазы, тақуа Құнанбай өз ағайындарының қамын жейтін іскер адам. Ол пайғамбардың даңқына ие. Оған ең алыстағы ауылдардан жастар мен кәрілер, кембағалдар мен дәулеттілер зиярат етіседі» [5,7 б].

Сыншы Абайдың оқуы турасында басқа абайтанушылар секілді Ахмет Риза медресесінен білім алғанын, мағынасыз, кертартпа діни сабақтардың болатынын, араб, фарсы тілдерін меңгергендігін айтады. Бұл жерде Абай шығыс ақындарын құмарта оқып, соларға еліктеп өлеңдер жазады. Мұнан соң Семейдегі орыс мектебіне оқуға түседі. Осы жерден бастап жазушы орыс әдебиетінің Абайға қалай ықпал еткенін еңбектің өн бойында айтып отырады. Бұл жерде айтатын бір жайт, Абайға орыс әдебиетінің ықпалы қандай деген мәселеде үлкен әсері болғанын ескереміз.

Құнанбай өз баласының қабілеттілігін байқағандықтан, ел басқару ісіне араластырады. Осы кезде Абай дала жуандарымен күресуде озбырлықты жеңуге жол іздейді. Бұл жолды ақын поэзиядан іздейді. Өлең жанына жайлы келді. Жастайынан өлең сөзді жанына балаған ақынның неліктен өмірінің ақырғы жылдарында ғана жинастыруын Т.Әлімқұлов жұмбақтыққа балайды. Мұның сыры орыс өнерімен кешірек танысқандығынан деп біледі. Орыстың географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі қайраткері Е.П.Михаэлиспен таныстығынан кейін Абайдың ой-танымы өзгереді. Абайдың: «Дүниеге көзімді ашқан кісі – Михаэлис», - деуі де осыдан болса керек.

Т.Әлімқұлов Е.П.Михаэлис туралы мынадай бір дәлел келтіреді. «Осы Михаэлис жөнінде орыстың географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің берген мынадай бағасы бар: «Батыс Сібір және Семей өлкелерінің ірі ғылыми қызметкері – Е.П.Михаэлис қазақ даласында поэтикалық ірі талант тапты, ол қазақ ақыны Ибраһим (Абай) Құнанбаев еді, соны Михаэлис бірнеше жылдар бойына тәрбиелеумен шұғылданды. Осының нәтижесінде қазақ халқы Құнабаевтай тамаша ақынға ие болды, ол ақынның өзі жазған және аударған (қазақ тіліне Крыловтың мысалдарын, Пушкиннің кейбір шығармаларын аударды) талантты шығармаларын күллі сахара ынтыға оқыды» [4, 11 б].

Батыс әдебиетімен, философиямен шұғылданғанын, Спенсердің, Спинозаның, Милльдің, Дрэпердің, Тэннің шығармаларымен таныстығын айтады. Америкалық журналист әрі саяхатшы Джордж Кеннанның 1906 жылы «Сибирь и ссылка» деген орыс тілінде шыққан кітабынан қызықты дерек келтіреді. Бұл деректен әдебиетші қауымның хабары бар. Бұл жерде айтайын дегеніміз – Абайдың Дрэпердің «Европаның ой-өрісінің өркендеуі» атты кітабын оқып шығуы, осы мәліметте айтылады.

Абай өміріндегі келеңсіздік, бастан өткен қиындық, қасірет, барлығы да оқырманына түсінікті, шұрайлы тілмен жеткізіліп отырады.

Сыншы-ғалым Хасен Әдібаев Тәкен шығармашылығы туралы: «Тәкеннің ұлы Абайға арналған «Жұмбақ жан» атты зерттеуі автордың өзгеше позициясы, қызық дерегімен құнарлы», - деген сөзі кітапта келтірілетін деректердің қызықтығын айғақтағандай [6, 16 б].

Сыншы Абай өмірінің жұмбағы бар десе, өлеңдерінде де сондай құбылыстың кездесетінін айтады. Өйткені Абай өлеңдерінің тарихы некен-саяқ сақталған. Ел басқару ісіне араласқан Абай жастарды бос мақтанға салынбасқа шақыратын өлеңдерінен сыншы бір-екі үзінді келтірген.

Военный қызмет істеме
Оқалы киім киюге,
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге
Қызмет қылма оязға
Жанбай жатып сөнуге, -
деп қазақ жастарына ақыл айтса:
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде бір ой! -

деп әкім болуды аңсайтын мансапқорларды сынады.

Сыншы Абайдың осындай өлеңдерін орыс әдебиетімен танысқаннан кейін туған өлеңдер десе, кейбір өлеңдерінде орыс сөздері араласып отырады. Т.Әлімқұлов Абай өлеңдерінің астарын ұғуға күш салады. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» саяси астары өмірде жауыздықты көп көрген, озбыр қауыммен соққы жеп қажыған ақын сергуді іздейді, аң аулауға шығады.

Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жоқ өзім көрген,
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.
Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға
Бәрі де анық тұрмай ма ойлағанда.

Абайдың өлеңді ұлғайған шағында жазғанын айта келіп, орыстың ақыны Лермонтовпен мұңдас екенін байқатады. «Әм жабықтым, әм жалықтым» деп келетін Лермонтов өлеңінің бір шумағын аударумен шектелгенін айтып, Т.Әлімқұлов қалған шумақтарын өзі түгел аударып береді. Сыншының аударма саласында жемісті еңбек еткені мәлім.

Жалпы, Абайдың барлық өлеңдерінде, поэмаларында мейірімділік, әділеттілік, адамгершілік жырланады. Барлық сөздерінің астарында қайнаған өмір, екшелген кескін, дәлелденген шындық жатады.

Әдебиетіміздің беделді де белгілі тұлғалары сыншы Тәкен Әлімқұловтың “Жұмбақ жан” зерттеуіне өз көзқарастарын, пікірлерін білдірген. Мысалы, Мархабат Байғұт: “Тәкен Әлімқұлұлы, егер аса көрнекті прозашы болмағанның өзінде, ұлы Абай шығармашылығы турасында жазған “Жұмбақ жан” атты еңбегімен-ақ айтулы сыншы, ірі әдебиетші-зерттеуші ретінде тарихта қалар еді” [7, 3 б].

Бізде осы пікірлерге қосыла отырып, ұлы ақын мен талантты тарлан жазушының жұмбақтығын ұлылығында деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметжан Т. Тосқауыл бұзған тұлпар // Қазақ әдебиеті, 22ақпан, 2002.
2. Әлімқұлов Т. Кертолғау. – Алматы: Өнер, 1998, –254 б
3. Әлімқұлов Т. Абайтану туралы // Қазақ әдебиеті, 19 наурыз, 1971.
4. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1972. – 154 б
5. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1997.
6. Әдібаев Х. Көкжиек. – Алматы: Жазушы, 1978.

7. Байғұт М. “Ерке болмыстың тәуелсіздігін” ұғымын Тәкен Әлімқұлұлы қалай бәдіздеген? // Жас Алаш, 1 шілде, 2003.

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ТҮСТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУДАҒЫ РОЛІ

А.Е.Айтбаева – филология ғылымдарының кандидаты

М.Дауылбай

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты,
Қызылорда, Қазақстан.

Аңдатпа

Мақалада Ә.Кекілбай романдарындағы әдеби түстердің психологиялық талдаудағы ерекшеліктері сөз болады. Әлеуметтік, философиялық мәселелерді көтеруде, алдағы болатын істің жайын түсінуде, адамның жан дүниесін ашуда кейіпкерлеріне түс көрсетудің амалын жасау жазушының шеберлігін айқындайды.

***Түйін сөздер:** психология, түс, аналитикалық талдау, кейіпкер, шебер, ханым.*

Жазушы романдарында психологиялық талдауды әдеби түстер әлемін талдаумен ұштастырған. Әлеуметтік, философиялық мәселелерді көтеруде әдеби түсті талдаудың қызметі ерекше. Адамның ішкі жандүниесін ашу мақсатында, болашақты болжау мақсатында кейіпкерлеріне әдеби түс көрсету – жазушының негізі жетістіктерінің бірі. Осы жөнінде Г.Пірәлі: «Ә.Кекілбаев әдеби түс көруді екі мақсатта пайдаланады. Бірінде – кейіпкердің ішкі жан дүниесіне тереңірек үңіліп, ену үшін аналитикалық талдауға кең өріс берсе, екіншісінде – түс көргеннен кейінгі көңіл күйді, әсерді, әрекет үстіндегі хал-жағдайды қазбалай, қадағалай зерттеуге зер салынады», – дейді [1, 82]. Осы пікірге сүйенетін болсақ, романдағы Әбілқайыр ханның, емші қыз Бопайдың, Бопайдың Ералы туралы түсі, Ералы сұлтанның өң мен түстің арасында жатып көрген түстері – әдеби түстің жиынтық түрі. Кейіпкер әлемін ашу мақсатында қолданылған түс көруді көркемдік құрал ретінде пайдалана отырып, әдеби түстерге талдау жасалған. Әбілқайыр түлкіге қатысты түсті бірнеше рет көреді. Бірақ әр түстің өзіндік атқаратын қызметі түрліше. Түс кейіпкердің өңінде өзін мазалап, шешімін таппай жүрген мәселелеріне қатысты өзгеріп отырады. Осыған қарап, түстің кейіпкердің өңіндегі оқиғалармен тікелей байланысы бары аңғарылады. Өңіндегі психологиялық, физиологиялық сезімдер ой санасымен астасып, астарласып кетеді. Осы пікірімізге Бопай қыздың түсін мысалға келтіруге негіз бар: «Түс көріпті... Түсінде тап осы оңаша отауының табалдырығының ішінде мал сойып отыр... Мал дегені, терісін сыпырарда байқады, арлан қасқыр... Жон арқасы көк шуланданып тұр... Өзінен қан шықпайды, ағыл-тегіл сүт ақтарылып жатыр... Селк етіп қолын тартып ала қойды» [2, 167]. Қазақ халқы түске қасқыр мен бөрі кіргенін жақсы ырымға жориды. Ал, одан қан орнына сүт ақтарылуы – молшылықтың белгісі.

Бопайдың келесі түсі – аманаттағы баласы Ералы туралы. «Бүгін түнде түсіне Ералы кіріп жүр. Бұлар іште сары табакқа салып ап сары сазандай аунатып бүйенге қатырған шырын уыз жеп отырғанда, ол түрүлі іргенің тұсына келіп, көзін сатып, қолын жаяды. Бұлар оны аяп, қолдарын қанша созса да іргеге жетпейді. Үйдегілердің қайырынан күдер үзген Ералы отыра қалып, топырақтың астына қолын сүңгітіп, бұлқынттып саршұнақ па, борсық па, бірдеңе суырып алып шығады. Жаңағы олжасын бауыздамай, іремей, тыпырлатып, тырнағын қадап, жайратып жатады. Әлгі немесінен қан шықпайды, ағыл-тегіл сүт ақтарылып жатады» [3, 181]. Бұл – кейіпкердің өңіндегі жанын күйзелткен,

жүрек түкпірінен орын алған, баласына деген үлкен сағынышының түске араласуы. Іргедегі баласына қолы жетпей жатуы – Ор қаласына келген аманаттағы баласын бір көруге зар болып жүрген ананың жан жарасы. Жер астынан суырып алатыны – қазақтың жер асты байлығы болса, қан орнына сүт ағуы – молшылықтың белгісі. Бір-біріне «Ақ мол болсын» деп тілейтін қазақ ағарған, ақ мол болса, тоқшылық болады деп түсінеді. Олай болса – Бопайдың түс жоруы да дұрыс. Сонымен бірге қазақта қандай түс көрсе де оны жақсылыққа жору – қалыптасқан қағида. Егер түсті дұрыс жорымаса, онда сол түс иесінің қиыншылықтарға ұшырасуы әбден ықтимал.

Жазушының әдеби түстерді кең пайдаланғанын «Аңыздың ақыры» романынан кездестіреміз. Романдағы Кіші ханымның түсіне жас шебердің кіруі, Әміршінің түсінен екі көзі мен тілінен айрылған мүскіннің шықпауы – кейіпкерлердің өңінде ойлаған, жауабын таба алмай мазалаған ойларының бейсаналы түрде түске араласуын көрсетеді.

«Міне, ол бұған қарай қозғалғандай болды, бірте-бірте жақындап келеді. Сүйекпен-сүйек боп қалған сұп-сұр беті бүлк етпейді. Ол мұның соңындағы қара құрым қолдан да сескенбейтіндей. Шаршы әлемдегі әрбір тірі пенденің құлағына көк найзаның сүнгісіндей суық естілетін айбарлы Әмірші атағынан да тайсалатын түрі көрінбейді. Күс-күс қос шеңгел кеңірдегіне тақап қалыпты.

– Қорықпа, – деді әлдебір қырылдақ дауыс, – барар жерің бәрібір жердің асты...

Әміршінің көзі шарасынан шығып барады. Қарсы алдындағы құбыжық соқырдың қан-сөлсіз қаймыжық ерніне бір жымысқы күлкі ілігіпті. Әмірші шегіншектеп шалқалай берді. Оны бір жұтпа батпақ астынан обып барады. Ол, ең болмаса, жан тәсілім алдында тұяқ серпетіндей дәрмен таба алмай тырбанып жатыр...» [4, 316].

Кезінде аспан тіреген көк мұнара басқа шаһарда салынбайтын болсын деп көзін ойып, тілін кескен мүскіннің мына сөзінен адамның тілін кескенмен, оны мылқау ете алмайтының байқалады. Себебі жас шебердің салған мұнарасы ол туралы аңызды сан ғасырлар бойы өскелең ұрпаққа жеткізе бермек.

1970-1980 жылдардағы қазақ прозасында ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалану кең етек жайды. Қазақ жазушылары өз шығармаларына аңыз-әңгімелер мен ертегілік, мифтік сарындарды түрлі дәрежеде қолдана бастады. Ә.Кекілбаев та өз замандастары тәрізді прозалық шығармаларында осы үрдісті жалғастырды. Ауыз әдебиеті үлгілерінен қолтығының астында тесігі бар сиқыршы келіншек, моншаның киесі, құбыжық, ши мұрын, аждаһа, пері, албасты, обыр туралы аңыз-әңгімелер пайдаланылған. Осындай қорқынышты әңгімелерді көп естіген Ералының түсіне албасты, құбыжықтың кіруі – оның өңі мен түсінің араласып кетуі болса, екі-үш күн ыстығы көтеріліп сандырақтап ауырған баланың шимай шатпақ түстері – оның қатты сырқаттануының көрінісі. Жазушының романдарында ауыз әдебиеті үлгілерін мейлінше мол пайдаланылуы жөнінді қазақ тарихи романын зерттеуші Р.Бердібай «Үркер» романы туралы: «Өзге тарихи романдардағыдай «Үркерде» де ауыз әдебиетінің материалдары: аңыздар, шешендік сөздер, шежірелер көп пайдаланылған. Бұл әсіресе шығарманың эпикалық баяндау өрнегінде мол» [5, 392], – деген болатын.

Ғалымның осы пікірін негізге алатын болсақ, жазушы төбе билер мен басқа да би-шешендерді қазақтың шешендік өнерін насихаттау үшін пайдаланғанға ұқсайды. Сонымен бірге романдарда ауыз әдебиеті үлгілерінен көзге түсетін келесі жанр – мақал-мәтелдер. Ульям Фолкнер: «Бір әңгімені бір түйреуіштің ұшына сыйғызуды арман етемін», – деген екен. Қазақ халқы бір әңгімені бір түйреуіштің ұшына сыйғызудың жолын мақал-мәтелдер арқылы тапқан. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болатын мақал-мәтелдерді жазушы тиімді қолдану арқылы өз ұстанымын сол ділмарлық сөздерге сыйғызған. Олардың қатарында «Ұсынған басты балта кеспес», «Үйреніскен жау атыспаққа жақсы», «Сенде азық жоқ, менде жазық жоқ», «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды», «Тоқсан сөздің тобықтай түйіні бар», «Қалауын тапса қар жанады», «Бірлікке сөз бастамайды, іс бастайды», «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді», «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен»,

т.б. мақалдарды атасақ та жетіп жатыр. Романда келтірілген бұл мақалдар – жазушы стилінің жинақылығын, аз сөзділігін танытатын көркемдік құрал.

Романда көзге түсетін көркемдік тәсілдің бірі – пейзаж. Жазушы табиғат суреттерін алдағы оқиғаға орай түрліше құбылтып пайдаланады. Мәселен «Үркер» романының екінші кітабы, яғни «Арбасу» бөлімі: «Көсенің иегіндей көксұрланып жатқан жылмағай тегістік біресе күміс қылшықтанып тұратын боз селеулі далаға, біресе тырбиып сораң, жапақ өскен сортаңыт жазықтарға кезек ұрынып, дер реңі өзгерейін деді. Көз ұшында көгеріп тұрып алып, маңына жуытпай, жігерінді құм қылатын мұнар таулар енді жолдың екі бетіненкезек ұшырасып, зорыққан нар қоспақтай сұлай жығылып қалып жатыр. Алыстан аспанмен тайталасып айдынды көрінгенмен, қасына келсең, бір-бірімен жағаласпай, әр-әр жерге сәнкііп-сәнкііп оқшау біткен керткі-керткі кемер биіктер екен» [43, 5], – деген психологиялық пейзажбен басталады. Ұзақ сапардан шаршап-шалдығып келе жатқан кейіпкер көзімен сурттелген табиғат суреттері – бейтаныс жанның көзімен суреттелген бейтаныс өлке. Осы үзіндідегі «көсенің иегіндей», «нар қоспақтай» деген тіркестерге қарап отырып, автордың бейнелі, образды сөйлейтінін тануға негіз бар.

Ал, «Қасқыр талаған жылқының қаңқасындай терістіктен түскейге құлай салған мыж-мыж Мұғаржардың шығыс бүйірін о жер, бұ жерден тесіп аққан жыланшық өзендерден бастап сонау ең Бірғыз, ту Торғайға дейінгі ұланғайыр өлкенің биыл құйқалы жылы. Алабөтен ақпандата кірген ызғарлы қыс күнге мен күн шығыстың сумаңдаған қызы желіне көпке дейін бой бере қоймай, киіздей тұтасып тегіс түскен қар кешеге дейін көбесі сөгілмей бүтін жатты» [7, 123], – деген алты ай қыстан кейінгі табиғат суретіне шалғайда жүріп, елін сағынған ханзаданың көңіл-күй сезімдері қоса өріліп отыр. Табиғаттың жабырқау суреті кейіпкердің жабырқау көңілін айшықтап тұрғаны анық.

«Жас келіншектің омырауындай үлбіреп тұрған көк шүйгінді есірік күйеудің орынсыз қамшысындай осқылап айқыш-ұйқыш зеңбірек ізі, арба ізі айғыздай жөнелді. Әлгінде ғана түгі жылтырап, сауырын самалға, бауырын күн нұрына аялатып рахаттанып жатқан көк ала ту биедей оқшау жалдың әп-сәтте-ақ ұйпа-тұйпасы шықты. Мың жылдан бері де құлақ шошынардай өрескел дыбыс естімей тыныштықта маужырап жатқан жым-жырт алқаптың денесін дүр түршіктіргендей шақұр-шұқыр үн көбейді... Анда-санда жер ошақ азылғаннан басқа көбесіне зақым тимей ту жатқан құйқалы топыраққа ертелі-кеш мың-мың темір күрек, қайла, сүймен кірш-кірш қадалып, қайзалып бағады. опыр-топыр топырақ омырылып, тырс-тырс шөп үзіледі» [8, 102], – деген үзінді – сан ғасырлар бойы мүлкіп жатқан қазақ даласына орыс басқыншылары келіп қала салып жатқанын көрсететін сурет. Бір айдың ішінде талай шаруаны тындырған олар жаңадан салынған қорғандар мен мұнаралардың құрметіне зеңбіректерден үш рет оқ атқандағы сахараның кейпін былай суреттеген: «Ғасырлар бойы қатты айқай да естімей, жым-жырт тыныштықта бөгіп тұрған дел-сал алқап дүр түршігіп, туғалы мұндайды көрмеген бір талай қазақ сол күні күңірсіген оқ-дәрі иісін иіскеді. Қос өзеннің бойындағы құс біткен қиқулап аспанға көтерілді. Құрақ арасында балдыр тамсап жүрген балық біткен желбезектері дір-дір ете қалып, тереңге сүңгіді. Шөп екеш шөптің арасы да бүлк-бүлк. Даланың түлкісі, қарсағы, борсығы, тышқаны, жыланы, кесірткесіне дейін жан дәрмен әлдеқайда безіп берді. Маңайдағы қара дөңдердің үсті де бастарымен қайғы боп маңып бара жатқан үйір-үйір киік, қарақұйрық. Құлан. Тым-тырыс жатқан дүние дүр қозғалып әлдеқайда қопарыла көше жөнелетіндей. Екі өзеннің суы да бұрынғысынан бетер жөңкіле аққандай. Мынадай төтен жаңалықтан бәрі үркіп, бәрі безіп барады» [9, 106].

Жаңа салынған Орынбор қаласының құрметіне жасалған тойда атылып, патшайымның, оның қол астындағы бұратаналардың, Әбілқайыр хан мен Ералы сұлтанның құрметіне тілектер айтылып, үсті-үстіне зеңбіректер атылса, Әбілқайыр бастаған 100 би ант бергеннен кейін де екі күн қатарынан атылған зеңбіректер қазақ даласын күңірсек иісімен бүлдіре бастағаны шығармада шынайылықпен бейнеленген.

Ал, «Аңыздың ақыры» романындағы табиғат суреттері мүлде бөлек. «Шаңылтақ көктем. Қыста қар көріп жарымаған жабырқаңқы шөл көзінді қажытады. Жүзген мен сексеуіл әлі бүр жармапты, сояу қалпы. Төңірек түгел мүлгіп тұр. Денкиген шағылдар да, тырбық құм бұталары да ғұмыры қыбыр-қимыл көрмегендей, жер тістеп жатып алыпты.

Тасбақаның дауылы басылғаны таяуда ғана емес пе еді. Бес күн бойы қарсы алдынан тандырдың деміндей бет шарпыған қызыл жел ұрған да тұрған. Әлдеқандай долы дүлей қара жерді тас-талқанын шығарып, күл қып уатып, сосын бір алапат табаққа салып ап, елеп, кебегін желпіп ұшырып жатқандай, жер мен кек түгел шаңға айналып кеткен-ді. Қара құрым қалың қол бірін-бірі көре алмай, кеуделерінен төмпештей ұрғылап кері итеріп баққан қызыл желді бетке ұстап ілбіген де отырған. Күллі дүние түлен тигендей тулап шыға келген-ді. Аспан қайда, жер қайда – ешкім ажырата алмастай... Құлақ сарсытып ұлып тұрған жел... Күллі кеңістікті бір өзі иемденіп, асыр салып ойнақтап жүрген шаңтозаң... Енді дүние қайта орнына келместей... Сол бір шаңтозаңға айналған қалпы біржола күлі көкке ұшатындай. Әумесер жел бұл мініп келе жатқан сары күймені де жер бетінен жұлып ап, төбесінде бедірейіп жатып алған сұп-сұр кеңістіктің әлдебір тұңғыығына жітіріп жібергісі келгендей, екілене жұлқылайды» [10, 105].

Мұндағы табиғат суреттері жорықтан келе жатқан әміршінің көңіл-күйін байқатады. Табиғат пен адам арасындағы ұқсастық егіздеу арқылы бейнеленіп отыр. Табиғаттың дауылы болмаса, адам қолымен жасалып жатқан топалаңның өзі түгілі ізі де жоқ. Себебі, бұл – иен сахараның отаршыл империяның қол астына кірмеген кезі.

Кейіпкер бейнесін сомдауда монолог пен диалогтың атқаратын қызметі зор. Ішкі монологтың бірнеше түрін Әбілқайырдың монологтарынан келтіруге болады. Ал, диалог – көркем шығарманың идеясын ашуда, көркем бейне жасауда шешуші қызмет атқаратын көркемдік құрал. Диалогта әр кейіпкердің сөз саптауы, ой-толғанысы, жан дүниесі айқын көрінеді. Жазушының шеберлігі – оның әр кейіпкерінің сөйлеу стилінің түрліше болуында. Сондықтан диалог – көркем шығармада халықтың тіл байлығын мол пайдаланып, орнымен қолданудың ұтымды тәсілі болып табылады. Диалогты мазмұны мен түріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Жанрлық тұрғыда комикалық, трагедиялық диалог деп бөлетін болсақ, әлеуметтік қызметіне қарай: диалог тергеу, диалог – ой-талқы, отбасылық әңгіме диалог, диалог мінездеме, т.б. деп бөлуге негіз бар.

Жазушы кейіпкерлерінің диалогына ерекше мән беретіні аңғарылады. Атап айтатын болсақ, билердің диалогын философиялық диалог деп атауға болса, хандар мен батырлар арасындағы диалогтарды мемлекеттік дәрежедегі диалог деуге негіз бар. Себебі, би-шешендер өмірден алынған ой-тұжырымдарын ықшамдап беруге тырысса, хандар мен батырлар көбіне мемлекеттік үлкен мәселелер төңірегіндегі әңгімелер үстінде танылады.

Осы ойымызды дәлелдеу үшін, бір-ер мысал келтіріп көреліп. Орыс патшалығынан келе жатқан елшілерді күтіп алған Нұралы сұлтан мен Тевкелевтің алғашқы кездескен сәтіне көңіл аударып көрелік.

«– Күллі қырғыз-қайсақ ордасының бас ханы Әбілхайыр Ғазы Баһадүр хан, оның қол астындағы күллі қырғыз-қайсақ жұрты мен күллі қырғыз-қайсақ ғаскері, қадірмен рқбасы билер мен батырлар тегіс сау-саламат па?!, – деді даусын созып, Ханзаданың қасындағы нөкерлері де тегіс естісін деген оймен.

– Рақмет. Шүкір, алдияр ханымыз да, күллі қазақ жұрты да тегіс аманшылықта. Ұлы мәртебелі хәм шарапатты, хәм ержүрек, хәм кеменгер Ресей елінің алдияр патшасы Анна Ниуан қызы ағзамның қадірменді елшісі Құлтұқ Мімбет мырза, біздің елімізге қош келіпсіз! – деді Нұралы бала болса да орнықты сөйлеп.

– Құдайға шүкір, – деді Тевкелев.

– «Қанша дегенмен, жол ұзақ, шаршаған шығар. Бейтаныс жердің ой-шұқыры көп, алдынан барып өзің бастап әкел!» деп алдияр хан жіберіп еді, – деді Нұралы.

– Көп-көп рақмет! Орда бұл арадан алыс па?

– Біз шыққалы төрт күн»[11, 18], – деген диалогқа қарап отырып екі кейіпкер туралы толыққанды мәлімет алуға болады. Тевкелев – үлкен империяның сенімді елшісі болса, Нұралы – бір Орданың атынан келіп тұрған өкіл. Екеуінің де сөз саптауы өз қызметтеріне лайық деңгейде деп айтуға болады. Жазушы Нұралының жас та болса, бас болатын қазақ сұлтаны етіп көрсеткені оның нық-нық сөздерінен байқалса, Тевкелев те осал жан емес. Оны Нұралыны құшақтамай, иығынан қағып қана амандасқанын көреміз. Әр кейіпкердің сөйлеген сөзі, іс-ірекеті, қимыл-қозғалысы оның бейнесін толықтыруға қызмет ететін болса, осы аталғандардың барылғы – кейіпкерлер бейнесін толықтырып тұрған көркемдік детальдар.

Келесі мысал – Тевкелев пен Әбілқайырдың диалогы:

«Тевкелев ренішті дауыспен:

– Сіздің елшілеріңіз Мәскеуде де, жолда Уфада тоқтағанымызда да қайталап сұрағанымызда бұл әбден ақылдасып-мақұлдасқан басы ашық мәселе деп еді, артының бұлай болып шыққанын қарашы, – деді.

Ханды абыржытам ба деп айтып еді, ол мұны мүсіркеп тұрғандай мұртынан күліп:

– Оның жай-жапсарын жасырғам жоқ, жаңа ғана айтып бердім. Егер «бодан боламыз» деп айтсам, билер маған ақ патшаға елшілік жіберуге рұқсат бермес еді, ал «бодан боламыз» деп айтпасам, ақ патша маған елші жібермес еді. Елшілік келмесе, мен мына жұртты өз дегеніме көндіре алмас едім. Енді, міне, сіз келдіңіз. Менің өз дегеніме жетуге, аз да болса жағдай туып отыр. Сіз екеуміз елді ақ патшаның боданы болуға үгіттеп көреміз...» [12., 24].

Жоғарыда айтқанымыздай хандар мен билердің диалогына мемлекеттік үлкен мәселелер арқау болады. Хан ұсақ-түйек үй ішілік шаруаларға араласпайды, ол ел тізігініні ұстап отырғандықтан, осылай тек елдік мәселелерге ғана араласады.

Елші Орыс патшалығы Сыртқы істер коллегиясының шығыс елдері жөніндегі тілмашы Алексей Иванович Тевкелев мырзаны орыс патшалығы елшілікке жібергенін мәлімдеп, өзін таныстырғаннан соң, өз талаптарын түсіндіреді. Оның айтуы бойынша қалмақ пен башқұт сияқты қазақ ханынан бастап, сұлтандары мен рубасылары бодандық парызымызды адал атқарамыз деп Құран ұстап, ант беру керек екен. Анттасу қазақ үшін еріккеннің ермегі емес. Анттасқаннан кейін оны бұзуға болмайды. Сондықтан екі мемлекет арасындағы келісім шартты мұқият зерттеген соң ғана қол қоюға болады. Оның салық төлеу, өздері де өзгеге де жәбір-жапа көрсетпеу, патш ағзамнан қоғаныс іздеу, қолдағы тұтқындарды қайтару сияқты төрт түрі Әбілқайырдың Құттымбет пен Сейітқұлдан айтып жіберген ауызекі шарттарынан туындайды.

Қазақ пен башқұрттың ханы болғаннан кейін, Әбілқайырдың Жүніс бастаған елшілерді босату үшін келген кездегі диалогына көңіл аударып көрелік:

«– Сонда не? Мен сендерге құла түзде қаңғып жүрген қарақшымын ба? Жоқ, қол астымда халқым бар, халық алдында намысым бар ханмын ба?

– Әлбетте хансыз! Құрметті...

– Құрметті... құрметті... Ондай мәймөңкеңді барып басқаға айтыңдар. Мені құрметтемей-ақ қойыңыздар... анау баршамызға ортақ нұр сипатты ақ падишаны құрметтемей отырсыздар, мені қайдан құрметтейін деп едіңіздер. Сонда немене, сендердің ойларыңша, ақ патша іргесіндегі іргелі елдермен емес қайдағы бір қаңғыбас қарашылармен одақтас болып жүр ме...

– Айта көрмеңіз, құ...

– Ендеше, неге нұр сипатты ақ падишаның инабатты одақтастарын қол жаулық қыласыңдар...

– Жоға,, Біз ондай...

– Олай болса, мына жұрттың алдында берген менің уәдемді неге тілкек етесіңдер...

– Ол қандай уәде!

– Ұмытып та қалдыңдар ма? Қашан ақ патшаның өз ұйғарымы айтылғанша мұнда ешкімге ешкімге қол көтеруге тиісті емес дегенді кім айтты? Сен екеуің бе, жоқ мынау жаңа шаһардың жер қаздырып жатырған бастығы ма?» [13, 5].

Бұл – Әбілқайырдың башқұрттар мен Кіші жүздің ханы ретінде дәуірлеп тұрған кезі. Екі елдің өзіне үміт артып отырғанын түсінген ол керек жерінде осылай мінез де таныта білу керек. Ақ патша мен арасындағы келісім-шартты бұзуға ешкімнің де құқы жоқ болғандықтан, заңды талап ете отырып, сол сәтте, қолма-қол Жүністерді босатып алады. Өктем сөйлейтін Әбілқайырдың бір ашынып отырғаны – аманаттағы баласын іргеге келсе де бір көре алмай зарығып отыруы. Таймастардың айтуына қараса, қала салып жатқан орыстар ішер тамақ, киер киімге зар болып отыр десе, Мырзатайлар Ералының жағдайына ешқандай алаңдаудың қажеті жоқ екенін алға тартады. Осындай екі ұшты әңгімелерді құлағы шалатын Бопайдың жүрісі анау іштен тынып, сүйретіліп.

Кирилов ноғайларының айтысына қараса, олар Әбілқайырдың ереуілші башқұрттарға барғанынан да хабардар. Тіпті қазақтар мен башқұрттар тізе қосып, салып жатқан қалаларын жермен жексен ете ме деген күдіктері де жоқ емес. Олар ханды ықтыру үшін «зұлымдық», «Орынборға шабуыл», «ереуілші башқұрттардың қайтадан жандана бастауына айырықша жауап бересіз», «ол қамалдан айырылып қалуға тиісті емеспіз», деген сықылды сұрқия сөздерді де қолданып отырғаны белгілі. Мұндай психологиялық шабуыл екі жақтың да сөздерінен аңғарылады.

Рубасыларының Әбілқайырға «патша елшісін бізбен ақылдаспай неге шақырдың» деп дікендеулері елдік мақсаттан емес, ұсақ мансапқорлықтан, елшіден сыйлық алып қалу үшін жасаған айбаттары екенін автор ұтымды талдап бере алған. Мұның бәрі «Үркер» романында қызғылықты адам бейнелері жасалғанын, шығарманың көркемдік табысы мол екенін аңғартса керек.

Қорыта айтқанда жазушы романдарындағы кейіпкер психологиясының ашылуы олардың сөйлеген сөздері арқылы, іс-әрекеттері, ішкі монолог, психологиялық диалогтар, ым-ишарат, жест, бет құбылысы, дене қозғалысы, психологиялық пейзаж, параллелизм, деталь, портрет, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзіндік таным, түс көру, сандырақтау, күлкі, жылау, сыр ашы, т.б. арқылы жүзеге асады десек, жазушы романдарында осылардың барлығы дерлік түгелдей кездесіп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Елең-алаң. Роман. 3-том. – Алматы: Жазушы, 2010. – 320 б.
- 2.Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Елең-алаң. Роман. 4-том. – Алматы: Жазушы, 2010. – 320 б.
- 3.Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Елең-алаң. Роман. 3-том. – Алматы: Жазушы, 2010. – 320 б.
- 4.Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 208 б.
- 5.Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Үркер. Роман. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2010. – 312 б.
- 6.Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Шандоз. Деректі-тарихи баян. Т.7. – Алматы: Жазушы, 2010. – 312 б.
7. Сәнік З. Қазақ этнографиясы. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2016. – 576 б.
8. Орда Г. Тарихты көркем бейнелеген. Кіт.: Көркем ойдың құдіреті. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы. «КИЕ» линвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 304 б.

ПОСТКОЛОНИАЛДЫҚ НАРРАТОЛОГИЯ ЖӘНЕ М.МАҒАУИННІҢ «ШАҚАН ШЕРІ» РОМАНЫ

Абдуллаева Айжан Жұмабекқызы

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты,
Қызылорда қ., Қазақстан

Андатпа

Бұл мақалада әдебиетті сөз өнері әрі дербес ғылым саласы ретінде қарастыра отырып, нақты көркем мәтінді постколониалдық көзқарас тұрғысынан талдау көзделеді. Сонымен қатар отарсызданған сана призмасы арқылы жаңа интерпретациялық мүмкіндіктер мен нарративтерді айқындау мақсаты қойылады.

Постколониал теорияның жетекші тұжырымдары, батыс ғылыми дәстүрінде қалыптасқан контрапунктты оқу әдісі және В.Изердің оқырманға бағытталған эстетикалық қабылдау теориясы талдаудың теориялық-әдістемелік негізі ретінде алынады. Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романы постколониалды көзқарас тұрғысында қарастырылып, мәтіндегі тарихи жады, ұлттық болмыс, рухани отарлау, қарсылық поэтикасы және нарративтік бірегейлік мәселелері кешенді түрде талданады. Мақалада романды контрпунктты тәсілмен оқу арқылы авторлық баяндау мен кейіпкер көзқарасының, тарихи шындықтың, көркем мәтіндегі отарланған не отарсыздануға ұмтылған сана формалары мен мәдени белгілерді ашу жолдары қарастырылады. Изердің эстетикалық концепциясы мәтінді пассив қабылдаушыдан белсенді интерпретатор деңгейіне көтеруге бағытталған тәсіл ретінде талданады.

Кілт сөздер: нарратология, постколониалдық нарратология, постколониал әдебиет, деколонизация, экопостколониализм, контрапунктты оқу, Изердің теориясы.

Аннотация

В данной статье предусматривается анализ конкретного художественного текста с постколониальной точки зрения, рассматривая литературу как область словесного искусства и самостоятельную науку. Так же ставится цель выявить новые интерпретирующие возможности и нарративы через призму деколонизированного сознания. В качестве методологической основы анализа берутся ведущие выводы постколониальной теории, метод контрапунктного чтения, сложившийся в западных научных традициях, и теория эстетического восприятия В. Изера, ориентированная на читателя. Роман Мухтара Мағауина «Шақан Шері» рассматривается с точки зрения постколониального подхода, комплексно анализируются вопросы исторической памяти, национального бытия, духовной колонизации, поэтики сопротивления и нарративной идентичности в тексте. В статье рассматриваются пути раскрытия авторского повествования и точки зрения героя, исторической реальности, форм сознания и культурных черт, стремящихся к колонизации или деколонизации в художественном тексте, путем чтения романа контрпунктированным способом. Эстетическая концепция Изера анализируется как подход, направленный на повышение текста с пассивного получателя на уровень активного интерпретатора.

Ключевые слова: нарратология, постколониальная нарратология, постколониальная литература, деколонизация, экопостколониализм, контрапункт чтения, теория Изера.

Abstract

This article provides an analysis of a specific literary text from a postcolonial point of view, considering literature as a field of literary art and independent science. The aim is also

to identify new interpretive possibilities and narratives through the lens of a decolonized consciousness. The theoretical and methodological basis of the analysis is based on

the leading conclusions of postcolonial theory, the method of contrapointreading developed in Western scientific traditions, and the theory of aesthetic perception by V. Iser, which is reader-oriented. Mukhtar Magauin's novel "Shakan Sheri" is considered from the point of view of a postcolonial approach, the issues of historical memory, national existence, spiritual colonization, poetics of resistance and narrative identity in the text are comprehensively analyzed. The article examines the ways of revealing the author's narrative and the point of view of the hero, historical reality, forms of consciousness and cultural traits striving for colonization or decolonization in a literary text by reading the novel in a counter-grouped way. The aesthetic concept of Iser is analyzed as an approach aimed at elevating the text from a passive recipient to the level of an active interpreter.

Keywords: narratology, postcolonial narratology, postcolonial literature, decolonization, eco-postcolonism, counterpoint reading, Iser theory.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасқан әдебиеттанудағы жаңа бағыттардың бірі – постколониалдық нарратология бұл әдебиетті тек көркем мәтін емес, мәдени, идеологиялық, әлеуметтік көзқарас, дүниетаным ретінде қарастыруымен ерекшеленеді. Бүгінгідей деколонизация үдерісі өзекті болып отырған уақытта отаршылдықтың әдебиетке, санаға, тілге әсерін зерттейтін постколониалдық талдаулар арқылы отарланған сана және оған қарсылық көркем мәтінде қалай бейнеленгенін айқындай аламыз, яғни автор отарланған сананы тікелей емес, кейіпкердің ойы, естелігі, ішкі монологы, тарихи баяндау формасы, авторлық позиция арқылы әдеби шығармада қалай көрсеткенін постколониалдық нарратологияда түсіндіре аламыз. Нарратология – баяндау мәтіндерін, табиғатын, формасы мен қызметін зерттейді [1] десек, постколониалды нарратологияда баяндау формаларының отаршылдық идеологияға қалай қарсы тұратыны немесе оны қалай бейнелейтіні маңызды [2]. Классикалық нарратология «мәтін қалай құрылған?» деген сұраққа жауап іздесе, постколониалды нарратология «бұл құрылымның артында қандай саяси және мәдени билік жатыр?» деген сұраққояды.

Кейінгі жарты ғасырда әлемдік әдебиеттану ғылымында ең ықпалды бағыттардың бірі саналатын постколониал теория арқылы қазақ прозасын талдау тек сананы отарсыздандыру (деколонизация) үдерісіне қосқан үлес болып қана қоймай, әдебиеттанудың жаңа әдістемесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Біріккен Ұлттар Ұйымының дерегі бойынша әлемнің жартысынан астамы, шамамен 140 мемлекет, колониалды кезеңді бастан өткергенін ескерсек, постколониал теорияны қолдану арқылы әдеби канондарды қайта қарастырумен қатар, отарлық тәжірибенің тілдік-мәдени әсерін түсіндіру және ЖОО студенттеріне қазіргі әлемдік әдеби процесті тануға қажетті әдістемелік кілт ұсыну мүмкіндігі туындайды.

Постколониал теория – бұрынғы отарланған халықтардың тәжірибесін, отарлау жүйесінің адамдарға, мәдениетке, тілге, санаға қалдырған ізін зерттейтін гуманитарлық бағыт [3]. Постколониал теориясы тек өткенді ғана емес, тәуелсіздік алғаннан кейін де жалғасатын мәдени, саяси және танымдық тәуелділіктерді талдауға мүмкіндік береді. Постколониал теорияның әдебиеттанудағы негізгі мақсаты – отарлық кезең мен оның зардаптарын әдеби шығармалар арқылы зерттеу. Қазақстан жоғары оқу орындарында қазақ жазушыларының шығармаларын постколониал теория тұрғысынан талдау бағытындағы зерттеулерді дамыту маңызды, сол себепті зерттеу жұмысымызда постколониал талдау әдістері мен оны оқытудың тәсілдерін қарастырдық. ЖОО студенттеріне постколониал теорияны пайдалана отырып, қазақ әдеби шығармаларын талдау олардың тарихи-мәдени мәнін түсіндіру мүмкіндігін береді. Мәселен, Мұхтар

Мағауиннің «Шақан шері» романы мектеп бағдарламасының гуманитарлық-қоғамдық бағыттағы жоғарғы сыныптарында оқытылатынындай, тек экологиялық шығарма ретінде қарастыру әділетке сай болмас еді. «Тоталитарлық режим билеп-төстеп тұрған кезде жазылған» [4] бұл роман отаршылдық саясатқа қарсы батыл үн қосады. Зерттеу жұмысының мақсаты – әдебиетті сөз өнері әрі дербес ғылым ретінде қарастыра отырып, аталған романды постколониал көзқарас тұрғысынан талдау арқылы отарсызданған сана призмасынан туындайтын жаңа нарративтерді айқындау.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне постколониал әдебиетті оқытудың өзектілігі ғылыми-теориялық, мәдени және әлеуметтік факторлармен тікелей байланысты: Біріншіден, ғылыми-теориялық тұрғыдан постколониал теорияны білу арқылы әлемдік әдебиеттанудың заманауи парадигмасына сай дискурстарға қатыса алады, әлемдік зерттеу тілін меңгереді. Билік, тіл, мәдениет қатынастарын түсінуде постколониал әдебиет арқылы биліктің тілге, кейіпкер психологиясына, тарихи жадқа қалай әсер еткенін сезінеді. Бұл әдебиетті эстетика ғана емес, сонымен бірге идеология, саясат, мәдениетаралық динамика ретінде көруге мүмкіндік береді. Екіншіден, танымдық және мәдени актуалдылық тұрғыдан ұлттық сананы, тарихи жадты қалыптастырады. Постколониал әдебиетті оқу арқылы студент отарлану механизмін терең түсінеді. Бұл қазіргі мәдениетке сын көзімен қарауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, танымдық-психологиялық маңыздылығы тұрғысынан отарланған сана, өзін өзі жатсыну, мәдени жарақат құбылыстарын терең түсінуге мүмкіндік алады. Постколониал теория психологиялық отарлану, мәдени бұйығылық, өзін өзі төмендету, басқаға айналдыру сияқты күрделі ұғымдарды түсіндіреді. Бұл қазіргі жас ұрпақ үшін ұлттық біртектілік, ұлттық сана, ұлттық болмыс қалыптастыруда аса маңызды білім саналады. Төртіншіден, әлеуметтік және практикалық маңыздылығы тұрғысынан, басқа халықтардың отаршылдық тәжірибесін салыстыруға мүмкіндік алады. Сыни ойлау дағдысын қалыптастырады. Мәтінге тарихи-философиялық интерпретация жасау арқылы дайын пікірді қабылдамай, әдебиетті дербес түсінуге талпынады. Осындай өзекті мәселелер негізінде постколониал әдебиетті оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері қарастырылып келеді [5, 6]. Соның ішінде PhD Уисам Абдул-Жаббар [7] үш мәселені атап көрсетеді: біріншіден, әдеби шығарманы сәтті таңдау. Екіншіден, алдын ала қалыптасқан стереотиптерді деконструкциялау үшін педагогикалық тұрғыдан оқытушының көмегі қалай жүзеге асады деген сұраққа нақты дайындалу. Үшіншіден, Изердің оқу эстетикасы теориясы арқылы мәтін талдау.

Постколониалдық зерттеулер саясатқа жиі назар аударатындықтан да [7] шығарманы постколониал теория арқылы талдаудың өзіндік күрделілігі бар. Постколониалды талдау әдебиетті саясатқа қызмет етуден қорғайды. Ол саяси мәннен туындаған отарлау, билік пен білім, үстем дауыс, тұншықтырылған дауыс деген әдістерге сүйене отырып, әдебиеттің саясиленген табиғатын ашу мақсатын көздейді. «Әдебиет ешқашан бейтарап кеңістікте өмір сүрмейді» (Э.Саид). Постколониалды талдау әдебиетті колониалдық үгіт-насихаттың, біржақты саяси интерпретацияның құралы болудан қорғай алады. Себебі «дұрыс» деп ұсынылған тарихқа «күмәнмен» қарауға шақырады, мәтіндегі көпдауыстылықты көрсетеді. Әдебиет саясатқа қызмет етуші құрал емес, саясатпен күрделі диалогке түсе алатын кеңістік ретінде танылады. Постколониалды әдебиетті оқытуда оқырманның эстетикалық қабылдау теориясына [7] сүйенсек, әдеби шығарманың мәні мәтінде емес, оны оқу процесінде, яғни оқырман мен мәтіннің өзара әрекетінде пайда болады деген идеяға негіздейміз. Iser теориясында әдеби мәтін толық емес, онда «бос орындар» (gaps, blanks) болады. Сол бос орындарды оқырман өзі толтырады – сөйтіп мағына жасалады. Бұл мәтін – өзі алдын ала болжайтын, «көздейтін» оқырман моделі. Оқырман толтыруы тиіс «бос» құрылымдар оқырманның интерпретациясын, тәжірибесін қосуға мүмкіндік береді. Мағына – үздіксіз жүретін процесс. Изердің оқыту эстетикасы оқырманды пассив қабылдаушы емес, белсенді мағына жасаушы деп қарастырады.

Постколониал теорияның негізін қалаған «Ориентализм» кітабының авторы, американдық әдебиет сыншысы Эдуард Саидтың тұжырымына сүйенсек, Батыс (Оксидент (Occident) – Батыс әлемін, әсіресе Еуропа мен Солтүстік Американы білдіретін мәдени-өркениеттік концепт, өзін өзі әмбебап мәдениет ретінде көрсететін күш) Шығысты (Ориент (Orient) – Шығыс туралы Батыс қалыптастырған идеологиялық, мәдени, саяси образ, «өзге, «экзотикалық», «Шығыс» ретінде жасалған кеңістік) шындық күйінде емес, өзіне пайдалы стереотиптер арқылы «ойлап тауып», мәдени үстемдік танытады. Бұл – Батыстың Шығыс туралы білімі – ғылым емес, саяси биліктің құралы деп есептейді, яғни Батыс та, Шығыс та табиғи категория емес, олар идеологиялық құрастырылған бейнелер [3]. «Шығыс халықтары өзін өзі таныстыру құқығынан айырылды, олар туралы әңгімені Батыс айтып отырды. Батыстың үстемдігі «артта қалған халықтарды дамыту» деген желеумен отарлауды ақтау механизміне айналды» [3] деген ойлар постсоветтік қазақстандықтар үшін де жақсы таныс. Қазіргі постколониал теорияның кілтсөздері саналатын гибридтілік, мимикрия, амбиваленттілік, «үшінші кеңістік» ұғымдарының авторы, профессор Хоуми Бхабханың негізгі идеясы отарланған халықтың мәдениеті мен отарлаушы мәдениет арасындағы аралас, динамикалық тұрақсыз кеңістіктерді түсіндіруге бағытталған. Отарлау – тек үстемдік тарихы емес, ол мәдениеттердің араласуы, өзгеруі, жаңа кеңістіктің пайда болуы [8]. Отарланған тұлға – пассив объект емес, актив, жаңа мән тудыратын субъект [8]. Постколониал теориядағы ең күрделі әрі өткір ойлы ғалымдардың бірі Гаятри Спивактың негізгі тұжырымы: тарихтан, білімнен шеттетілген адамдар (субалтерн) өз дауысын әлемге жеткізе алмайды, оларды басқалар сөйлетеді, басқалар түсіндіреді. Талқылау – олардың дауысын қайта өшіру [9]. Мәселен, отарланған халықтар туралы жазатын ғалымдар оларды өкіл ретінде сөйлетемін дейді де, шын мәнінде, олардың орнына өз идеясын таңады, яғни «өкіл болып сөйлеу» – дауысты ашу емес, қайта басу. Сондықтан мәтінді талдағанда ең маңыздысы: Кім сөйлейді? Кім үндемей қалды? Постколониалды әдебиеттің басты қызметі – «үнін өшірген» халықтың сөзін қайтару. «Үшінші әлем» елдерін отарсыздандыру күресіне атсалысқан танымал теоретик Франц Фанонның негізгі идеясы – қара адамның «ақ болуға» ұмтылуы – мәдени бетперде, өзін өзі жоққа шығару [10]. Фанонның отарланған сана, отарланған адамның психологиялық жарақаты жайында айтқан ойлары қазақтың «қара орысты көргенде сары орыспен жылап көрісерсің» деген сөзін еске түсіреді. Демек отарсыздану – бір халықтың не бір елдің мәселесі емес, бұл әлемдік әділетсіздікке қарсы қозғалыс. Отарлау адамды да, қоғамды да жаралайды. Бостандық сол жараны танудан, жүйені түбегейлі ыдыратудан басталады [10]. Жалпы, постколониал теорияны дамытушы, заманауи жаңа концепт жасаушы зерттеушілер мұнымен тоқталмайды. Біз бұл мақалада постколониал теория арқылы оқытудың педагогикалық-әдістемелік аспектісін қарастыруда қолданылатын негізгі тұжырымдардың авторларын ғана алып отырмыз. Аталған ғалымдардың идеяларына сүйене отырып, постколониал теория зерттейтін отарлаушы мен отарланған халықтың қарым-қатынасы, мәдени гегемония, мәдени гибридтілік, болмыс дағдарысы мәселелерін әдеби шығарманы талдау арқылы түсіндіру санадағы отарлық стереотиптерді бұзуға көмектеседі әрі колонияланған ой-танымды ұлттық сәйкестендіру, ұлттық болмыс, ұлттық сана, ұлттық жад тұрғысынан қайта бағдарлайды. Әдебиеттің отарлық эпистемологияны демонстрациялайтын ғылыми қызметі де [11] осыған саяды.

Постколониал теорияны оқытуда Э.Саидтың контрапунтты оқу әдісін немесе Спивактың субалтерннің үнсіздігін талдау әдісін қарастырсақ, мәтін арқылы үстем «өркениет әкелуші күш» пен оған қарсы тұрған үн қатар талданады. Контрапунттық әдісте орталық және отарланған дауыстар бір уақытта параллель түрде оқылады. Әдістемелік тұрғыдан студенттерге мәтіндегі үстем идеологияны анықтау, мәтіннің сыртқы мәнін қосу, көрінбейтін немесе жасырылған «басқа» дауысқа назар аудару, қарсы баяндауды қалпына келтіру, екі дауысты қатар оқудан туатын жаңа синтезді табу тапсырмалары

беріледі. Осылайша өркениет миссиясы, расизм, отарлық басқарудың «заңдылығы», тарихи колониялық саясат арқылы үнсіз қалған отарланған тұлғалар, шеткері образдар танылып, отарланған халықтың тәжірибесі көрсетіледі, мәтіннің күрделі, көпқабатты мәні ашылады.

Қазақ әдебиетінің классигі М.Мағауиннің 1983 жылы жарияланған «Шақан шері» романы [12] жарық көрген 80 жылдар «көркем өнердегі таптық доктрина, «социалистік гуманизмге» негізделген «жаңа адам» бейнесін жасау талаптары толық күшін жоймаса да, жасанды ұғымдарсолғын тарта бастаған» [13] кезең еді. Роман кеңестік-тоталитарлық жүйенің қазақ қоғамындағы рухани ахуалды қалай бұзғанын, жеке адам тағдырына қалай әсер еткенін көркем-психологиялық деңгейде көрсетеді. «Шақан шерінің» ресми сюжеті – аңшылық дәстүр, жолбарыс аулау, экология тақырыбы. Контрапункттық оқуда Шақанның «шер» (қайғы) толы мінезі – кеңестің экономикалық саясаттың (жерді бұзу, аң-құс ортасын талқандау) астарлы сынағы. Шығарманың табиғатпен үндес әлемі – тарихи жады. Аңшылық мәдениеті, дала философиясы, еркіндік рухы – моральдық, мәдени шеңбер ретінде көрінеді. Контрапункттық оқу әдісінде билік логикасы жолбарысты «жыртқыш», «қауіпті күш» деп анықтайды. Шығарманың жасырын астарында жолбарыс даланың заңын білетін, өзінің орны бар, экожүйенің бір бөлігі ретінде көрінеді. Постколониал әдебиеттануда контрапункттық оқыту студенттерге мәтінді сыни тұрғыдан түсіндіруде аса маңызды.

Белгілі нарратолог Жеральд Принс постколониалды мәтіндердегі «баяндаушы» (narrator) мен «тыңдаушы» (narratee) арасындағы қарым қатынастың саяси астарына мән берді [14]. Ол постколониалды нарратологияның міндеті – отарланған халықтардың «үнсіз қалған» дауыстарын мәтін құрылымы арқылы қалай қалпына келтіруге болатынын зерттеу деп есептейді. Хоуми Бхабха тікелей нарратолог болмағанына қарамастан оның «гибридтілік» және «мимикрия» теориялары постколониалды нарратологияның іргетасы болды [8].

Қазақ әдебиетіндегі экзистенциалдық және постколониалды сарын тоғысқан күрделі туындылардың бірі – М.Мағауиннің «Шақан шері» романының сюжеттік құрылымы нарративті модель тұрғысынан алғанда «аңшы» мен «аң» арасындағы қақтығысқа негізделген. Алайда мұндағы баяндау тәсілі ерекше: оқиға XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Жетісу өңірінде, Іле бойында өтеді. Бұл – қазақ даласына патшалық Ресейдің отарлау саясаты толық орнығып, дәстүрлі өмір салтының ыдырай бастаған кезеңі. Фокализациясында (фокализация – «оқиға кімнің көзімен баяндалып тұр?») деген сұраққа жауап беретін түсінік) автор оқиғаны тек Шақанның көзімен ғана емес, кейде жолбарыстың түйсігі арқылы да баяндайды. Баяндау фокусы Шақаннан жолбарысқа ауысып отырады. Автор баяндауды құбылта отырып, оқырманды бірде адамның, бірде аңның ішкі психологиялық әлеміне енгізеді. Бұл оқырманға аң мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуын екі жақты сезінуге көмектеседі. Бұл тәсіл «аңшы – жауыз, аң – құрбан» немесе керісінше «аң – жауыз, аңшы – құрбан» деген бір жақты түсінікті бұзып, трагедияның ауқымын кеңейтеді. Баяндау тізгінінің аңға берілуі – постколониалды нарратологиядағы «өзге» тұлғасына дауыс беру әдісі. Оқырман осы әдіс арқылы Шақанның қайғысын түсінеді, сонымен бірге жолбарыстардың да шектен тыс қырылып жатқанына жаны ашиды. Постколониалды нарратология тұрғысынан қарағанда Жолбарыс бейнесі – көпқабатты символ. Табиғаттың тылсым күшімен түсіндіргенде адам табиғатқа қиянат жасағанда (басқа аңшылардың жолбарыс шөңжігін өлтіруі немесе Шақанның отбасына шабуыл жасаған жолбарыстың тірсегінен қорғасын табылуы) табиғат та қатігездікпен жауап береді. Отаршылдық символ ретінде алып қарасақ, жолбарыстың Шақанның отбасын қырып салуын қазақ даласына сырттан келген жат, жойқын күштің (империяның) бейнесіне де ұқсатуға болады. Егер жолбарысты – ешкімге бағынбайтын, азулы, айбатты еркіндіктің символы ретінде қарасақ, онда Шақанның жолбарыстарды

түгел қырып, соңында өзінің жолбарыс терісін жамылып, «шеріге» айналуы – ұлттық болмыстың трансформациялануын көрсетеді.

Кейіпкердің трагедиясын талдасақ, Шақан – жай кек алушы емес, ол кек пен мәңгірттену арасындағы кейіпкер. Шақан – кеше Саурық батырдың үзеңгісін ұстаған, Алмалы Сайдағы қанды ұрыста қаза тапқан Масақ-мергеннің жалғыз ұлы. Отбасынан айырылған Шақанның бүкіл өмірі кек алуға арналады. Бұл жолда ол адамдық қалпын жоғалтып, аңша дыбыс шығарып, табиғат тілінде «сөйлеп», жабайылана бастайды. Постколониалды теорияда бұл жан жарақатының (Траума теориясы) әсерінен өз болмысынан ажырау үдерісін көрсетеді. Шақан жолбарысты жеңу үшін оның іс-әрекетін, мінезін зерттеп, соңында соның кейпіне енеді. Постколониал теорияның мимикрия, амбиваленттілік тұжырымдарына сүйеніп айтқанда, әлеуметтік мимикрия (ағылш. *mimicry* «еліктеушілік») – "басына күн туған", қызмет ету жағдайы қиындаған топтардың сақталып қалуы, өмір сүруіне мүмкіндік туғызатын әлеуметтік-саяси сипаттағы қорғанушы және ыңғайланып, бейімделуші [15]. Отарланған халық отарлаушы мәдениетті «еліктегенде», еліктеу толық қайталау емес, *almost the same, but not quite* – жақын, бірақ дәл емес. Романдағы Жантай, тілмаш бейнелері осыған ұқсас. Мұнымен қоса мимикрия отарланған халықтың қарсылық тактикасы ретінде де түсіндіріледі. Бұған Шақанның жолбарыс терісін жамылып, жолбарысша киінуін жатқызамыз: «Бұл – жолбарыс туысты, өзгеше Қосаяқ еді. Үсті-басы түгел сары тарғыл. Тіпті төбесіне дейін шұбар түк» [12, 46-бет]. Атабек ақсақал Шақанға сандық түбінен жағасы биік, жеңі ұзын, етегі бітеу, сауытқа ұқсас, шұбар ала киім – жолбарыс көбе сыйлағанын [12, 68-бет] еске түсірейік. Субалтерннің үнсіздігін талдау әдісімен айтқанда, романда бас кейіпкер «аңға» айналады. Ол жолбарыс терісін киіп, қоғамнан безіп, жалғыз қалады. Бұл – отарлаушы жүйемен күресемін деп, оның қатігездік әдістерін бойына сіңіріп алған күрескердің трагедиясы.

Постколониалды мәтіндерге «тарихи үзіліс» (*rupture*) ұғымы тән. Постколониядағы тарихи үзіліс – отарлау салдарынан халық тарихының табиғи дамуы тоқтап, бұрмаланып, сырттан таңылған жаңа бағытпен жалғасуы, бұл отарлық үстемдіктің ең ауыр салдарларының бірі деп қарастырылады. Халық өткенін толық түсінуден айырылып, өз тарихи жадынан зорлықпен ажырайды. Мысалы, романдағы архаикалық миф Жолбарыс кент тұрғындарын алайық: «...Жау мұнымен тынбайды. Қираған шаһардың қақ ортасынан бар төбеден биік жаңа төбе – Жолбарыс-кент тұрғындарының басынан қаланған биік мұнара тұрғызады. Іленің ескі атырауындағы тіршілік біржола тоқталды деген сөз» [12, 107-бет]. Тарихи жадының жоғалуы, рухани тамырдан ажырау трагедиясы шөнжік кезінде құйрығы шорт кесілген жолбарыс арқылы да көрінеді: «Шақан шөнжіктерге рақымшылық жасайын деп құйрығын қақ ортадан кертіп қысқартады. Бірақ көп ұзамай, бұнысы кеңшілік емес, азапты өлімге байлаған ауыр жаза екенін ұқты...» [12, 110-бет]. Су жағасында, тал түбінде бұратылып жатқан дәрменсіз шөнжікті он шақты күннен соң жолықтырып, әуелі қырғауылмен тойындыратын, сосын мойнына жіп тағып, жетектеп алып, апта бойы ертіп жүретін, ақырында қабан атып беріп шөнжікті аялдатып, өзі кетіп қалады. Кейін осы шөнжік арада замандар өткенде, арлан болғанда кездеседі. Бірақ шолақ шері оның қиянатын емес, азғантай жақсылығын, қолынан татқан дәмін дәт тұтады. Осы оқиға жалпы символикалық тұрғыдан қазақтың бетке ұстар зиялыларын қынадай қырған 1937 жылдарды «ұмыттырып», жүйенің өзін қамқоршы әкедей көрсеткені сонша табиғатты «игеруші», адамды «тәрбиелеуші», артта қалған дәстүрлі мәдениетті «жаңартушы» күш – коммунизм елесі, «асыраушы» үкіметті әлі күнге әспеттейтін отарланған жадыны еске түсіреді.

М.Мағауин бұл шығарма арқылы «империя мен жеке тұлға» мәселесін көтереді. Шақан даланы азулы шеріден тазартқанмен, оның орнын одан да қауіптірек «темір торлы» империя басады. Романның эпилогында автор Шақанның тарихта болған нақты адам екенін, оның соңында «темір кісен» (түрме) күтіп тұрғанын айтады. Бұл – еркін дала

перзентінің отаршыл жүйеге тұтылуының символы. Роман соңында Шақанның орыс ұлықтарының қолына түсуі – еркіндік дәуірінің аяқталып, бодандық дәуірінің басталғанын меңзейді. Адамның табиғатпен, тағдырмен және саяси жүйемен арпалысын бейнелейтін философиялық-психологиялық бұл романда «адамды айуаннан не айырады?», «еркіндік үшін төленетін құн қандай?» деген сұрақтарға жауап ізделінеді.

Роман табиғи тепе-теңдіктің бұзылуын көрсету арқылы отарлаудың алғышартын да айқындап береді. Постколониалды теорияда отарлаушылар жаңа жерге келгенде алдымен сол жердің «жабайы» табиғатын өзгертуге, бағындыруға тырысады. Кеңестік индустрияландыру, аңшылық тәртібінің бұзылуы, қоршаған ортаның күйреуі – постколониалды эколологиялық колониализм (eco-colonialism) ұғымымен үндес. Ғалым А.Кросби енгізген «эколологиялық империализм» ұғымы отарлаудың тек қарумен емес, флора мен фаунаны өзгерту арқылы жүретінін айтады [16]. Айдыны құрғаған Арал, жойқын ядролық сынақ алаңына айналып, жан түршігерлік трагедияны бастан кешірген қазақ даласы – Семей, жыл өткен сайын тынысы тарылып бара жатқан Балқаш қасіреті бәрі-бәрі – отаршыл биліктің ең қатерлі салдары. Бұның барлығы отаршылдық жүйенің құрбаны тек адамдар ғана емес екенін ұғындырады. Демек отарлау бір елдің екінші елге үстемдігі ғана емес, табиғатқа қарсы, табиғатқа үстемдік ету арқылы да жүзеге асырылады. Шын мәнінде табиғаттың құлдырауы – жолбарыстың жойылуы – ұлттық болмыс іргесінің шайқалуы. Іле бойындағы қалың қамыс пен азулы жолбарыстар патшалық Ресейдің әскері мен әкімшілігі үшін «қауіпті аймақ» еді, Шақан өз кегін қуу арқылы империяның жұмысын жеңілдетіп берді. Ол өңірдегі жолбарыстарды түгел қырып, табиғаттың «қорғаныс қабатын» сыпырып тастады да, жолбарыс кеткен жерге шенеуніктер мен темір құрсаулы жүйе келді. Қазақ дүниетанымында жолбарыс – киелі аң, тіпті аң патшасы делінетін арыстандардың өзін ықтырған ең даланың иесідесек, Шақанның жолбарысты қыруы тек биологиялық түрді жою емес, сол жердің рухани кодын – мифологиясын бұзу. Өйткені жолбарыс жойылғаннан кейін даланың тылсым қасиеті жойылып, жай ғана шаруашылық нысанына, әкімшілік картаға айналды. Жердің жансыздануы дегеніміз осы. Жолбарыс бар жерде Шақан еркін аңшы еді, жолбарыстар түп-тұқиянымен қырылған жерде ол қылмыскер, тұтқынға айналды. Романның соңында Шақанның өзі де, оған пана болған тау мен тас, дала да жеңіліс тапқанын іштей түйсінеміз.

Қорыта айтқанда, ЖОО студенттеріне постколониал әдебиетті оқыту болашақ мамандардың сыни ойлауына, әдеби шығарма мәтінін ғылыми дәйектер негізінде интерпретация жасауына, азаматтық ой-пікірінің қалыптасуына, деколонизация процесіне белсенді қатысуға көмектеседі. М.Мағауиннің «Шақан шері» романының семиотикалық құрылымы ашық, оқырман белсенді түрде «мағына іздеушіге» айналатындықтан, студенттер де ой-пікірін білдіруде еркін, белсенді позиция ұстанады. Романда архаикалық миф, отарлық қысым, трагедияның астары тікелей берілмеген – бос кеңістік көп. Кеңістік пен уақыттың «алма-кезек» берілуі әлбетте интерпретацияны талап етеді, бұны постколониалды сыни ойлау дағдыларынсыз жүзеге асыру беймүмкін. Романды постколониалды теория призмасынан талдау шығарманы әлдеқайда тереңірек түсінуге ықпал жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Schmid Wolf. Narratology: an introduction. – Wolter de Gruyter, – 2010, – 258 p.
2. Wake Paul. Narrative and narratology// The Routledge Companion to Critical and Cultural theory// Routledge, – 2013, – 14 p.
3. Саид Эдуард Уади. Ориентализм. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019, – 396 бет.
4. Шақан шері романындағы қоғам болмысы. El kz ақпараттық агенттігі. 19 қараша, 2018.
5. Tlostanova M., Mignolo W. Learning to Unlearn: Decolonial Reflections from Eurasia and the Americas, – 2012.

- https://monoskop.org/images/4/41/Tlostanova_Madina_Mignolo_Walter_Learning_to_Unlearn_Decolonial_Reflections_from_Eurasia_and_the_Americas_2012.pdf
6. Loomba A. Colonialism/Postcolonialism. The New Critical Idiom Series. New York: Routledge. Oxford: Oxford University Press. 2003. <https://doi.org/10.36366/frontiers.v11i1.162>
 7. Wisam Kh.Abdul-Jabbar. The rise of the unsaid: spaces in teaching postcolonial literature. Teachers and Teaching theory and practice. – 2015. <https://doi.org/10.1080/13540602.2014.928130>
 8. Homi K Bhabha. Nation and Narration. London. Routledge. 352 p
 9. Colonial Discourse and Post-Colonial Theory//GayatriChakravorti Spivak. Can the subaltern speak? London, Routledge. – 2013, – 46 p.
 10. Frantz Omar Fanon. Black Skin, White Masks. Grove Press. – 2008, – 240 p.
 11. Walter D.Mignolo. On Decoloniality: Concepts, Analytics, Praxis. Duke University Press. – 2018. DOI:<https://doi.org/10.1215/9780822371779>
 12. Мағауин М. Шақан шері. – Алматы: Жазушы, 1983 – 1991, – 448 б.
 13. Бердібаев Р. (1995). «Сол бір жылдарда» «Жұлдыз» №5-6.
 14. Prince G. Narratology: The from and Functioning of Narrative. Walter de Gruyter. – 2012, – 191 p
 15. Уикипедия
 16. Alfred W Crosby. Ecological Imperialism. 2nd Edition. Cambridge University Press: – 2015.

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ - ӘДЕБИЕТТАНУШЫ-ҒАЛЫМ

Сыздыкова Улбала Сейтжаппаровна

М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан, Қызылорда қ.

Аңдатпа. Мақалада Әуелбек Қоңыратбаевтың қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, фольклортанушы, әдебиет тарихын зерттеушілігі жан- жақсы айтылып, оның қазақ эпосының поэтикасын, халық ауыз әдебиетінің жанрлық ерекшеліктерін терең талдап, олардың халықтың рухани дүниесіндегі маңызына тоқталғаны жөнінде мәліметтер беріледі. Ғалымның «Қазақ фольклорының тарихы», «Эпос және оның тарихы» сияқты еңбектерінде ұлттық әдебиеттің бастаулары мен дәстүр сабақтастығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, зерттеулері қазақ әдебиеті тарихының жүйеленуіне, оқу-ағарту ісінде ұлттық мұраларды таныстыруға, жас ұрпақты мәдени-рухани құндылықтарға баулуға зор үлес қосқаны жайлы баяндалған.

Кілт сөздер: әдебиет, қазақ фольклоры, зерттеу еңбектері.

Аннотация. В статье подробно рассматривается роль Әуелбека Қоңыратбаева как видного представителя казахского литературоведения, фольклориста и исследователя истории литературы. Отмечается, что учёный глубоко анализировал поэтику казахского эпоса, жанровые особенности устного народного творчества, обращая особое внимание на их значение в духовной жизни народа. В таких трудах, как «История казахского фольклора», «Эпос и его история», он научно обосновал истоки национальной литературы и преемственность традиций. Исследования Қоңыратбаева внесли значительный вклад в систематизацию истории казахской литературы, способствовали популяризации национального наследия в системе образования и воспитанию молодого поколения на культурно-духовных ценностях.

Ключевые слова: литература, казахский фольклор, научные исследования.

Abstract. The article provides a detailed examination of Äuelbek Qonyratbaev's role as a prominent representative of Kazakh literary studies, folklorist, and researcher of literary history. It is emphasized that the scholar thoroughly analyzed the poetics of the Kazakh epic and the genre-specific features of oral folk creativity, with particular attention to their significance in the spiritual life of the people. In such works as *The History of Kazakh Folklore and Epic and Its History*, he scientifically substantiated the origins of national literature and the continuity of traditions. Qonyratbaev's research made a significant contribution to the systematization of Kazakh literary history, facilitated the popularization of national heritage within the education system, and promoted the upbringing of younger generations in the spirit of cultural and spiritual values.

Keywords : literature, kazakh folklore, scholarly studies

Кіріспе. Бүгінгі әдебиеттану ғылымының қазығын қағып, іргетасын құйғандар Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсыновтар еді де, қабырғасын қалап, биікке көтерген М. Әуезов, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев болатын. Қазақ әдебиетінің барлық саласында дерлік қалам тартқан Ә. Қоңыратбаев қытымыр заманда өмір сүріп, тағдыр қыспағына көп ұшырағанына қарамастан артына мол мұра қалдырды. Оның қаламынан шыққан поэзиялық, прозалық, аудармалық, сыни-зерттеушілік, ғылыми-әдістемелік еңбектер кеңестік кезеңде жазылғанымен, күні бүгінге дейін оның маңызын жойған жоқ. Керісінше, халқына адал еңбек еңкен абзал азаматтың бүкіл шығармашылық қызметінен ұлттық мүддеге қызмет етудің асқан бір үлгісі көрінеді. Ұлттық мәдениет атаулыға қырындау қарайтын кездің өзінде де халқының рухани мұрасын игеруде ерен еңбек сіңірген ұлтжанды азаматтың қайтпас қайсар тұлғасы көз алдыңызға келеді.

Негізгі бөлім. Әуелбек Қоңыратбаев қазақ түркологы, филология ғылымының докторы, профессор. Ғалымның негізгі еңбектері қазақ фольклоры, көне түркі поэзиясын зерттеу және қазақ әдебиетін мектептерде оқыту мәселелеріне арналған. Қоңыратбаевтың бір қатар еңбектері Абайтану мәселелерін сөз етеді, әсіресе ақынның шығыс әдебиетімен байланысын ашуға философиялық көзқарасын анықтауға, ақындық шеберлік және шығармаларындағы еткір сын, әжуа, мысқыл ерекшеліктерін ашуға арналған. Ол Абай Құнанбайұлының өмірі мен ақындық жолын зерттеу мәселелеріне байланысты 10-нан астам ғылыми мақала жазып қалдырды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі Әуелбек Қоңыратбаев – ұлттық фольклорды, эпикалық мұраны зерттеуде ерекше еңбек еткен ғалым. Ол халық ауыз әдебиетін жинап, талдау арқылы қазақ халқының рухани болмысын, дүниетанымын терең зерделеді. Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» атты еңбегі қазақ халық ауыз әдебиетін ғылыми жүйелеуге арналған. Бұл еңбекте ол: фольклор жанрларын (ертегі, аңыз, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары) саралады; халық шығармашылығындағы тілдік-бейнелік құралдардың (эпитет, теңеу, қайталау) маңызын көрсетті; қазақ фольклорының түркі, шығыс халықтарының мұраларымен байланысын ашты. Сондай-ақ халық жырларының тіліне талдау жасап, эпитет, теңеу, тұрақты формулаларды халық поэтикасының ажырамас бөлігі деп қарастырды. «Фольклор – халықтың қоғамдық, тұрмыстық тәжірибесін, рухани болмысын бейнелейтін асыл қазына. Ол – халықтың тарихы мен мәдениетін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын сақтаушы.» деп фольклордың халық тарихындағы орнына баға берді. Ғалым үшін фольклор – халықтың рухани қазынасы ғана емес, оның тарихи-мәдени жадын сақтаушы ерекше мұра болды. Осы орайда жазушы Ғабит Мүсірепов: «Әуелбек Қоңыратбаев — қазақ әдебиетінің ардагері, халқымыздың ежелгі тарихын, эпосын, фольклорын зерттеген білікті ғалым. Оның еңбектері – ұлттық руханият үшін асыл қазына» деп жоғары баға берсе, әдебиеттанушы Зейнолла Қабдолов: «Әуелбек Қоңыратбаев фольклортану ғылымында

жаңа ғылыми мектеп қалыптастырған ғалым. Ол эпостың поэтикасын, жанрлық табиғатын тереңнен талдап, қазақ әдебиеттануының іргесін бекіткен зерттеушілердің бірі»деп пікір қалдырған. «Қазақ эпосы» (1958 ж., кейінгі толықтыруларымен)Қазақ батырлар жырының көркемдік табиғатын, құрылымдық ерекшелігін зерттеген.Эпостардағы тілдік формулалар, дәстүрлі тұрақты тіркестердің халық поэтикасын қалыптастырудағы орны ашып көрсетіледі.Жырлардағы тарихи деректер, мәдени сарындар мен ұлттық құндылықтар жөнінде :«Қазақ эпосы – тек көркем туынды ғана емес, ол халықтың тарихи жадын сақтаушы, елдік пен ерліктің айнасы. Эпостық шығармалар арқылы халықтың саяси-әлеуметтік өмірі мен дүниетанымы танылады.»деп жазады.

«Қазақ эпосы» атты еңбегінде ғалым батырлық жырларды терең зерттеп, олардың:құрылымдық ерекшелігін;тілдік формулаларын;тарихи-мәдени қызметін айқындады.«Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» жырларын талдай отырып, ол эпостың халықтық сипатымен бірге, мәдени код ретіндегі маңызын дәлелдеді. Әдебиеттанушы-ғалым батырлық жырларды халықтың тарихи жадын сақтаушы мұра деп бағалады. Жырларда бейнеленетін салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әдеп нормалары қазақ мәдениетінің басты ерекшеліктерін танытады. Осы тұрғыдан ғалым әдебиетті этнографиялық дерек көзі ретінде де қарастырады.

Әдебиет зерттеушісі Рахманқұл Бердібаев :

«Қазақ эпосын зерттеу дәстүрінде Қоңыратбаевтың орны ерекше. Ол эпосты тек көркемдік тұрғыдан ғана емес, тарихи-мәдени контексте қарастырды. Сондықтан оның еңбектері бүгінгі зерттеулерге де бағыт-бағдар береді», -дейді.Сбегі Ә.Қоңыратбаев үшін әдебиет – тек көркем сөз өнері емес, халық мәдениетінің рухани қазынасы.«Әдебиет теориясы» (1969 ж.)Қазақ әдебиеттану ғылымындағы алғашқы теориялық еңбектердің бірі. Мұнда ғалым:әдебиеттің негізгі ұғымдарына (сюжет, композиция, образ, жанр, стиль) анықтама береді;көркем шығарма тілінің бейнелеуші қызметін ашады ;әдебиеттанудағы ғылыми талдау әдістемесін ұсынады.Бұл еңбек әдебиет теориясының қазақ тіліндегі алғашқы толыққанды жүйесі ретінде құнды.Әдебиеттің тілі, стильдік ерекшеліктері, көркем бейне жасаудағы тілдің рөлі жан-жақты қарастырылған.Әдеби шығарманы талдауда тіл мен мазмұнның бірлігін басты қағида ретінде ұсынады.

«Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1987 ж.)Қазақ әдебиетінің даму жолдарын тарихи тұрғыда қарастырып, жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің сабақтастығын көрсетеді.Бұл зерттеу еңбегінде еңбегінде қазақ әдебиетінің кезеңдері мен даму жолдары жүйеленеді; ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің сабақтастығы дәлелденеді; Абайға дейінгі және кейінгі әдебиет дәстүр жалғастығы тұрғысынан қарастырылады.Ғалым әдебиетті халық өмірімен, мәдениетімен сабақтастыра қарастыруды басты қағида етеді.Осы еңбектері жөнінде: ғалым, әднбиеттанушы Мекемтас Мырзахметұлы былай дейді:«Әуелбек Қоңыратбаев қазақ әдебиеті тарихын жүйелеуде, әсіресе фольклорды ғылыми негізде жіктеуде өлшеусіз еңбек етті. Ол — әдебиеттанудағы жаңашыл ойдың иесі».Ғалымның еңбектері негізінен түгел дерлік қамтылып, әдебиеттану ғылымында он томдық жинақ болып басылып шықты.Бірінші том ауыз әдебиеті, екінші түркітану және шығыстану, үшінші әдебиеттің тарихы, төртінші әдеби сын, бесінші Шолпан, Абай, Мұхтар жайлы, алтыншы педагогика саласындағы еңбектерге, жетінші көркем шығармаларға, сегізінші аудармаларға, тоғызыншы түрлі ғылыми мақалаларға, оныншы эпистолярлық жанрларға арналған.Осыдан –ақ сан-салалы ғалым шығармашылығыныңқазақ әдебиеттану ғылымында алатынбиік орны мен мән- маңызы анық көрінеді.

Қорытынды. Әуелбек Қоңыратбаев – қазақ әдебиеттану ғылымының ірі өкілі, фольклортанушы, әдебиет тарихын терең зерттеген ғалым. Ол қазақ эпосын, ауыз әдебиетін жанрлық, поэтикалық тұрғыдан талдап, олардың ұлттық мәдениеттегі орнын айқындады. Замандастары мен кейінгі буын ғалымдары Қоңыратбаевты әдебиеттанудағы

жаңа ғылыми бағыт қалыптастырған, эпосты тарихи-мәдени тұрғыдан зерттеген, ұлттық әдебиет тарихын жүйелеуге зор үлес қосқан тұлға ретінде бағалайды. Демек, Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми мұрасы – қазақ әдебиеттану ғылымының алтын қоры. Ол еңбектері арқылы ұлттық рухани дүниені байытып қана қоймай, болашақ ұрпақтың әдебиет пен мәдениетті терең танып-білуіне жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. 25–30 б. 120–135 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. 45–60 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның тарихы. – Алматы: Ғылым, 1985. 78 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1977. 15–28 б.
5. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. 145 б.
6. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1982. 213б.

СУНАҚ БАБАЙ - БАТЫР ЗАМАНЫ

Ахметбек Бақытжан Мұқарамұлы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
2- курс докторанты, Қазақстан, Түркістан қ.

Аңдатпа

Мақалада Сыр бойының батыры Бабай Нұрбайұлының тарихи рөлі қарастырылған. Архив құжаттарында есімі сақталған Бабай батырдың тарихи рөліне баға берілген. Осы орайда дәстүрлі ауызша тарихта есімі қалған XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген Бабайдың ерліктері мен ұрпақтан ұрпаққа жеткен билік сөздері талқыланып, сараланған. Сыр бойында мекендеген батырдың мұра ретінде ұрпақтарында қалған және музей қорларында сақтаулы тұрған жеке заттары туралы мәліметтер жинақталып салыстырмалы түрде көпшілік назарына ұсынылған.

Кілт сөздер: Сыр бойы, батырлар институты, ауызша тарих, шежіре

Аннотация

В статье рассматривается историческая роль батыра земли Сыра Бабая Нурбайулы. В архивных документах дана оценка исторической роли Бабай батыра, имя которого сохранилось в устах народа. В этой связи были обсуждены и проанализированы подвиги Бабая, жившего в традиционной устной истории XVIII-XIX веков, и его слова, передаваемые из поколения в поколение. Сведения о личных вещах батыра, оставленных в наследство потомкам и хранящихся в музейных фондах, собраны и представлены для всеобщего сведения.

Ключевые слова: Земля Сыра, институт батырства, устная история, родословная.

Annotation

The article examines the historical role of the batyrof the land of Syra Babay Nurbayuly. Archival documents provide an assessment of the historical role of Babay batyr, whose name has been preserved in the oral tradition. In this regard, the exploits of Babay, who lived in the traditional oral history of the XVIII th-XIX th centuries, and his words, passed down from generation to generation, were discussed and analyzed. Information about the batyr's personal

belongings, left as a legacy to his descendants and stored in museum collections, has been collected and presented for general information.

Key words: Land of Cheese, institute of batyrstvo, oral history, genealogy.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақ Елінде қазақтың жаңаша тарихы жазылуда. Табылған тың деректер, ғылыми айналымға жана көзқараста тартылуда. Қасиетті қазақ қоғамында батырлар институты төл тарихымызға еңбегі сінген зерттеуші, тарихшы ғалымдардың арқасында еліміз бен жерімізді сыртқы жаулардан қорғаған әруақты батырларымыздың ерліктері жан-жақты сараланып, кеңінен насихатталып келеді. Қазақ батырлары біздің ұлттық рухымыз, намысымыз. Олардың күш қуаты мен бітім болмысы арқылы Қазақ елі танылып келеді. Өкініштісі, қазақ тарихында батыр бабаларымыздың барлығы бірдей толық танылды дей алмаймыз. Міне, осындай батырлардың бірі Бабай батыр Нұрбайұлы.

Бабай батыр 1796-1882 жылдар шамасында Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жалғыз-төбе мен ауданның солтүстік жағындағы Көделі деген жерде дүниеге келіп, Сыр бойы мен Түркістан өңірлерінде өмір сүрген [1].

Бабай батыр есімі халық арасында Сунақ руының атақты батыры ретінде белгілі. Қазақтың белді батырларының есімдері елді жұмылдыру үшін, сол жолда жұртшылықты жігерлендіріп, олардың рухын көтеру үшін жар сала айтылатын дабыл есімдер болады. Осыдан қазақтың дәстүрлі қоғамында, негізінен ру-тайпаның бастау тегінде тұрған тарихи адамдар, ел-жұрттың басына түскен сындарлы кезеңдерде ақыл-қайратымен таңылған әйгілі тұлғаларды аса құрметтегенін тарихтан белгілі. Бабай батырдың Сыр бойының даңқты батыры болғандығын көптеген дуалы ауыз ақсақалдарда растаған.

Бабай Нұрбайұлы тарих сахнасына көтеріліп, саяси белсенділігімен көзге түсуі ХІХ ғасырдың бірінші жартысына сәйкес келеді. Бұл кезең ел егемендігін сақтап қалу жолында халқымыздың сыртқы жауларға қарсы күресімен ерекшеленеді. Соның ішінде Қазақ Еліне Қоқан, Хиуа хандықтары мен Ресей империясының экспанциясы және Бұқар әмірлігі айрықша қауіп төндірді. Міне, осы жауларға қарсы соғыста Бабай батыр мен замандас Сыр бойының қаншама даңқты ерлері ерен ерліктерімен көзге түсіп, батыр болмысымен танылды.

Олар ұлт тағдыры таразыға тартылған сын сағаттағы талай қан кешу шайқастар мен ел ертеңі сарапқа салынған келелі кеңестерге бірге қатысқан. Бабай батырдың Сунақ руының бас батыры болып, есімінің кең таралуы халық жадындағы аңыз-әнгімелер, Қоқанға қарсы күреспен байланыстырады. Сондықтан Бабай батырдың Сунақ руына ұран іспеттес есімі осы Қоқанға қарсы күреспен байланысты болған. Алайда Кеңес Одағының солақай саясат әруақты қазақ батырларының ерен ерліктерін еске түсіріп, сайын даланың бүркіт мінез ұлдарын кеңінен дәріптеуге жол бермеді. Өйткені батырлар тарихын зерттеп, насихаттау халқымыздың ерлік һәм жауынгерлік рухын оятып, ел есіне егемендікті түсірер еді. Олай болса, қасиетті қазақ тарихында өзіндік ізін қалдырған және қоғамдық-саяси өмірде көзге түскен Бабай батырдың тұлғасын танып білу уақыт талабы. Ол үшін алдымен батырдың ата-тегі мен өскен ортасына, өмір сүрген заманына үңілу қажет.

Бабай батырдың тегі Сунақ тайпасының Қайғақтық руынан. [1].

Әбу Бәкір әс-Садықтың 35-ші ұрпағы. 1311 немесе 1314 жылдары қайтыс болған ұлы бабасы әйгілі Ниссам-ад-дин әл-Хусайн-ибн-Али ибн-Хаджжадж ас-Сығнақи әулиенің 20-шы ұрпағы. Ниссамиддин әулие Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Хорасан қорымында жерленген. Сунақ руы негізінен Сыр бойы, яғни Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы мен Түркістан облысын мекендеген. Бабай батырдың атасы Әбдуәлі ақсақалдың әйелі Кіші жүз Алшынның қызы болған. Бабайдың әкесі Нұрбай елінде өте сыйлы, беделді кісі екен. Халық ауызында Нұрбайда датқа атағы болған деген де сөз қалған. Нұрбай Бердішүкірұлы өте ірі болғандықтан «Дәуқара» деген аты қалған. Түркістан облысы, Жаңақорған өзенінің жоғарғы жағы, Қаратау ішіндегі Дәуқара

деген бір алқап, Нұрбайдың қоңысы. Нұрбай датқа бейіті – Түркістанда. Ұрпақтары Түркістаннан топырақ алып, Түркістан облысы, Сауран ауданы, Бабайқорған ауылының маңайындағы Қарасүңгір деген жерге кесене тұрғызды. Нұрбайдың бес әйелі болған. Біріншісі Кіші жүз қызы болған, одан бала жоқ, Жолдыны асырап алған. Екіншісі – Арғынның қызы, одан Рыскелді, Малтабар туады. Үшінші әйелі – Сунақ тайпасының Аташ руынан шыққан, одан Бектемір туады. Төртінші әйелі – Кіші жүз, 12 Ата Байұлы Адай руының қызынан Өзтемір, Тастемір және Шынтемір туады. Бесінші әйелі Таңсық ана Кіші жүз Алшынның қызы болған, одан Оразбай, Байсал, Жұмантай және даңқты Бабай батыр дүниеге келген. [2].

Сонымен барлығы он бір ұлы болған. Нұрбай ақсақал ұлдарын адал еңбекпен мал табуға, қазақтың елі мен жерін сүюге тәрбиелеген. Нұрбай ұлдары әкесінен күрестің әдіс-тәсілдерін жетік меңгеріп, ержүрек, батыр тұлғалы болып өсті. Бабай батырдың денесі ірі адам болған екен.

Қазақтың ең қиын заманы XIX ғасырдағы қазақтың өңкей көтерілістер уақыты еді. Осы қиын-қыстау кезінде бала Бабайдың жастық шағы сол тұстағы қатан да қатал жаугершілік заманға сай қалыптасып жетілді. Ел іргесіне зобалаң салған Қоқан, Хиуа озбырлығын көріп өскен бала батыр жастайынан жаулаушы елдерге қарсы күресте көзге түсіп, ерлігімен таныла бастаған. Ол Қоқандықтарға қарсы күресте халықтың күшін біріктіріп, жұдырықша жұмылдыруды көздеген. Яғни ел басына күн туған сын сәтінде Бабай батыр халқының қамал қорғаны бола білді.

1814-1821 жылдар аралығында Түркістан хәкімі қоқандық Мулдан ұлық, кейбір деректе Мошан паруанашы жергілікті қазақтарға үстеме салық салып, егіндерінің тең жарымынан астамын зорлықпен жинап алып, сұлу қыздарын күшпен тартып алып, зорлап, жәбірлеген. Бұған наразылық танытқан Түркістан, Жаңақорған қазақтарын аяусыз жазалайды. Бабайдың Оразбай мен Байсал деген палуан ағалары да көтеріліске шығып, қолға түсіп, дарға асылады. Қаруы нашар әрі ұйымдаса алмаған қазақтарды Мулданның әскерлері қырып салады. Осыдан кейін, қазақтың батыр-билер бұған бірден наразылық танытады.

1821 жылы Тентек төре Оңтүстік қазақтарының Қоқан хандығына қарсы көтеріліс бастайды. Тентек төре – қазақ сұлтаны, есімі Рустем төре, кейбір деректе Мәлік төре деп аталады.

Көтеріліс бүкіл Оңтүстік Қазақстанды қамтып, Тентек-төре Шымкент, Сайрам және т. б. мықты бекіністерді басып алды. [3]. Тентек төренің көтерілісіне Бабай батырда қатысады. Тентек төре Бабай батырды Сыр бойынан келген жасақтарға жүзбасы етіп тағайындайды. Тентек төренің Сайрам мен Шымкентті басып алған кезінде Бабай батыр үлкен ерлік көрсетеді. Кейін Қоқан ханы Омарға көмекке келген Ташкент әмірі Исақұл әскерімен шайқаста, Бабай батыр және көтерілісшілер Шымкент қаласын қорғаған кезінде орасан ерлік көрсетсе де, зеңбірек қарудың жоқтығынан жеңіліс табады да Ақпан, Тышқанбай, Жасамыс, Шоқай сияқты батырлармен қаланы қалдырып, шегінеді. Сонымен қоқандықтар көтерілісті күшпен басты. [2]. Ал қазақтың батыр перзенті, Тентек-төре қолға түсіп, 1823 жылы аяусыз жауыздықпен өлтіріледі. [3].

XIX ғасырдың бірінші жартысында Бұқар әмірлігі өз иелігін едәуір кеңейтіп, үлкен мемлекетке айналды. Бұқар әмірлері көшпелі тайпалардан өздеріне саяси тірек жасау үшін қазақтардың игі жақсыларын билікке тартып, датқа лауазымен де марапаттап отырған. Халық аузындағы Бабай батырдың әкесі Нұрбайдың датқа деген атағы бар деу осыдан қалуы да мүмкін.

Айтылған тарихта Бабай батыр Бұқар әмірлігінен көмек сұрап барғаны туралы айтылады. Осының барлығы 1820-ші жылдары болған жағдай. Бұқар ханы Бабай батырдан :- «менің шартымды орындасаң, сұраған бес жүз қол әскерді беремін» деп Бабайды палуандар сайысына салады. Бұхараның ең мықты палуанын жеңсе де, хан уәдесінен тайқып, Бабайды алып күш иесі пілге қарсы күреске шақырады. Сонда жас

Бабай пілдің тұмсығынан бұрап құлатып, жеңіске жетеді. Жігіттің жойқын күшіне тәнті болған хан бес жүз әскерге қарақалпақтың батыры Аманбайды қоса берген екен. Содан Бабай бастаған қол Мошанның Иқан қақпада жасақтаулы тұрған әскерінің шебін тас-талқан етіп қиратып, қалаға басып кіреді. Бабай қала ұлығының басын шауып алып, қаланы Қоқан билеушілерінен азат еткен.

Қазақ тарихында XIX ғасырдың 30-ші жылдары да қантөгіс, Тәуелсіздік үшін ұлт-азаттық көтерілістермен белгілі. 1838 жылы даңқты Кенесары ханның әскери қимылдары Ақмола, Ақтау қамалдарына шабуыл жасаудан басталды. Көтерілісшілер орыс гарнизоны бар қамалдарды өртеп жіберді. Кенесары соғыс ауқымын Торғай арқылы Кіші жүз жеріне қарай кеңейтті. 1841 жылы қыркүйекте Кенесары үш жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы тұста қазақ елінің барлық өңірінен батырлар қол бастап келіп, Кенесары әскеріне қолдау көрсетті. Солардың қатарында Бабай батыр да болды. Бабай батыр осы жылы Кенесарының әскерімен Қоқан хандығының иелігіндегі Созақ, Шымқорған, Шолаққорған, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. Ең ауыр бекініс Созақты 18 күнде басып алады. Созақ бекінісін алуда Бабай батырдан басқа Сыр бойының көптеген даңқты батырлары қатысады. Ол жөнінде ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының №4 қорындағы 2757 істе 1841 жылдың қыркүйегінде Кенесары хан шөмекей, төртқара, табын руларынан жасақталған 4 мың әскерімен Ташкентке бет алды деп жазған. Осы жолы Созақ, Жаңақорған, Жөлек қорғандарын қоршаған. [4].

№4 қордың №2333 ісінде Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы, генерал-майор Ладыжинскийге хорунжий Красноярцев жолдаған (1845 жыл, 22 қазан) рапортында ханға Қоқан бекіністерін алуға шөмекей, керей, кете, алтын және әлім руларының басты адамдары көмектескенін айтады. «Шөмекей руының батыры Тоғанас Бәйтіков, Дәрмен Сарманов, Қараш Тұғалан, сұлтан Сәдірмек, керей биі Жұбан және сұлтан Тоғым, алтын руынан Науша, Көшкінбай Мажығұлов, Уәли Итенов, әлімнен Жанқожа батырлар бастаған жасақтар негізгі күшке 16 қыркүйекте келіп қосылды», – деп жазған [5].

Қазақ Елінде 1837-1838 ж.ж. әйгілі Исатай батыр Тайманұлының мен Махамбет батыр-жырау Өтемісұлы басқарған көтеріліс болған. Көтеріліс жаншылып, басылды. Исатай батыр қаза болып, Махамбет батыр Хиуа хандығынан әскер сұрай барғанда, сәтсіз болған. Сонан соң Махамбет елге оралып, Әлім, Шөмен, 12 Ата Байұлы Адай елдері ішінен жігіт жинап, «дұшпанға қарсы келгенде, дініне берік» ер азаматтарды маңайына топтастыра бастайды.

1839 жылы сол елдерде жүргенде Махамбет өз қолымен мынадай хат жазады Бұл хат ҚР МОА, 4-қор, 1- тізімдеме, іс-4197, 269 парақта. Онда: - «Ардақты батырларымыз: Бабайға, Надырқұлға, Сәлиге, Жармұхамбетке және Жамантайға – барлығыңа сәлем. Өздерің сиқылды достардың дұғасымен, Аллаға шүкір, есенмін. Мен Хиуадан аман-есен қайттым. Сіздерді сағындым, осынша-ақ көргім келеді, бірақ, бару қиыншылыққа түсіп тұр. Әскер шығардың алдында Хиуа ханына жолығып шығам. Әрілегенде, әскер осы алдымыздағы жазда шығады. Егер жағдай көтерсе, қалайда Сәлиді жіберіңдер. Ол жаққа барардың алдында мен сіздердің қандай халде екендіктеріңді білуім керек қой...»[6]. Бабай батырдың Кенесары ханмен де, Махамбетпен де және Сыздық төре Кенесарыұлымен де үзеңгілес болып, халық азаттығы үшін болған күрестерде қатар жүріп соғысқанын осы тарихи деректерден аңғарамыз.

Тарихтан білеміз 1847 жылы Кенесары хан қырғыздарға қолға түсіп, сонда қаза болатынын. Кенесары ханмен бірге сунақ Бабай батырда қолға түсіп, тұтқында 5 жыл болады. Бұл деректі Бабай батырдың ағасы Жұмантайдың ұрпағы, Ташкентте тұрып, сонда қайтыс болған 1940 ж.т. марқум Қасым ақсақалдан жеткен. Осы ақсақал Бабай батырдың сауытының бір бөлігі мен қылышын Бабайқорған ауылының мектебінің музей бұрышына өткізеді.

Сыр бойының әруақты батыры Бабай батырды Сыр сұлейлері де жырына қосқан. Мысалы атақты Манап ақын Көкөнұлы (1928-1992):-

«Сыр бойында батыр шыққан
Бабай деген,
Бір өзінен талай дұшпан таяқ жеген.
Хас батырдың туған жері
Көдей дейді.

Бұрыннан сунақтарға болған мекен»- деп жырлаған [7].

Кейін Бабай батырды Перовск уездінің бастығы Ресей империясына қарсы шыққанына кешірім беріп, Жаңақорған болыстығында тұруға рұқсат береді. Осы жөнінде писарь Михаил Гибилев жазбасында атап өтеді[8].

Бабай батырдың атында Түркістан облысында Бабай қорғаны деген киелі жер бар [9]. Қасиетті Хадистен адам өмірінде құдық қазса, көпір салса, жол ашса қандай үлкен сауап алатынын білеміз. Яғни, Бабай батыр Бабай қорғанынан осы сауаптарды тірі кезінде алса да о дүниелік кезінде де оған сауабы баратыны белгілі.

Бабай батырдың әйелі де, Кіші жүз Алшынның қызы болған, одан үш ұлы дүниеге келген. Бұл күнде осы Әбді, Мәмбет және Айтпембет атты ұлдарынан өрбіген ұрпақтары Түркістан облысы, Түркістан қаласында, Бабайқорған, Шорнақ ауылдарында, Астана, Шымкент, Кентау қалаларында және Қызылорда облысында абыроймен өсіп өнуде.

Даңқты Бабай батыр Нұрбайұлы 86 жасында, 1882 жылы қайтыс болды. Батырдың бейіті Түркістан облысы, Бабайқорған ауылының солтүстік бағытымен ағып өтетін Қарабұлақ өзенінің жағасындағы «Қарасүңгір» қорымына жерленген. Бабай батыр дүниеден өткеннен кейін ұрпақтары 1999 жылы бейітіне тағзым етіп, жаңа кесене тұрғызды. [1].

Қорыта айтқанда, Бабай батыр батыр ел басына күн туған қиын-қыстау заманда халқына қорған бола білген біртуар тұлға. Оған ел жадында сақталып, бүгінге жеткен архивтік және фольклорлық мұраларымыз толық куә. Бабай батырдың Қазақ елінің тәуелсіздігін сақтау жолындағы ерлік істері ұрпаққа үлгі әрі өнеге болмақ. Сонымен қоса осындай тағылымы мол іс-шаралармен қатар Бабай батыр тұлғасының тарихын әлі де болса дәйекті деректер негізінде зерттеп, батыр есімін Түркістан мен Қызылорда облыстарының ауыл, мектеп, көше атауларына беріп, кеңінен ұлықтау қажет. Оның кейінгі ұрпаққа бойына ұлтшылдықты ұялатып, отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметбек Бақытжанның дерек қорынан, мәлімет берген, Бабай батырдың ұрпағы Айдарбек ақсақал.
2. Әбдіәкімұлы М. Басынан бұлт кетпеген Бабай батыр/ Оңтүстік Қазақстан, 2022 ж.
3. Қожа М.Б., Сандыбаева А.Д., Тастанбеков М.М, Динашева Л.С., Рахымжан К.Ә./ Түркістан қаласының тарихы: оқу құралы.-Алматы, «ТОО «Алгоритм», 2024 ж,-224 б.
4. ҚР МОА, №4 қорындағы 2757 іс
5. ҚР МОА, №4 қорындағы 2333 іс
6. ҚР МОА, 4-қор, 1- тізімдеме, іс-4197, 269 парақта.
7. Көкенов М. /Сырдария кітапханасы. Астана: Фолиант, 2009 ж.-339 б.
8. Гибилев М. «Краткая запись о Перовском уезде», Ташкент, типография Каменских. 1873 г.
9. Жерінің аты- Еліңнің хаты: Энциклопедиялық анықтамалық./ Алматы: Аруна, 2006ж.- 808 б.

3 - СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКА

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕ БЕРІЛУІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ ЖӘНЕ «ТІЛДІК ТҮЛҒА» МӘНІ (Ғ.МҮСІРЕПОВТІҢ «ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ» РОМАНЫ БОЙЫНША)

Ш.М. Елемесова

филология ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа

Мақалада Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы мәтіндегі ұлттық мәдениеттің этнолингвистикалық негізі және «тілдік тұлға» (автор) мәні сөз болады. Сонымен, көркем сөз дәл және бейнелі ойды жеткізудегі ұлттық тілдің ең бір керемет маржандарын, оның шығармашылық мүмкіндіктерін, жан-жақты қолданумен ерекшеленеді. Мұндағы тіл - сөз өнерінің материалы және негізгі болып, ал оның көркем мәтін құрылымындағы элементтері семантикалық өзгеріс заңына бағынатығы жөнінде де ой қозғалады.

Кіріспе. Әйгілі көркем сөз шебері, өнегелі стилист Ғ.Мүсірепов – ана тіліміздің мәдениетін, оның сұлулығын, мақсатқа сай сөздердің қолдануына ерекше мән берді. Яғни жазушы көркем дүниесін жазу барысында оны оқушының қабылдау жайын бірінші қатарға қояды. Демек көркемдік мәтінді психоллингвистикалық тұрғыдан талдаудың мәні зор.

Қазіргі заманғы белгілі бір сөз шешенінің шығармашылық бейнесі контекстіндегі және оның эстетикалық мәдениетін айқындайтын зерде кеңістігінен (ноосфералар) немесе осы автордың көркемдік шындығын айқындайтын семиосфералық кеңістігінен туындауы мүмкін екендігі де, Ғ.Мүсіреповтің қазақ тіліне қатысты пікірлерінсіз бүгінгі ұлт тілінің байлығы мен тазалығы жұпыны көрініп, жұтаң тартатындығы да кеңінен сөз болып, дәлелденеді.

Осы саладағы белгілі ғалым-мамандар Воробьев, Маслова, Телияның ғылыми тұжырымдарына арқау болған мәдениет пен тіл арасындағы байланыстың сыры американдық ғалымдар Э.Сепир мен Уорфтың «Лингвистикалық ықтималдық теориясының негізін танытқан» этнос дүниетанымындағы ерекшеліктің ізі халық тілінде сақталады» деген қағидамен астасып жатқандығы белгілі. Бұл лингвомәдениеттану пәнінің этнолингвистика ғылымымен туыстығынан туындайтын жай. Осымен байланысты этнолингвистика мен лингвомәдениеттану пәндерінің ортақтық, тіпті ұқсас жақтары анықталған. Дегенмен, осы саладағы зерттеушілер этнолингвистика ғылымының өзіндік ерекшелігін атап көрсетеді: «Этнолингвистика комплексті этнографиямен шектес, халық мәдениеті, тарихтың шығу тегі мен таралуын зерттейді. Бүгінгі ғылымда этнолингвистикалық, зерттеу мақсаты – тілдік қызметі мен дамуына лингвистикалық, этномәдени, этнопсихологиялық (астын сызған біз – Ш.Е.) факторының әсерін ерекше қарастыру, ұлттық болмыспен ұштастыру» [1]

Сонымен, нақты түрде қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының негізін салушы академик Ә.Қайдардың анықтамасына сүйеніп: «этнолингвистиканың зерттеу нысаны – этнос болмысын тұтастай танытатын «тіл әлемі» [2] Ал, оның осы орайда ұлттық мәдениеттің және рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі көркем әдебиет, фольклорда т.б. да берілуі арқылы кеңі түсетіні көрінеді. Осы орайда қазақ тіл білімінде

ұлттық мәдениет пен болмыстық ерекшеліктерді таныту, Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұбанов, М.Әуезов еңбектерінен бастап, ғалым-тілшілер І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісов, Қ.Өмірәлиев, Б.Шалабай, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, А.Сейілхан т.б. ғалымдар еңбектерінде тіл деректері негізінде танытылады. «Дүниеде сөзден көне, сөзден берік ескерткіш жоқ... Ешнәрсе де сөз құдіретіне пара-пар келе алмайды... Қазақ тілі – ыдүние жүзіндегі ең бай, бедерлі де, бейнелі тілдердің бірі. Ол күні кешегі «Өнер алды – қызыл тіл» деп ұққан көшпенділердің, ердің құнын екі сөзбен тындырған көшелі билердің тілі... Ол көшпенділер жасаған көне тіл, бұл күнде жаңа заманға, ұлы цивилизацияға қызмет етіп отыр». Бүгінгі таңда филологияда антропологиялық методологияның қайта өркендеуіне байланысты, адам өміріндегі сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін зерттеудің күшеюіне байланысты, филологияның бүкіл адамтану ғылымдарының белсенді синтез жетістіктеріне қайтарылуына байланысты лингвистикалық поэтика индуктивті білім ретінде қала отырып, антропологиялық-дедуктивтік методология өрісін мейлінше кеңейтуі тиіс. Адамның сөйлеу әрекетін лингвопоэтикалық зерттеу саласында антропологиялық-дедуктивтік методология ерекше түсіндірілетін зат ретінде адамның шығармашылық өзінше айтуын, сөйлеуін, немесе автор-жасаушыға ерекше назар аударуда академик М.М.Бахтиннің тұжырымдары осы бағыттағы теориялық-әдістанымдық негіз болады. Соған сәйкес автор біздің күнделікті түсінігіміздегі тікелей сөйлеу субъектісі ретінде ауызша, эстетикалық тұтастыққа қатыспайды, бірақ кез-келген көркем сөйлеуді зерттеуші нақты поэтикалық шындықты түсіндіру арқылы бірден немесе біртіндеп автордың шығармашылық бейнесін анықтауға ұмтылады. Мұнда ол автор жасаған шындықтың қалай жасалуының анықтаудың терең әдістерін қолданады. Осындай зерттеу процесі негізінде анықталған жеке тұлғаның тілдік шығармашылығының дүниемен ұшырасуы, оның (автордың) дүниеге көзқарасы деп атайды.

Бірақ басқа жолдың болуы да мүмкін: зерттеудің негізгі мақсаты – қазіргі заманғы белгілі бір сөз шешенінің шығармашылық бейнесі контекстіндегі және оның эстетикалық мәдениетін айқындайтын зерде кеңістігінен (ноосфералар) немесе осы автордың көркемдік шындығын айқындайтын семиосфералық кеңістігінен туындауы мүмкін.

Мысалы, Ю.Н.Караулов «Көркемдік тұтастықты түсіндірудің соңғы бағыты үлгілі мәтіндерді зерттеу барысындағы ерекше жетістік яғни, ноосфераға жататын жалпы адамзаттың ауызша шығармашылық әрекетінің маңызды жетістігі болып саналатын жоғарғы сапалы көркем шығармалар» деп санайды. Бұл жағдайда жеке тұлғаның эстетикалық шығармашылық әрекетін түсіндірудің негізгі кезеңі ретінде автордың рухани болмысы, мінез-құлқы және оның жалпы адамзаттық деңгейді игерген шығармашылық әлемі қызмет етеді. Лингвистикалық поэтикада мұндай антропологиялық-дедуктивті методология арқылы адамның шығармашылық әрекетіндегі жеке теоретикалық субстанцияларының айқындалып, сол деңгейдегі көркем шығармашылықтың дамуын алдын-ала адам санасында анықтауға болады.

Ерекше антропологиялық-дедуктивті ғылым ретінде лингвистикалық поэтикада көркем сөзді зерттеуде қолданылатын суреттеме-талдау немесе индуктивті методология одан тыс қалмайды. Поэтикалық тіл бірліктерінің әртүрлі деңгейін қарастыру, олардың көркем мәтіндегі қызметі, синтездегі көркем сөйлеудегі тілдік және әдебиеттанудағы айту тәсілдерінің категориялары, поэтикалық жүйедегі жеке-авторлық мінез-құлық лингвистикалық поэтиканы зерттеудегі сенімді негіз және берік дәстүрге ие. Осы саладағы зерттеушілер (Новиков, 1988) көркем мәтінді суреттеме-талдау деңгейіндегі материалдық және идеалдық шындықты адамның эстетикалық меңгеруінің ерекше тілдік формасы ретінде түсіндіреді.

Осыған байланысты көркем мәтінді суреттеме-талдап түсіндірудің бірінші түрі – лингвистикалық түсіндірулер немесе имманентті талдау. «Эстетикалық құнды объектінің» көркем құрылымын тіл арқылы зерттеудің мақсаты; шағын көлеміне қарай тілдің барлық

деңгейіндегі кезекті ерекшеліктерін бөліп қарау арқылы мәтінді түсіндіру (мәнерлеу құралдарының жиынтығы) және олардың «көркемдік көлемі» дамуында болуы мүмкін; нақты автордың мәтіні- мәтін жиынтығы – идиолект. Бұл түр мәтіннің формальді-поэтикалық бірліктерін «жалпы ұлттық тіл және оның стильдерінің элементтері мен формалары, сол сияқты әдебиеттен тыс құралдарымен» салыстыруды ұйғарады (В.В.Виноградов). Лингвистикалық түсініктеме нысанасы – лексемалар, лексемалардың үйлесуі, сөйлемдер, күрделі синтаксистік тұтас дыбыстар. Әртүрлі жанрадағы көркем мәтіндерді лингвистикалық түсіндіру – ауызша эстетикалық тұтастықты суреттеме-талдап түсіндіруді барынша белгілі және дәстүрлі тәсілі. Ол оқырманға таныс емес сөздің лексикалық мәнін түсіндіруден басталуы және мәтіндегі сөйлеу құралдарының барлық жиынтығының тілдік жүйесінің сандық, сапалық сипаттамасымен аяқталуы мүмкін. Яғни, бұл жағдайда зерттеуші саналы түрде эстетикалық әрекеттен мәтіндік әлемнің тұлғалық бірліктеріне көңіл аударады.

Көркем мәтінді суреттеме-талдап түсіндірудің екінші түрі – лингвостилистикалық түсіндіру. Оның мақсаты – мәтін құрылысының эстетикалық тұтастық сипаттамасын, мәтіндік немесе экспрессивті-стилистикалық, осы және сол көркем контекстегі тіл бірліктерін өзектендіру болып табылады. Бұл жағдайда, поэтикалық мәтін автордың айтуында белсенді қызмет атқарған құралдар жүйесі ретінде сипатталады. Көркем шығарманы суреттеме-талдап түсіндірудің екінші типінің жетекші бағыты – сол және басқа идиолект, идиостиль, шындық контексіндегі ауызша образдық құралдардың концептуалды-конструктивті рөлін анықтау, яғни, нақты бейнелі-мәнерлі құралдарын жасаудың көркемдік тиімділігін сипаттау нақты эстетикалық міндеттердің тұлғалық поэтикалық қосындыларын (компоненттерін) айқындау болып табылады.

Көркем мәтінді түсіндірудің үшінші түрі – лингвопоэтикалық талдау. Лингвопоэтикалық әдістеме үшін О.Г.Ревзинаның ойларын өте маңызды деп айтуға болады. Оның қысқаша мәні мынаған саяды: «әдебиеттануда лингвистиканың қызмет етуші рөлі болып келді. Бірақ ХХ ғ. Екінші жартысынан бастап, баяу, бірақ лингвистиканың өзі үздіксіз өзгерді. Енді ол «лингвистикалық емес» жағдайдағы көптеген мәселелерді өзіне сиғызды. Жаңа ұрпақ көркем мәтінді лингвистикалық тұрғыдан зерттеуде шешімді қадам жасауы тиіс»[3]. Ол ғылыми тәжірибеде ауызекі эстетикалық тұтастықты сипаттаушы индуктивті және дедуктивті тәсілдерін күшейте түседі. Яғни, қарапайымнан (жекеден) күрделіге (жалпыға) қарай. Лингвопоэтикалық түсіндірудің негізгі мақсаты – сол және басқа сөз шешендерінің (жазушы, ақын) тіл бірліктерінің эстетикалық қасиеттерін үздіксіз күшеюі мен ауысулары арқылы өзіндік көркем мәтін әлемін жасауға байланысты біртұтастықты және көркем форма, көркем мазмұнға ұқсастықты табу, объективті және субъективті факторларды айқындау болып табылады.

Негізгі факторларға, көркем шығарманың біртұтас формасына, мазмұнына, өзара әрекеттестігіне әсер етуші және оның ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтайтын автордың идеялық-эстетикалық бағытын, шығарма жанрын, автор рбразын анықтау және басқалар жатады. Сондықтан да, көркем мәтінді түсіндірудің бұл түрі индуктивті және дедуктивті сипаттау әдістерін қатар қолданатын және эстетикалық ауызекілік тұтастықты талдаушы синкретті болып табылады, яғни, көркем шығарманы мұндай түсіндіру деңгейі филологиялық түсіндіруге тән.

Көркем мәтінді лингвопоэтикалық түсіндіру барысындағы антропологиялық-дедуктивті әдістеме. Мысал: автордың образын анықтай отырып, немесе бәрін қамти алатын автордың «мені» көркем шығарманың иерархиялық өзінше ең жоғарғы поэтикалық категориясы мен детерминанты ретінде көркем шығарманың динамикалық мәтіндік құрылымындағы тілдік сананы, нақты идеологиялық бағытын, өзінің поэтикалық құрылымын, өзіндік құралдарын, олардың айтылу мәнерін көрсететінін айтады: бұл жазушының айтар ойы, оны қалай жеткізуі, демек, өз шығармасында өзі қалай айқындалуы тиіс деген толғаныстары болып табылады.

Осы еңбектерде лингвопоэтиканы түсіндірудің негізгі объектісі автор-квазиобъекті байланысына ерекше көңіл бөлінеді.

«Квазиобъект» түсінігінің өзектілігін психопоэтикада былайша түсіндіріледі: «квазиобъектіде өнерді біз қол жеткізген толық бейнелеуінің көптеген белгілеріне қарай бөлуге болмайды. Сондықтан да өнерді қабылдау сандан тыс іздестіру әрекеті кезінде осы квазиобъектінің қандай да бір жеке мінез-құлқын қабылдай отырып, олардан жай ғана бейнелеунуді синтездемейміз, сонымен қатар, оған жасаушы енгізген тұлғалық мағына салмағының бейнесін қабылдауды да ұйғарады. Өнерді квазиобъективті формадағы жеке тұлға деп айтуға болады. Мұнда ол – біздің әрқайсымыздың жеке тұлғалық эмоциональді – ерік, мотивациялық және басқа аспектілеріміздің дамуының өзіндік полигоны болып табылады» [4].

Мұнда «квазиобъект» деп аталатын объектіні өте терең анықтаудың ғылыми түсіндірмесі адамның шығармашылық рухын кеңінен байымдауға байланысты ерекше көңіл аударады: «өнерквазиобъективті формадағы жеке тұлға болып табылады».

Осы саладағы зерттеулерде орыс филологиясында Г.О.Винокурдың зерттеулерінің орны ерекше.

Г.О.Винокурдың лингвопоэтика саласындағы филологиялық көзқарасы ғалымның өмір сүрген, қызмет еткен «мәдениеттің ерекше контексіне» сәйкес келеді.

Көркем мәтін тілін зерттеудің теориясын дамытуда лингвистермен бірге, көркем әдебиетті жасаушылардың ой-тұжырымдары да маңызды қызмет атқарады. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің қазақ тіліне қатысты пікірлерінсіз бүгінгі ұлт тілінің байлығы мен тазалығы жұпыны көрініп, жұтаң тартар еді. Өзінің көркем шығармалары арқылы эстетикалық тәрбие берумен қатар, ана тілімізге өшпес үлес қосқан, Ғ.Мүсіреповтің сөз саптауындағы өзіндік өрнектер жылдар алға озған сайын жанданып, жаңғыра түсті. Тіліміздің көркемдігі мен әрбір сөздің өз орнында жұмсалуды жөніндегі Ғ.Мүсіреповтің құнды пікірлері ғылымда әлі толық «ашыла қоймаған сыр сандық». Бірақ оның шынайы табиғатын әдебиеттану мен лингвистиканың дәстүрлі салалары поэтика мен стилистика т.б. шеңберінде ғана анықтау мүмкін емес. Осымен байланысты В.В.Виноградовтың зерттеулерінде «тілдік тұлға» мен «автор» ұғымдары сабақтас қарастырылатыны белгілі [5].

Қазіргі тіл біліміндегі антропологистикалық бағытқа сәйкес көркем шығармадағы әрбір кейіпкердің образын ашу оның жеке мінезі, жан-дүниесі, сезім-түйсігін айқындайтын тілдік құралдар арқылы анықталады. Ол кейіпкер болмысын танытатын тұтас «әлемнің» ішкі жан дүниесін бейнелейтін бір үзгі іспетті. Осымен байланысты Ғ.Мүсіреповтің «Көркем сөз – жанның сәулесі» деген қағидасы оның шығармашылығының кредосы болса, оның көркемдік әлемінің негізіндегі тілдік құралдарының табиғатын оның психолінгвистикалық қырлары арқылы анықтау, біздіңше, аса маңызды.

Осы талап тұрғысынан қарасақ, Ғ.Мүсіреповтің қай шығармасын оқып отырсаңыз да, оның көтерген әлеуметтік мәселелерімен қоса, сол мәселенің шынайы да көркем шешім табуы үшін – автордың әрбір сөзді, жекелеген сөйлемдердің қисынымен қолдана білу ерекшелігі кмді де болса таңдандырмай қоймайды.

Осы туралы әдебиетші-ғалым Т.Кәкішев: «Әр шығармасын зарықтыра жазатын қаламгер Ғ.Мүсіреповтің әдебиетшіл әлеуметтің үмітін үзіп алмайын, - деп, анда-санда газет-журналдар бетінде асылдың сынығындай аз дүниесін жариялап қойып, айызы қанбай қалған оқушысын айлап, жылдап тостыру бойға сіңген әдеті. Аз жазса да, саз жазатын жазушының шығармасы өз еншісіне тиген кезде оқырман қауым сөз өнерінің тұнығынан шайқап ішіп ләззаттанады. Ақталған үміт жазушы абыройын арттыра түседі» деп жазады. Сонымен бірге Ғ.Мүсіреповтің ана тіліміздің жай-жапсары жайлы, оның қазіргісі мен болашағы туралы озық ойлы қаламгер ретінде ой топшылауларынан әр кез ортаға сала жүруі де жазушының өзіндік ойы мен дара тілінің сабақтастығын дәлелдейді.

Осы арада ерекше атап өтетін жай – Ғ.Мүсірепов творчествосындағы халықтың тіл байлығын жете меңгеру үлесі.

Ғ.Мүсірепов әдеби тіліміздің дамуына, кемелденуіне ерекше үлес қосқан жазушы екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал, сол шындықтың нақты бір көрінісі – оның қаламынан қазақтың көптеген көнерген сөздері қайта жаңғырып, құлпырып шығуы. Осы мақсатта Ғ.Мүсірепов халық тілінің тереңде жатқан неше алуан қазынасын таба білгенн оның шығармаларының тілдік деректері дәлелдейді. Осыған орай ол әдебиетімізге сөз қолданысының сан-салалы үйлесімді үлгілерін әкелді. Ғ.Мүсіреповтің әрбір шығармасынан тіліміздің жаңа қырлары, мол мүмкіншіліктері таныла түседі. Мысалы, біздің зерттеу нысанымыз болып отырған «Қазақ солдаты» романының мазмұнындағы мынадай тілдік деректерге көңіл аударайық. Мысалы, *Арандай оқ, арсылдаған пулемет, байлаулы төбеттей өршеленіп, теңіз жағасы азан-қазан болды. Үніміз бір полктай шығады, батылдығымыз – артымызда самсаған сары қол бардай көрінеді...* [6, 319б].

Міне, бұл мысалдар көркемсөздің шебері Ғ.Мүсіреповтің қолындағы қаламында сөз кестесі соншалықты құбыла құлпырып түсетін, өткір де күшті көріктеуші құрал, Ғ.Мүсірепов бейтарап баяндаушы емес, сондықтан Ғ.Мүсіреповтің лексикасы бейтарап емес, әр кейіпкерге, әр оқиғаға өзінің көзқарасын, ықыласын, иә ызасын сөз арқылы паш етіп отыратын экспрессивті лексика деп сипатталды. Себебі: «Көркем шығарма тілі – сөз шеберлігінің елегінен өткен талғампаз таланттардың тілі. Әдеби тілді бағындыратын ең негізгі фактор – көркем шығарма тілі» [7].

Жоғарыда көрсетілген зерттеулерде қаламгердің шын шеберлігінің тілдік әдемі өрнектерінің «кілтін» теориялық тұрғыдан түсіндірсе, Ғ.Мүсіреповтің ерекше тілдік тұлға ретіндегі феноменін оның ішкі жан дүниесімен, өз әлемімен түсіндіретін де анықтамалар бар. Мысалы, академик-жазушы С.Мұқановтың: «Ғабиттің жазушылығының тұтас алғанда өзіне тән өзгешеліктері бар. Біріншіден, Ғабит бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды; екіншіден, бойына сіңірген тақырыбын тез жазып тастауға асықпайды, сондықтан да шығармаларының шикісі аз болады; үшіншіден, жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе игерген тақырыбын да жаза қоймайды; төртіншіден, шығармасына өте ұқыпты, сондықтан хал-қадірінше олпы-солпысыз шығарады; бесіншіден, тілге үнемшіл, сипаттап, суреттеп отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды; алтыншыдан, жарқылдақ сөзді көп қолданып, шешен сөйлеуге тырысады; (астын сызған біз – Ш.Е.) жетіншіден, адам портретін жасауға қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі» деген пікірі. Ал, академик-әдебиеттанушы З.Қабдолов: «Қазақтың сөз өнерінде «Ғабиттің тілі» деген тіл бар. Ол қандай тіл? Ол – «сымға тартқан күмістей» сұлу тіл.

... ол сөз ғана емес, сөзбен салынған сурет. Ол – биік парасат, терең философия. Ол – сыр, сезім... Ғабит тілі – сырлы да сиқырлы тіл» деп сипаттайды (Қабдолов З.).

Бұл туралы А.Байтұрсынұлы: «Әр ақын, әр жазушы, сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады» [8], - дейді. Яғни, ғұламаның пікірінен өзіндік белгі болмаса, суреткер де жоқ дегенді түсінеміз.

«Қазақ солдаты» романынынан Ғ.Мүсіреповке ғана сұлу өрілген осындай «сырлы да сиқырлы тілді» көрсететін соғыс кезіндегі суреттері бейнеленген тұстарынан бір-екі үзінді келтірейік:

«Өзен беті сұрланып, отқа салынған темірдей күңгірт көгере бастапты. Таңертеңгі жаяу жел әдеттегдей таза емес, өрт исін ала келіпті. Күйген көң, шөп-салам исінен гөрі көңірсіген темір исі басымырақ. Бұл кезде жұқа жібектей көгілдірленіп жеңіл сезінетін ауа, бүгін буалдырланып кетіпті, әрі қою, әрі салмақты сезіледі. Бұлыңғыр дүниені етегінен түре өртеп, нарттай жанған қып-қызыл күн шығып келеді. Тау қырлары, бұлт етектері тұтана бастағандай қызара бастады» [6,130б]

«Дон өзені шұрқ-шұрқ тесіліп, қайта тасып кетті. Өзенге түскен ауыр снарядтардан аспанға атқан су биік көпірдің үстіне шапшып қалады. Жұқа көкше мұз сынған айнадай жалт-жалт етіп, сумен бірге атылып, сыңғырлап келіп, жазаға түсіп жатыр. Өзеннің екі беті шыны заводының қоймасындай үйіліп жатқан көкше мұз...»[6,188б] «Әр асуында мың түрлі ертегісі бар, қиясына қыран ұялаған Кавказды да, асау сұлу Теректі де біз сол қоштасарда ғана көз тоқтатып көріп едік. Оған дейін Теректі қарындасымыздай қорып, (этнолингвистикалық – Ш.Е.) жауға суын таттырмадық та, бірақ өзіміз де көз тоқтатып қарай алған жоқпыз. Әр қиясы алдырмас қамалымыз болған құж тауды да сол қоштасарда ғана көргендей едік.

Бұл сияқты табиғат көріністерінің әр кездегі дәл суреттерін романның өн бойынан кездестіріп отырамыз. Ондай суреттер қашан да кейіпкерлердің көңіл күйіне ассоциациялық бейне ретінде жарастықты бояудай үйлесіп, ұласып келеді. Асылы, пейзаж суреттерінің молдығы - «Қазақ солдаттының» көркемдік ерекшеліктерінің бірі. Мұнда образ табиғатына жанаспайтын, оқшау, бөгде тұрған суреттер жоқ.

Ғ.Мүсіреповтің жазу мәнеріне тән ерекшеліктің бірі – ассоциациялық-символикалық салыстырулардың молдығы. Ол кейде табиғат суреттерін көрсетіп отырса да, оның астарынан адам өміріне тән жайларды елестете алады. *«Теңіз біресе ауыр күрсінгендей, біресе жалқау есінегендей болады» [6,11], «Таңертеңгі ұяшақ күн сол айнаға енді ғана қарана бастағандай... Сары дала сағымданып, кейде терең көлге ұқсап кетіп, кейде қырқасына көгілдір түтін будақтаған аласа-аласа төбелерді көз алдыңа әкеледі. Күн көзінің алтын кірпіктері аласа үйлерден асып, биік үйлердің терезелерін шам жаққандай жарқырата бастады» [6,13].*

Тіл арқылы белгілі бір ұлттың болмысын тануға болады деген мәселе қазіргі тіл біліміндегі жаңа да, өзекті бағыттардың бірі болып отырғаны белгілі. Автор өз ойын, сезімін оқырманға жеткізуге ұмтыла отырып нақты көзқараспен сөзді таңдайды, оларды өз ойы мен талғамына сәйкестендіре отырып топтайды, өзінше жеткізеді. Ал оқырман мәтінді қабылдау арқылы автордың ойын, ниетін аңғарады. Демек, әдебиетті қабылдау оның тілдік құрылымын қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Воробьев В.В. О понятии лингвокультурологии и ее компонентах. // Язык и культура. Киев, 1993. –С.44.
- 2.Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985, №10, 18-22бб.
- 3.Ревзина О.Г.- Методы анализа художественного текста // Доклады УШ Международной конференции. М., 1999. С.301-315.
- 4.Леонтьев А.А. Основы психолнгвистики. –М., 1999. С.200 – 287.
- 5.Виноградов В.В. О языке художественной прозы // Избранные труды. – М.: Наука, 1980. –С.360.
- 6.Мүсірепов Ғ. Қазақ солдаты. 319 б.
7. Мүсірепов Ғ.Суреткер парызы. – Алматы. 1970. –19б.
- 8.Байтұрсынов А. Шығармалары:Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1989, –141-142 бб.

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ БАСТЫ ТІРЕГІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Кыйсыкова Асем Жанболатқызы

Нархоз университетінің аға оқытушысы, магистр, Қазақстан, Алматы қ.

Ключевые слова: триязычие, государственный язык, международный язык, языковая политика, межнациональный язык.

Abstract: trilingualism, state language, international language, language policy, interethnic language.

Бүгінгі күні үштұғырлы тіл саясаты өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған орай үш тілді қатар алып қолдану, түрлі салаларға енгізу, қоғамдық қажеттілік тудыру жағдайларын талдап көрсетудің маңызы зор. «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тану керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға кірігу тілі. Айта кетелік, үштұғырлы тіл жай ғана әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Өйткені, қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, “ақылды” экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Яғни, бүгінгі таңда ТМД мен Орталық Азияның көшбасшы мемлекетіне айналған Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Атап айтарлығы, көпұлтты Қазақстанның жағдайында “Үштұғырлы тіл” ұлттық жобасы қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болып саналады. Алайда, еліміздегі негізгі үш тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Мәдениеттер мен тілдердің саналуандығы – бұл біздің ұлттық байлығымыз. Ал “Үштұғырлы тіл” идеясының құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса, ағылшынша білсең – әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Қазақстандағы үштұғырлы тіл саясаты – бұл елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұтас тұжырымдама. Іс жүзінде тілдердің үштұғырлылығы идеясы бәсекеге қабілетті Қазақстанның ұлттық идеологиясының бір бөлшегі болып табылады. Яғни, мемлекет әрбір қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің жеке дамуының міндетті шарты екендігін әрдайым есте ұстауды қалап отыр. Бұл бүгінгі қазақстан жағдайында:

- * Қазақ тілі – мемлекеттік тіл
- * Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі
- * Ағылшын тілі жаһандық экономикаға кіру тілі

Қазақстан экономикасының дамуына байланысты үштілділіктің пайда болу негіздері келесі бағыттардан тұрады:

- Қазақстанның ұлттық тілі
- Қазақстанның мемлекеттік тілі

- Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынас тілі
- Қазақстанның ресми тілі
- Ақпараттық технология тілі
- Халықаралық қарым-қатынас тілі
- Заман талабы

Белгілі қызмет атқару үшін, жеке тұлға ретінде қалыптасу үшін әр азамат мемлекеттік тілді білу қажеттілігі келесі факторларды туындатады. Негізгі факторлар:

- * Мемлекеттік тілге басымдық бере отырып, ұлтты жойылып кетуден сақтап қалу.
Жолдары:
 - * Медицина, техника, дипломатиялық қарым-қатынас, экономика саласы терминдерінің мемлекеттік тілдегі қолданысын дамыту;
 - * Қазақстанның әрбір тұрғынын мемлекеттік тілде сөйлеуге ынталандыру;
 - * Мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелерін жетілдіру;
 - * Мемлекеттік тілді алдымен қазақтарға үйрету, сан жағынан көп болғанмен де олар тілді тек тұрмыстық деңгейде ғана меңгерген;
 - * Жұмысқа тұру кезінде мемлекеттік тілге қолдау көрсету;

Үш тұғырлы білім алудың үшінші тірегі ағылшын тілін білу қажеттілігі заман талабынан туындап отыр. Қазақстан экономикасын дамыту үшін ағылшын тілін білу қажеттілігін бағалаудың негізгі міндеттері мынадай:

- Ғаламдық ақпараттар мен инновацияға ілесу алу;
- Әлемдегі ең үздік жоғары оқу орнында білім алу;
- Әлемдік бизнеспен айналыса алу;
- Шетелде еңбек ете алу;
- Жоғары табыс көзіне ие болу.

Тілді жетік меңгеру арқылы көздеген мақсатқа жетудегі үш тұғырлы саясаттың артықшылығы келесідей бағаланады. Бұл аталған саясат дұрыс іске асқанда:

- * Білікті, күзінетті маман қалыптасады;
- * Маман арқылы Қазақстанның экономикасы дамиды;
- * Ағылшын тілін жетік білетін маман арқылы

Қазақстанның

кәсіби мамандары қалыптасады.

Қорыта келе ғалам болып жатқан өзгерістерге байланысты бүгін болмаса да, ертең үш тілді жетік меңгеру талабы туындап отыр. Осы орайда, маман ретінде, қоғамның күзінетті білікті тұлғасына айналу үшін Қазақстан Республикасындағы үш тұғырлы тіл саясатын қолдау - әр азаматтың парызы. Өйткені, аталған саясатты дұрыс жүзеге асыра білу – әр тұлғаның шығармашылық дамуына, жоғары табыс табуына жасалып жатқан жағымды жағдай. «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Бұл - өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиісті міндет. Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді іс-шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Сол арқылы мемлекеттік тілді ең бірінші орынға қойып, дамыта береміз» [1] дейді Қазақстан халқына жолдауында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
2. Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2015 жыл)
3. Қазақстан Республикасындағы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗУДЫ ДАМУДА ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ГЛОССАРИЙДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әбсадық Аружан Нұрғазықызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «7М01704 – Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.

Ғылыми жетекшісі: Кортабаева Г. К. ф.ғ.к., Түркітану және тіл теориясы кафедрасының доценті

Аңдатпа. Бұл мақалада академиялық жазуды дамытуда терминологиялық глоссарийді қолданудың теориялық негіздері қарастырылады. Терминологиялық глоссарийдің ғылыми мәтіндегі рөлі, студенттердің ғылыми тілдік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы талданады. Мақалада терминтану, когнитивтік лингвистика және дискурс теориясы тұрғысынан глоссарийдің қызметі мен оның академиялық жазуда қолданылуы зерттеледі.

Түйінді сөздер: академиялық жазу, терминологиялық глоссарий, ғылыми дискурс, терминология.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические основы использования терминологического глоссария в развитии академического письма. Анализируется роль глоссария в формировании научной языковой компетенции студентов и в обеспечении точности и системности научного дискурса. Рассматриваются подходы терминоведения, когнитивной лингвистики и теории дискурса к применению глоссария в академическом письме.

Ключевые слова: академическое письмо, терминологический глоссарий, научный дискурс, терминология.

Abstract. The article examines the theoretical foundations of using a terminological glossary in the development of academic writing. It analyzes the glossary's role in enhancing students' scientific language competence and ensuring precision and consistency in scientific discourse. The study considers terminology studies, cognitive linguistics, and discourse theory approaches to glossary application in academic writing.

Keywords: academic writing, terminological glossary, scientific discourse, terminology.

Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – студенттердің академиялық және ғылыми коммуникация дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл тұрғыда академиялық жазу кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Академиялық жазу арқылы студент тек білімін көрсетіп қана қоймай, ғылыми ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде баяндау қабілетін қалыптастырады. Сондықтан академиялық жазуды меңгеру заманауи білім беру кеңістігінде ерекше маңызға ие.

Ғылыми мәтіннің сапасы тек тілдік нормалардың сақталуымен ғана емес, сонымен қатар ұғымдық нақтылықпен, логикалық тұтастықпен және терминологиялық бірізділікпен айқындалады. Терминдер ғылыми дискурстың негізгі құрылымдық элементі болып табылады, өйткені олар ғылыми білімді дәл әрі ықшам түрде жеткізуді қамтамасыз етеді. Осыған байланысты академиялық жазуды дамытуда терминологиялық глоссарийді қолдану маңызды теориялық және практикалық мәселе ретінде алға шығады.

Академиялық дискурс ғылыми білімді өндірудің, жүйелеудің және таратудың негізгі формасы ретінде арнайы тілдік құралдарды талап етеді. Бұл құралдардың ішінде терминдер жетекші орын алады. Алайда студенттердің көпшілігі ғылыми мәтін жазу барысында терминдерді дәл қолдануда қиындықтарға тап болады. Олар терминдердің

семантикалық шекарасын толық түсінбей, контекстке сәйкес келмейтін қолданыстарға жол береді немесе бір ұғымды әртүрлі терминдермен атау арқылы мәтіннің тұтастығын бұзады. Мұндай қиындықтар академиялық жазудың сапасына тікелей әсер етеді.

Осы мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі – терминологиялық глоссарийді оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу. Терминологиялық глоссарий студенттердің ғылыми ұғымдарды терең меңгеруіне, терминдерді саналы түрде қолдануына және академиялық дискурстың талаптарына бейімделуіне мүмкіндік береді. Осы мақалада академиялық жазуды дамытуда терминологиялық глоссарийді қолданудың теориялық негіздері лингвистика, терминтану, когнитивтік лингвистика және дискурс теориясы тұрғысынан жан-жақты қарастырылады.

Академиялық жазу ұғымы және оның лингвистикалық ерекшеліктері. Академиялық жазу – ғылыми қауымдастықта қалыптасқан нормалар мен ережелерге сәйкес құрылатын жазбаша дискурс түрі. Ол зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде баяндауға, дәлелдер келтіруге, ғылыми ойды логикалық тұрғыдан негіздеуге бағытталған. Академиялық жазудың басты ерекшелігі – оның объективтілігі, нақтылығы және формалдылығы, сондай-ақ автордың жеке пікірін ғылыми деректер мен дәлелдер арқылы қолдау қажеттілігі.

Академиялық мәтіндерде авторлық субъективті пікірден гөрі ғылыми деректер мен дәйектерге сүйену басым болады. Сонымен қатар мұндай мәтіндерде аргументация, себеп-салдарлық байланыстар, салыстырмалы талдау, гипотезаларды тексеру және логикалық қорытындылар маңызды рөл атқарады. Бұл ерекшеліктер академиялық жазуды күнделікті немесе көркем жазудан айқын ажыратады, сондай-ақ ғылыми ойды нақты және дәл жеткізуге жағдай жасайды.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, академиялық жазу күрделі синтаксистік құрылымдармен, номинативті бірліктердің басымдығымен және арнайы терминологиялық лексиканың кең қолданылуымен сипатталады. Ғылыми мәтіндерде етістіктерге қарағанда зат есімдер мен абстрактілі ұғымдарды білдіретін сөздер жиі қолданылады. Бұл ғылыми ойды жинақтап, жалпылауға мүмкіндік береді, сондай-ақ мәтіннің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Терминдер академиялық мәтіннің семантикалық өзегін құрай отырып, ғылыми білімнің концептуалдық құрылымын бейнелейді. Әрбір ғылым саласы өзіндік терминологиялық жүйеге ие, ал сол жүйені меңгеру академиялық жазуды игерудің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Терминдерді дұрыс қолдану ғылыми дәлдікті қамтамасыз етіп қана қоймай, мәтіннің логикалық байланысын нығайтады, ұғымдардың жүйелілігін көрсетеді және ғылыми қауымдастықта қабылданған стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ академиялық жазуды дамыту тек тілдік дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, ғылыми ұғымдар жүйесін саналы түрде меңгеруді де қамтиды. Студенттер терминдерді, ұғымдарды және теориялық модельдерді жүйелі түрде игеру арқылы ғылыми мәтінді өздігінен талдап, критикалық тұрғыдан бағалай алады. Бұл қабілет ғылыми зерттеу жүргізу, ғылыми мақалалар жазу және академиялық дискурста толыққанды қатысу үшін негізгі шарт болып табылады.

Сонымен қатар академиялық жазуда мәтіннің құрылымдық аспектілері де маңызды рөл атқарады. Кіріспе, әдістемелік бөлім, нәтижелерді баяндау және қорытынды бөлім сияқты құрылымдық элементтер ғылыми ойды жүйелі жеткізуге мүмкіндік береді. Әр бөлімде терминологиялық бірізділік сақталуы қажет, бұл оқырманға мәтінді оңай түсінуге және зерттеу нәтижелерін салыстыруға көмектеседі.

Осы тұрғыдан алғанда, академиялық жазу – бұл тек тілдік дағдыны дамыту ғана емес, сонымен қатар ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыру үдерісі. Терминологиялық сауаттылық, логикалық ойлау және дискурстық стандарттарды сақтау – академиялық

жазудың негізгі критерийлері болып табылады, ал осы дағдылар студенттердің кәсіби және ғылыми құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Терминологиялық глоссарийдің мәні мен қызметі. Терминологиялық глоссарий – белгілі бір ғылым саласына немесе оқу пәніне тән негізгі терминдер мен ұғымдардың анықтамаларын, түсіндірмелерін және кей жағдайларда олардың қолданыс ерекшеліктерін қамтитын жүйеленген лексикографиялық құрал болып табылады. Ол ғылыми терминдерді стандарттауға, біріздендіруге және ғылыми коммуникация барысында дұрыс түсінілуін қамтамасыз етуге бағытталған. Терминологиялық глоссарий ғылыми ұғымдардың мазмұнын дәл айқындау арқылы ғылыми мәтіндегі мағыналық екіұштылықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Глоссарийдің басты ерекшелігі – оның жүйелілігі мен құрылымдық ұйымдастырылуы. Терминдер кездейсоқ іріктелмей, белгілі бір логикалық, семантикалық және ұғымдық байланыстар негізінде ұсынылады. Мұндай жүйелілік студенттердің ғылыми ұғымдарды жеке-жеке емес, өзара байланысты тұтас жүйе ретінде қабылдауына жағдай жасайды. Нәтижесінде студенттер ғылыми білімнің ішкі құрылымын жақсы түсініп, терминдерді мәтін ішінде орынды әрі саналы қолдануға дағдыланады.

Терминологиялық глоссарийдің негізгі қызметтерін бірнеше өзара байланысты топқа бөлуге болады.

Біріншіден, танымдық қызметі ғылыми ұғымдардың мәнін ашуға және олардың мазмұнын нақтылауға бағытталған. Терминдердің анықтамалары арқылы студенттер күрделі ғылыми түсініктерді жеңіл қабылдап, олардың мағыналық шекарасын айқындайды.

Екіншіден, реттеуші қызметі ғылыми мәтіндерде терминдерді бірізді және стандартталған түрде қолдануды қамтамасыз етеді. Бұл академиялық жазуда ұғымдардың әртүрлі атаулармен алмастырылып кетуін болдырмай, мәтіннің ғылыми нақтылығын арттырады.

Үшіншіден, дискурсивтік қызметі ғылыми мәтіннің логикалық тұтастығы мен семантикалық байланысын күшейтеді. Терминдер мәтіндегі негізгі ұғымдық тірек қызметін атқарып, ғылыми ойдың жүйелі әрі дәйекті берілуіне ықпал етеді.

Төртіншіден, оқыту қызметі студенттердің ғылыми тілдік және академиялық құзыреттілігін қалыптастырумен тікелей байланысты. Глоссариймен жүйелі жұмыс жасау арқылы студенттер ғылыми мәтіндерді түсініп оқуға, өз ойын ғылыми стильде жеткізуге және академиялық дискурс талаптарына сай жазуға үйренеді.

Аталған қызметтердің жүзеге асуы нәтижесінде терминологиялық глоссарий ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде тек анықтамалық құрал ғана емес, сонымен қатар когнитивтік және дидактикалық құрал ретінде де қызмет атқарады. Ол студенттердің ғылыми ойлауын дамытуға, ұғымдарды құрылымдауға және академиялық жазу мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін маңызды әдістемелік ресурс болып табылады.

Терминологиялық глоссарийдің теориялық негіздері. Терминологиялық глоссарийді қолданудың теориялық негіздері бірнеше өзара байланысты ғылыми бағыттың тоғысында қалыптасады. Бұл бағыттардың әрқайсысы глоссарийдің академиялық жазудағы қызметін әр қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, терминтану теориясы терминдердің жүйелік сипатын ашса, когнитивтік лингвистика ғылыми ұғымдардың санада қалай қалыптасатынын айқындайды, ал дискурс теориясы терминдердің ғылыми коммуникациядағы әлеуметтік-мәдени қызметін түсіндіреді. Осы ғылыми бағыттардың өзара ықпалдастығы терминологиялық глоссарийді академиялық жазуды дамытудағы кешенді құрал ретінде қарастыруға негіз болады.

Терминтану теориясы. Терминтану ғылымы терминдердің табиғатын, құрылымын, семантикасын және қызметін зерттейтін дербес лингвистикалық сала болып табылады. Термин – белгілі бір ғылым саласындағы нақты ұғымды білдіретін арнайы лексикалық бірлік. Терминдердің басты қасиеттеріне бірмағыналылық, дәлдік, жүйелілік және

ғылыми стильге сәйкестік жатады. Бұл қасиеттер терминдерді жалпы лексикадан айырып, олардың ғылыми коммуникациядағы ерекше орнын айқындайды.

Терминтану тұрғысынан алғанда, терминологиялық глоссарий ғылыми ұғымдарды жүйелеудің тиімді құралы болып табылады. Глоссарий терминдердің мазмұнын ашып қана қоймай, олардың өзара иерархиялық және логикалық байланыстарын да көрсетеді. Мұндай жүйелеу ғылыми білімнің құрылымын айқын бейнелеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде студенттер ғылыми ұғымдарды ретсіз ақпарат жиынтығы ретінде емес, құрылымданған тұтас жүйе ретінде қабылдайды.

Сонымен қатар глоссарий терминдерді стандарттауға ықпал етеді. Бір ұғымның әртүрлі атаулармен қолданылуын шектей отырып, ғылыми мәтіндегі терминологиялық бірізділікті қамтамасыз етеді. Бұл академиялық жазуда терминдерді дәл әрі орынды қолданудың теориялық негізін қалыптастырып, ғылыми мәтіннің сапасын арттырады.

Когнитивтік лингвистика. Когнитивтік лингвистика тіл мен ойлау арасындағы өзара байланысты зерттейтін бағыт ретінде ғылыми ұғымдардың санада қалай қалыптасатынын түсіндіруге мүмкіндік береді. Академиялық жазуда терминдер тек тілдік бірлік қана емес, сонымен қатар белгілі бір ғылыми концептінің когнитивтік көрінісі ретінде қызмет етеді. Әрбір термин белгілі бір ұғымды бейнелеп, сол ұғымның менталдық моделін қалыптастырады.

Осы тұрғыдан алғанда, терминологиялық глоссарий студенттердің ғылыми ұғымдарды когнитивтік деңгейде меңгеруіне айтарлықтай ықпал етеді. Терминдердің анықтамалары, түсіндірмелері және контекстік қолданыстары арқылы студент ғылыми концептінің мазмұнын терең түсініп, оны бұрынғы біліммен байланыстыра алады. Бұл үдеріс ғылыми ойлаудың дамуына және ұғымдық аппараттың қалыптасуына негіз болады.

Сонымен қатар глоссарий когнитивтік жүктемені азайтады. Студент терминнің мағынасын үнемі сыртқы дереккөзден іздемей, жүйеленген глоссарий арқылы меңгереді. Бұл күрделі ғылыми мәтіндерді түсіну мен өз бетінше академиялық мәтін құрастыру үдерісін жеңілдетіп, жазу барысында сенімділік қалыптастырады.

Дискурс теориясы. Дискурс теориясы тілдік бірліктердің әлеуметтік, мәдени және коммуникативтік контексте қолданылуын зерттейді. Академиялық дискурс белгілі бір ғылыми қауымдастықтың нормаларына, құндылықтарына және дәстүрлеріне негізделген институционалдық дискурс түрі болып табылады. Бұл дискурста терминдер ғылыми ойды білдірудің негізгі құралдарының бірі ретінде қызмет етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, терминологиялық глоссарий студенттердің академиялық дискурста енуін қамтамасыз ететін маңызды құрал ретінде қарастырылады. Глоссарий арқылы студенттер ғылыми қауымдастықта қабылданған терминологиялық нормалармен танысып, ғылыми тілдің ерекшеліктерін меңгереді. Бұл оларды ғылыми коммуникацияның толыққанды қатысушысы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге глоссарий ғылыми мәтін құрастырудың мәдени үлгілерін меңгеруге ықпал етеді. Терминдерді орынды қолдану арқылы студент академиялық дискурстың талаптарына сай жазуға дағдыланып, ғылыми стиль нормаларын сақтауды үйренеді. Нәтижесінде терминологиялық глоссарий академиялық жазудың дискурсивтік сапасын арттырып, ғылыми мәтіннің мазмұндық және құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді.

Академиялық жазуды дамытудағы глоссарийдің рөлі. Академиялық жазуды дамытуда терминологиялық глоссарий бірнеше маңызды міндетті атқарады. Ең алдымен, ол терминологиялық дәлдікті қамтамасыз етеді. Студенттер ғылыми мәтіндерде терминдерді кездейсоқ немесе интуитивті түрде емес, олардың нақты мағынасы мен қолданылу аясын ескере отырып пайдалануды үйренеді. Терминологиялық глоссарий арқылы терминдердің анықтамалары мен шектеулері айқындалып, бір ұғымды әртүрлі атаулармен алмастыру сияқты қателіктердің алдын алу мүмкіндігі артады. Бұл ғылыми мәтіннің дәлдігін күшейтіп, академиялық стиль талаптарының сақталуына ықпал етеді.

Сонымен қатар терминологиялық глоссарий академиялық мәтіннің құрылымдық бірізділігін арттыруда маңызды қызмет атқарады. Ғылыми мәтіндегі терминдер негізгі ұғымдық тірек ретінде қызмет етіп, мәтіннің семантикалық өзегін қалыптастырады. Терминдердің жүйелі әрі бірізді қолданылуы ғылыми ойдың логикалық дамуын қамтамасыз етіп, мәтіннің ішкі байланысын күшейтеді. Нәтижесінде студенттер өз ойларын ретімен жеткізіп, аргументацияны нақты әрі дәйекті түрде құрастыруға дағдыланады.

Терминологиялық глоссарий академиялық интерференцияны азайтуда да ерекше рөл атқарады. Әсіресе екі немесе бірнеше тілде білім алатын студенттер үшін әртүрлі тілдердегі терминдердің мағыналық сәйкестігін анықтау маңызды мәселе болып табылады. Глоссарийде терминдердің нақты эквиваленттерінің берілуі көптілді ортада жиі кездесетін семантикалық ауытқулар мен калька тәсілімен аудару қателіктерінің алдын алады. Бұл көптілді академиялық дискурста ғылыми мәтіннің сапасын арттырып, терминдерді халықаралық ғылыми стандарттарға сай қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге терминологиялық глоссарий студенттердің академиялық дербестігін қалыптастыруға ықпал етеді. Терминдермен жүйелі жұмыс жасау студенттерді ғылыми мәтінді өздігінен талдауға, негізгі ұғымдарды бөліп көрсетуге және ғылыми ақпаратты өңдеуге үйретеді. Бұл өз кезегінде ғылыми зерттеу жүргізу қабілетінің дамуына және академиялық жазудағы сенімділіктің артуына негіз болады.

Осылайша, терминологиялық глоссарий академиялық жазуды дамытуда тек қосымша анықтамалық құрал ғана емес, ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыратын, мәтіннің сапасын арттыратын және студенттердің академиялық құзыреттілігін кешенді түрде дамытатын маңызды теориялық және әдістемелік ресурс ретінде қарастырылады.

Қорытынды. Академиялық жазуды дамытуда терминологиялық глоссарийді қолдану – ғылыми тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық тұрғыдан негізделген және тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Терминологиялық глоссарий академиялық дискурстың когнитивтік, лингвистикалық және мәдени қырларын тоғыстыра отырып, студенттердің ғылыми мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Ол студенттерге ғылыми ұғымдарды дұрыс түсінуге, оларды өз ойында жүйелеуге және мәтін ішінде дәл қолдануға жағдай жасайды.

Жүргізілген теориялық талдау глоссарийдің терминтану, когнитивтік лингвистика және дискурс теориясының тоғысында орналасқан кешенді құрал екенін көрсетеді. Терминтану тұрғысынан глоссарий студенттерге ғылыми ұғымдардың бірмағыналылығын, жүйелілігін және логикалық байланысын түсінуге көмектеседі. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан ол ғылыми концептіні менталдық модель ретінде қабылдауға, ұғымдар арасындағы байланыстарды саналы түрде меңгеруге ықпал етеді. Дискурс теориясы арқылы глоссарий студенттерді академиялық дискурс нормаларымен, ғылыми қауымдастықтың қабылдаған тілдік тәжірибесімен таныстырады және олардың мәтін құрастырудағы мәдени және коммуникативтік құзыреттілігін арттырады.

Терминологиялық глоссарийдің академиялық жазудағы тағы бір маңызды рөлі – студенттердің ғылыми мәтіннің құрылымдық және семантикалық тұтастығын сақтай отырып, аргументтеу және қорытынды жасау дағдыларын жетілдіруі. Студенттер глоссарий арқылы терминдерді дұрыс қолдануды үйреніп қана қоймай, ғылыми ойды логикалық тізбектілікпен жеткізуге, мәтіннің негізгі ұғымдық желісін сақтауға, академиялық интерференцияны азайтуға және көптілді контекстте сауатты жазуға мүмкіндік алады.

Сондай-ақ терминологиялық глоссарий студенттердің зерттеу және жазу дағдыларын дамытудағы когнитивтік қолдаушы құрал ретінде қызмет етеді. Ол ғылыми ақпаратты талдауға, салыстыруға, жүйелеуге және синтездеуге жағдай жасап, студенттің ғылыми ойлау қабілетін қалыптастырады. Осы арқылы студенттер тек тілдік құзыреттілікті емес,

сонымен бірге ғылыми зерттеу жүргізу және академиялық дискурста толыққанды қатысу қабілетін де дамытады.

Сондықтан терминологиялық глоссарийді академиялық жазуды оқыту үдерісінде қолдану қазіргі гуманитарлық ғылымдағы өзекті, перспективалы және тиімді бағыттардың бірі болып қала береді. Оның жүйелі түрде енгізілуі студенттердің академиялық және ғылыми мәдениетін арттырып, ғылыми мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге, терминологиялық дәлдікке қол жеткізуге және ғылыми коммуникацияның сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, - 1966, -320 б.
2. Лейчик В. М. Терминоведение: предмет, методы, структура. – М.: ЛКИ, -2007, -288 б.
3. Swales J. Genre Analysis: English in Academic and Research Settings. – Cambridge: Cambridge University Press, -1990, -208 p.
4. Hyland K. Academic Discourse: English in a Global Context. – London: Continuum, -2009, - 256 p.
5. Halliday M. A. K. Language and Knowledge: The Linguistic Construction of Reality. – London: Continuum, -2003, -272 p.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР БОЙЫНДАҒЫ БАҒАЛАУ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

К.С.Сарышова

ф.ғ.к., Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ қауымдастырылған профессоры.

Аңдатпа. Мәтін ішінде бағалау категориясын білдірудің негізгі тілдік құралдарының бірі фразеологизмдер екені белгілі. Мақалада ойды айшықты бейнелеудің басты құралы болып саналатын фразеологизмдердің бойындағы бағалау категориясы жайында сөз болады. Олардың тақырыптық түрлері ажыратылып, көркем шығармадан мысалдар келтіріле отырып дәлелденеді.

Аннотация. Известно, что фразеологические единицы являются одним из основных языковых средств выражения категории оценки в тексте. В статье рассматривается оценочная категория фразеологизмов, которые считаются основными средствами выражения мыслей. Выделяются их тематические типы и обосновываются примерами из литературных произведений.

Abstract. It is known that phraseological units are one of the main linguistic means of expressing the category of evaluation in a text. This article examines the evaluative category of phraseological units, which are considered the primary means of expressing thoughts. Their thematic types are identified and substantiated with examples from literary works.

Фразеологиялық мағынаның маңызды параметрі бағалау болып табылады, өйткені фразеологиялық бірліктердің едәуір бөлігі адамның мінез-құлқына, интеллектуалды қабілеттеріне, адамгершілік қасиеттеріне және т.б. қатысты бағалау мәлімдемелері болып табылады. Бағалау – тілдік қарым-қатынаста өмір сүретін, қолдану аясы кең ерекше лингвистикалық категория. Бұндай бағалаудың негізі – қоғамдағы қалыптасқан стандарттар және адамдар енгізген нормалар. Фразеологизмдердің бойынан табылатын баға мен бағалаушылық категориясы көбіне сол тілде сөйлейтін халықтың ежелгі ұғымдарымен сәйкес болып келеді.

Фразеологиялық мәннің бағалау компоненті денотативті мазмұнда көрсетілген объектінің құндылығы туралы хабар беретінін білеміз. Фразеологиялық бірліктердің қалыптасуы кейбір өмірдегі стереотиптік жағдайларға негізделеді. Бағалау сөйлеу тақырыбына белгілі бір қатынастың көрінісі ретінде коннотативті компонент ретінде қарастырылады. Бағалау мәні туралы тағы бір көзқарастар оны денотативті компонентпен байланыстырады және бағалауды модальділіктің көрінісі ретінде қарастырады. В.Телияның пікірінше, фразеологиялық бірліктердің эмоционалдылығы мен бағалаушылығы туралы түсініктер екі түрде қарастырылуы тиіс. Себебі, бағалау адамның пікірі ретінде көрсетіледі («жақсы-жаман», «нормадан көп/аз»). Ал эмоционалдылық «мақұлдау не мақұлдамау» диапазонында жұмыс істейді: «жақсы көру/жек көру, менсінбеу, қорлау және т.б.».

Адамға өзінің ішкі тұжырымдарын сыртқа шығаруға, оны тыңдаушыға жеткізуге, сөзге сан түрлі реңк қосуға тілдегі фразеологиялық бірліктер көмектесе алады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер тақырыбының ауқымдылығы, бояу берер реңкінің қанықтығы, қолданыс аясының кеңдігі арқылы қазақ тілін қолданушы кез келген жағдаятқа, сөзге пікір білдіруге, эмоциясын шығаруға, ішкі бағасын беруге мүмкіндік алады. Ғалымдардың тұжырымдары бойынша, бағалаудың оң түріне қарағанда нашар (жаман) бағалау жиі кездеседі. Оның себебі, жоғарыда айтып өткендей, адамның психикасы жақсы не оң нәрсені шартты, болу керек нәрсе ретінде қабылдап, оған мән бермейді де, бар назарды нашар нәрсеге аударып, белсенді түрде талқылауға әрдайым дайын тұрады.

Пікір теріс ақпаратты білдіру нысаны ретінде мынадай айрықша белгілерді қамтиды:

- 1) біреуге/бір нәрсеге субъективті (жеке) көзқарас;
- 2) жеткілікті негіздемесіз ұсынылатын ой;
- 3) объективті шындықты емес, сөйлеушінің бойында бар шындықтың бейнесі;
- 4) пікірді жеткізушіге (субъектіге) тілдік нұсқау (менің ойымша, мен ойлаймын және т.б.).

Фразеологизмдер арқылы субъект өз ойын, объектіге деген бағасын жеткілікті деңгейде бейнелей алады. Фразеологизмдердің бойындағы бағалаушылық категория объектінің қай қасиетін бағалайтынымызға байланысты болып түрленеді: объектінің мінез-құлқын бағалау мақсатында; субъектінің объектінің тарапына пайда болған эмоциясын бейнелеу мақсатында; объектінің портретін, сыртқы келбетін немесе жасап жатқан іс-әрекеттерін бағалау мақсатында; болып жатқан жағдайға субъектінің жеке көзқарасын бейнелеу үшін және т.б. Осы тұрғыда фразеологизмдердің жағдайды білдірмейтінін, тек бейнелеумен шектелетінін айтып өткен жөн. Қазақ тілінде сөйлеушінің жоғары бағасын да, төмен бағасын да бейнелей алатын тұрақты сөз қатарлары жетерлік.

Осы тарапта зерттеуші ғалым А.Кунин фразеологизмдегі объективті және субъективті бағалауды ажыратуды ұсынады [1, 160 б.]. Объективті бағалау белгілі бір құбылысқа тілдік анықтама беруде, оған қатысты пікір білдіру мен жалпы бағалау процесінде пайдаланылады. Ғалымның пікірінше, субъективті бағалау үшін маңызды фактор – объективті көзқарас, сондықтан «бағалау әлеуметтік және жеке тұлғаны диалектикалық түрде біріктіреді».

Ал А.Жуков фразеологизмдердің қозғалмалы, өзгермелі қасиеттерін атап өтеді, олардың бойындағы бағалаушылықтың жылжымалы, өзгермелі қабілетін көрсетеді. Ғалым бұл құбылысты «бағалау эврисемиясы» деп атаған болатын [2, 54 б.].

Фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктерінің бірі – олар адам бойындағы, мінез-құлқындағы оппозициялық нышандарды бейнелеуге көмек береді. Адамның бойындағы жағымды не жағымсыз қасиеттерді бейнелейтін тіркестер тобынан бөлек оппозициялық топ құрауға жарамсыз, яғни бейтарап фразеологизмдер тобы да бар. Олардың қандай мағына беріп тұрғанын контекске байланысты мағыналық жағынан сәйкестендіруге болады.

Адамның жүріс-тұрысы, сөйлеуі, өз ойын білдіруіне жауап беретін ашық не, керісінше, тұйық мінез бар. Тілімізде ашық мінезді адамды *аузының ебі бар, жанып тұрған от, жүзі ашық, жарқын жүзді* сияқты бағалауыштық мәндегі тіркестер арқылы көрсетуге болады.

Мәтіндерге жүгініп, фразеологизмдердің бойындағы бағалауыштық компоненттерді қарастырып көрейік. Бейімбет Майлиннің «Сары ала тон» әңгімесінде пысық әрі жағымпаз мінезді Қожанның іс-әрекеті фразеологизмдердің бағалауыштық функциясы арқылы дәл бейнеленген. Үзіндіге көз жүгіртейік: «– Ой дариға-ай, елдің көркі мал екен ғой! Жаңағы Әлімбайдың аулы, баяғы толықсып тұрған кезінде жұмақ сықылданып көрінуші еді, енді мал кеткен соң қыңырланып, ыпындары кетіп-ақ қалыпты, – деп қырдан құлап келе жатқан салт аттының оң жақ шеткісі, қырықпа сақалды қара кісі басын шайқай түсіп күрсінді.

Бұл – Қожан дейтін еді. *Аузының ебі бар* пысық, ат арқасына мінгелі байдың қосына еріп, *шашпауын көтеріп үйренген* кісіңіз». Байқасақ, Қожан бұл сөйлемдерде ашық мінезді деп көрсетілгенмен, субъект (автор) оның бұл қасиетін жағымсыз реңкпен сипаттап, оған қоса байдың *шашпауын көтеретін*», асты-үстіне түсетін кісі ретінде оқырманға танытады.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында да Тобықтының белгілі үлкендерінің бірі Қаратай ашық мінезді, сөзге шешен кісі ретінде бейнеленген: «Абайдың бала күнінен сезетін бір жайы: мұндай кісілермен, әсіресе, дәл осы төрт-бес кісімен бас қосу ел ішінде басталатын бір үлкен істің, оқшау істің белгісі болатын. Оларды әкесі ежелгі дағдысы бойынша әдейі шақыртып алған сияқты.

... Абай келіп отырысымен анау үлкендер бұдан: қала жайын, оқу жайын, саушылығын сұрастырды. Өзге үлкендер ішінде Абайға, әсіресе, көңіл бөлген сөзуар, *жарқын жүзді* Қаратай. Ол Абайды көре отырып, Құнанбайдың өзге жас балаларын да еске алды».

Ашық мінезге қарсы мәндес тұйық мінез тілімізде *қойдан қоңыр, қой аузынан шөп алмас, ій болу*, сонымен қоса Абайдың өлеңінде қолданылған *оказионал қойдан қоңыр, жылқыдан торы* фразеологизмдері арқылы беріледі.

«– Зия, – деді бір кезде Бәтима кенеттен, көптен көкейінде жүрген сұрағы есіне жаңа түсіп, – осы сен күйеуіңнен неге айырылыстың? Қанша сұрасам да хаттарыңнан ештеңе біле алмадым. Анығын айтшы?»

Зияның жүзіндегі күлкі лезде тарады да, бет пішіні ойлы, қамырықты қалыпқа ауысты.

– Мінезіміз үйлеспеді, – деді көзін бір нүктеден алмаған күйі. – Келісе алмадық.

– Тағы соныңды айтасың. Түсінбедім сені. Естуімше, ол соншама атақты адам болса да, *жібектей есілген биязы*, үлкенді аға, кішіні іні деп тұратын мейірбан жан көрінеді. Білетіндердің бәрі солай дейді. Ал сен тіпті бала кезіңнің өзінде аса ұстамды едің. Тұрмыстарың да жаман болған жоқ. Сонда неменеге келісе алмадыңдар?

– Өзгергеніміз ғой, – деді аздан соң жәбірленген кейіппен. – Сыр жасырушы ма едік бұрын... Бірақ менің анық білетінім – сен оны әлі ұмытқан жоқсың. Ұмыта алмайсың...

– Кімді? – Зия селт етіп Бәтиманың аузына қарады.

– Кімді болушы еді, Арыстанды-дағы. Сол кісіні жамандаған бір адам көргем жоқ. Өзі де *құдай берген жігіт* қой, *жұлдызы жанып-ақ тұр*. Бұл – бастағаны ғана, әлі жас, отыздың ішіне жаңа енді. Доктор... профессор! Не керек, Зия, бақытыңды басқа тептің.

– Бақытымды... – Зия ауыр күрсініп алды. – Бақытымды басқа тептім ғой шынында да.

– Құдай маңдайыңа жазған қосағың емес пе еді Арыстан!

– Күлмейтін, үнемі бір қалыпта, тұңғыық, *селт етпеген* күйінде тұратын да қоятын» (М.Мағауин).

Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» романында «Керуеншілер мәз-мейрам боп күліп жатыр. Бейсеннің өзі де ыржың-ыржың етеді. Бұрынғы Бейсен емес, *ій болып қалған*. Кімге топырақ шашсын. Жиналыста тірідей іресе, осындайда шынға бергісіз. Айналып келгенде соғатындары бір қырсық...».

Адамның шыдамдылық деңгейіне байланысты да оппозициялық мағынадағы тіркестер де баршылық. *Ішкен асы бойына батпау, дегбірі қалмау, әбігер шегу, әбігерге түсу, сабыры мойымау, шыдам жанын жалықтыру, тағат таппау, жүрегі май ішкендей кілкілдеу* сияқты тіркестер шыдамсыздыққа сипаттама берсе, *сабыр таяғына таяну, төзім табу, шыдам ету, ақпан соқса да өлмейтін, тоқпан соқса да өлмейтін* тіркестері адамның аса сабырлылығын бағалайтын тіркестер құрамына кіреді.

Адамның дене бітіміне қатысты өлшемін бағалау мақсатында қолданыста жүрген тұрақты тіркестеріміз бар. *Қу сүйегі қалу, арса-арсасы шыққан, жілік майы таусылуға келген, қу сүйек* тіркестерінен арық адамның бейнесін көрсек, *кеспеге қарасы жоқ, ет-жеңді адам, басы табақтай, қарны қабақтай, май басқан* тіркестерін естігенде денелі адам көз алдымызға елестейді.

Ғабит Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесінен үзінді:

«– Би маңдайда бір қара таңбам бар екенін білмей жүр екемін: қалыңдық сенікі емес, басқанікі деуші еді. Астымнан атымды алғанда алты-ақ жаста едім... Жеңсем жауды алам, жеңілсем жауда қалам, аттандым сәрсенбінің сәтіне! – дейді де, жүре береді Жалпақ балуан.

– Тоқта, батыр! – деп Бала би тоқтатыпты да, былай депті: «Баруын барасың, елін де шабарсың. Бірақ қатын боп қалған қалыңдықтың қызығына түсіп кетпей, жер қайысқан қалың жылқыға да көзіңді саларсың» – дейді.

– Сонымен сақадай сайланған қырық жігіт маңдайды батысқа қойып, төскейді үзеңгіге ала тартып жөнелдік, – дейді».

Жалпақ, *жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай*, сыртынан қарағанда күйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады; астында сар қасқа аты бар, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, киіктей орғып келеді. Бөкен жортқан ат өмірде үзеңгілесе алмайды». Бұнда Жалпақ батыр атына заты сай, ет-жеңді, сүйегі ірі адам ретінде бағаланып тұр.

Мұхтар Мағауиннің «Әйел махаббаты» әңгімесінен үзінді:

«– Құдай-ау, біз көріспегелі он шақты жылдан асып кетіпті ғой!

– Иә, Бәтимаш, ол кезде біз қыз едік. *Бес биенің сабасындай толық*, ет-жеңді келген қара торы әйел Бәтима өзінің бір кезде қыз болғанына шынымен таңырқағандай аңырып қалды да, диванда шалқайып жатқан күйінде, сағынып көріскен досы Зияны құшағына қыса түсті». Бұндағы «*бес биенің сабасындай*» фразеологизмінің бойындағы бағалаушылық функция арқылы Бәтима әйелдің денесінің пішініне эмоционалды баға беріп тұр.

Батыр, ешнәрседен қорықпайтын адамды *жүрек жұтқан, жүрегінде түгі бар, көзсіз батыр, көкірегінде оты бар* тіркестерімен бағалау орынды болса, көлеңкесінен қорқып жүретін қорқақ мінезді кісілер *қоян жүрек, қос үрей болу, жүрегі дауаламау, жүрегі дір ете қалу, жүрегі көтерілу, жүрегі күпті болу, жүрегі лұп ету, жүрегі су ету, жүрегі суып қала беру, жүрегі тас төбесіне шығу, жүрегі шайлығу, жүрегі қалмау* тіркестерімен бағаланады. Байқап қарасақ, қорқу немесе қаймықпау мінездері көбіне жүрек сөзі қатысқан тіркестермен айтылады. Себебі адамның басты органдарының бірі жүрек миға келген әр ақпаратқа байланысты физикалық реакция беріп, қоршаған ортаға өзіндік эмоциясын білдіріп отырады. Сәйкесінше бір оқиға орын алса, тыныштық таппау немесе сабыр сақтау реакциясы жүректің соғуымен есептеледі. Мысалмен дәлелдесек: «Қашан шақыру келеді» деп, ажал сағатын күткендей, *жүрегі күпті болып*, алақол, арамза билердің әмірін, кәрін күтті» (М.Әуезов).

Адамның физикалық қасиеттерінің бірі – іспен айналысу, жұмыс жасау. Жұмысқа құлшынысы мол адамдарды өзгелер де сүйсе, жалқау, жатыпшылар қоғам үшін пайдасыз адам болып қалыптасқан. Яғни, еңбек сүйгенді ел сүйсе, жалқаудан барлығы да жиренген. *Тұяқ серіппеу, жатып ішер жалқау болу, шөп басын сындырмау, тышуына еріну* тіркестері осындай еріншек адамдарға арналса, *бейнет көру, жердің жарығын бітеу, к...і жер иіскемеу, жауырыны жер иіскемеу, тыным таппау, тер төгу* сияқты фразеологизмдер еңбек үшін жанын беретін адамдарды бейнелейді. Ойымызды мәтін арқылы дәлелдейік. «Осыдан соң не қоқайынды көрсетсең де, көндім, – деп, ол үстел басында игі жақсылардың қатарында отырған Абдоллаға қарап сөйлеген. – *Жауырының жер иіскемеген* нар тұлғалы палуан едің. Қара күшіңе қарап, қазағымның қаймағы болар жігіті осындай-ақ болар деп сыртыңнан риза болып, жеті атаңнан бермен қарай ауыздары дуалы, есімдерін елі әлі күнге дейін қастерлеп келе жатқан *әділ билердің ұрпағы, текті тұқымның жалғасы* деп бағалаушы едім. Туған халқыңды құрбандыққа қиып отырған бүгінгі сөзіңе қарап, *сасық қоғадай жапырылған* түріңе қарап, сені қазағымның *сүт бетіне шығар қаймағы* емес, қазан түбіндегі қаспағы ма деп қалдым» (К.Сегізбаев).

Эрекетсіздік жайлы фразеологизмге шығармадан үзінді: «Көмекке Жасаған бергеннің отрядын жіберген екен, қас қарая бергенде келген олар, әлденеге бұлардан *іргесін аулақ салып*, ілгерірек барып, өз алдына оқшауланып тоқтады. Сыртқа бір адам шықпады. Ұзын эшелонның бар вагоны есігін тарс жауып алған. Дьяков өздері келіп хабарласар деген дәмемен біраз күтсе де, не командирі, не штаб начальнигі *тұяқ серіппей* тым-тырыс жатып алды. Дьяков бұл жігітпен бұрын-соңды кездеспеген-ді» (Ә.Нұрпейісов).

Адамға тән кейбір екіжақты қасиеттерді бейнелеу бейтарап мәнді фразеологизмдердің қызметіне енеді, яғни бұл сияқты фразеологизмдердің белгілі жағымды не жағымсыз бағалауыштық мағынасы болмайды.

1) аңқаулық (*бала мінез, мәми ауыз*); 2) жуастық, момындық (*қой аузынан шөп алмайды/қойдай жуас/қойдан қоңыр, жылқыдан торы/қой мінез; салпаң құлақ; тойған қозыдай*).

Абай Құнанбайұлының «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңінің аты да – бағалауыштық мағынасындағы тұрақты тіркес:

«Ішім өлген, сыртым сау.

Көрінгенге деймін-ау.

Бүгінгі дос – ертең жау,

Мен не қылдым, япырмау?!». Бұнда Абай өз жанының жай-күйінен, қажығанынан сыр шертеді.

Кезіндегі мықты айтыстың үлгісі болып жеткен Болман мен Тайжан айтысының соңындағы Тайжанның сөзінде де бағалауыштық мәндегі тіркес кездескен:

«Бәріміз атаң Найман баласымыз,

Ежелден халық едік *іргем берік.*

Осыған риза бол, інім, Болман,

Қайтармын Қожакене сәлем беріп».

«Іргесі берік» тұрақты тіркесі, Ісмет Кеңесбаевтің «Фразеологиялық сөздігінде» жазылғандай, босағасы мықты, белді деген мағынаны береді.

Бағалауыштық фразеологизмнің бір варианты ретінде Бейімбет Майлиннің кейпкері Шұғаға автордың берген сипаттамасын алсақ: «Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе, Шұға. Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы, *үріп ауызға салғандай* еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда. Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмейсің, ешкіге құсап шошандап жүргені. Заман бұзылған ғой... иә...». Бұл сөйлемдерде Шұғаға *«үріп ауызға салғандай»* фразеологизмі арқылы баға беріліп тұр және бұны рационалды бағалау деп

айта аламыз. Себебі мұнда автор Шұғаның болмысын сол замандағы қыздардың қоғамдағы стандартына сәйкес сипаттап, абсолютті бағаны беріп тұрғандай.

Бейтарап мәнге ие фразеологизмдердің тілде жағымды не жағымсыз мағынада жұмсалуды мәтіннің ішінде белгілі болады. Мысалы,

«Жазаң сенің – қойдан қоңыр мінезің,

Әлдекімге артық болдың бір өзің.

Өмірге сен өгей болып туғансың,

Туған күні-ақ жаспен бетті жуғансың» (С. Бегалин) деген өлең жолдарында *қойдан қоңыр мінез* теріс мәнде, адамға берілген жаза ретінде жұмсалған.

Олай болса, бағалау категориясының сөйлеу әрекетінің құрамдас бөлігі екенін айта отырып, оның рационалды баға деген түрінің субъектінің келесі адамға не затқа (объектіге) қоғамда қалыптасқан белгілі стандарттарға сүйене отырып берген көзқарасты білдіретінін, ал эмоционалды баға сөйлеушінің ішкі жай-күйіне қатысты болып, менсінбеу, жек көру, ұнатпау, кектену мағынасында қолданылатынын, ал рационалды-эмоционалды бағаның осы екеуінің қосындысы арқылы жасалатынын жадыда ұстаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кунин А. некоторые вопросы английской фразеологии – М.: ГИС, 1996. – С.145.
2. Жуков А. Категориальный синкретизм фразеологических единиц/ Филологические науки – М.: НДВШ, 1987. – С. 198.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 б.
4. Майлин Б. «Шұғаның белгісі». – Алматы, 2024. – 120 б.
5. Әуезов М. «Абай жолы». – Алматы, 2024. 4 том.
6. Мағауин М. «Әйел махаббаты». Электронды нұсқасы. <https://bilim-all.kz/article/12622-Aiel-mahabbaty>.

ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЛЕКСИКА ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ФОНЫ

Г.Ж.Баялиева

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Андатпа

Мақалада мәдени лексикаға қатысты ақын-жыраулар шығармасында кездесетін атаулар теріліп, тілдік талдаулар жасалды. Оларға диахрондық тұрғыдан морфо-семантикалық талдау жүргізіліп, этнолингвистикалық тұрғыдан түсіндірілді. Жыраулар поэзиясындағы мәдени лексиканың қолданысы әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет етеді..

Резюме

В статье собраны имена, связанные с культурной лексикой в произведениях поэтов-жырауов, и проведен лингвистический анализ. Они подвергнуты диахроническому морфосемантическому анализу и объяснены с этнолингвистической точки зрения. Использование культурной лексики в поэзии жырауов по-прежнему требует более глубокого изучения.

Abstract

This article collects names associated with cultural vocabulary in the works of zhyrau poets and conducts a linguistic analysis. They are subjected to a diachronic morphosemantic analysis and explained from an ethno-linguistic perspective. The use of cultural vocabulary in zhyrau poetry still requires further study.

Көшпенді мәдениеттің өкілі ақынжанды қазақ ұлтының мәдениетін оның тілі арқылы жаңғыртып, тану барысында байқалатын бір жай-тарихи кезеңдер мен өркениет түрлерінің көркем бейнеленген жүйесі. Осы арада қазақ өркениетінде ақын-жыраулар шұрайлы тілінің атқарар рөлі ерекше.

Ақын-жыраулардың шығуы, ерлік-жауынгерлік тақырыптағы жырлардың тууы-тарихи құбылыс. Олардың шығармашылығын қазақ тілі тарихынан, қазақ халқының тарихынан тыс қарай алмаймыз. Ғалымдардың ізденістерінің нәтижесінде бізге көне дәуірден келіп жеткен өлең-жырлардың нұсқалары мен ақын-жыраулардың пайда болуы қазақ халқының халық болып құрылуынан бұрын басталғанын көрсетеді.

XV-XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының тілін зерттеуші ғалым-мамандардың бірі Қ.Өмірәлиевтің көрсеткеніндей, ақын-жыраулар «біріншіден, қазақ XV-XVIII ғасырға дейінгі дәуірдегі қазір із-түссіз, беймәлім поэзия туралы түсінік-топшылаулар жасауға мүмкіндіктер береді, өте көне дәуірден қалған сөз үлгілеріне соңғы дәуір поэзиясы тұрғысынан кері жүріп өткелек құруға аралық дәнекер болады»-дейді[1,76].

Ақын-жыраулардың шығармаларының басты сарыны, негізгі арқауы-жалпыхалықтық мүддені білдіру, шамы-шарқы келгенінше халықтың бірігуіне, халық болып қалыптасуына қызмет ету. Мысалы, сондай мақсаттағы ақын-жыраудың көрнекті өкілі, тіпті басы Бұқар жырау туралы «Қазақ энциклопедиясында» былай делінген: «Бұқар қазақтың үш жүзінің басы қосылып, бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсайды. Сондықтан Абылайды осы арманды жүзеге асырушы деп есептеп, оны ісімен де, жырымен де қолдайды, хандықтың нығаюы, хан үкіметінің берік болуы жолында күреседі»[2,26].

Бұқардан басталған ақын-жыраулардың жалпыхалықтық мүддені жырлаған дәстүрі жалғасып, соған көріктеу әрі бейнелегіш құрал ретінде жалпыхалықтық қазақ тілінің қалыптасуына қызмет етеді.

Мәдениетті тіл арқылы тануда белгілі бір тұлға шығармашылығы негізінде қарастырғанда, біздің ойымызша, мынадай ұғымдарға ерекше назар аударылуы қажет: мәдени әрекет, мәдени орта, уақыт пен кеңістік сәйкес рухани және материалдық игіліктерге берілетін баға, мәдени трансляция, мәдениеттің метатілі т.б. Нақты айтқанда, мысалы, қолданылған материалдық мәдениетке қатысты атаулар жай аталмайды, олар сол заманда өмір сүрген осы тұлғалардың мәдени әрекеті нәтижесіндегі рухани дүниесінде заттанады. Яғни, бұл-осы тұлғалардың өзіндік санасындағы мәдени ұғымның дискурстық сипаттағы айшықты көрінісі. Себебі әр замандағы ұрпақтар жалғастығы, мәдени мұраларды игеру, қабылдау шығармашылық негізінде тиімді іске асады.

Мәдени туынды егер мәдени коммуникация негізінде рухани мұраға айналмаса, ол мәдени айналымнан шығып қалады. Демек, мәдени болмыстың тірегі қарым-қатынаста, ақпараттылығында. Бұл тек тіл, мәтінде көрінеді. Ал тіл тек денотативті коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге халықтың әлеуметтік, тарихи, мәдени мазмұнын ашатын коннотативтік те құрал.

Кең даладағы көшпенді тірліктің өрнегі оның тұрмыстық атауларында соны сипатпен көрікті өрілгені көрінеді. Соның негізінде қалыптасқан көне мәдениеттің көрінісінің біразы жыраулар мұрасында бейнеленген. Себебі, ақын-жыраулар өз шығармасында тек қана «ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін көтеріп, өткен күн, озған дәуренді» ғана жырлаған жоқ, сонымен бірге «көне тірлік шежіресі» де болды. Оның мазмұнындағы тілдік деректердің берілуінің төмендегідей ерекшеліктерін байқауға болады:

Ақын-жыраулар шығармасында кездесетін өсімдіктердің, құстардың т.б. ұлттық атауларының ерекшелігі-олардың символдық мәнге ие болып, қазақ тұрмысына, мәдениетіне қатысы, қазақ тұрмысында жиі қолданылуы.

Бейнелеп айтып, бейнелеп сөйлеу қазақтың сөз өнерінде, салт-дәстүрінде, жұмбақтарында, шешендік сөздерінде кеңінен қолданылған тәсіл екені белгілі. Бірақ жаугершілік заманға сай халық басындағы қилы-қилы хал-ахуалдар мен хандық билік

аясындағы түрлі әлеуметтік-саяси жағдаяттарға куә болып, ортасында жүрген жыраулар поэзиясында астарлап айту, тұспалдап сөйлеу сөз мәдениетін жаңа деңгейге көтерді. Көшпенді мәдениеттің өрісіндегі қоршаған табиғаттың флорасы мен фаунасы, ландшафттың ерекшелігін өздерінің таным көкжиегіне сай теңеп, кейіптеуі тұтас көркемдік-рухани әлем кеңістігін, жүйесін қалыптастырды. Бұл айналып келгенде, өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде санайтын көшпенді мәдениеттің негізгі қағидасы. Сондықтан қазақ тұрмысын бейнелеген ақын-жыраулардың шығармаларында олардың мәдени коннотациясы жиі кездеседі:

Елбең-елбең жүгірген, **Құладың** құстың құлы еді,
Ебелек отқа семірген. Тышқан жеп жүнін түледі.
Ел жағалай қонбаса, **Тазылары** түлкі алып,
Бетегелі бел ғаріп. **Қаршығасы** қаз іліп.
Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.

Асан қайғы толғауларында келтірілген осы үзінділерді біз ерекшелеген атаулар бір қарағанда мәдени лексикаға жанама түрде қатысты. Бірақ зерделеп қарасақ, оның мәнін ұлттық таным тұрғысынан түсіндіруге болады. Ондай қолданыстар Бұқарда т.б. жырауларда да кездеседі:

Отының болсын **жантақтан**,
Қатының болсын қалмақтан.

Шоқан «көшпенділер философы» деп атаған өз заманының сәуегей-ойшылы Асан қайғы өзінің ел, әдет-ғұрып, мінез-құлық туралы толғауларында өз ойын жете беру үшін мәдени атауларды бейнелі түрде қолданады. Нақтылай айтсақ, Асан қайғының дидактикалық жырларының негізгі көркемдік амалы-ұқсастыру (ассоциация). Ол адамға тән қызметтердің бәрінде де таным процесі барысында кездеседі. Себебі адамдардың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды бақылап салыстыруы, оны өз іс-әрекеттерімен, тәжірибесімен салыстыруы, ассоциациялық бейнелер түрінде әртүрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табу, солардың негізінде танымын кеңейту осы қасиетке (ұқсастыруға) негізделеді. Әдетте, кез келген нәрсеге емес, тұрмыста жиі қолданылатын, етене жақын нәрселер, құбылыстар ұқсастырылады да, адам санасында ассоциациялық бейнелер туады. Сол мақсат үшін жоғарыда келтірілгендей, құс, өсімдік, мал т.б. атауларымен параллель жасалады. Мысалы, **ебелек** дегендегі контексте оған нақты бір өсімдіктің атауы ретінде мән беріліп тұрған жоқ. Ол-«жеңіл», «әлсіз» деген бейнелі мағына беру үшін осы өсімдікке күнделікті өмір, тұрмыс тәжірибесі негізіне тән сипатты пайдаланылған бейнелеуіш сөз. Мұны «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» **ебелек** сөзінің мағыналарының түсіндірілуінен де көруге болады:

1. бот. Шөл-шөлейтті, құмды, сортаңды жерлерде өсетін шөп;
2. ауысп. Дәрменсіз, әлсіз, қауқарсыз;
3. ауысп. Ұшып-қонған, жеңілтек, ұшқалақ.

Осы мағыналардан өрбіп ебелек қағу, ебелек шалу т.б. тұрақты тіркестер туған. Эпостық жырларда **«ебелек ұшпас елсізден»** деген жолдарды оқимыз («Қобыланды»). Ал **«ебелек»** сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі нақты қолданысының материалдық мәдениетке тікелей қатысы бар. Ол-«комбайнның астық сабағын жығу үшін арнайы жасалған ағаш қалақтарының атауы».

Сол сияқты қазақ қолөнеріне қатысты этнограф С.Қасиманов **ебелек** сөзін шыр айналған нәрсенің (ұршық басы т.б.) бейнесін көрсететін ою-өрнектің аты деп көрсетеді[3,26]. Демек, еңбек құралының, оюдың атауы ретінде кейін пайда болған жаңа атау «жеңіл өсімдік», «жеңілтек» деген тілде бұрыннан бар мағынасына ұқсастырылып, соған негізделіп жасалған. Ал, **«бетегелі бел ғаріп»** деген тіркес, біздің ойымызша, «қазақ даласы» деген ұғымды сипаттап, толықтырады. Негізгі кәсібі мал бағу болған қазақ халқы

айналғаны байқалады: ал **қара кіс тон беру**- "қымбат сыйлық беру, қадір тұту" дегеннің символы".

Мысалы, **қамқа тон** дегенде қамқадан тігілген тон екені жіктеліп аталған:

Ханым берген **қамқа тон**

Жырау киіп кеткен жұрт.

Ондай атаулар өте көп кездеседі. Мысалы: жарғақ тон, елтірі тон т.б. Тонға қатысты осындай тіркесті қолданыстарға ортақ мағына "киім" болғандықтан, көрсетілген тіркестердің барлығы айқындаушы атаулар.

Алтын тұғыр үстінде

Ақ сұңқар құстай түледің.

Жалпы тұғыр сөзі аңшылық, саятшылыққа қатысты лексикаға жатады. Оны осы контексте көрсетіп тұр. **Тұғыр**-қырандары аңға салғаннан басқа уақыттарда қондырып қою үшін қолданылатын жабдық. Ол ағаштан үш немесе төрт сирақ болып, орындық іспетті шабылады. Отырған кезде ол құстың құйрығы жерге тимейтіндей болуы керек. Қазақ құсбегілері арасында тұғырды алтын, күміс сияқты асыл заттармен безендіріп, әшекейлейтіндері де кездеседі.

Жаугершілік заманда өмір сүріп, оны жырына арқау еткен Доспамбет жыраудың да жырларында қару-жарақ атаулары, жалпы жаугершілік бағыттағы іс-әрекеттерге қатысты зат атаулары көптеп кездеседі. Мысалы:

Сақ етер тиді санама,

Сақсырым толды қаныма.

Бұқар жырауда:

Қылышыңды тасқа біледің,

Алмаған жауың қоймадың,

Қабанбайдан бұрын **найзаңды**

Қай жерде жауға тіредің.

Бұл арада **сақсыр**-жаугершілік заманға сай киім атауы, ал **қылыш**, **найза** жаугершілік лексикасына байланысты атаулар, қару-жарақ түрлері. Сонымен бірге көптеген жеке атаулар анықтаушымен өне бойы тіркесе қолданылып, әбден қалыптасып тұтас атаулар туғызған. Ол жыраулар шығармасында осы дайын үлгімен қолданылып отырады. Мысалы:

Қара бұлан терісін

Етік қылар күн қайда?

Күдеріден бау тағып

Кіреуке киер күн қайда?

Толғамасы **ақ балта**

Толғап ұстар күн қайда?

Алты құлаш ақ найза

Ұсынып шаншар күн қайда?

Сонымен, көрсетілген жыраулардың шығармаларындағы негізгі тақырып-"ел үшін", " ата қоныс,жер үшін", "жорық", "жауынгершілік" тақырыбы да, оның өзегін жоғарыда көрсетілген әскери мәндегі мәдени лексика құрайды. Ал жыраулар тіліндегі тұрмысты бейнелейтін атаулардың қолданысы адам санасындағы (танымындағы) ассоциациялар негізінде көбіне "армандау", "аңсау" мағынасын астарлайды. Мысалы:

Шалғынына бие біз байлап

Орындықтай қара **сабадан**

Бозбаламен күліп,ойнап

Қымыз ішер күн қайда

Зерлі орындық үстінде

Ал шымылдық ішінде

Тұлымшағын төгілтіп

Ару сүйдім өкінбен.

Қазақ әдеби тілі қалыптасуындағы орнына байланысты "жыраулардың атасы", "қызыл тілге келгенде шеберлігі ханның өзінен кем түспейтін ақыл иесі" Шалкиіздің толғаулары негізінен дидактикалық сарында жазылған жыраулар поэзиясы үлгісіндегі ғибрат сөздер деп бағаланған. Осы мазмұндағы Шалкиіз жыраудың жырлары көбіне тұрмысқа қатысты атаулармен сипатталады. Мысалы:

Жиған малың тәрік етер

Атың, **тоның** бұлды етер.

Қилы жүріп көргенмен

Арбаға тайдай ителіп.

Сен **алтынсың**-мен пұлмын,
Сен **жібексің**-мен жүнмін.
Көктеп мінген еріңнің
Астында көп жүгірер күлік бар,

Жанына жалаң **жібек** байлаған,
Арулар кімнен қалмаған.
Ойда қазақ көп жортса,
Белдерін күміспен құрсар ма.

Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар.

Осы жолдарда ерекшеленген **алтын, пұл** (қазіргі тілде-"мата") **жібек, жүн, көн** ("тері" мағынасында), **күміс** т.б. атаулар материалдық мәдениетке қатысты, негізінен, тұрмыстық лексикаға жатады. Олардың көбі-қазақ тұрмысында маңызды орын алатын заттардың жасалатын материал атаулары.

Ұлттық тұрмысқа, мәдениетке байланысты ұлттық мінез бен сананы бейнелеу үшін аң, құс, жануар, өсімдіктер атауларының қолданылғандығын көреміз. Мысалы: **Құладың** жаман қу алмас,

Көгілдірдің жез қанатын сындырған.

Бидайықтан алғыр құс болмас.

Құладың, бидайық-қаршыға тұқымдас қыран құстар.

Айырдан туған **жампоз** бар

Жүгін нарға салғысыз.

Жампоз-нар мен түйенің арасынан шыққан асыл тұқымды түйе. Қазақ тілінде оның мағынасы дами келе, адамға қатысты "жігіттің төресі", жылқыға қатысты "жүйрік" деген мағыналарды береді.

Жалпы жыраулар поэзиясының негізінде халықтың арман-тілегі, алдағы күннен күтер үміті жатқандығы белгілі. Мәселен, Ақтамберді жырау өзінің атақты "Күлдір-күлдір кісінетіп" атты толғауында қазақтың мамыражай тұрмыс-тіршілігін, соның суретін көз алдына елестетуге МЛ-ны тірек еткен:

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екенбіз,
Күдеріден бау тағып,
Қамқапты киер ме екенбіз?!

Сол кездің материалдық мәдениетінде **күдерінің** кеңінен қолданылғанын басқа да жыраулардың шығармаларынан және батырлар жырларынан да көрінеді. Мысалы Доспамбетте: Қара бұлан терісін

Етік қылар күн қайда?
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?

Күдері-әбден иі қанып жұмсартылған тері. Соның нәтижесінде ол берік, мықты, күшті материалға айналып, одан әртүрлі бұйымдар жасалған: **күдері бау, күдері қайыс** т.б. Сол сияқты **қамқап** сөзінің де материалдық мәдениетке тікелей қатысы бар. Оның ҚТТС-те білдіретін мағынасы-"қама терісінен істелген қымбат бағалы сырткіім, ішік".

Қазақ әдеби тілінің тарихына қатысты жыраулар шығармаларының тілін зерттеген ғалымдар Бұқар жырларында қазақ тұрмысының күнделікті өмір шындығы тудырған болмыстың бейнесін ел бірлігі, халық тұтастығы, жұрт ынтымағы мәселелерімен біртұтастықта айшықтап бергенін атап өтеді.

Қазақ халық поэзиясының алғашқы өкілдері жырау-ақындардың творчествосын зерттеп, жариялауда көп еңбек сіңірген ғалым М.Мағауин XV-XVIII ғасырлар арасындағы осы кезең туралы былай деп жазады: "XV ғасырдың орта шенінен бастап қазақ атымен аталатын мәдениет өркен жаяды. Көне, ортақ арнадан бөлініп, қазақ халқының дербес әдебиеті қалыптасады"- дейді[6,89].

Ұлттық мәдениетті, ұлттық тілді сақтап қалу қазіргі таңда өте өзекті мәселенің бірі ғана емес, негізгісі болып отыр. Ұлтты сақтаудағы негізгі код – ол ұлттың тілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Өмірәлиев Қ.* «Қазақ поэзиясының жанры және стилі (XIX ғ. бірінші жартысы)» – Алматы : Арыс, 2010.
2. *Қазақ энциклопедиясы*, 2005.
3. *Қасиманов, С.* *Қазақ халқының қолөнері.* - Алматы : Қазақстан, 1995. - 26 с.
4. *Сыздықова Р.* "Сөздер сөйлейді" Алматы, 2014ж.
5. *А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев.* Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі, Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, Алматы -1966. - 54 б.
М.Мағауинн «Қобыз сарыны». Алматы, 2004ж

ФОЛЬКЛОР ҮЛГІЛЕРІН МЕКТЕП ПЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ӨТІРІК ӨЛЕНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Нұртасова Нұргүл Мұратбайқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
2-курс магистранты

Аңдатпа

Мақалада қазақ халық поэзиясындағы өтірік өлеңдерді оқытудың тиімді әдістері қарастырылады. Өтірік өлеңнің мазмұн сипатын ашу үшін қиял мен шындықты ажырату жолдары сөз болады. Білім алушылардың шығармашылықпен ойлау, сөйлеу дағдысын дамытуға назар аударылады. Өтірік өлеңдерді ЖИ-ді қолдана отырып оқытудың тиімділігі ұсынылады.

Топтық жұмыс, ойын элементтері, Chat ART арқылы білім алушылардың қиялын салыстырып, өлеңдегі қиял, күлкілі тұстарды дебаттық, сұрақ-жауап алмасуды жүзеге асыруда мұғалімнің іс-шаралары айқындалады.

Білім алушыға білімді игертудегі оқытудың жаңа технологиясы арқылы тұжырым жасаудың әдіс-тәсілдері көрсетіледі.

Өлемдік стандартқа сай ақпараттық технологиямен білім беруге көңіл бөлінді.

***Түйін сөз:** өтірік өлең, сөйлеу дағдысы, ойын элементтері, жаңа технология, әдіс-тәсіл, қиял мен шындық, психологиялық дайындық, интеллектуаль.*

Аннотация

В статье рассматриваются эффективные методы обучения ложным стихам в казахской народной поэзии. Для раскрытия содержательного характера ложного стихотворения обсуждаются способы различения вымысла и истины. Уделяется внимание развитию творческого мышления, речевых навыков обучающихся. Рекомендуется эффективность обучения ложным стихам с использованием ИИ.

С помощью групповой работы, игровых элементов, Chat ART определяются мероприятия учителя по осуществлению обмена мнениями, забавными моментами в стихотворении.

Обучающемуся указываются методы и приемы формулирования с помощью новой технологии обучения в приобретении знаний.

Особое внимание было уделено информационным технологиям и образованию в соответствии с мировыми стандартами.

***Ключевое слово:** лживая поэзия, навыки речи, элементы игры, новые технологии, методы, фантазия и реальность, психологическая подготовка, интеллект.*

Abstract

The article examines effective methods of teaching false verses in Kazakh folk poetry. To reveal the meaningful nature of the false poem, ways of distinguishing between fiction and truth are discussed. Attention is paid to the development of creative thinking, speech skills of students. The effectiveness of AI-assisted false verse training is recommended.

Through group work, game elements, Chat ART, teacher's activities are determined to exchange opinions, funny moments in the poem.

The student is told how to formulate with the help of a new learning technology in the acquisition of knowledge.

Particular attention was paid to information technology and education in accordance with world standards.

Key word: *false poetry, speech skills, game elements, new technologies, methods, fantasy and reality, psychological preparation, intelligence.*

Қазақ халық поэзиясындағы дәстүрлі жырдың бірі – өтірік өлеңдер. Әрбір халықтың фольклорында бар бұл өлеңдердің өзіндік сипаты, өзіндік танымы, ұлттық болмысы болады. Орта мектепте өтірік өлеңдерді өткенде ұлттық мінез, ұлттық дәстүр, әдеби бейне жасау тәсілдерін түсіндіреміз.

«Өтірік өлең дегеніміз – халық ауыз әдебиетіндегі өмір құбылыстарын шындыққа жанаспайтындай етіп айтатын өлең түрі», - деп түсіндіреміз.

Өтірік өлеңде өмір көп, салыстыру бар, сықақ бар, айтылатын нәрселер тұрмыспен байланысты болады. Оны әрбір адамға жеткізу оңай емес. Өтірік өлеңдер балаларға да, ересектерге де арналып айтыла береді.

Баланың қызығып, тез жаттап алуына оңай болғандықтан, көбіне-көп балалар фольклорында қарастырамыз.

Өтірік өлеңдер, өтірік өлең айтысында көрініс береді. Оқушылардың есіне түсіру үшін «Алдар көсенің өлеңдері», «Қырық өтірік» сияқты шығармалардағы әзіл-оспақ, күлкі, әжуа, мазақ етілетінін түсіндіреміз.

Өтірік өлеңдерді білім алушыларға танытуда білімді игеру мен оның тиімділігін есепке аламыз.

Сол себепті баланың интеллектуальды дамуында білім мазмұнын игерту арқылы есте сақтау қабілеті артады.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы үшін әдебиеттің алар орны ерекше. Әдебиетті оқытудағы өзекті мәселе – оқушының көркем шығарманы оқуға қызығушылығын ояту. Осы міндетті шешу үшін оқытудың жаңа әдістерін пайдаланып, оқушы белсенділігін арттыруға болады.

Өтірік өлеңдерде ЖИ-мен оқытуға арналған сабақ жоспары:

Пәні: Қазақ халқының ауыз әдебиеті

Қтә -25-1 (1-курс, 25 студент)

Сабақтың тақырыбы: Өтірік өлеңдер

Сабақ түрі: практикалық сабақ, жаңа білімді пысықтау

Оқыту әдістері: ЖИ (INSERT, Венн диаграммасы; кубизм, рольдік ойын, ой шақыру).

Сабақтың мақсаты: Өтірік өлеңнің жанрын, мазмұнын, көркемдігін, ұлттық сипатын түсіндіру;

- Қиял мен шындықты ажырату;

- Шығармашылық ойлау, сөйлеу, дағдыны дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Өтірік өлеңнің ерекшелігін түсінеді.
- Мәтінді талдайды, қиялмен жұмыс жасайды.
- Өтірік өлеңдегі ұлттық сипатты анықтайды.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру (2 мин)

Психологиялық дайындық
Топпен рольдік ойынмен сабақ бастаймыз.
Интерактивті тақтада кесте көрсетіледі.

Бірінші топ «Ғалымдар»	Екінші топ «Өнерпаздар»	Үшінші топ «Әдебиетшілер»
<p>Кеңесшісі әдебиет пәнінің мұғалімі</p> <p>1. Өтірік өлеңдер –әдеби қысқа жанр. Халық поэзиясында дәстүрге айналған өтірік өлең неге шыққан?</p> <p>2. Өтірік өлеңде ұлттық сипат бар ма?</p> <p>3. Өтірік өлеңде бүгінгі күн тұрғысынан қалай бағалайсың?</p>	<p>Кеңесшісі студент</p> <p>1. Өтірік өлеңдегі ұлттық мінез көрінісі қалай?</p> <p>2. Өтірік өлеңде ұлттық дәстүр бар ма?</p> <p>3. Өтірік өлеңнің мазмұны мен идеясын таныту</p>	<p>Кеңесшісі ғалымдар</p> <p>1. Өтірік өлеңде әсірелеу бола ма?</p> <p>2. Символдық бейне қолданыла ма?</p> <p>3. Әдеби бейне жасаудағы ұлттық тәсілдер?</p>

Міне, осындай жүйелі тапсырмалар негізінде студенттер өз бетімен іздену, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұған әрине, пән оқытушысы бағдар беріп, басшылық жасайды, керекті әдебиеттер тізімін ұсынады.

Бұл сабақты өтпес бұрын оқытушы күні бұрын кітапханалардағы өтірік өлеңдер туралы зерттеулер мен жинақтарды ұсынады.

«Ақ сандық, көк сандық»; «Дала фольклорының антологиясы»; «Бабалар сөзі» 92-том. – Астана 2013.

Мағлұмов М. «Қазақ өтірік өлеңдері» Алматы, 2013 «Қазақ әдебиетінің тарихы» 10 том, 1-томы т.б.

1-топ «Ғалымдар» жауабы тыңдалады.

Студенттер халық поэзиясындағы өтірік өлеңдерде ұлттық болмыс, сипат көрініс тапқан. Ең бастысы қазақ халқына тән ұлттық мінез, ақкөңіл, қонақжайлылық, мәрттік, кеңпейілдік, бауырмалдық т.б.

Өтірік өлеңді шығарушылар қоғамдағы кейбір келеңсіз жағдайларды сынайды. Өтірік пен қиял қабаттасып келіп, шындық, танымдық мәнге ие болады.

2-топ «Өнерпаздар» жауабы: Қазақтың өтірік өлеңдерінде ұлтымыздың мінезі анық байқалады. Ұлттық дәстүр толық сақталған. Мәселен, құда түсу, қыз ұзату, беташар, тұсау кесер т.б. көп кездеседі.

Қырық қарға, отыз сона құда түсті,
Инелік кит киді құдасынан.

Осы жолдарда құдалық, киіт кию-ұлттық дәстүр. Өтірік өлеңдегі негізгі идея, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу.

3-топ «Әдебиетшілер» жауабы:

Әдебиетшілер өтірік өлеңнің көркемдігі туралы айтты. Өтірік өлеңде бейне, бейнелілік мәселесін сөз еткенде әсірелеу, теңеу, эпитет, символдық сөз қолданыстарды байқаймыз.

Мініп алып құртқа,
Өрмеледім бұлтқа әсірелеу).

Өтірік өлеңді айтушылар әдеби бейне жасауда ұлттық тәсілдерді қолданады, сондықтан ұлттық сипат басым болады.

Тапсырма жауаптарын тындап болған соң пән оқытушысы толықтырып, қорытады. Бүгінгі сабақтан алған әсерлерін студенттер ортаға салып, ұсыныс-пікірлерін білдіреді.

Сабақ өтер алдында студенттердің қабілеті мен қызығушылығына қарай топқа бөліп, жұмыс тапсырмаларымен таныстыру керек.

Chat ART арқылы студенттер қиялдайды, салыстырады, талдайды, ой бөліседі. Студенттердің қызығушылығын арттыру үшін өлеңнен үзінді беріледі. Осы өлеңді әсірелеу, қиял, күлкілі тұстар бар ма?

Мініп ап бір битімді жүріп кеттім,
Жаныма екі теңді теңдеп кеттім.
Болса да өзгем өтірік, осыным шын,
Көзінен меруеттің желіп өттім.

Бір күнде мың жыл оқып ұшқыш болдым,
Марсқа бір сағатта ұшып қондым.
Өрт шалып, тау-өзенін су басыпты,
Көзімді жұмып тұрып соны көрдім.

Ықтимал жауап: Өлеңдегі күлкілі жағдай:

- Битті мініп жүру;
- Марсқа бір сағатта жету, әсірелеу;
- Бір күнде ұшқыштың оқуын оқу; әсірелеу т.б.

Онан әрі оқытушы студенттерге шығармашылық жұмыс жүргізеді.

Тапсырма. Кубизм әдісі арқылы беріледі.

1. Жоғарыда ұсынылған өтірік өлеңде ең күлкілі жол қайсысы?
2. Егер бұл шын болса, не болар еді?
3. Қиял қай жолда байқалады?
4. Өзің екі жол өтірік өлең жаза аласың ба?

Осы сәтте ширату үшін

Өтірік өлең мазұны бойынша шағын көріністі студенттер көрсетіп береді (ЖИ арқылы).

Ортаға кітап ұстап, өтірік өлең оқыған ақсақал шал шығады:

- Ойпырмай аспанда бір лақ туды
Адамнан айнымайды құлақ, мұрны.

Осы кезде бір студент лақ боп шыға келеді

Құдайым айтқызбасын өтірікті,
Сол лақ мені жерге лақтырды,-

дегенде, студент ақсақалды лақ болып лақтырып жібереді.

Қорытынды (5 минут)

Сабақты түйендеу үшін пән мұғалімі бес жолды өтірік өлең оқиды да не ұқтын дейді.

Сабақ қызық болды ма, не үйрендіңдер? – деген сұрақ-жауап әдісімен қорытады.
Бағалау.

Сабаққа қатысып, белсенділік танытқан студенттер мен топтарды номинациямен «Ең тапқыр», «Ең күлкілі», «Ең ізденгіш» деп бағалайды. Постер талдау сапасы, шығармашылық ескеріледі.

Үй тапсырмасы

1. Өтірік өлеңдерді зерттеуші ғалымдар пікірін конспектілеу.
2. «Бабалар сөзі» 100 томдықтың 92-томынан өтірік өлеңдерді теріп жазып, ұлттық сипатты анықтау.
3. 10-шумақтан тұратын өтірік өлеңді жаттап, әдеби-теориялық талдау жасау.
4. Өтірік өлеңдерге байланысты проблемалық 5 сұрақ құрастыру.
5. ЖИ-ді қолданып өтірік өлеңдерге талдау жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдер сөздігі – Алматы: Ана тілі 1996 – 240б.
2. Фольклор тарихы – Алматы: Ана тілі 2014 – 342б.
3. Жансүгіров І. Ел өтірігі – Мәскеу: ҚСРО Халықтары орталығының баспасы, 1927ж.
4. Орда Г. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті– Алматы: Тоғанай 2024 – 320б.
5. Балдырған журналы 1958ж. №2 саны. Өтірік өлеңдер және мысалдар. Құрастырған Ө. Тұрманжанов, Алматы, 1978, - 247 б.

ФОЛЬКЛОРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

Дәулетбаева Жібек Қанатқызы

Қызылорда қаласы, №253 орта мектеп
Педагог ассистент

Аңдатпа

Мақалада ерекше білім алатын оқушыларға фольклор оқытудың әдіс-тәсілдері сөз болады, ерекше білім алатын (инклюзивті) оқушыларға сабақ ұйымдастырудағы мұғалімнің ролі қарастырылады. Ерекше балалар үшін қолжетімді модельдер ұсынылады.

Сол сияқты инклюзивті білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБК) бар балалардың сұраныстарына сай әлеуметтік бейімдеу оқыту жолдары айтылады.

Түйін сөз: фольклор, инклюзив, ерекше бала, әлеуметтік бейімдеу, цифрлық ресурстар, даму динамикасы, модель, интерактив.

Бүгінгі мектеп міндеті – білім беру мазмұнын жаңғырта отырып, оқыту процесін цифрлы технологиялармен ықпалдастыру, оқушының танымдық қабілеті мен функционалдық сауаттылығын дамыту. Бұл міндет фольклорды оқытудың әдістемелік жүйесіне де тікелей қатысты. Әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында фольклор материалдарын ерекше білім беруді қажет ететін балалардың (ЕБК) мүмкіндіктеріне бейімдеп қолдану – мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен педагогикалық жаңашылдығын қажет етеді.

Фольклорды оқытудың дәстүрлі тәсілдері қатар мультимедиялық контент, интерактивті платформалар, ЦОР, бейне-сабақтар, адаптивті тапсырмалар, сөйлеуді дамыту мен ойлауды жетілдіруге бағытталған цифрлы құралдар тиімді қолданыла бастады.

Ө. Қоңыратбаев еңбектерінде көрсетілген эпостың құрылымдық табиғаты, фольклордың тәрбиелік қызметі, көркемдік жүйесі жаңа технологиялық әдістермен

берілгенде оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың ұлттық құндылықты қабылдауына оң ықпал етеді. (2).

Цифрлық ресурстар және фольклортану сабақтарының жаңғыруы

Қазіргі таңда BilimLand, Moodle, Google Classroom, Wordwall, LearningApps платформалары фольклорлық мәтіндерді меңгертуде жиі қолданылады. Аудиоертегі, анимациялық жырлар, кейіпкерлер картасы, сюжеттік жолақтар, интерактивті тесттер – оқушының қабылдауын жеңілдететін тиімді құралдар.

ЕББҚ бар оқушылар үшін:

- мәтіннің қысқартылған нұсқасы,
- суретті тірек сөздер,
- QR-код арқылы қосымша тыңдалым,
- қарапайымдалған диалог үлгілері,
- сюжетті реттеу картасы

берілді.

Бұл тәсілдер баланың оқу мотивациясын қалыптастырып, назар тұрақтылығын ұзартуға мүмкіндік береді.

STEAM және CLIL технологияларын қолдану ерекшелігі

Фольклорды STEAM моделімен ықпалдастыру оқушының пәндер арасындағы байланысты сезінуіне мүмкіндік береді.

Мысалы:

- Science – табиғат құбылыстарының ертегідегікөріністерін қарастыру;
- Technology – батырдың жолын интерактивті картада құрастыру;
- Engineering – кейіпкерге арналған құралдымакеттеу;
- Art – ертегі иллюстрациясын салу, комикс жасау;
- Math – мәтіндегі сандық бейнелерді табу.

CLIL технологиясы арқылы ертегі кейіпкерлеріне қарапайым тілдік сипаттама беру, қысқа тіркестер құрастыру, сурет бойынша диалог жасау жүзеге асты. ЕББҚ бар оқушылар үшін тілдік жүктемесі жеңілдетілген сөйлем үлгілері қолданылды.

ЕББҚ оқушылардың сабаққа қатысуы және даму динамикасы

Инклюзивті сынып жағдайында фольклорлық материалдар жеңіл қабылданады, өйткені онда қайталымдар, қарапайым сюжет, бейнелі тіл басым. Сабақ барысында:

- оқушылар кейіпкер әрекеттерін сурет арқылы дұрыс сәйкестендірді;
- рөлдік ойындарға белсенді тартылды;
- қысқа сөйлемдер құрастыруға дағдыланды;
- сюжетті 3–5 кезеңге бөліп әңгімелеу қабілеті дамыды;
- топпен жұмыс дағдысы жақсарды.

Жылдық бақылау нәтижесі ЕББҚ оқушылардың тілдік, коммуникативтік және танымдық дамуының оң динамикасын көрсетті. Балалардың сенімділігі артып, фольклорлық мәтіндерге деген қызығушылығы жоғарылады.

Бүгінгі күні әлем елдерінің назарын аударып отырған мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеп, білім беру үдерісіне қосып, инклюзивті білім беру мәселесі болып отыр. Қандай жағдайда бала адаммен араласу арқылы жетіледі, дамиды.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала адаммен араласпайынша өмір сүре алмайды». Балаға ой еңбегінің шаттығын, табыс, қуанышын беріңіздер», - деген (1). Олай болса, балаға жүрек жылуын арнамайынша оның дамуы мүмкін емес екен. Біз сөз еткелі отырған мүмкіндігі шектеулі балаларға мұғалім барынша көңіл бөлуі керек. Олардың ата-аналарымен тығыз байланысып, әлеуметтік бейімдеп, білім үдерісіне толық енгізіп, үнемі қолданып отыруы қажет. Оқушыны дені сау балалармен бір топта оқыта отырып, дефектолог-мұғалімнен көмек алады.

Мектепте өтілетін барлық тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру жоспарланады.

Инклюзивті оқытудың мақсаты: ерекше мұқтаж ететін оқушыларға арнайы жағдай жасай отыра олардың кемшілігін жоққа шығару және арнайы жағдай қалыптастыру.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған типтік арнайы білім беру бағдарламасы жасалған. Оқытудың принциптерінде әрбір бала сезіп, ойлауы керек. Сол сияқты үнемі қарым-қатынаста, достықты сезіне білу т.б.

Өзім сабақ беретін №253 орта мектепте ерекше білім алатын екі оқу тобы бар. Жеңілдетілген оқу бағдарламасымен сабақ өткізу барысында әр оқушының психологиялық дамуы, таным қабілеті ескеріледі.

Ойымыз дәлелді болу үшін дәйектеме келтіре кетейік. 5-сыныпта «Батырлар шырын» өтудегі сабақ жоспарын ұсынамын.

Сабақ жоспары:

Сабақтың тақырыбы: Қобыланды батыр.

Сабақтың мақсаты :1. Түзете - білімділігі :

Оқушыларға батырлар туралы түсінік беру.

Батырлардың суретін көрсету

1. Түзете дамытушылығы: Оқушылардың тілін дамыту, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту.

2. Түзете тәрбиелілігі: Балаларды батырлыққа баулу.

Әдіс-тәсілдер: Информациялы рецепиялық әдіс.

Көрнекіліктер: Интерактивті тақтадан батырлар суретін көрсету.

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушыны психологиялық жағынан сабаққа дайындау.

2. Баланың ынтасын арттыру.

3. Өткен сабақты пысықтау

“Батырдың серігі кім ?“ ойыны.

Бала батырлар сияқты таяққа мініп шабады, қимыл-қозғалыс жасайды. Ат кісінейді, батыр шабады т.б.

III. Жаңа сабақ

Суреттер бойынша әңгімелесу. Мынау батыр ол елді жаудан қорғайды. Астына ат мінеді, қолына қару алады. Сен батыр болғың келе ма?

Батырлар суретін көрсетіп

- Мынау кім?

- Батырлар.

- Батырлар үстіне не киген?

- Оқ өтпейтін сауыт киген.

- Батырлар кімдерді қорғайды?

- Елді, адамдарды.

IV. Сергіту сәті.

Қобыланды келеді сайменен,

Құла қасқа тайменен.

Қылыш қалды майысып,

Қанжар қалды қайысып.

У. Бекіту. Дидактикалық ойын.

Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.

Дулыға – батырдың бас киімі.

Сауыт – оқ өтпейтін киім.

Сақсыр – темір етік

Осы киімнің егесі кім екенін допты бір-біріне беру арқылы балалардан сұрау.

VI. «Біз не білдік?»

Батырлар елді жаудан қорғайды.

Ол оқ өтпейтін киім киеді.

УІІ. Бағалау. Балаларды жеке-жеке мадақтау.

Мұғалімнің кәсіби рөлі және сабақ ұйымдастыру қағидалары

Фольклорды инклюзивті оқытуда мұғалім:

- оқу материалын бейімдейді;
- тапсырмаларды оқушы деңгейіне қарай жіктейді;
- цифрлық және тактильді құралдарды үйлестіріп қолданады;
- сабақты қысқа, құрылымы нақты, кезең-кезеңімен жоспарлайды;
- эмоциялық қолдау береді;
- жетістік картасын толтырып, оқушының даму траекториясын қадағалайды.

Сабақ құрылымы:

- 1.визуалды кіріспе (сурет, бейнефрагмент);
- 2.фольклорлық мәтінді тыңдау/оқу;
- 3.сюжеттік модельдеу;
- 4.жеке деңгейлік тапсырмалар;
- 5.қорытынды рефлексия.

Бұл модель ерекше бала үшін қолжетімді, жеңіл әрі қызықты.

Фольклорды инновациялық технологиялармен оқыту – қазіргі білім беру талаптарының бірі. Ә. Қоңыратбаев зерттеулеріндегі фольклордың тәрбиелік-құндылықтық негізі цифрлық гуманитаристика және инклюзивті педагогика бағыттарымен үйлесіп, жаңа әдістемелік жүйе қалыптастырып отыр. (2).

ЕББҚ оқушылар фольклорлық материалдарды жақсы қабылдайды, сюжеттік ойлау, сөйлеу, қарым-қатынас жасау дағдылары айтарлықтай дамиды. Сондықтан фольклорды оқытудың жаңартылған формалары ерекше білім берудің тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.Сухомлинский. Балаларға жүрек жылуын арнаймын. Мәскеу, 1978. – 52-56 бб.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
– Фольклордың тәрбиелік мәні мен оқу үдерісінде қолданылуы туралы негізгі ғылымы тұжырымдалған.
3. Инклюзивті білім беру. [https:// infourok. ru](https://infourok.ru).
4. Сүлейменова Р. Инклюзивті білім беру негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.

– Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқуәрекетін ұйымдастырудың теориялық негіздері пайдаланылды.

- 5.Бүркітбасова Ж., Дәулетбекова Ж. Цифрлық білім беру ресурстары: әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2020.
6. Әбдіғалбарова Ү., Еркебаева А. Фольклортану: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.
– Фольклорлық мәтіндерді оқыту әдістері мен оқу мазмұнына қатысты деректер алынды.
- 6.Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. – Cambridge University Press, 2010.

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Исмайлова Айнұр Бектасқызы

№221 жалпы білім беретін орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аңдатпа.

Бұл мақалада жастар тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызы қарастырылады. Әсіресе қазақ әдебиеттану және фольклортану ғылымының көрнекті өкілі Әуелбек Қоңыратбаевтың ғылыми мұрасы негізге алына отырып, ұлттық тәрбие мәселелері талданады. Ғалым еңбектеріндегі халықтық дәстүр, ауыз әдебиеті, эпостық мұралар арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілікке, рухани тазалыққа тәрбиелеудің жолдары көрсетіледі.

Мақалада ұлттық құндылықтардың жастардың тұлғалық қалыптасуындағы рөлі айқындалып, олардың бүгінгі қоғамдағы тәрбиелік мәні ашылады. Сонымен қатар, мақалада ұлттық тәрбие мен фольклордың заманауи білім беру жүйесіне ықпалы, жастардың рухани мәдениетін қалыптастырудағы маңызы зерттеледі. Ғалымдардың пікірлері мен ғылыми деректердің негізінде жас ұрпаққа ұлттық сана мен құндылықтарды бойына сіңіру жолдары талқыланады. Бұл зерттеу қазіргі педагогикалық тәжірибеде ұлттық тәрбиенің тиімді әдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: ұлттық құндылықтар, жастар тәрбиесі, Әуелбек Қоңыратбаев, фольклор, рухани тәрбие, халықтық дәстүр.

Аннотация.

В статье рассматривается значение национальных ценностей в воспитании молодежи. Особенно анализируется научное наследие выдающегося казахстанского литературоведа и фольклориста Әуелбека Қоңыратбаева. Через народные традиции, устное творчество и эпическое наследие исследуется, как формировать у молодежи патриотизм, нравственность и духовную чистоту.

В статье подчеркивается роль национальных ценностей в формировании личности молодежи и раскрывается их воспитательное значение в современном обществе. Также рассматривается влияние национального воспитания и фольклора на современную образовательную систему и формирование духовной культуры молодежи. На основе мнений ученых и научных данных обсуждаются пути внедрения национальных ценностей в сознание молодежи. Это исследование позволяет определить эффективные методы национального воспитания в педагогической практике.

Ключевые слова: национальные ценности, воспитание молодежи, Ауэльбек Қоңыратбаев, фольклор, духовное воспитание, народные традиции.

Abstract.

This article examines the importance of national values in the education of youth. The scientific heritage of the prominent Kazakh literary scholar and folklorist Әуелбек Қоңыратбаев is especially analyzed. Through folk traditions, oral literature, and epic heritage, the study explores ways to instill patriotism, morality, and spiritual purity in young people.

The article highlights the role of national values in shaping the personality of youth and their educational significance in contemporary society. It also examines the influence of national education and folklore on the modern educational system and the development of youth's spiritual culture. Based on scholars' opinions and scientific data, the study discusses ways to integrate national values into the consciousness of young people. This research provides insights for identifying effective methods of national education in pedagogical practice.

Keywords: national values, youth education, Auelbek Konyraatbayev, folklore, spiritual education, folk traditions.

Қай кезеңде болмасын қоғамның рухани дамуы мен ұлт болашағы жас ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты болып келген. Ұлттың өзіндік болмысы, дүниетанымы мен рухани құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа тәрбие арқылы беріледі. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен ауыз әдебиеті үлгілері жастар тәрбиесінің негізгі қайнар көзі саналады. Сондықтан ұлттық құндылықтарды ғылыми тұрғыда зерттеу, олардың тәрбиелік мәнін ашу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Қазақ фольклоры мен ұлттық тәрбиені ғылыми негізде жүйелеп, терең зерттеген көрнекті ғалымдардың бірі – әдебиеттанушы, түркітанушы, фольклортанушы Әуелбек Қоңыратбаев. Ғалым еңбектерінде халық ауыз әдебиеті ұлттық тәрбиенің негізгі құралы ретінде қарастырылады. Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми мұрасы жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуде аса маңызды орын алады. Зерттеуші фольклорлық мұраларды халықтың рухани тәжірибесі мен тәрбиелік ой-санасының көрінісі ретінде бағалайды. Оның пікірінше, ауыз әдебиеті үлгілері арқылы жас ұрпақтың дүниетанымы қалыптасып, адамгершілік, отансүйгіштік, еңбекқорлық сияқты ұлттық қасиеттер бойына сіңіріледі. Ғалым халықтық тәрбиені ұлттық болмысты сақтаудың негізгі тетігі деп қарастырады. Сондықтан Ә.Қоңыратбаев еңбектері жастардың ұлттық санасын қалыптастыруда теориялық әрі практикалық маңызы зор ғылыми мұра болып табылады.

Ұлттық құндылық және жастар тәрбиесі

Ұлттық құндылық дегеніміз – белгілі бір халықтың тарихи даму барысында қалыптасқан рухани, мәдени, адамгершілік қағидалары мен өмірлік ұстанымдарының жиынтығы. Қазақ халқы үшін ұлттық құндылықтардың негізін үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, еңбекқорлық, адалдық, намысшылдық, отансүйгіштік, имандылық сияқты қасиеттер құрайды. Әуелбек Қоңыратбаев ұлттық тәрбиенің осы құндылықтар арқылы қалыптасатынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, халық ауыз әдебиеті жастардың мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастыратын негізгі тәрбиелік құрал болып табылады. Зерттеуші тұрмыс-салт жырлары мен отбасы тәрбиесіне қатысты фольклорлық үлгілердің жас ұрпаққа адамгершілік пен жауапкершілік, елге қызмет ету сияқты қасиеттерді сіңіретінін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, Ә.Қоңыратбаев еңбектерінде ұлттық құндылықтар жастар тәрбиесінің рухани іргетасы ретінде қарастырылады.

М.Ғабдуллиннің пікірінше, халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттың мінез-құлқы, дүниетанымы мен моральдық қағидалары қалыптасады. Бұл тұжырым жастар тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың маңызын дәлелдей түседі. Өйткені фольклор – халықтың рухани тәжірибесінің көрінісі.

Ә.Қоңыратбаев еңбектеріндегі ұлттық тәрбие мәселесі

Ә.Қоңыратбаев қазақ фольклорын зерттей отырып, оны тек әдеби мұра ретінде ғана емес, тәрбиелік мәні зор рухани құндылық деп бағалайды. Ғалымның пікірінше, ауыз әдебиеті – халықтың тарихи жады, ұлттық сананың негізі. Бұл тұрғыдан алғанда, халықтық поэзия мен тұрмыс-салт жырлары жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырып, адамгершілік қасиеттерін дарытуда негізгі рөл атқарады. Ә.Қоңыратбаевтың өзі жазғандай: «Пайда шықса алашыма өзімнен, қаяу қара болмай әркез сөзімнен» («Көңілім», «Ақжол» газеті. 1. 1. 1922 ж.) – бұл сөздер халықтың тәрбиелік дәстүрін, әрбір өлеңнің, сөздің мәнін жоғалтпай жеткізу керектігін білдіреді.

Ғалым бұл тұжырым арқылы жастарға дұрыс жол көрсету, олардың бойына намыс, адалдық, үлкенді сыйлау сияқты қасиеттерді сіңірудің маңызын көрсетеді. Тұрмыс-салт жырлары мен ертегі, мақамдар жастардың рухани дамуына үлес қосып, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Ә.Қоңыратбаевтың пікірінше, фольклорлық мұра тек көңіл көтеру немесе эстетикалық ләззат үшін емес, ұрпаққа өмірлік тәжірибе беретін тәрбие құралы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, халық өлеңдері мен жырларының тәрбиелік мәні аса зор. Ғалым жастарға ұлттық дәстүрді, тарихты және салт-дәстүрді

ұғындыратын маңызды құрал ретінде қарастырады. Сонымен қатар, фольклорлық шығармаларды зерттеу арқылы ұлттық тәрбиенің теориялық негіздері айқындалады.

Ә.Қоңыратбаевтың еңбектері жастардың рухани мәдениетін қалыптастыруда, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруде маңызды бағыт-бағдар береді. Тіпті қарапайым тұрмыс-салт жырының әрбір сөзі бойға тәрбиелік әсер қалдырады. Сол себепті ғалымның тұжырымдары бүгінгі күнде де жастар тәрбиесінде өзектілігін жоймаған.

Ғалым тұрмыс-салт жырларын халықтың күнделікті өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра отырып, олардың тәрбиелік қызметін айқындайды. Тұрмыс-салт жырлары арқылы жас ұрпақ отбасылық тәрбиеге, еңбекке, салт-дәстүрді құрметтеуге баулынады.

Тұрмыс-салт жырлары және тәрбиелік мәні

Ә.Қоңыратбаев тұрмыс-салт жырларын мазмұны мен тақырыбына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырады. Ғалымның жіктеуінше, бұл жырлар халықтың өмір салтымен тығыз байланысты болып, ұлттық тәрбиенің негізгі құралы қызметін атқарады.

М.Әуезов тұрмыс-салт жырларын «сыршылдық салт өлеңдері» деп атап, олардың адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелеудегі рөлін жоғары бағалайды. Ал С.Сейфуллин салт өлең-жырларын халықтың өмір айнасы деп қарастырады.

Бөбек жырлары мен отбасылық тәрбие

Ә.Қоңыратбаев бөбек жырларының тәрбиелік маңызына ерекше тоқталады. Ғалымның пікірінше, бесік жыры, шілдехана жырлары арқылы баланың бойына ұлттық тәрбие алғашқы күннен бастап сіңіріледі.

А.Байтұрсынов та халық поэзиясының тәрбиелік қызметін ерекше атап өтіп, оны ұлт тәрбиесінің негізі деп көрсетеді.

Батырлар жыры және отансүйгіштік тәрбие

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде батырлар жырының орны ерекше. Ә.Қоңыратбаев батырлар жырын халықтың ерлік рухын қалыптастыратын басты құрал деп бағалайды. Батырлар бейнесі арқылы жас ұрпақ елін, жерін қорғауға, намысшыл болуға тәрбиеленеді. Бұл пікірді М.Әуезов те қолдайды. Ол батырлар жырын халықтың тарихи санасын қалыптастыратын рухани мұра деп көрсетеді.

Қазіргі кезеңдегі ұлттық тәрбие мәселесі

Қазіргі кезеңдегі ұлттық тәрбие мәселесі өте өзекті болып отыр. Қазіргі жаһандану жағдайында жастар тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі маңызды, өйткені жаһандық мәдениет ықпалы ұлттық сананың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, жастарды рухани жағынан тәрбиелеу үшін ұлттық мұраны жүйелі түрде насихаттау қажет. Осы тұрғыдан алғанда, Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми мұрасы жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуде маңызды бағыт-бағдар береді.

Ғалым көрсеткендей, халық ауыз әдебиеті мен тұрмыс-салт жырлары жас ұрпаққа адамгершілік, адалдық, намысшылдық, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді дарытуда негізгі құрал болып табылады. Қоңыратбаевтың еңбектері ұлттық тәрбие мәселесіне практикалық шешім ұсынады, өйткені әрбір жыр мен әңгіме жастардың бойына дұрыс өмірлік бағдар қалыптастырады. Фольклорлық мұра арқылы жас ұрпақ өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін түсінеді.

Сонымен қатар, ғалым ұлттық тәрбиені тек формалды сабақтармен шектемей, күнделікті тұрмысқа енгізудің жолдарын көрсетеді. Жастардың ұлттық санасын қалыптастыру үшін әдебиет пен ауыз әдебиеті біртұтас тәрбие құралына айналады. Ә.Қоңыратбаевтың тұжырымдары бойынша, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақ қоғамда жауапкершілік пен әділеттілік негізінде өмір сүре алады.

Ғалым қазіргі заман талабына сай жастарды тәрбиелеу үшін ұлттық мұраны заманауи тәсілдермен насихаттауды ұсынады. Осылайша, Қоңыратбаевтың ғылыми мұрасы қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпай, жастар тәрбиесінің маңызды теориялық және практикалық негізін қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, Әуелбек Қоңыратбаевтың ғылыми мұрасы жастар тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызын айқындауда ерекше орын алады. Ғалым еңбектері ұлттық тәрбиенің теориялық негізін қалыптастырып қана қоймай, оны практикалық тұрғыда жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның пікірінше, ауыз әдебиеті мен тұрмыс-салт жырлары арқылы жас ұрпаққа адамгершілік, еңбекқорлық, отансүйгіштік сияқты қасиеттер сіңіріледі. Сондықтан Ә.Қоңыратбаев мұрасын қазіргі білім беру және тәрбие жүйесінде кеңінен пайдалану – уақыт талабы.

Сонымен қатар, ғалымның зерттеулері ұлттық тәрбие мен рухани мәдениетті сақтау жолындағы әдістемелік бағыттарды көрсетеді. Ә.Қоңыратбаев еңбектерінің қазіргі педагогикалық практикада қолданылуы жастарды саналы, жауапты азамат ретінде қалыптастыруға септігін тигізеді. Осылайша, оның ғылыми мұрасы ұлттық тәрбиенің теориясы мен практикасында маңызды рөл атқарады және ұрпаққа ұлттық сана мен құндылықтарды бойына сіңірудің тиімді құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Қоңыратбаев Ә. Шығармалары. – Алматы: МерСал, 2004. – Т.1.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1927.
5. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1932.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 1926.
7. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974.

Ш.Х.САҒЫНБАЕВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰЖЫРЫМДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейталиева Қарлығаш Орынқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация

В статье рассматривается научный вклад ученого-методиста Ш.Х. Сарыбаева в методику преподавания казахского языка. Анализируется значимость его методических принципов в современном образовательном процессе.

Ключевые слова: методика преподавания казахского языка, Ш.Х. Сарыбаев, теоретические знания, активность учащихся, развивающее обучение

The article examines the scientific contribution of the methodologist Sh.Kh. Sarybayev to the methodology of teaching the Kazakh language. The relevance of his methodological principles in modern education is highlighted.

Keywords: kazakh language teaching methodology, Sh.Kh.Sarybayev, theoretical knowledge, learner activity, developmental learning

Ш.Х.Сарыбаевтың еңбектерінің негізгі саласы қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған. Және ол әдістемелік еңбектері қазақ тілін қазақ және орыс мектептерінде оқыту мәселесін қарастырады. Ш.Х.Сарыбаев әдістемені жасаудың екі түрлі жолы барын айтады:

- 1) нақты грамматикалық тақырыптың әдістемесін жасау;

2) әдістемелік ережелерді қалыптастырып, сол ережеге сай келетін мысалдарды әр түрлі грамматикалық тақырыптардан келтіру.

Алғашқысында әдістеме әр тақырыпқа өлшеніп жасалса, екіншісінде тақырыпты алдын ала белгіленген әдістемелік өлшемдерге күштеп енгізу болып шығады (тақырып жүйелі түрде қарастырылмай, әр жерден теріп-теріп алынады дейді Ш.Х.Сарыбаев). Сол себепті ғалым өз еңбектерінде әдістемені жасаудың алғашқы жолын тандап, нақты тілдік тақырыптарды оқытудың тамаша үлгісін жасайды. Әдістемені жасаудың екінші жолын тандағанда, "белгілі бір тақырыптың не тақырыпшаның оқыту методикасы түгелденбей, тілдік тақырыптың бойындағы оқыту әдісі ашылмастан, тұйық қалпында қалады. Мұның салдарынан мұғалімнің сабаққа методикалық әзірлігі нашарланады және оқытайын деп отырған белгілі бір тілдік тақырыптың сабақ барысындағы түрлі бұрылыстары мен варианттарының методикасы баяндалмаған болып шығады" дейді ғалым [1,3].

Ғалым қазақ тілінің әдістемесін жасауда мынадай екі үлкен мақсат қояды:

- 1) тілдік тақырыпты түгендеу;
- 2) сол тақырыптың әдістемесін түгендеу.

Дәл осы 2 мақсат ғалым еңбектерінің принциптік мазмұнына алынған. Ғалымның әдістемелік талдауларының барлығы дәл осы екі мақсаттың үдесінен шығып жатқанын байқауға болады.

Ол тілдік тақырыптарды оқытуда мынадай қағидаларды басшылыққа алады:

-жоғарыда айтып өткендей белгілі бір тақырыптың әдістемесін жасау үшін ғалым теориялық білімдерге жетекші рөл береді. Ғалымның әдістемелік еңбектерінде қозғалған теориялық тақырыптар сан алуан. Теориялық тілдік тақырыптар ғалым әдістемесінің мазмұнына тірек етіп алынған;

-оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге қағидасы: "тақырып тақырыпшаларының оңай жерінен бастап, бірте-бірте қиынға қарай сатылап көрсету" [1,4].

-тақырыпты меңгертуде қайталап үйрету арқылы мазмұны жағынан біртіндеп толықтырып әрі түрлендіріп ұсыну: "белгілі бір тақырып өтілгенде, кластағы бір сағаттық сабақ үстінде бір пікір әлденеше рет қайталанатын.

Бірақ ол қайталану бір келкі болмай, түрліше болуы керек. Тақырыптағы әрбір пікірдің саны да, қайталау кезеңдері де, мөлшері де түрленеді. Бір айтылған пікір екінші рет талданғанда алғашқы айтылғаннан көлем жағынан да, мысал жағынан да, методикалық жағынан да, аз да болса, өзгешелігі болады. Бірде үйретіліп жатқан тақырыпқа сай мысалдар алынса, екінші ретте алынған мысалдар тақырыпқа сай болғанмен, басқа жақтан өзгешелігі болады; бірде тақырыпқа са емес мысалдар келтіріліп, оның тақырыпқа мысал бола алмау себебі айтылады. Ол мысалдардың қай-қайсысы да бір-бірімен салыстырылып түсіндіріледі" [1,5]. Осылайша сабақ барысындағы қайталау "оқушылардың шала ұғынғандарын түсіндіру үшін де, түсінгендерін ұмыттырмау үшін де, үйретілген қағыйданың дұрыстығына оқушылардың көздерін жеткізу үшін де, үйретіліп жатқан ережеге ұқсас басқа объектіден ажырату үшін де, түсіндірілгендерді қорыту үшін де қолданылады" дейді [1,5].

- тілді көрнекілік жолмен оқыту. Бұл әдіске де ғалым өзіндік көзқарасы тұрғысынан келеді: "бір пәннің түрлі тақырыптары үйретілгенде де, ол тақырыптардың көрнекі түрде түсіндірілуі де түрліше болады..." деп тұжырымдай келе, "сабақтың көрнекі болуы - негізгі мақсат емес, тақырыптың мазмұнын меңгерту - негізгі мақсат" деген ой айтады [1,6].

-тілді оқытуда саналылық ұстанымын басшылыққа алу: "класта оқу үшін жазылған кітапшалардың бір абзацының өзінде әлденеше пікір болуы мүмкін. Мұғалім сол пікірлердің әрқайсысын жеке алып, мысал арқылы түсіндірмесе, жас оқушылар әлгі пікірдің сөзін жаттап айтып, саналы түрде айта алмауы мүмкін. Саналы түрде айта алмағандықтан, тақырыпты меңгере алмайтындығы мәлім" [1,6]. Осы себепті ғалым

мұндай жағдай болмас үшін, мұғалім әрдайым оқушының берген жауабына қанағаттанбай, неге солай екенін, тезис түрінде жазылған абзацтағы әр сөйлемге қалай түсінгенін үнемі сұраудан жалықпауы керек деген талап қояды.

Ғалым саналылық ұстанымын жүзеге асыруды септіктерді оқытуда тамаша іске асырады. Әдіскер теориялық білімді сол теориялық ұғымды түсіндіруде бастайды: "барыс септік жалғауды оқытқанда, айттың сияқты меңгеруші етістікті алмай, бардың деген сөзді алуымыздың себебі барыс деген терминнің мағнасына сәйкес екендігін аңғарту болып табылады. Септік мағналарын бұлайша аңғарту - анықтама жолымен үйретуден анағұрлым жеңіл, анағұрлым ұғымды, сондықтан нәтижелі. Сонымен бұл әдіс - саналы түрде білуге жол ашатын амал" дейді [2,59]. Осылайша, ғалым тіл бірлігінің өзінің артықшылығын тілді меңгертудің артықшылығына айналдырады.

-кітап тілі мен ауызша түсіндірудің ерекшелігін ескеру, яғни "класта оқу үшін жазылған кітаптардың сөздерін мұғалім алдымен, сөйлеу тілімен түсіндіру керек, кейін ол түсінгендерін кітап тілімен қайталау керек". Бұны ғалым жеңілден ауырға қарай оқыту ұстанымын жүзеге асырудың бір жолы деп атап өтеді.

-кітапты сабақ үстінде пайдалану, пайдалана білу. Ғалым оған мынадай нақты мысал келтіреді: "көп мұғалімдер класта "өзінеше" түсіндіріп (сөйлеу тілімен) сол тақырыптың кітапта жазылғанын үйде оқып келуге тапсырады. Мұның салдарынан жас оқушылар кітаптағы сөзбен мұғалімнің ауызша түсіндіргенінің ішкі мазмұнын тоғыстыра алмайды.

Үйткені олар кітаптан пайдалануды білмегендіктен, әрбір қыйын сөйлемге тоқталып,оның мағынасын байымдап оқымай,"сыдырта" оқиды. Сондықтан *кітап* сөзі мен *мұғалім* сөзінің арасында өзгешелік бар сияқты көрінеді. Бұлайша "сыдырта" оқу әңгіме түрінде жеңіл тілмен жазылған тестіге жарағанмен, грамматикалық анықтамаларды оқуға жарамсыз болғандықтан, балалар текстіні үстірт оқуға үйреніп кетеді де, байымдап оқуға шорқақ болады. Ақырында ондай балалар ғылыми кітаптарға түсінбейтін болады. Ғылыми кітаптарды оқымай, жеңіл жазылғандарды оқыйтын болады. Сонымен, терең білім ала алмай, "үстірт" адам болып шығады".

-оқушының ұғым дәрежесін ескеру, сол арқылы олардың ұғымдық ойлауын дамыту. Бұл қағиданы ғалымның кез келген тілдік тақырыпты түсіндіруі тәсілінен көруге болады. Ғалымның алдымен "тілдік тақырыптың түгелденуін, сосын сол тақырыпқа байланысты методиканың түгелденуін" басшылыққа алуының өзі сабақ логикасын дамыта оқытудың қағидаларына сәйкес дұрыс құрғанын көрсетеді. Ғалымның барлық әдістемелік еңбектері нақты тілдік тақырыпты меңгертуге құрылған. Тілді әдістемеге немесе әдістемені тілге бейімдеуді көздемейді, әдістемені тілдің табиғатынан шығарады. "Кейбір мұғалімдер үйреткенін су сияқты, оқушылардың ұғымын ыдыс сияқты көріп, сабақ үйрету үшін айтылған сөздердің бәрі шайқалмастан, төгілместен ыдысқа құйылғандай болады деп түсінеді. Ондай мұғалім сабақ тақырыбын құр сөйлеп түсіндірумен ғана қанағаттанады. Олар оқушылардың ұғыну дәрежесінің әр түрлілігіне, оқыту әдісіне қарай үйретілген тақырыптың меңгерілуі де түрліше болатынын ескермейді"-, дейді ғалым [1,5].

Сондай-ақ, жоғарыда келтірілген ғалымның пайымдауларынан мынадай әдістерге басымдық бергенін байқауға болады:

-оқушы белсенділігін басты назарда ұстау (оқушының сабаққа қатысуын үнемі қадағалау, назарын аударту, сұрақ беру және жауап алу, ортақ мақсатқа және іске жұмылдыру т.б.);

- оқытудағы салыстыру әдісін қолдану;

- оқушыны ойландыру әдісі: оқушыға материалды дайын күйінде түсіндірмеу, оны тақырыпқа жетелеу сұраулары арқылы тақырыпқа енгізіп, жетелеу сұраулары арқылы тіл бірлігінің қыр-сырын "өз бетімен" танып-білуге жетелеу; ғалым оқушыға тақырыптың "жауабын" бірден бермейді, оқушының түрлі ойлау операцияларын орындауға итермелейді. Ойлау операцияларын орындату, оқушының өзінің ішкі мүмкіншіліктері мен ішкі таным тетіктерін іске қосу арқылы таныту үшін "мұғалім оқушылардың алдына

тақырыпты тексеру жолымен айтып баяндасын, тексеру жолымен дәлелдесін, әзір күйінде алдарына тартпасын" деген талап қояды [2,46].

-оқушының түрлі оқу әрекетін (жазу, тыңдау, сөйлеу, оқу) іске асыруын қадағалап отыру арқылы ақпаратты қабылдаудың және оны сыртқа шығарудың түрлі каналдарын белсендіру: ғалым оқушылардың жазуын - көріп жазу, түсініп жазу, тыңдап жазу, естіп жазу, салыстырып жазу, үнемі назарда ұстайды, сол арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамытуды да қатар алып жүреді; бұл ретте ғалым оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға ерекше мән береді. Әдіскер оқушының түсінгендерін айтып беруде өз тілінде сөйлегені дұрыс па, кітаптың тілінде жаттап, әдеби тілдің үлгісі бойынша сөйлегені дұрыс па деген сауалға жауап береді. Ғалым бұл екі пікірдің де дұрыс әрі бұрыс жағы бар екенін айтады: "әдеби тілмен сөйлеп үйренбеген оқушылар белгілі бір тақырыпқа түсінгенмен, сол түсінгенін шашау шығармай немесе сөз тастамай ("пікір" тастамай) айтып шыға алмайды. Сондықтан алғашқыда әдеби сөйлеу үлгісі бойынша үйренулері, одан кейін өз сөздерімен сөйлеп дағдыланулары керек дейміз. Онда да соңғы сөйлегендерін мұғалім оқушының өз стилін бұзбай әдеби сөйлеуге - дұрыс сөйлеуге - бағыттап отыру керек. Әдеби сөйлеу үлгісін меже тұтпаған оқушылар қалай болса солай сөйлеп, сөйлеу тілінде әдеби норма болмай, нашар сөйлеуге бой ұра береді... Бір ескеретін нәрсе: әдеби сөйлеу үлгісін көрсеткеннен кейін, оқушыларды өзінше сөйлеткенде де, бұл сөйлегенінің не себепті қате екендігін нанымды түрде көрсете айтып отырмаса, оқушылар әдеби сөйлеуді саналы түрде меңгере алмайды... Балаларды әдеби тілде сөйлеуге үйрету үшін, орыс мектептерінде атақты жазушылардың жеке прозаларын жаттатады. Бізде осы күнге шейін жеке прозаларды жаттату атымен жоқ. Бұл өкінерлік іс" [2,67]. Бүгінгі оқыту жүйесіндегі өзгерістерді ескеретін болсақ, Ш.Х.Сарыбаевтың тіл-әдебиет пәнінің әлеуеті мен мүмкіншілігін барынша терең тани алғанын көреміз.

-стандартты жолмен оқытпау: "әдетте бірқатар мұғалімдер 5 класта зат есімді оқытқанда, бастауыш мектептегі ізбен оқытып жүр. Сабақтың бастамасы да стандарт түрде болып, оқушыларды зеріктіретіндігі байқалады. Сондықтан сабақ бастау қалпы ылғи бір түрде болмау үшін, зат есімді оқытқанда, сабақты сұрау, әңгіме, диалог жолымен бастауға болады" деп, алдымен оқушыларда ынта, ықылас тудырып, ықылас тудырудың әдістері ретінде сұрау, әңгіме, диалог әдістерін ұсынады [2,45]. Ал диалогпен немесе сұрау арқылы бастағандағы мақсат "оқушылардың мұғалімнен көз жазбай, оның айтқанына құлақ салып, іштей болса да, ілесе отыруын көздеу" болғандықтан бұл сияқты әдістерді ғалым "оқушылардың қатысуын қамсыздандыратын әдіс" деп атайды [2,46]. Диалог әдісіне үлгі ретінде ғалым мынадай мысал келтіреді:

"Мұғалім оқушылардың алдында *ойын* деген сөз зат есім бе, етістік пе? деп бір баладан сұрайды, оқушы мұғалімге *ойын* деген сөз қимылды білдіргендіктен, зат есім емес, етістік деп жауап береді. Екінші оқушы оған қарсы тұрып: *ойын* деген сөздің қимылды білдіретіні рас, бірақ біз сөздің мағна жағына ғана қарамаймыз, тұлға жағына да қараймыз. *Ойын* деген сөз тәуелденеді, яғни *ойным, ойнымыз, ойның, ойныңыз, ойны...* деген болады. *Ойын* деген сөзге тәуелдік жалғауы жалғанып тұр, сондықтан ол зат есім бола алады... Осы ретпен екі оқушының пікір таласынан диалог жолымен түсіндіруге болады. Сонда оқушылар ықылас қойып жақсы тыңдайды... Сабақ берудің бұл түрін диалог жолымен беру дейміз" [2,45]. Ғалым диалогқа түсу үшін кез келген сұрақты қоймайды. Таласты, екіұшты ой тудыратын, оқушылардың білімін сынайтын проблемалық сауал қояды. Осылайша білім мазмұнын проблемаландыру арқылы оқушылардың білімді меңгеру сапасын арттырып отырады. Қазіргі проблемалық оқыту әдістемесі тұрғысынан келетін болсақ, мұғалімнің негізгі қызметі: қажетті жағдайда неғұрлым күрделі ұғымдардың мазмұнын түсіндіре отырып, ұдайы проблемалық ситуациялар жасау; оқушыларға фактілерді хабарлап, олардың оқу-танымдық қызметін фактілерді талдау негізінде оқушылар өздіктерінен қорытындылар мен жинақтаулар жасайтындай, ұғымдарды, ережелерді, теоремаларды, заңдарды тұжырымдайтындай

немесе белгілі білімдерді жаңа ситуацияға өздігінен қолданатындай (ойлап табады, жоспарлайды, әдемілеп жасайды) немесе шындық болмысты көркем бейнелейтіндей (өлең, шығармалар жазады, сурет салады, ойнайды) етіп ұйымдастыру. Соның нәтижесінде оқушыларда ақыл-ой операциялары мен әрекет дағдылары, білімдерді тасымалдау дағдылары қалыптасады, зейін, ерік, шығармашылық қиял, ойлап тапқыштық дамиды, жаңа білімдер аш мен гипотезалар ұсыну, оларды негіздеп дәлелдеу жолымен әрекеттің жаңа тәсілдерін табу қабілеті қалыптасады [3,381].

М.Махмутовтың пайымдауларына сүйене отырып, проблемалық оқыту оқушының орындаушылық қызметінен шығармашылық қызметке дейін тұтас қамтитын, диапазоны кең әдістеме дейтін болсақ, Ш.Х.Сарыбаевтың әдістемелік жазбаларынан осы ауқымды әрекеттің бастапқы - орындаушылық сәттегі сипатын көре аламыз. Әрине, өзінің еңбегінің кешенділігі мен ауқымын кеңейтсе, Ш.Х.Сарыбаев шығармашылық қызметтің де тетіктерін жан-жақты көрсетіп беретіні анық. Бірақ ғалымның өз еңбектерінде алға қойып отырған міндеті басқа екенін ұмытпау керек - ол тілдік тақырыптарды оқытудың әдістемесін жасау.

Ш.Х.Сарыбаевтың әдістемелік мұрасын оқытудың әдістемесін жасаған Ш.Ерғожинаның еңбегінде ғалымның әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығы мәселесіне арнайы тақырып берілген.

Ш.Ерғожина ғалымның еңбектерінің орыс ғалымы В.П.Беспальконың еңбектерімен сабақтастығына ерекше тоқталып өтеді. Ол ғалым еңбектеріндегі оқушының шығармашылығын дамыту мәселесі В.П.Беспальконың еңбектерінде кеңінен таратылып айтылып жүргенін айта келіп, деңгейлік оқытудың 4-деңгейін шығармашылық деңгей деп аталатынын және оның ғалым еңбектерінде мол көрініс тапқанын алға тартады. Сол сияқты қазір көп аталып жүрген жұптық жұмыс, салыстырумен бірге, ғалым еңбектерінде ұяшықтар арқылы жаттығу жүргізу, бала тілін дамытуға арналған тапсырмаларынан қазіргі "пазл" әдісінің ізін көреді [4, 136].

Ш.Х.Сарыбаевтың әдістемелік еңбектерінен осы сияқты сабақтастықты көптеп көруге болады.

Жоғарыда ғалымның әдістемелік талдауларынан келтірілген мысалдардан **саналылық, оқушының ұғым дәрежесін ескеру, оқушының белсенділігі, теориялық білімге жетекші рөл беру** қағидаларын тамаша іске асырғанын көруге болады. Сондай-ақ, тілдік теориялық материалдарға басымдық беріп оқытуы ғалымның сол кездегі кеңестік педагогиканың үздік тәжірибелерімен қаруланғанын көреміз.

Саналылық, нақты теориялық ұғымдар арқылы оқыту, оқушының белсенділігін арттыру қағидалары сол кездегі кеңестік педагогиканың педагогика саласында кеңінен сөз болған дамыту оқытудың басты қағидалары болып саналады.

Дамыта оқыту қағидаларында теориялық тақырыпқа басымдық беріліп, оқушылардың теориялық ұғымы мен ойлауын дамыту мақсаты көзделеді. Сол себепті де теориялық білімді толық зерттеп біліп, оны дамыту құралы ретінде оқыту дамыта оқыту үшін басты шарт болып табылады.

Бұл ретте Ш.Х.Сарыбаевтың дамыта оқытудың басы-қасында тұрған Л.С.Выготскийдің, одан кейін оның ізін жалғастырған В.В.Давыдовтың, Л.В.Занковтың негізгі теориялық қағидаларын практикада тамаша іске асырғанын көре аламыз.

Әрбір оқушыға жеке тұлға ретінде қарай отырып, "оқу арқылы оның әрі қарай дамуына жол ашу" идеясына бағынатын дамыта оқытудың басты мақсаты пәнді меңгерту емес, сол пәнді меңгерте отырып оқушының ақыл-ойын дамытуға қол жеткізу, "оқушының ішкі қабілет-мүмкіндіктерін ашу", "олардың дамуына барынша тиімді жағдай жасау", "даралануына" ерік беру болып саналады. Л.С. Выготский ұстанған қағидасы: баланың дамуынан әлдеқайда озық жүріп, оның болашақтағы даму мүмкіншілігін болжай отырып оқытатын білім ғана жетістікке әкеледі. Ал оның негізгі, басты шарты білімді дұрыс **ұйымдастыра** білуде деп есептеді. Ол осы ойын өз еңбектеріне өзек етті [52].

Дамыта оқыту негізгі 4 қағидаға сүйенеді дейтін болсақ, олар:

- 1) жоғары қиындық деңгейінде оқыту;
- 2) теориялық білімдерге жетекші рөл беру;
- 3) жоғары қарқынмен алға жүру;
- 4) оқушылардың саналылығы;

Оларды іске асыру оқытушыдан барлық оқушылардың, соның ішінде әлсіз оқушылардың да жалпы дамуын қамтамасыз ету үшін жүйелі әрі мақсатты жұмыс қажеттігін көрсетеді [3].

Осылардың ішіндегі алғашқы және екінші қағиданы Ш.Х.Сарыбаев Н.Сауранбаевпен бірге оқу бағдарламаларын жасап, оқулықтар, әдістемелік құралдар арқылы шешуге тырысқан. Ол сол кездегі қазақ тілі пәнінен оқу бағдарламаларын жасауға қатысып, тілдік тақырыптардың берілуін түзді. Бұл ретте Ш.Х.Сауранбаев екеуі де бірдей мақсатты көздеген. Олар "тілден жүйелі білім беру - екі тараудан: теориялық білім және оған сәйкес тәжірибелік дағдыдан тұратынын, ана тіліне арналған оқу сабағының 60 проценті тілдік тәжірибелік жағына аударылуы керектігін", осындай дағдыға жетілуге грамматикалық білім үлкен сүйеніш, негіз болатынын қазақ тілінен білім мазмұнын ұйымдастыруда ескерген [5].

Л.В.Занков жоғары қиындық деңгейінде оқыту ұстанымын теориялық білімді басшылыққа алу ұстанымымен тікелей байланысты қарастырғанда ғана қиындық деңгейі, сондай-ақ, саналылық ұстанымы анықтала түсетінін айтады. Л.В.Занковтың ойынша, "саналылық оқу үдерісінің барлық буындарында қажет" және ол "оқушының оқу материалын түсініп, оны практикада қолдана білуін ескереді, білімді саналы меңгеру барысында жүзеге асатын ойлау операциялары көрсетіледі. Ең маңыздысы оқушылардың оқу еңбегіне қатынасына ерекше мән беріледі" [3, 255].

Ш.Х.Сарыбаевтың әдістемелік талдауларында аталмыш қағидалар әрдайым байқалып отырады.

Дамыта оқыту әдістемесі қағидаларына негізделген оқытудың негізгі әдісі ретінде соңғы жылдардағы (салыстырмалы түрде) әдістемелік еңбектерде модельдеу әдісі танылып жүр. Сөз тіркестері және олардың түрлерін, сөйлем құрылысын схема, модельдер арқылы жүйелеп беру, сондай-ақ, математикалық жолмен тіл бірліктерінің формуласын шығарып талдау және оқыту, білімдерді талдау-жинақтау, нақтылау, жалпылау жолдары Н.Ж.Құрманованың, Н.Оразақинованың зерттеулерінде арнайы қарастырылды [6]. Н.Оразақинова осы әдіске сүйене отырып сатылай-кешенді талдау авторлық технологиясын жасап шығарды [7].

Ш.Х. Сарыбаевтың зерттеулерінде де осы модельдеу әдісінің алғашқы ұшқыны байқалады. Мысалы, ғалым кейбір тіл бірліктерін оқытуда тілдік схемаларды пайдаланудың ұтымды жолын қолданады. Оны көптік жалғаудың өзгереп жалғанатын тұстарын түсіндіруде былайша көрсетеді:

"к. ж-у ды-дан және р-ден соң ж-н болса, *лар*, ж-ке болса, *лер* болады"

Мұндағы шартты түрде қысқартылған сөздер: к.ж-у (көптік жалғау), ды (дауысты), ж-н (жуан), ж-ке (жіңішке). (8,47).

2-сурет. Ш.Х.Сарыбаевтың еңбегінде қолданылған тілдік схеманың үлгісі ("Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері" еңбегі бойынша. 8-кітап, 47-б)

Дәл осындай талдаудың шартты белгілерге негізделген үлгісін Н.Оразақинованың еңбектерінен көреміз. Осы сияқты математикалық әдіс, яғни Ш.Х.Сарыбаевтың әдістемесіндегі сан әдісі де қазіргі қазақ әдістемесінде кеңінен қолданылып жүргенін

білеміз. Бұл туралы А.Орынбаев өзінің диссертациясында бұл санәдіс тәсілінің ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталады. Бұл сан әдісін Ш.Х.Сарыбаев негізінен қазақ тілін орыс мектебінде оқыту әдістемесінде қолданады.

А.Орынбаев Ш.Х.Сарыбаевтың орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің бірнеше басты ерекшеліктерін талдап өтеді. Соның ішінде ерекше атап өтетіні - автордың сөйлеу материалына қойған талаптары:

1. Сөйленетін заттардың алғашқы уақыттарда оқушылардың көз алдында болатын заттарды, қимылды білдіруі;
2. Оқушыларға бірден көп сөз бермей, белгілі бір мөлшермен беру (мысалы, сағатына 5 сөз),
3. Үйретілетін сөздер бір тақырыпқа сыятындай, бір-бірімен "баланыстыруға" көнетіндей болуы (*қайтты, келді* деген сияқты сөздер сыныпта жекелеген заттарды үйрету тақырыбына сыймайтындықтан, оларды кейінірек үйрету);
4. Сөйлеу сабағын жазу, оқу жұмыстарымен ұштастырып жүргізу білу (бір сабақта үйретілген сөздер мен сөйлемдерді толық айтып болмастан, оларды айтқаннан кейін оларды тақтада жазып көрсету);
5. Берілетін сөздерден алдын-ала сөйлем, мәтін жасап алып, оның жеңілден ауырға принципінмен жасалуына назар аудару;
6. Үйретілетін сөйлемдер алғашқыда қосымшасыз, түбір сөздерден тұруын ескеру;
7. Сөйлеу сабағына оқушылардың түгел қатысуын қадағалап, белсенді ұстау;
8. Сөйленетін сөздер көрнекі заттар болғандықтан, оны аудармай, заттың өзін көрсетіп сөйлеу, яғни "натурал" әдіспен оқыту;
9. Сөйленетін сөздер толық меңгерілмейінше, жаңа сөздер қоспай, бермеу. [9, 113].

Ш.Х.Сарыбаев қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту мен орыс мектептерінде оқытудың принциптік айырмашылығын анық ұққаны байқалады. **Қазақ мектептеріндегі қазақ тілін оқытуда ғалым теориялық білімге жетекші рөл берсе, орыс мектептерінде оқытуда сөйлеу тақырыптарына басымдық береді.** Тіпті оны өзінің кандидаттық диссертациясында "Грамматиканы оқу, сөйлеу, жазуға байлай оқыту" деген арнайы тақырыпшаны да қарастырады [10].

Сол себепті ғалым оқушыға әр сабақта оқушыға берілетін сөз мөлшеріне және олардың кейінгі және алдыңғы сабақтармен байланысына ерекше мән береді. Ол былай дейді: "кейбір мұғалімдер методиканың "алдымен оқушының төңірегіндегі заттарды, ондағы құбылыстарды сөйлетіп үйрету керек" деген заңын жаттап алады да, бірден "бөлме" деген тақырыпта сөлетіп үйретеді. "Бөлме" деген сөйлеуді методикалық бір мөлшер десек, бұл тақырыптың ішінде 50-60 сөз бар. Бірақ, 50-60 сөзді бірден үйрету дұрыс емес, олай болса, "бөлме" сөйлетіп үйретудің алғашқы кездегі бір мөлшері бола алмайды, жинақ мөлшері ғана" дейді [11]. Осылайша, ғалым "Бөлме" тақырыбының өзін өзара байланысты бірнеше "ұялас" тақырыпшаларға бөліп, әрқайсысының әдістемесін жасайды [2].

Ш.Х.Сарыбаев өз еңбектерінде тіл үйренушіні сөйлеуге үйрету, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеді. Ол туралы өзінің бір мақаласында ол былай дейді: "Қай тілді болса да, үйретудің тиімді мәселесі сөйлетіп үйрету. ...Үйрету үшін күнілгері мөлшерленген сөздер мен сөйлемдердің формалары да, сөйлемдегі сөз мөлшері де рационалды түрде еселеніп үдетпелі жолмен берілсін..." Үдетпелі дегенде автор сөздерді біртіндеп үйретіп, ол сөздерді сөйлемде, мәтін ішінде қолдануға алдымен құлағын үйрету үшін естіртіп, тілін үйрету үшін қайталай айттырып, көзін үйрету үшін жаздырып, қолын үйрету үшін көшіртіп жаздырып үйрету керек деген тәртіптерді белгілейді [12].

Ш.Х.Сарыбаев орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуды жалаң нормативтік грамматиканың, қағидалардың жетегінде құрмайды. Әрбір тақырыпты сөйлеу үшін маңыздылығына қарай түзеді.

Ш.Х.Сарыбаев өз еңбегінде "қазақ тілін оқытқанда сөйлетіп үйрету әдісі көңілдегідей болса, 30 сағат ішінде қазақ тілінің бірқатар ережелерін қазақша айтқызуға болады; 100

сағат ішінде қазақ тілін түгелімен қазақша түсіндіруге болады" дейді [11]. Ғалымның бұл жерде айтқан ойларына тереңірек қарайтын болсақ, қазақ тілін 30, 100 сағат ішінде жеделдете оқыту әдістемесі туралы айтып отырғанын байқауға болады. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда бастапқы кезде көпшілік талқысына көп түсіп, қазақ тілін "қарқынды", "жеделдете" әрі "деңгейлете" оқыту үшін көптеген әдістемелер дайындалған болатын. Бұл ретте ғалым Қ.Қадашеваның докторлық зерттеу жұмысын мысалға келтіруге болады. Ғалым Ш.Ерғожинаның ойынша, жеделдете оқыту қатысымдық әдістемедегі оқу әрекетінің негізгі түрлері - тек қана айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылымға емес, тіл үйренушілердің өзара білсенді тілдік қарым-қатынасына негізделетін әдістеме болып саналады. Бұл әдістемеді ұжымдық, топтық жұмыс топтарын құру арқылы жеке тұлға мен ұжымның мүмкіншіліктерін арттыру, белсендіру нәтижесінде тіл үйренушілердің "резервті мүмкіндіктерін ояту" көзделеді. Ш.Ерғожина Ш.Х.Сарыбаевтың әдістемелік еңбектерінің тілді жеделдете оқыту мүмкіншіліктерін ерекше бағалайды [4].

Сонымен, Ш.Х.Сарыбаевтың әдістемелік еңбектері қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымындағы алғашқы ғылыми негізделген, жүйеленген еңбектер болса да, өз заманынан озық жасалған, қазіргі заман үдесінен шығып жатқан, бүгінде өзінің өзектілігін жоғалтпаған еңбектер болып табылады.

Қазіргі таңда қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытудың жаңа әдістемесін жасау жолдары қарастырылып жатқаны мәлім. Осы ретте қазақ тілінің корпусын жасау, мәтіндер базасын қалыптастыру, көп қолданылатын сөздердің жиілік сөздігін жасау арқылы кешенді жаңа әдістеме ұсыну мәселесі көп көтеріліп жүр. Бұл бағытта Тіл білімі институтының ғалымдары көп еңбек етіп жатқаны белгілі. Бұл жұмыстар тілді үйренудің үздік халықаралық тәжірибесін пайдалана отырып, жаңа әдістеме қалыптастыру мақсатын көздейді. Осы орайда Ш.Х.Сарыбаевтың тілді оқыту тұжырымдарын басшылыққа алу пайдалы болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сарыбаев Ш.Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I бөлім. Фонетика мен морфология. Алматы, 1956. 124б.
2. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. II бөлім. Орфография мен сөз таптары. Алматы, 1959. 99б.
3. Молдасан К.Ш. Бектұрғанова Ж.М. Педагогика. Оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 2018. -430б.
4. Ерғожина Ш. Ш.Сарыбаевтың әдістемелік мұрасын оқыту әдістемесі. Оқу құралы. - Алматы: ЖК "Балауса", 2018. -184б.
5. Сауранбаев Н. Ана тілін оқыту туралы. -Халық мұғалімі. 1941. №11. 6-8б.
6. Құрманова Н.Ж. Логиканы қазақ тілін оқытуда қолдану. –Алматы, 2004. – 60б.
7. Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. (Монография). Алматы, 2007. –287 б.
8. Бектемесов М.Ә. Әдіскер ғалым, ұлағатты ұстаз // "XXI ғасырдың ғылыми-ағартушылық парадигмалары: рухани құндылықтар аясындағы тіл және мәдениет" атты Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2018 жыл, 26 қазан. -Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, "Ұлағат" баспасы, 2018. -5б.
9. Орынбаев А.Ә. Ш.Х. Сарыбаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми мұралары. Пед. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2005, -135б.
10. Сарыбаев Ш.Х. Методика преподавания казахского языка в русской школе. -Алма-Ата, 1943.

11. Сарыбаев Ш.Х. Орыс оқушыларын қазақша сөйлеуге үйрету әдісі. -Халық мұғалімі, 1948. №6. 13-166.
12. Сарыбаев Ш.Х. Басшы қызметкерлерді қазақ тілін үйрену курстарында оқыту туралы. Соц.Қаз, 1941, 24 январь.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Әлиакбар Қамарсұлу Махмутқызы

Аңдатпа. Аталған мақалада Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық қызметі қарастырылып, оның педагогикасындағы негізгі әдістемелік ой тұжырымдары баяндалады. А. Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектеріне баса назар аударылады: қазақ әліпбиін құрастыру, оқыту әдістерін дамыту, педагогтарға үздіксіз білім беру идеясы.

Кілт сөздер: А. Байтұрсынұлы, әліпби, әдістемелік тұжырымдар, қазақ тілін оқыту әдістемесі, оқыту әдістері.

Аннотация. В данной статье рассматривается педагогическая деятельность Ахмета Байтурсынулы, приводятся основные методические положения его педагогики. Особое внимание уделено методической деятельности А. Байтурсынулы: созданию казахского алфавита, разработке методик преподавания, идеям непрерывного образования педагогов.

Ключевые слова: А. Байтурсынулы, алфавит, методические положения, методика преподавания казахского языка, методы обучения.

Abstract. This article considers pedagogical activity of Akhmet Baitursynuly, the main methodological provisions of his pedagogy. Particular attention is paid to the methodological activities of A. Baitursynuly: the creation of the Kazakh alphabet, the development of teaching methods, the ideas of continuous education of teachers.

Key words: A. Baitursynuly, alphabet, methodological provisions, methods of teaching the Kazakh language, teaching methods.

XX ғасырдың басында қазақ халқына ұлттық мәдениет пен әдебиеттің туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, жарқын болашаққа ұмтылған зиялы топ қалыптаса бастайды. Халықтың рухын көтеріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Ол қазақ халқын отаршылдықтан құтқарар жол – алдыңғы қатарлы дамыған елдердің санатына қосылып, өнер-білімге ұмтылу екендігін біліп, халық арасында ағартушылықты насихаттау жұмысына кіріседі. Академик Р.Сыздық: «Өткен ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәндегі үлкен проблема болса, оны іс жүзінде қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин екендігін білеміз. Осы салада одан кейінгі нақты іс істеген екінші адам «екінші Алтынсарин» – Ахмет Байтұрсынов болды», – деген пікір білдіреді [1, 15].

Мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы А. Байтұрсынұлы еңбектерінің тарихи маңызы зор.

Ахмет Байтұрсынұлы көтерген маңызды мәселенің бірі – қазақ тілінің оқыту әдістеріне қатысты. Аталған мәселе бойынша қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым жиырма жылға таяу уақыт бойы дерлік талмай ізденеді, сол кездегі баспасөз беттерінде түбегейлі толғамдарын үздіксіз жариялап отырған. 1910 жылдан басталған тәжірибесін жинақтап, 1920 жылы «Баяншы» деп аталатын шағын кітапша етіп шығарады. Бұл еңбегінде тілді үйренудің жүйелі әдістері баяндалады.

Осы тақырып бойынша 1921 жылы тағы бір әдістемелік құралы Ташкентте басып шығарылады.

А.Байтұрсынұлының еңбек жолында жүйелі мақсатты көздегенін анық байқауға болады. Оның басты мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, соны іске асыру үшін алдымен «Оқу құралы» («Әліпбиді») жазады. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылған. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Кейін тілді тереңінен түсіндіру, баяндау мақсатында «Тіл– құрал» еңбегін жариялайды. «Тіл – құралдың» барлық оқулығында теориялық материалдарға жеткілікті дәрежеде ұсынылған дағдыландыру, сынау жұмыстарында қазіргі тілді меңгерту әдістемесіндегі жаттығу түрлерінің (машықтандыру, шығармашылық, сұрақ-жауап, тексеру, көшіру т.б.) элементтері кеңінен қолданылады.

А.Байтұрсынұлы әдістемеге қатысты «Тіл жұмсар» еңбегінде баланы оқытудың немесе үйретудің табиғи жолы тәжірибе арқылы білім алатын жол екендігіне баса назар аударады. Ғалым былай деп жазады: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін керек білімін кешікпей керек кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп жүру» [2, 496]. Сонымен қатар, «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбегінде ғалымның жазу дағдыларын жетілдіруге, сауаттылықты арттыруға байланысты жаттығу жұмыстарын түрлендіріп, мазмұнды жүйесін ұсынған. Көшіріп жазу, жатқа жазу (өзі жаттаған мәтінін жазу), тапсырма бойынша жазу жаттығуларының түрлерін ұсынып, «нұсқа» деген нұсқаумен жаттығуды орындау үлгісі көрсетіліп отырады.

Өткен ғасырдың басында айтып кеткен А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымы қазіргі кездегі білім беру саласында өзгерістердің бірі болып табылатын оқытудың бағалай жүйесіне қатысты болып келеді. Ғалымның «Тіл жұмсары» аты көрсетіп тұрғандай, ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс пайдалану жолдарын қарастырады. «Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды» [3, 294]. Ғалым тіл жұмсаушының екеуінің де, бір қарағанда, тілді құрал ретінде тануы мен жұмсауы бірдей болып көрінгенімен, шын мәнісінде, олай еместігін салыстырмалы түрде былайша түсіндіреді: «Мәшине жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білсе, мынау тіпті білмеуі мүмкін».

Ұлы ағартушы 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген әдістеме мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялайды. Ағартушы ғалымның 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Қай әдіс жақсы?» деген атпен жариялаған мақаласында тілді оқыту әдістерінің ғылыми маңыздылығына ерекше тоқталған. Қанша уақыт өтсе де, А. Байтұрсынұлының мақаласына арқау болған мәселе өзектілігін жоймағандығын анық байқауға болады.

Қазақ тілі жайлы Ахмет Байтұрсынұлынан бұрын да зерттеулер болғандығын білеміз. Бірақол еңбектердің барлығы дерлік орыс тілінде жазылған болатын (Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский т.б.). Бұл еңбектерде қазақ тілінің өзіне тән табиғаты жүйелі түрде ашылмаған, олар орыс тілінде жазылғандықтан, қарапайым халықтың сауатын ашуға пайдасы болмады. Сондықтан да біз Ахмет Байтұрсынұлын қазақ лингвистикасындағы басты тұлға деп есептейміз.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, бүгінгі күнде маңызы жоғары құнды әдістер ұсынып кеткен

ғалым. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы.

Бүгінгі білім беру үдерісінде оқыту әдістеріне ерекше көңіл бөле отырып, жас ұрпаққа білім беруде ертеңге пайдасы тиетін, алған теориялық білімді өмірде қолданысқа енгізе алатын, өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға дамытуды мақсат ету абзал. А.Байтұрсынұлы: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – деген [4]. Яғни тілді оқытуда да, дамытуда да әдіс түрлерін жан-жақты қамтып, түрлендіріп отырған маңызды.

Оқыту үдерісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесіне тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу толыққанды дамуға мүмкіндік жасайды. Оқыту үдерісінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттарына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Ахмет Байтұрсынұлының: «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір оқытушы жадында сақтауы тиіс деп есептейміз. Үздіксіз білім алып, біліктілікті арттырып отырғанда ғана нәтижеге жете аламыз. Ахмет Байтұрсынұлы – халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға барынша күш салған ғалым. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі – жасынан қазақшажазып дағдыланбағандық», – дейді [4].

Мектеп балаларына арналған оқулықтарында А.Байтұрсынұлы иллюстративтік материалдарды қатар ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздеген. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бастауыш мектептің балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздеген ғалым оқу материалдарына мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлақтары үйренген) мақал-мәтел, нақыл сөздерден, мысалдардан ала отырып, оның тиімді әдіс екендігін зерделеген. Ұсынылған мысалдардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті ұлттық құндылықтарға негізделген қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдарын ұсына отырып, тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөлген. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап, өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талапталпынысын т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде берілген шығармалары баланың тілдік білімімен қатар ойлау дүниетанымын дамытатындығына мән берген.

Ғалымның әдістемелік еңбектерінде қазіргі әлемдік білім беру жүйесіндегі дамыта оқыту технологиясы, деңгейлік оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, кешенді оқыту технологиясы, коммуникативтік оқыту технологиясының негіздері толық көрініс тапқандығын дәлелді түрде айта аламыз. А.Байтұрсынұлының оқу-әдістемелік кешендері қазақ тіліндегі теориялық материалдарды практикамен ұштастырып, білім алушылардың коммуникативтік, лингвомәдени, когнитивтік және әлеуметтік-тұлғалық құзіреттіліктерін жетілдіруге негізделген. Оқуәдістемелік еңбектерінде этнопедагогика, этнопсихология ғылымдары негізінде қазақ ұлт мектебінің тұжырымдамасын жасап, даму қағидаларын нақтылап көрсете білді.

А.Байтұрсынұлы еліміздегі қазақ мектептері мен мұғалімдеріне көмек көрсету, халықтың сауат ашу және өнер-білімге тарту мәселелерімен мақсатты түрде айналысты. Ұлт мектептерінде ана тілімен қатар сол халықтың рухани мәдениеті мен тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмысы мен салт-дәстүрлері негізінде жүйелі білім беру мәселелері жөнінде

айтқан ұтымды ой тұжырымдары қазіргі уақытта да құндылығымен ерекшелінеді. Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігінде әдіскер ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер тарапынан ұтымды технология ретінде құнды болып саналып отырған сын тұрғысынан ойлау ұстанымының құндылығын А.Байтұрсынұлы сол кездің өзінде-ақ дәлелдеген болатын. Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде қолданған жалқылау, жалпылау, дыбысты әдіс, әңгімелесу, жүйелеу, талдау, жаттау, жинақтау, салыстыру, баяндау, сұрақ-жауап, сұхбат т.б. негізгі әдістері сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде қазіргі тілді оқыту әдістемесінде интерактивті әдістер қатарында қолданылып келеді.

Шетелдік тіл үйренушілердің қазақша сөз мәдениетін қалыптастыруда тілді меңгеру мәселелеріне байланысты А.Байтұрсынұлының ұсынған әдістер жүйесі мен қағидалары инновациялық технологияға негізделген интерактивті әдістермен сабақтас болып келеді:

- тіл үйренушілерге қазақ тілінен меңгерілетін білім жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге негізделіп, дидактикалық ұстанымдарға сәйкес оқытылады;

- тіл үйренушілерге қазақ тілін меңгертуде әліпбиден бастау міндетті;

- тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруде сөз, тұрақты тіркес, сөйлем жүйесін меңгерту жұмыстарын жүргізу;

- тілді меңгертуде мұғалім әдістің бір түрін ғана пайдаланып қоймай, бірнеше интерактивті әдісті сабақтастыра білуі қажет:

- тіл үйренушілерге лексикалық минимумда мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, фразеологизмдер, өлең-жыр, ертегілерді меңгерту арқылы лингвомәдениеттанымдық күзiреттілігін дамыту.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылым, білім және мәдениет салаларында қалдырған бай мұрасы бүкіл елдік руханиятымыздың бір маңызды бөлшегі ретінде мемлекеттік қамқорлыққа алынып, оны игеру, зерттеу жұмыстары шоғырланған бір орталықтан жүргізілсе, ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазы алдындағы перзенттік парызымыздың ең бір лайықты өтеуі болар еді.

Ұлы ағартушының ғылыми мұрасы ұлттық санамызды кемелдендіру жолындағы рухани азық болып табылады. Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін ұлтымызға жасап кеткен мұра екенін ұмытпай, тілді оқыту әдістемесіне қалдырған еңбектерінің бүгінде маңызды екендігін айта келіп, сол ойды дамыту бағдарында жұмыс жасап, қазақ тілін оқыту жолдарын тереңдету қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Елшежіре, 2014.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. –640 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – 3-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

МУЛЬТИМЕДИА ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Текесбаева Г.М.¹, Текесбаева А.М.²

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.

² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Бүгінгі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) рөлі артып келеді. Соның ішінде мультимедиа құралдарын тиімді қолдану білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда ерекше мәнге ие. Мультимедиа кешенді технология ретінде шәкірттердің тілдік күзіндетін арттыруға, ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп. Оқу үдерісін интерактивті етуге мүмкіндік береді.

Коммуникативтік дағды адамның тілдік қатынас барысында өз ойын анық, түсінікті, жүйелі әрі тиянақты жеткізу алуы мен ақпаратты дұрыс қабылдап, соған сәйкес жауап бере алуымен сипатталады.

Әдістеме. Білім алушылардың коммуникативтік дағдысын жетілдіруде АКТ мен мультимедиа технологияларын қолданудың маңызы зор. Мультимедиа – дыбыс пен ақпаратты, қимылсыз немесе қимыл-әрекеттегі бейнені біріктіріп көрсетуге арналған әрі мәлімет мен ақпараттарды тасымалдаушылар жиынын құрайтын компьютерлік технология. Оның құрамына ауызша сөйлеу, бейнеороликтер, анимация, графика, растрлық және векторлық бейнелер мен мәтіндік база кіреді.

Білім беру жүйесінде мультимедиалық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық қырларын ғалым Ю.Н.Егорова, дидактикалық заңдылықтарын Н.В.Клемешова, концепциялық ерекшеліктерін О.Г.Смолянинова қарастырды. Жалпы білім беретін мектепте мультимедиалық технологияларды қолдану әдістемесін С.С.Кравцов мен Т.Г.Пискунова зерделесе, жоғары оқу орындары білім алушыларының өзбетімен жұмыс істеу қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктерін Д.Э.Френки, студенттердің болашақ кәсіби қабілетін дамытудың мультимедиалық технологияларды пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негізін О.Г.Смолянинова, О.В.Лобач, А.И.Гридюшко, Е.Я.Шипняговалар зерттеді. Т.Ю.Волошинова, В.Г.Казаковсынды ғалымдар мультимедиааны жоғары оқу орындарында пайдаланудың әдіс-тәсілдерін қарастарса, И.В.Голубятников өз еңбегін мультимедиалық оқыту кешендерін жабдықтау мәселесіне арнады.

Нәтижелер. Зерттеушілер “мультимедиа” терминіне сан алуан анықтама ұсынған. Атап айтқанда, D.Little: “Мультимедиа – әуен, сызба, мәтін түріндегі сан түрлі ақпараттар мен мәліметтерді жеткізуде техникалық құралдардың мүмкіндіктерін арттырып, адамның мультисенсорлық сигналдарды өңдеуіне арналған технология” [1, 8], D.H.Jonassen: “Мультимедиа – әртүрлі формадағы бірнеше мәліметті бір ғана интербелсенді ұсқада өзара кіріктіре отырып, біріктіру” [1, 209], - деп тұжырымдайды. И.И.Косенко: “Мультимедиа – түрлі формада ұсынылған мәліметтер мен ақпараттарды жинақтап біріктіруге мүмкіндік тудыратын компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдарының кешені” [3, 175], - деп таныса, И.Вернер: “Мультимедиа - дыбыс, сызба, анимация, мәтін, гипермәтін түріндегі ақпараттар мен бейне мәліметтерді қолдануға мүмкіндік беретін аппараттық-бағдарламалық құрал” [4, 94], - деген қорытынды жасайды.

“Мультимедиа” – латын тілінің “multy”, яғни көп және “media” – орта деген сөздерінің бірігуі арқылы жасалған термин. Сондықтан да, мультимедиалық жүйе туралы жазылған ғылыми еңбектер мен зерттеулерді, сан алуан оқулықтар мен оқу құралдарын талдай отырып, “мультимедиа” терминіне “ақпараттық орта” деген балама атау беруге болады. “Ақпараттық орта” дегенді белгілі бір ортада сан түрлі ақпараттық технологияларды қолдана отырып, түрлі мәліметтер мен ақпараттарды ұсыну және оларды өңдеуге арналған арнайы ұйымдастырылған үдерісдеп түсінеміз.

Мультимедиа – оқытушы немесе білім алушыға бірыңғай ақпараттық орта сипатында ұйымдастырылған гетерогенді графика, мәтін, дыбыс, бейне түріндегі деректермен өзара жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені.

Мультимедиалық технология – бұл дәстүрлі статикалық визуалды ақпаратты (мәтін, графика) және динамикалық -сөйлеу, музыка, бейнеклиптер, анимацияны біріктіретін компьютерлік технологияның ерекше түрі және т. б.

Мультимедиалық технология – әр алуан деректер мен ақпараттарды дайындау, жинақтау, саралау, өңдеу, біріктіру үшін аппараттық және бағдарламалық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып қолданылатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы.

Білім беру саласындағы мультимедиа – ең алдымен, адам қиялы арқылы таным үдерісін дамытып, жетілдіретін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті тұрғыда жүзеге асыратын техникалық-бағдарламалық құралдар жиынтығы.

Мультимедиа құралдары – кез келген форматтағы: мәтіндік, графикалық, гипермәтінді немесе музыкалық ақпарат пен мәліметтерді интерактивті, заманауи тұрғыдан қолдануға мүмкіндік беретін компьютердің бағдарламалық құрал-жабдықтары.

Мультимедиалық ресурстар – мультимедиалық құрал-жабдықтар және арнайы бағдарламалық құралдар мен аппараттар көмегімен жасалатын түрлі ақпараттық өнімдер.

"Медиатека" термині латын тілінің "медиа" сөзінен алынған, ол "құрал" немесе "делдал" ұғымын білдіреді.

Медиатека – білім беру мекемелерінде ақпарат құралдары: газет-журналдар, бейнефильмдер мен кинофильмдер, деректі фильмдер мен дыбыстық жазбалар, кең тараған оқулықтар мен оқу құралдары, сызбалар мен кестелер, диаграммалар, анықтамалық сөздіктер мен энциклопедиялар, слайдтар мен компьютерлік бағдарламалар, сан алуан таспалар жинақталып, сақталатын орын.

Мультимедианың дамуы түрлі арнайы бағдарламалық құрал-жабдықтардың көмегімен дайындалатын ақпараттық өнімдерді ұсынатын бейнетехникалық және дербес компьютерлік бағдарламалардың өркендеп, қанатын кеңге жайып, дамуының нәтижесінде іске асып жатыр. Мультимедиа сан қилы мәтіндік, кестелік, графиктік сипаттағы статикалық деректерді, анимациялық, бейне түріндегі динамикалық, сондай-ақ дыбыстық деректер мен ақпараттарды заман талабына сәйкес сапалы түрде жүзеге асыруды көздейді. Мультимедианы құрайтын ақпараттарды 1-суреттен көре аламыз.

Сурет 1 - Мультимедианы құрайтын ақпараттар

Талқылау. Оқушылардың коммуникативтік дағдысын жетілдіруде мультимедиа технологияларын пайдалану компьютерлік графика, суреттер, бейнеақпараттар, анимация, мәтіндер, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың коммуникативтік дағдысын жетілдірудесурет пен графика туындыларын дайындайтын компьютерлік бағдарламалар кеңінен пайдаланылады. Сондай бағдарламаның бірі – сандық кескіндер мен растрлық графикамен жұмыс істеуге

бағытталған Adobe Photoshop бағдарламасы. Бұл бағдарлама кескіндерді безендіріп, әсемдеп, әсерлі етуді жүзеге асырады. Растрлық графика файлдары GIF және JPEG форматында сақталады. Бұл форматтағы кескіндер алуан түсті нүктелердің(пиксельдердің) тізбегінен тұрады. Кескіннің көлемін үлкейткенде пиксельдер анық көрінеді. Тілдік бірліктердің жасалуы, өзгеруі, оқытуда бағдарлама материалдарынсызба, кесте түрінде беруде Adobe Photoshop бағдарламасы оқушылардың теориялық білімдерін кеңейтіп, коммуникативтік дағдыларын арттырады. Оқу әрекетінің басқа әрекет түрлерінен негізгі ерекшелігі оқушының үнемі жаңа нәрсені үйреніп, жаңа әрекеттерді меңгеруімен, үнемі бір әрекеттен екінші бір әрекетке ауысып отыруымен байланысты көрінеді. Сондықтан да оқу үдерісінде оқушының білім алуына, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын арттыруға, ақыл-ойын дамытып, жетілуіне түрткі болатын графика өнімдерін дайындау бағдарламаларының маңызы зор. Adobe Photoshop бағдарламасы оқушыға тілдік бірліктерді меңгерумен қатар олардың креативті ойлау қабілеттерін, қиялын дамытып, кез келген ортада өз ойын ашық айта білуге үйретеді.

Анимация жасау бағдарламасын мәтінмен жұмыс істеу барысында қолдану арқылы оқушылардың белгілі бір пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін жетілдіріледі. Анимациялық өнімдер жасайтын Macromedia Flash бағдарламасы растрлық графикамен қоса векторлық графика элементтерін қолдануды қажет етеді. Векторлық графика барысында кескінді жасау үшін түрлі геометриялық формулалар кең қолданылады. Сондықтан да векторлық графиканың көлемі растрлық графикаға қарағанда шағын болады әрі тез өңделеді. Macromedia Flash бағдарламасын сабақта өтілген тақырып немесе белгілі бір мәтін бойынша слайд, фотоколлаж дайындау сияқты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға арналған тапсырмаларды орындау кезінде қолдану ұтымды болып табылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырып, танымдық қызығушылықтарын жетілдіріп, сөйлеу мәдениеттерін қалыптасып, дамуына оң ықпалын тигізеді.

Оқушылардың коммуникативтік дағдысын жетілдіруде дыбыстық ақпаратпен жұмыс істеу бағдарламалары жиі қолданылды. Сондай бағдарламаның бірі – дыбыстық файлдарды өңдеуге қолданылатын Windows операциялық жүйесінің қосымша Sound Recorder бағдарламасы. Аталған бағдарлама дыбыстық файлды құру, ашу және оны үзінділерге бөлу, қиып алу, оны екінші бір дыбыстық файлмен біріктіру, дыбыстың жылдамдығын өзгерту, қандай да бір эффектпен толықтыру сияқты өңдеу жұмыстары мен оны сақтау операцияларын атқарады. Сабақ барысында оқушылардың мәнерлеп оқу қабілеттерін жетілдіруде аталған дыбыстық жазбамен жұмыс істеу қолайлы болады. Аталған бағдарлама оқушылардың ауызша сөйлеу мәдениеттерін арттырып қана қоймай, оқушылардың теориялық білімін практикада дұрыс қолдана білуге, ауызша сөйлеудің қыр-сырын меңгерулеріне мүмкіндік жасап, коммуникативтік дағдыларын қалыптастырады.

Оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыру мақсатында интернет мүмкіндіктері мен әлеуметтік желідегі бағдарламалар кеңінен қолданылды. Zoom платформасы – интернет арқылы мәтін, дауыс, бейне арқылы байланыс орнататын желі. Оқушылар Zoom-мен жасалған шағын баяндамалар арқылы өз еңбектеріне баға беріп, өз қателерін түзетуге, болашақта сол қателерді жібермеуге тырысып, сыни баға беруді үйренді. Оқушылардың коммуникативтік дағдысын жетілдіруде meet платформасы да ұтымды қолданылды.

Мультимедиа – түрлі типті деректер мен мәліметтерді өңдеу мен ұсыну арқылы жинақталған ақпараттық қор әрі қолданушыға мейлінше жағымды ықпал ету мақсатында сан түрлі бағдарламалар мен техникалық құрал-жабдықтарды қолданатын ақпараттық технологиялар спектрі [5, 2]. Оқушылардың коммуникативтік дағдысын жетілдіруде жаңа тақырыпты меңгерту, оны бекіту, өтілген материалдарды қайталауда инфографика жасау үшін canva.com сайты ұтымды қолданылды.

Интерактивті тақта – графикалық мүмкіндігі жоғары, оқыту құралдарын ұтымды әрі кең қолдануға септігін тигізетін, көрнекі құралдардың көлемін ұлғайту арқылы оқушылардың материалды қабылдауын жеделдететін, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың тиімді құралы, оқытуды диалогты түрде ұйымдастыратын аппаратты-бағдарламалық құрал.

Интерактивті тақтаның артықшылығы – компьютердің мониторындағы түрлі бейнені немесе мәтінді проектор арқылы электрондық тақтада көрсету болып табылады.

Интерактивті тақтаның өзіндік ерекшелігі:

- статикалық және динамикалық тұрғыда дидактикалық материалдар дайындай алуы;
- түрлі сызбалар мен кестелерді, суреттер мен жазбаларды, кескіндер мен диаграммаларды тез салуарқылы уақыт үнемдеуі;
- оқушылардың назарын керекті мәліметке аудару үшін қажетті ақпаратты ерекшелеуге мүмкіндік беретін техникалық-бағдарламалық құралдармен жабдықталуы;
- берілген ақпарат пен мәліметті мұғалім немесе оқушы сабақ кезінде қалауынша бірнеше рет көре алуы;
- жұмыс орнының көлемді аймақты қамтуы;
- экран арқылы көрсетілетін слайдтар санының шектеусіз болуы;
- тақырыпқа байланысты материалға қозғалмалы немесе дыбыстық қосымша енгізе алуы;
- сабақ үстінде қолданылған ақпараттың электрондық түрін оқушылардың көшіріп алуына болатындығы;
- экранның кез келген нүктесіне берілетін бір немесе бірнеше әсерді бір уақытта тез анықтауға болатындықтан, тақтада бір уақытта бірнеше оқушының жұмыс жасай алуы;

- басқару батырмалары арқылы интерактивті тақтаны проектордан ажыратып, қарапайым тақта ретінде қолдануға болады.

Интерактивті тақта көмегімен интерактивті әдістерді қолдану сабақтың тиімділігін арттырады.

Инновациялық әдістер – бұл оқушылардың оқу-танымдық, коммуникативтік, жеке іс-әрекетін дамытудың тиімді құралы болып табылатын мұғалім жұмысындағы жаңа, заманауи әдістер болып табылады.

Инновациялық әдістердің пайда болуы үздіксіз даму мен өзгеріс жағдайындағы қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне байланысты. Яғни, мұндай қоғамдағы білім беру жүйесі де осы сұраныстарға сәйкес өзгеріп, жетілдірілуі керек.

Оқыту процесінде көптеген инновациялық әдістер бар. Оларды мұғалімдер педагогикалық әрекетте белсенді қолданады. Атап айтсақ, дәріс, тренинг, кейс-әдісі, рөлдік ойындар, іскерлік ойын, тәжірибе алмасу, миға шабуыл, рефлексия әдісі, тақырыптық талқылаулар т.б.

Қазіргі қоғамдағы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін сабақтардың ең тиімді түрлерінің бірі - имитациялық ойындар. Бұл ойындардың негізгі міндеттерінің бірі - оқушылардың қазіргі қоғамдағы мінез-құлқын модельдеу.

Имитациялық ойындар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, имитациялық ойындар мектеп оқушыларының өзін еркін сезінетіндей, белсенді және толық дербестігін көрсете алатындай етіп оқыту процесін құруға, өз мүдделерін табиғат пен жалпы қоғамның мүдделерімен байланыстыруды үйренуге мүмкіндік береді.

Интерактивті әдісті қолдану арқылы оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдап, өзара сыйластық пен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатып, өздерін жеке тұлға ретінде танытуға мүмкіндік алып, сыни көзқарастарын қалыптастырып, ауызша сөйлеу қабілеттерін жетілдіреді. Сондай-ақ, оқушы өз ойы мен көзқарасын ашық әрі еркін жеткізуге, өзгелермен қарым-қатынасқа түсе отырып, өзінің және сыныптастарының білімін әділ бағалауға, пән мұғалімімен ашық сөйлесіп, еркін ой

бөлісуге, достарының пікірін тыңдай отырып, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытылады. Интерактивті оқытуда оқушылар белгілі бір мәселенің шешімін іздеу немесе талдау барысында жеке әрекет етпей, бірлесе жұмыс істеп, нәтижеге бірге қол жеткізеді [6, Б.115]. Яғни, интерактивті оқыту бірлесе үйрену идеясымен ерекшеленеді деп тұжырымдаймыз.

Қорытынды. Қорыта келгенде, жоғарыда аталған мультимедиалық технологиялардың әдіс-тәсілдерінің қайсысы болсын оқушылардың коммуникативтік дағдысын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Аппараттық және бағдарламалық құрал-жабдықтарды қолдану негізіндегі асатын технология білім сапасын арттыруда, оқушылардың білімінің берік болуына, сөйлеу мәдениетінің қалыптасып, дамуына игі әсер етті.

Мультимедиалық технологиялар оқушылардың тұлғалық қасиеттерін, оқу мотивтерін, пәнге деген ынталарын арттырып, коммуникативтік дағдысын қалыптастыруға оң ықпал етті. Сондай-ақ, сан алуанақпараттар легінен қажеттісін іріктеп, тиімді пайдалану адамның ішкі сезім мүшелері арқылы жан-жақты әрі терең қабылдауына әсер ететіндіктен, түрлі ақпараттар мен деректерді кіріктіріп ұсыну арқылы мультимедиалық технология оқытудың интерактивтілік ұстанымын қамтамасыз етті.

Білім беру саласында мультимедиалық технологияларды кеңінен қолдану арқылы заман ағымына сай білімді, жан-жақты дамыған тұлға дайындау – бүгінгі күннің басты талабы. Мұндай сабақтарды ұйымдастыру жаттығудан гөрі жүйелі дайындықты талап етеді.

Мультимедиалық технология түрлі құбылыстарды қозғалыста көрсету негізінде абстрактілі ақпараттар мен деректерді көрнекі тұрғыда ұсынып, оқу үдерісінде компьютердің қолдану саласын кеңейтіп, макро және микро әлемдегі нысандарды визуалдауға мүмкіндік берді.

Аңдатпа. Мақалада мультимедиа құралдарын оқу үдерісінде қолданудың оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы тиімділігі қарастырылады. Мәтін, бейне, аудио, графика, интерактивті анимациялар сияқты мультимедиалық ресурстардың тілдесім дағдыларын жетілдірудегі рөлі талданады. Мультимедиа технологияларының оқу мотивациясын арттыруы, шынайы коммуникациялық орта қалыптастыруы мен оқушылардың сөйлеу мәдениетін арттыруы ғылыми негізде дәлелденеді. Мультимедиа құралдарының диалог жүргізу, пікірталасқа қатысу, ойды жүйелі жеткізу сияқты коммуникативтік дағдыларды дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктері сипатталады.

Түйін сөздер: коммуникативтік дағды, мультимедиа, ақпараттық технология, мультимедиалық технология, графика, мәтін, дыбыс, бейне

Аннотация. В статье рассматривается эффективность использования мультимедийных инструментов в процессе обучения для развития коммуникативных навыков студентов. Анализируется роль мультимедийных ресурсов, таких как текст, видео, аудио, графика и интерактивная анимация, в улучшении коммуникативных навыков. В статье доказана научная основа применения мультимедийных технологий для повышения мотивации к обучению, создания реальной коммуникативной среды и улучшения речевой культуры учащихся. Описаны педагогические возможности мультимедийных средств в развитии коммуникативных навыков, таких как ведение диалога, участие в дискуссиях и систематическое изложение мыслей.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, мультимедиа, информационные технологии, мультимедийные технологии, графика, текст, звук, видео

Abstract. This article examines the effectiveness of using multimedia tools in the learning process to develop students' communication skills. It analyzes the role of multimedia resources, such as text, video, audio, graphics, and interactive animation, in improving communication skills. The article proves the scientific basis for the use of multimedia technologies to increase motivation for learning, create a real communication environment and improve the speech culture of students. The pedagogical potential of multimedia tools in developing communication skills, such as conducting a dialogue, participating in discussions and systematically expressing thoughts, is described.

Keywords: communication skills, multimedia, information technology, multimedia technologies, graphics, text, sound, video

Әдебиеттер тізімі:

1. Little D. Interactive video and the control of learning. Educational technology., 2017.- P.7-15.
2. Jonassen D.H. Computer in the classroom. Englewood cliffs: Prentice Hall., 2014. – 254 p
3. Косенко И.И. Изучение мультимедиа в процессе подготовки учителя информатики: дисс...канд.пед.наук. -Москва., 1999. – 197 с
4. Вернер И. Все о мультимедиа. - Киев: ВHV., 1996 –157 с.
5. Мультимедийные технологии. [www. bourabai.kz/mmt/](http://www.bourabai.kz/mmt/)
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектептеқолдану. – Алматы, 2015. – 180 б

«МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ЭКО-ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ»

Уткелбаева Айгүл Алтынбекқызы

Абай атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған
сыныптары бар мектебінің директоры, Қызылорда қ, Қазақстан

Заманауи білім беру процесі балаға теория мен практиканы ғана үйретіп қоймай, сонымен бірге моральдық және этикалық құндылықтарды сіңіруге, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ұмтылады. Бұл әсіресе қоғамның технологиялық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін STEM (әдебиет, ғылым, технология, инженерия, математика) пәндеріне қатысты. «Qundylyq» бағдарламасы тек академиялық жетістіктерге ғана емес, сонымен бірге тұлғалық қасиеттер мен құндылықтарды дамытуға басымдық берген оқытудың интеграцияланған тәсілін ұсына отырып, осы процеске үлес қосуға арналған. Осы орайда әрбір пән мұғалімі академиялық білім беруді стандартты меңгертумен қатар құндылық қағидаттарын сабақ барысында қолдана отырып, «Адал азамат, «Таза Қазақстан» жобаларын негізге ала отырып, ой санасы таза, рухани бай тұлға тәрбиелеуді басты бағыт етіп алады.

Осыларды негізге ала келе, қазақ әдебиеті мен жаратылыстану пәнін байланыстырып білім алушыларға экологиялық білім беру, экологиялық саналы азамат қалыптастыру үшін төмендегідей әдістерді ұсынамын. Күнтізбедегі атаулы күндердің табиғатқа қатыстыларын алып атаулы күндерге сәйкес шығармалар мен әңгімелер тізбесін білім алушыларға таныстыру. Эко-білім беруді дамыту жаратылыстану-ғылыми бағыттағы жалпы білім беретін пәндер бойынша практикалық сабақтар, қосымша білім беру шеңберіндегі үйірме жұмыстары оқу және оқудан тыс қызмет шеңберін де білім алушылардың ғылыми зерттеулері мен ғылыми жобаларын ұйымдастыру арқылы іске асырамыз. Берілген тараулар бойынша ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген сабақ

тақырыптарына сәйкес қосымша материалдар, тапсырмалар, аңыз-әңгімелерді жинақтаймыз. Әр тақырып бойынша қысқа мерзімді жоспарлар, теориялық-дидактикалық мәліметтер мен практикалық жұмыстар мен тапсырмалар легін әдебиеттегі экологиялық тақырыптар бойынша материалдарды ұсынамыз.

Бұл жердегі біздің мақсатымыз сабақтың эко әдебиет әдеби-жаратылыстану-ақпараттық саласына сәйкес білім беру стандартының жекелеген тақырыптарының мазмұнын нақтылау және кеңейту, академиялық сағаттарды курстың тарауы мен сабақтың тарауы бойынша бөліп, мектепшілік және пәнаралық байланыстарды, қазақ әдебиеті мен жаратылыстану пәндерін тереңдетіп оқытумен сыныптағы оқу процесінің логикасын кеңейтіп, оқушыларды қызықтыра отырып оқыту.

Экоәдебиет сағатында ұсынылған күнтізбедегі табиғатты қорғау, экологиялық атаулы күндерге сәйкес бағдарламамен таныса отырып, әдебиет пен жаратылыстану пәндері бойынша алған білімі мен дағдыларын кіріктіре отырып, экология негіздерін оқыту қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу; Абайдың «Толық Адам» концепциясын игерту, табиғат лирикасын философиялық ой тұжырымдарын қара сөздеріндегі философиялық ойларын адамның балалық шағымен, жастық кезеңімен, кемел жасы мен қарттығын баяндау, Адам мен Табиғат ажырамас дүние екендігіне әдеби шығармалар арқылы үйрету, білім алушылардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру; қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және қорғау, экологиялық білім бастамаларымен танысады, экосана қалыптасады.

Оқушылар осының аясында үнемдеу, жанашырлық, тәрбие құндылықтарын пайдалана отырып қазақ әдебиеті, жаратылыстану пәндерінен қосымша материалдарды оқу арқылы және Практикалық жұмыстарды орындау принципіне негізделіп құрастырылған сабақ жоспарларына сәйкес экология саласы бойынша білім негіздері мен дағдыларын меңгереді. Оқушылар сабақ барысында әртүрлі материалдармен, экология бағыттары бойынша әдеби шығармалармен жете танысады, экологиялық тақырыптағы кездесулер, семинарлар, бағдарламалар, эко шерулер бағдарламасын өз беттерінше дайындап, волонтерлік қозғалыстарды ұйымдастырып, қатысады. Экологиялық танымдық тәрбие — табиғат туралы білімнен және табиғатты ең жоғары ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық деп бағалай отырып, оған ізгі, жауапкершілікті көзқараспен қараудан тұратын жоғары экологиялық мәдениетті — жасөспірім ұрпақты мақсатты дамыту ортасы пайдаланылады.

Экологиялық әдебиетті оқытудың мақсаты:

- қазақ әдебиеті, жаратылыстану пәндерінен алынған білімдерін практикалық біріктіріп қолдану жолымен оқуға ынталарын арттыру;
- оқушыларды көркем әдебиет арқылы табиғатты сүйуге, оны қорғауға тәрбиелеу және эко сананы қалыптастыру;
- экологиялық білімдерін жетілдіру;
- табиғи ресурстарды үнемдеуді, қоршаған ортаның ластануын тоқтату, табиғи экожүйені сақтауға деген қызығушылықтарын дамыту.

Экологиялық әдебиетті оқытудың міндеттері:

- оқушылардың экологиялық білімдері жөніндегі оқу жетістіктерінің деңгейін арттыру үшін жағдай жасау;
- өмірде және нақты іс-әрекетінде экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төселу;
- табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу;
- экологиялық әдебиет түрлерімен таныстыру;
- шығармашылық қабілетін дамыту (өлең, жазу, эссе, сурет салу)
- экологиялық білім және тәрбие құрамын ұйымдастыру;

Экологиялық әдебиетті оқытудың өзектілігі:

Әдебиетті оқыту арқылы экологиялық білім беру дегеніміз — әр түрлі деңгейдегі экологиялық білімдерді меңгеру.

Экологиялық тәрбиенің басты міндеттері:

Табиғат тепе-теңдігін қалпына келтіріп, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, табиғат қазынасының, оның ішінде адамның өзін сақтап қалу проблемасы әрбір адамнан экологиялық сауаттылықты талап етеді. Қазіргі кезде экологиялық білім беру мәселесі білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес. Қоғамдық экологиялық сана қоғамның экологиялық проблемаларымен күресуде мықты фактор болып табылады. Экологиялық білім беру — ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі.

Қазіргі заманғы экологиялық білім берудің негізгі мақсаты — қоғамдық сананы экологизациялау болып табылады. Міндеті — адамның тіршілік барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін органы басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ету.

Қазіргі кезде жер шарында жаппай экологиялық апаттың таралуы және оның алдын алу мақсатында табиғат қорғау жұмыстарын түбірімен жаңа негізде жетілдірудің қажеттігі экологиялық мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Экологиялық білім беру төмендегі іс — әрекеттердің дамуына бағытталған: Олай болса, мазмұнға толы табиғатымызды сақтап қалу экологиялық білімді талап етеді.

ЭКОӘДЕБИЕТ- табиғат пен адам арасындағы байланысты, табиғатқа деген сүйіспеншілікті, оны қорғау қажеттілігін суреттейтін көркем немесе ғылыми шығармалар. Бұл әдебиет адам бойындағы экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастырады.

1. Мысал шығармалар:

- Абай Құнанбаев- Жылдың төрт мезгілінебайланысты табиғат лирикалары. (Қыс. Жаз. Жазғытұры.Күз.)
- Асан қайғының Шұрайлы жерді іздеуі- «Жергеайтқан сыны».
- Мұқағали Мақатаев- «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы, «Табиғат-аналардан да ұлы ана».
- Сәкен Сейфуллин-«Көкшетау» поэмасыарқылы табиғат сұлулығын суреттеу.
- Өтежан Нұрғалиев – табиғат туралы өлеңдермен шағын әңгімелер.
- Сергей Аксаковтың «Аленький цветочек» ертегісі табиғат сұлулығын бағалауғаүйретеді.
- Қазақстандағы экологиялық мәселелер (Арал теңізі, Семей полигоны, Байқоңыр ғарышайлағы)
- ҚР Қызыл кітабы және ерекше қорғалатын аймақтар туралы әңгімелер мен деректер

2. Экологиялық тақырыптар:

- Табиғатты қорғау;
- Қалдықтарды қайта өңдеу;
- Климаттың өзгеруі;
- Ормандарды сақтау;
- Жануарлар дүниесін қорғау;
- Құндылықтарды үйрету;
- Мысалдар арқылы тәрбиелеу.

Экологиялық күнтізбеде белгіленген атаулықүндерге де бағдарлама барысында тоқталып, осы бағыттағы әдебиеттермен таныстыру, атаулы күндер табиғатты қорғау, ресурстарды үнемдеу, экологиялық мәдениетті арттыру. Осыған сәйкес, эко әдебиетке қойылатын талаптар да ерекше. Міне, эко әдебиетті жасау мен пайдалануда ескерілетін негізгі талаптар:

1. Тақырыптың экологиялық маңыздылығы

- Табиғатты қорғау, экологиялық мәселелерді шешу, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау-өзекті мәселелі тақырыптардың болуы.
- Атаулы күндер (мысалы, Су күні, Жер күні, Орман күні, Балықтарды қорғау күні, Қызыл кітаптың енген күні) шеңберінде мазмұнын тереңдетіп ұсынылуы және оны оқушылардың білуі.

2. Ғылыми негізділік пен нақтылық күні

- Экологиялық деректерді сенімді, заманауи ғылыми ақпараттарға сүйеніп жасалуында.
- Статистикалық мәліметтер мен фактілердің нақты берілуінде.

3. Тәрбиелік және экологиялық мәдениет қалыптастыруға бағыттылығы

- Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлық сезімін оятады,
- Экологиялық сауаттылықты, жауапкершілікті тәрбиелеуге ықпал етеді.

4. Көркемдік және тілдік талаптар

- Тілі көркем, түсінікті әрі бейнелі болып беріледі,
- Оқырманның жас ерекшелігіне сәйкес тілі мен стилі таңдалған.

5. Ұсынылған іс-әрекет пен тәжірибелік бағыт

- Оқырманды табиғатты қорғауға бағытталған нақты әрекеттерге итермелеуі (мысалы: ағаш егу, қоқыс сұрыптау, суды үнемдеу)
- Эко күнтізбеге байланысты шаралар мен ұсыныстар қамтылуы.

6. Көрнекілік пен құрылымдық

- Инфографика, суреттер, сызбалар сияқты визуалды материалдардың берілуінде.
- Ақпарат реттеліп, тақырыптық бөлімдермен берілуі.

7. Жаңа технологиямен үндес болуында

- Экологиялық қосымшалармен, QR-кодпен, мультимедиялық контентпен толықтырылған.
- Эко әдебиет тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар табиғатқа деген сана мен көзқарасты қалыптастыратын мәдени құрал ретінде маңызды рөл атқарады.

Экологиялық сана-бұл адамның табиғатқа деген жауапты, саналы қарым-қатынасы. Оны қалыптастыру үшін оқушыларға қойылатын талаптар келесідей:

- Қоршаған орта, экожүйе ластану түрлері мен салдары туралы базалық білімін білуі;
- Экологиялық күндер мен олардың мән-маңызын түсінуі;
- Табиғатты қорғау әрекеттерінде белсенді қатысу(мысалы, ағаш отырғызу, қоқыс жинау, экологиялық сенбіліктерге қатысу);
- Өз іс-әрекеттерінің табиғатқа әсерін бағалай білуі.

Экологиялық мәдениет пен тәртіп

- Қоқысты дұрыс сұрыптау, суды, электр энергиясын үнемдеу,
- Қоғамдық орындарда тәртіп сақтау(қоқысты тастамау, жасыл аймақты таптамау, қауіпті орындарда от жақпау, орманды өртемеу)

Жасампаз бастамалар ұсыну

- Мектепте, үйде экологиялық жобалар жасау, үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру,
- Басқаларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға баулу.

Ақпаратпен жұмыс істей алуы

- Экологиялық әдебиетпен, жаңалықтармен бөлісіп отыру,
- Табиғатты қорғауға арналған ақпарат көздерін сын тұрғысынан талдау.
- Посттар жариялау, экологияны қорғауға байланысты роликтер жасау.

Қоғамдық белсенділік

- Экологиялық акциялар, дебаттар, көрмелер, шығармашылық байқауларға қатысу.
- Өз көзқарасын дәлелдеп, қоғамда экологиялық сана қалыптастыруға үлес қосу.

Экологиялық білім беруді жетілдіру бойынша жасалған қадамдар (бағдарламалық құжаттар):

2002 жылы – "ҚР экологиялық білім беру тұжырымдамасы";

2003 жылы – "ҚР 2004 – 2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы";
2008 жылы – "ҚР 2008 – 2010 жылдарға арналған Қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы;
2013 жылы – ҚР "Жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама;
2018 жылы – ҚР 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;
2021 жылы – "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасы.

Экологиялық білім беру - бұл ғылыми және практикалық білім мен дағдылар жүйесін, құндылық бағдарларын, мінез-құлқы мен қызметін қалыптастыруға бағытталған тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың үздіксіз процесі.

Экологиялық білім беру жүйесіне келесі принциптер енгізілген: гуманизм, ғылым, интеграция, үздіксіздік, экологияның жаһандық, аймақтық және жергілікті аспектілерін ашудың жүйелілігі мен өзара байланысы.

Экологиялық білім беру - бұл ғылыми және практикалық білім мен дағдылар жүйесін, құндылық бағдарларын, мінез-құлқы мен қызметін қалыптастыруға бағытталған тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың үздіксіз процесі.

Экологиялық білім беру жүйесіне келесі принциптер енгізілген: гуманизм, ғылым, интеграция, үздіксіздік, экологияның жаһандық, аймақтық және жергілікті аспектілерін ашудың жүйелілігі мен өзара байланысы.

Адам экожүйенің бір бөлігі, Мұғалім сыныпқа түсіндіру барысында сыныпты бірнеше топқа бөледі. Әр топ табиғатқа қандай пайда келтіретінін ақылдаса отырып, ортаға ұсынады. Идеясы: Мектеп ауласына, үйінің ауласына ағаш отырғызу, мектеп ауласындағы және жүрген жерінде қоқыстарды өзіңнен кейін қалдырмай жинау, қажет болмаған кезде жарықты өшіріп жүру дағдысын қалыптастыру, мектепте қолданылмайтын қағаздарды жинап макулатураға өткізу.

Сабақ тапсырмасы ретінде эссе жазу. Эссенің дескрипторы: Жойылып кету қаупі төнген түрлерді қорғаудың моральдық және этикалық аспектілерін талқылау; жойылып кету қаупі төнген түрлерді сақтау үшін патриоттық шаралар қабылданған елдердің сәтті тәжірибесін жазу;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы. I том.
2. Құндылыққа толы сабақ. (2024) Оқу-әдістемелік құрал,
3. Дьюи, Дж. (1997). «Democracy and Education». New York: Macmillan.
4. Выготский, Л. С. (1982). «Ойлау және сөйлеу». Мәскеу: Педагогика.
5. Бітібаева, Қ. (1997). Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: «Рауан».
6. Қоңыратбаев, Ә. (1993). Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: «Мектеп».

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАРЫ: МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ДАҒДЫЛАР

Игизбаева Ляззат Женисовна

Абай атындағы үш тілде оқытатын ДБА
мамандандырылған сыныптары бар мекептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын, соның ішінде оқу сауаттылығын арттырудың әдістемелік жолдары қарастырылған. 9-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес, ақпараттық және көркем мәтіндерді терең талдау, факті мен пікірді ажырату, мәтіндегі жасырын ақпаратты анықтау дағдыларын қалыптастыру мәселелері талданған.

Зерттеу барысында PISA халықаралық бағалау бағдарламасының талаптарына негізделген «тұтас мәтін» (мақала, әңгіме) және «тұтас емес мәтіндермен» (график, кесте, инфографика, жарнама) жұмыс істеу әдістері ұсынылған. Мақалада қолданылған INSERT, «Ойлаудың алты қалпағы», «РАФТ» стратегияларының оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудағы тиімділігі ғылыми тұрғыдан негізделген.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілі сабағын тек грамматикалық ережелерді жаттау емес, тілді практикалық құрал ретінде пайдалану деңгейіне көтеруге бағытталған әдістемелік ұсыныстарды қамтиды. Мақала тіл мамандары мен орта мектеп мұғалімдеріне арналған.

Түйін сөздер: оқу сауаттылығы, функционалды дағдылар, тұтас емес мәтіндер, РАФТ стратегиясы, сыни ойлау, қазақ тілі әдістемесі.

Қазіргі заманауи білім беру кеңістігіндегі басты басымдықтардың бірі – оқушының тек ақпаратты иегеруі ғана емес, сол ақпаратты сыни тұрғыдан талдай алатын, өмірлік жағдаяттарда қолдана білетін функционалды сауатты тұлға болып қалыптасуы. Оқу сауаттылығы – бұл жай ғана мәтінді оқу емес, оның мағынасын түсіну, мазмұнына рефлексия жасау және алған мәліметті белгілі бір мақсатқа жету үшін пайдалану қабілеті.

Оқу сауаттылығын дамыту – бұл жүйелі процесс, ол мұғалімнен оқулықтағы мәтіндерді өмірлік жағдаяттармен байланыстыратын практикалық тапсырмалар құрастыруды талап етеді. Сұрақтар тек «не?», «қашан?» деген форматта емес, «неліктен?», «сенің ойыңша қалай?» деген ашық және проблемалық сипатта болуы шарт.

Халықаралық PISA зерттеулерінің талаптарына сәйкес, оқу сауаттылығы функционалды дағдылардың іргетасы болып табылады. Қазіргі ғылыми тұжырымдарға мән берсек, PISA зерттеулері бойынша Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея елдерінде оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға білім беру мазмұны яғни, ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары және оқыту әдістері сынды факторлар әсер ететіндігі айтылады [1, 9 б]. Осы бағыттағы жұмыстың тиімділігін арттыру үшін мұғалімдер мәтінмен жұмыс істеудің дәстүрлі емес, белсенді стратегияларын қолдануы тиіс.

Функционалды сауаттылық – бұл оқушының мәтінді жай ғана оқуы емес, оның астарлы мағынасын түсінуі, ақпаратты талдауы және алған білімін өмірлік жағдаяттарда, атап айтқанда хат жазу, аргумент келтіру, ресми құжат толтыру қолдана алуы [2, 16 б].

Оқушылардың, соның ішінде 14-15 жастағы 9-сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту – бұл тек білім беру емес, сол білімді күнделікті өмірдегі белгісіз жағдаяттарда қолдана алу дағдысын қалыптастыру болып табылады. Бұл жастағы оқушылар абстрактілі ойлаудың шарықтау шегіндегі жас топтарына жатады.

Яғни олар ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оған күмәнмен қарауға, сыни тұрғыдан бағалауға қабілетті. Сондықтан бұл кезеңде «Тереңдетілген талдау» теориясы алдыңғы орынға шығады. Оқушы мәтіннен тек фактілерді емес, автордың ниетін, авторлық позиция, мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін және оның әлеуметтік контекстін түсінуге бағытталуы тиіс.

Мәтінмен жұмыс істеу барысында оқушының танымдық белсенділігін оятудың алғашқы қадамы – «Болжау» стратегиясы. Бұл әдісті қолдану үшін алдымен мәтінді оқымас бұрын оның тақырыбы мен мазмұнындағы негізгі терминдерді, тірек сөздерді ұсыну арқылы жүзеге асады. Мәселен, тақтаға мәтіннен алынған 5-6 кілт сөзді жазуға болады. Мысалы: «*жаһандық жылыну*», «*антропогендік фактор*», «*экологиялық эмиграция*», «*халықаралық конвенция*», «*болжам*» сөздерінің арасындағы логикалық байланысты тауып, мәтіннің қандай мәселені көтеретінін және оның публицистикалық немесе ғылыми стилде екенін болжау тапсырмасы беріледі. Бұл әдістен күтілетін нәтиже: оқушының сөздік қоры баиды және мәтінді оқу кезінде назары осы терминдердің контекстегі мағынасына автоматты түрде аударылады.

«Болжау» әдісінің келесі қадамы мазмұндық болжау деп аталады. Бұл кезеңде көркем мәтіндерді немесе проблемалық очерктерді талдау барысында «Үзілген оқу» және «Психологиялық пауза» стратегияларын пайдаланған тиімді. Мәтін ең шиеленіскен (кульминация) тұсында тоқтатылады. Оқушыларға «Кейіпкер бұдан кейін қандай шешім қабылдауы мүмкін?» немесе «Автор бұл мәселенің шешімін қалай ұсынады?» деген сұрақ қойылады. Болжам жасағанда оқушы «Меніңше, былай болады» деп қана қоймай, мәтіннің алдыңғы бөлігіндегі кейіпкердің мінезіне немесе нақты ақпаратқа сүйеніп, дәлел келтіруі тиіс [3].

Оқушыларға тек мәтіннің тақырыбы мен бірінші сөйлемін беріп, алғашқы абзац негізінде автордың позициясын болжау арқылы «Автор осы мәселеге оң көзқараста ма, әлде теріс пе? Мәтін соңында автор бізді неге шақыруы мүмкін?» деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы шығармаға деген қызығушылығын оятуға болады. Мәселен, егер тақырып «Жасанды интеллект: болашақ па, әлде қауіп пе?» деп аталса, оқушы автордың екі жақты аргумент келтіретінін және соңында бейтарап қорытынды жасауы мүмкін екенін алдын ала «болжай» алады.

Оқу үдерісіндегі келесі маңызды кезең – мәтінді түсіну деңгейін тереңдету. Мұнда «Insert» немесе «Түртіп алу» әдісі өте тиімді. Оқушы мәтінді оқи отырып, шетіне «білемін», «мен үшін жаңа ақпарат», «қайшы келеді», «білгім келеді» деген белгілерді қояды. Бұл әдіс оқушыны ақпаратты сүзгіден өткізуге, маңыздысын іріктеуге және өзінің білім қорымен салыстыруға үйретеді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда «Тұтас емес мәтіндермен» жұмыс істеудің орны ерекше. Қазіргі өмірде балалар тек әдеби мәтіндермен ғана емес, кестелермен, графиктермен, инфографикалармен және нұсқаулықтармен жиі кездеседі. Бұл әдіс шығарманың мазмұнын заманауи ақпараттық форматта өңдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Абайдың қара сөздері – дидактикалық, философиялық ойларға толы. Мұнда функционалдық сауаттылықты дамыту үшін оқушыларға «Толық адам» концепциясын инфографика түрінде сызғызуға болады. Сонымен бірге отызыншы қара сөзіндегі адам бойындағы міндер мен қасиеттерді салыстырмалы кестеге түсіру тапсырмасын беруге болады. Оқушы мәтіннен «ғылым», «қайрат», «жүрек» ұғымдарының өзара байланысын көрсететін логикалық блок-схема құрастырады. Бұл оқушыға күрделі философиялық мәтінді құрылымдық ақпарат ретінде қабылдауға көмектеседі.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қайтқанда» тарауын оқыту барысында шығармадағы географиялық атаулар мен рулар арасындағы күрделі қатынастарды түсіну үшін «Тұтас емес мәтін» үлгісін пайдалануға болады. Жас Абайдың Семейден ауылға қайту бағытын көрсететін маршруттық карта сызу немесе Тобықты руының ішіндегі Құнанбай мен Бөжей арасындағы даудың себеп-салдарын «Балық

қаңқасы» диаграммасына түсіруге болады. Бұл оқушыға мәтіндегі есімдер мен оқиғалардың арасындағы байланысты визуалды түрде көруге мүмкіндік береді.

9-сынып оқушысы үшін әдеби туындыны кесте немесе график түрінде қайта өңдеу мәтінді жай оқып шықпай, оны трансформациялауға үйретеді, күрделі сюжеттік желілерді жүйелеуге көмектеседі.

Өз тәжірибемде пайдаланған 9-сынып бағдарламасындағы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қайтқанда» тарауы негізінде PISA форматына бейімделген кешенді тапсырма үлгісін ұсынамын.

«Абайдың оралуы: таным мен тағдыр» тақырыбы бойынша тапсырма блогы:

1-бөлім: Тұтас мәтін. «...Абай биыл өзгеше. Ол қазір Семейден оқудан қайтып келеді. Барғанда он үште еді, қазір он беске толды. Бойы да өсіп, ойы да толып қалған. Бірақ әкесі Құнанбайдың аулына жақындаған сайын көңілін белгісіз бір қобалжу билейді. Ол тек үйін сағынған жоқ, ол өзінің балалық шағы мен болашағының арасындағы үлкен бір өткелде тұрғандай...»

2-бөлім: Тұтас емес мәтін (Кесте) Төменде Абайдың қаладан оралғандағы ішкі жан дүниесі мен қоршаған ортаның әсерін сипаттайтын деректер берілген:

Салыстыру негізі	Қала (Семей) кезеңі	Ауыл (Құнанбай аулы) кезеңі
Негізгі айналысы	Оқу, кітап, білім іздеу	Ел билеу ісі, рулық тартыстар
Ортасы	Шәкірттер, ұстаздар	Билер, болыстар, туыстар
Құндылығы	Тұлғалық даму, рухани еркіндік	Дәстүр, әке үкімі, ел намысы
Қарым-қатынас	Теңдік, достық	Иерархия (үлкен мен кіші)

Қарастыратын сұрақтар:

1-сұрақ (Ақпаратты табу): Кестеге сүйене отырып, Абайдың қала мен ауылдағы құндылықтарының басты айырмашылығын бір сөйлеммен жазыңыз.

2-сұрақ (Интерпретациялау): Мәтіндегі «...балалық шағы мен болашағының арасындағы үлкен бір өткелде тұрғандай» деген тіркес Абайдың сол сәттегі психологиялық күйін қалай сипаттайды?

3-сұрақ (Рефлексия және бағалау): Кестедегі деректерді пайдаланып, Абайдың алған білімі мен ауылдағы «ел билеу ісінің» арасында қандай қайшылық туындауы мүмкін екенін болжаңыз. Өз ойыңызды 2-3 дәлелмен негіздеңіз[4, 152 б].

Бұл тапсырма арқылы оқушы романның көлемді тарауын оқып қана қоймай, оны кестедегі деректермен салыстырады. Бұл – функционалдық сауаттылықтың негізі. 3-сұрақ оқушыдан тек мәтінді қайталауды емес, автор бермеген ақпаратты (инференция) логикалық жолмен табуды талап етеді. Кесте арқылы оқушы ақпаратты тез іріктеп алуға машықтанады.

Функционалдық сауаттылық – бұл «білу» емес, «істей алу». Сондықтан сабақтың 70-80 пайызы оқушылардың өзара әрекетіне, талқылауына және практикалық ізденісіне құрылуы қажет.

Оқу сауаттылығын дамытудың тағы бір маңызды құралы – сұрақ қою техникасы. Блум таксономиясына негізделген «сұрақтар иерархиясы» оқушыны төменгі деңгейлі (кім? не? қашан?) сұрақтардан жоғары деңгейлі (неге? қалай? егер ... болса не болар еді?) сұрақтарға жетелейді. Оқушы мәтіннен дайын жауапты тауып қана қоймай, автордың позициясын бағалап, мәтін ішіндегі жасырын мағынаны (подтекст) анықтауы керек. Мысалы, кейіпкердің іс-әрекетіне баға бере отырып, «Автор бұл кейіпкер арқылы қандай құндылықты жеткізгісі келді?» деген сұраққа жауап іздеу оқушының сыни ойлауын

дамытады. Сонымен қатар, «Графикалық органайзерлер» (Венн диаграммасы, балық қаңқасы – Фишбоун) мәтіндегі себеп-салдарлық байланыстарды визуалды түрде құрылымдауға көмектеседі. Бұл әдістер күрделі ақпаратты жүйелеуге, негізгі идея мен қосымша детальдарды ажыратуға машықтандырады.

Қорыта айтқанда, оқу сауаттылығын дамыту – бұл барлық пәндерге ортақ процесс. Мәтінмен жұмыс істеудің тиімді стратегиялары оқушының тек тілдік қана емес, сонымен қатар логикалық, талдаушылық және шешім қабылдау қабілеттерін арттырады. Мұғалімнің міндеті – оқушыны дайын ақпаратты тұтынушыдан, сол ақпаратты өңдеп, өз қажеттілігіне жарата алатын зерделі оқырман деңгейіне көтеру. Оқушының функционалдық дағдыларын осылайша кешенді дамыту олардың болашақта бәсекеге қабілетті маман және сауатты тұлға болып қалыптасуына кепіл болады.

Қазіргі таңдағы білім беру парадигмасының басты мақсаты да оқушыға тек академиялық білім беру емес, сол алған білімін өмірлік жағдаяттарда еркін қолдана алатын функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру болып табылады деген тұжырым тұрғысынан қарасақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің рөлі ерекше, себебі кез келген ақпаратты қабылдау мен өңдеу тілдік құзыреттілік арқылы жүзеге асады. Оқу сауаттылығы – бұл жай ғана техникалық оқу дағдысы емес, бұл жазбаша мәтіндерді түсіну, олардың мазмұнын терең талдау, мағынасын ұғыну және мақсатқа жету жолында ақпаратты тиімді пайдалану қабілеті. Оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес, олардың аналитикалық ойлау қабілетінің қарқынды дамитын кезеңінде оқу сауаттылығын дамытудың стратегиялық маңызы зор. Оқу үдерісінде тек көркем әдебиетпен шектелмей, заманауи ақпараттық кеңістікте жиі кездесетін «тұтас емес мәтіндермен», яғни кестелермен, диаграммалармен, инфографикалармен және нұсқаулықтармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруда маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіманапов С.Б. *PISA халықаралық зерттеуі аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту*. Алматы: «Өрлеу» БАҰО. – 2018.
2. Сағымбаева А.Қ., Мұратбекова Г.А. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытудағы белсенді әдіс-тәсілдер. «Білім берудегі менеджмент» журналы, 2021, №3 (102).
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (2022). *Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты*. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu> – (Функционалдық сауаттылықты дамытудың құқықтық-нормативтік негіздері).
4. Жұмабаева, Ә. Е. Бастауыш және негізгі мектепте мәтінмен жұмыс істеудің әдістемелік негіздері. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – 2016.

«АБАЙТАНУ» ПӘНІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА СІЦІРУ

Есмағамбет Зада Низатуллақызы

Қызылорда қаласы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп.

Аннотация

Абайтану пәнінің тиімді құндылығы оның жас ұрпаққа тек білім мен дағды ғана емес, сондай-ақ ұлттық идеалдарды, адамгершілік қасиеттерді, отаншылдық пен арнамысты дәріптейтін тәрбие беретіндігінде. Абайдың шығармашылығы арқылы оқушыларға қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрлері, рухани байлығы туралы терең түсінік қалыптасады. Бұл сабақтар барысында оқушылар өз халқының мәдениеті мен тілін қадірлеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға үйренеді.

Абайдың шығармаларындағы тілдің көркемдігі мен терең мағынасы, оның қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі оқушыларды тілдің құдіретін сезінуге үйретеді. Адамгершілік және мораль: Абайдың адамға деген көзқарасы, оның қоғамдағы әділдік пен ізгілік туралы ойлары жастарға дұрыс мінез-құлық қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Ұлттық рух: Абайдың шығармашылығы арқылы оқушылар өз халқына, оның тарихына, мәдениетіне және ұлттық ерекшеліктеріне деген мақтаныш сезімін оятады. Қоғамдық жауапкершілік: Абайдың әлеуметтік мәселелерге қатысты пікірлері оқушыларға қоғамдағы жауапкершілікті сезіну, өз елінің болашағына үлес қосу қажеттілігін түсінуге көмектеседі.

«Абайтану» сабақтарында оқушылардың жас ерекшелігіне орай Абай шығармалары жіктеліп, талданады. Абай шығармаларын адами, отбасылық, мәдени, тарих, тіл, салт-дәстүр құндылығы деп жікке бөлу арқылы мұраларын танытуға болады. Орта буында оқу-білімге, адамгершілікке шақыратын өлеңдері арқылы адами құндылыққа баулысақ, жоғары буында махаббат лирикасы мен саяси әлеуметтік өлеңдері арқылы отбасылық құндылықтарды үйретуге болады. Абай өлеңдеріндегі ұлттық құндылықтарды танытудың тағы бір жолы – кара сөздерін талдау. Жоғары сыныптарда кара сөздерді талдау оқушылардың сыни көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Себебі Абай кара сөздерінің өзі сыни тұрғыда жазылған. Халықтың жақсылығы мен жамандығы, бала тәрбиелеудегі олқылықтар, мақал-мәтелдердің озығы мен тозығы жайлы сөз қозғаған ұлы ақынның бұл мұрасын 9-11-сыныптың оқушылары кеңінен өз пікірлерімен дәлелдеуге ұмтылады. Абай кара сөздерінің мазмұны да бүгінгі күні жаңартылған бағдарлама бойынша талап етілетін эссенің негізі деуге болады. Мысалы, 2-кара сөзіндегі өз мініңді көре білу, 5-кара сөзіндегі мал туралы мақалдарға талдау жасалуы бұл бүгінгі эссе талаптарын орындап тұрған құнды дүние. Осыны оқып отырған оқушылар кез келген дүниені тек оқып қана қоймай, ой елегінен өткізіп жазуға дағдыланады. Жас ұрпаққа қажетті құндылықтардың бірі – отбасылық тәрбие. Бұл тұрғыда Құнанбайдың әуелден-ақ

Абайдың әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды армандағаны белгілі. Әке мен бала арасындағы қай заманда да болатын мәселені шешу осы Абай мен Құнанбай диалогындағы сөздермен-ақ ұғындыруға болатыны сөзсіз. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы заңдылық. Абай – ұлы ұстаз, кемеңгер. Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы – таусылмайтын телегей теңіз. Қорыта айтқанда, Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің қайнар бұлағы. Абай айтқан «толық адам» тұлғасын тәрбиелеуде жас ұрпаққа ұстаным ретінде Абай шығармаларының идеясын негізге алу – өркениетті елге бастар бір жол болмақ.

Түйінді сөздер: Абайтану пәні, жас ұрпақ, ұлттық құндылық, қарасөз, тіл, тарих, дәстүр, отбасы, тәрбие, ұстаз, кемеңгер, Абай мұрасы, толық адам.

Аннотация

Эффективная ценность предмета «Абайтану» заключается в том, что он даёт молодому поколению не только знания и навыки, но и воспитание, направленное на привитие национальных идеалов, нравственных качеств, патриотизма и чувства чести. Через творчество Абая у учащихся формируется глубокое понимание истории, традиций и духовного богатства казахского народа. В ходе этих уроков учащиеся учатся уважать культуру и язык своего народа, ценить национальные ценности.

Художественный язык и глубокий смысл произведений Абая учат учащихся ценить силу языка. Нравственность и мораль: Взгляды Абая на человека и его мысли о справедливости и доброте в обществе играют важную роль в формировании правильного поведения у молодежи. Национальный дух: Через творчество Абая учащиеся развивают чувство гордости за свой народ, историю, культуру и национальную идентичность. Общественная ответственность: Мнения Абая по социальным вопросам помогают учащимся понять важность ответственности в обществе и необходимости вносить вклад в будущее своей страны. Эффективная ценность предмета «Абайтану» заключается в том, что он даёт молодому поколению не только знания и навыки, но и воспитание, направленное на привитие национальных идеалов, нравственных качеств, патриотизма и чувства чести. Через творчество Абая у учащихся формируется глубокое понимание истории, традиций и духовного богатства казахского народа. В ходе этих уроков учащиеся учатся уважать культуру и язык своего народа, ценить национальные ценности.

На уроках «Абайтану» произведения Абая классифицируются и анализируются с учетом возраста учащихся. Его произведения можно представить, разделив их по человеческим, семейным, культурным, историческим, языковым и традиционным ценностям. Для средней школы через стихи, призывающие к учебе и воспитанию нравственности, можно воспитывать человеческие ценности, а для старших классов — семейные ценности через любовную лирику и социально-политические стихи. Еще один способ ознакомить с национальными ценностями — анализ прозы Абая. Разбор его прозы в старших классах позволяет формировать критическое мышление, так как проза Абая написана именно с критической точки зрения. Великий поэт касался добродетелей и недостатков народа, проблем воспитания детей, значимости пословиц и поговорок, что учащиеся 9–11 классов могут глубоко осмыслить и аргументировать собственным мнением. Содержание прозы Абая также может служить основой для эссе, требуемого обновленной программой. Например, анализ самопознания во 2-й прозе и пословиц о собственности в 5-й прозе соответствует современным требованиям к эссе. Чтение этих произведений приучает учащихся не только читать, но и обдумывать материал, формируя навыки письменной речи. Одной из необходимых ценностей для молодежи является семейное воспитание. В этом контексте известно, что Абай под руководством Кунанбаи стремился быть не просто сыном отца, а настоящим человеком. Отношения между отцом и сыном, актуальные в любое время, можно объяснить через диалоги между Абаем и Кунанбаем.

Творческое наследие Абая — это духовное сокровище нашего народа, сохраняющее свою ценность на протяжении веков. Слово Абая — это оберег казахского народа. Познание, оценка, пропаганда и обучение Абая вдохновляют общественное сознание и развивают целеустремленность. В соответствии с требованиями времени естественно открывать новые стороны Абая и делать научные выводы. Абай — великий учитель и мудрец. Тема Абая — вечная, неисчерпаемая.

Подводя итог, можно сказать, что наследие Абая — это источник воспитания человека. Использование идей произведений Абая в воспитании «полного человека» среди молодежи станет одним из путей к цивилизованному обществу.

Ключевые слова: Предмет «Абайтану», молодое поколение, национальные ценности, проза, язык, история, традиция, семья, воспитание, учитель, мудрец, наследие Абая, всесторонне развитый человек.

Annotation

The value of the subject “Abai Studies” lies in the fact that it provides the younger generation not only with knowledge and skills, but also with education that promotes national ideals, moral qualities, patriotism, and a sense of honor. Through Abai’s works, students gain a

deep understanding of the history, traditions, and spiritual wealth of the Kazakh people. During these lessons, students learn to respect their people's culture and language and to appreciate national values.

The artistic language and profound meaning in Abai's works teach students to appreciate the power of language. Morality and ethics: Abai's views on humans and his thoughts on justice and kindness in society play a significant role in shaping proper behavior in young people. National spirit: Through Abai's creativity, students develop a sense of pride in their people, history, culture, and national identity. Social responsibility: Abai's opinions on social issues help students understand the importance of being responsible in society and contributing to the future of their country.

In "Abai Studies" lessons, Abai's works are classified and analyzed according to the age of the students. His works can be introduced by categorizing them according to human, family, cultural, historical, linguistic, and traditional values. For middle school students, we can nurture human values through poems that encourage learning and moral behavior, while for high school students, family values can be taught through love lyrics and socio-political poems. Another way to teach national values in Abai's works is through analyzing his prose. Analyzing his prose in higher grades allows students to develop critical thinking because Abai's prose itself is written from a critical perspective. The great poet addressed the virtues and flaws of people, shortcomings in child-rearing, and the relevance of proverbs and sayings, which 9th–11th grade students can explore and substantiate with their own opinions. The content of Abai's prose can also serve as a foundation for essays required by the updated curriculum. For example, analyzing self-awareness in Prose 2 and examining proverbs about property in Prose 5 aligns with modern essay requirements. Reading these works encourages students not only to study but also to process ideas critically and develop writing skills. One of the essential values for the younger generation is family upbringing. In this regard, it is well known that Abai, guided by Kunabai, aspired not merely to be his father's son but a human being. The father–son relationship, relevant in any era, can be illustrated through the dialogues between Abai and Kunabai. The creative heritage of Abai is a spiritual treasure of our nation that has maintained its importance for centuries. Abai's words are the talisman of the Kazakh people. Recognizing, appreciating, promoting, and teaching Abai inspires society and encourages purposefulness. In accordance with the demands of the time, discovering new aspects of Abai and producing scholarly analyses is natural. Abai is a great teacher and a sage. The theme of Abai is eternal and inexhaustible. In conclusion, Abai's legacy is a source for cultivating humanity. Using the ideas of Abai's works as a guideline in raising the "complete human" ideal among the younger generation will pave the way for a civilized nation.

Keywords: "Abai Studies" subject, young generation, national values, prose, language, history, tradition, family, education, upbringing, teacher, sage / wise person, Abai's legacy, well-rounded / fully developed person.

«Абайтану» пәні арқылы ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіру - еліміздің болашағын қалыптастырудағы маңызды қадамдардың бірі. Абай Құнанбайұлының шығармалары, әсіресе оның өлеңдері мен қарасөздері, қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының асыл мұраларын бойына жинаған. Абайдың ой-толғамдары мен дүниетанымы ұлттық тәлім-тәрбиенің негізін қалаушы, халықтың сана-сезімін жоғары деңгейге көтеретін құрал болып табылады. Абайтану пәнінің тиімді құндылығы оның жас ұрпаққа тек білім мен дағды ғана емес, сондай-ақ ұлттық идеалдарды, адамгершілік қасиеттерді, отаншылдық пен ар-намысты дәріштейтін тәрбие беретіндігінде. Абайдың шығармашылығы арқылы оқушыларға қазақ халқының тарихы, салтдәстүрлері, рухани байлығы туралы терең түсінік қалыптасады.

Бұл сабақтар барысында оқушылар өз халқының мәдениеті мен тілін қадірлеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға үйренеді. Абайтану пәні арқылы ұлттық құндылықты

оқушы бойына сіңірудің негізгі аспектілері: Тіл мен әдебиетке деген құрмет: Абайдың шығармаларындағы тілдің көркемдігі мен терең мағынасы, оның қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі оқушыларды тілдің құдіретін сезінуге үйретеді. Адамгершілік және мораль: Абайдың адамға деген көзқарасы, оның қоғамдағы әділдік пен ізгілік туралы ойлары жастарға дұрыс мінез-құлық қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Ұлттық рух: Абайдың шығармашылығы арқылы оқушылар өз халқына, оның тарихына, мәдениетіне және ұлттық ерекшеліктеріне деген мақтаныш сезімін оятады. Қоғамдық жауапкершілік: Абайдың әлеуметтік мәселелерге қатысты пікірлері оқушыларға қоғамдағы жауапкершілікті сезіну, өз елінің болашағына үлес қосу қажеттілігін түсінуге көмектеседі. Осылайша, «Абайтану» пәні арқылы оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, олардың әлемдік мәдениетпен байланысын нығайту, өз халқының салт-дәстүрлерін сақтап, болашақта оларды дамытатын тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Өз болашағын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарды шын бағалай білетін халықтың болашағы мәңгі болмақ.

Бүгінгі алпауыт жаһандану дәуірінде кез келген ұлтты сақтап қалатын дүниелер – сол ұлттың төл тарихы мен мәдени мұралары. Осы ретте еліміздің ертеңі, әрқайсысымыздың өмір жалғасымыз болып табылатын жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – аса өзекті тақырып. Қалыптасуына ықпал етеді. Осы орайда жас ұрпақты ұлттық құндылыққа баулудың бірден-бір жолы – Абай мұралары. Абайды оқыту арқылы жаңа биіктерге көтерілу, рухани өсіп-өркендеген іргелі еліміздің елдік белгісін биік дәрежеге көтеру. Бүгінгі күні білім беру саласында «Абайтану» мәселесіне басты назар аударылып отырғаны да – осының айғағы. Орта буында оқу білімге, адамгершілікке шақыратын өлеңдері арқылы адами құндылыққа баулысақ, жоғары буында махаббат лирикасы мен саяси әлеуметтік өлеңдері арқылы отбасылық құндылықтарды үйретуге болады.

Абай өлеңдеріндегі ұлттық құндылықтарды танытудың тағы бір жолы – қара сөздерін талдау. Жоғары сыныптарда қара сөздерді талдау оқушылардың сыни көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Себебі Абай қара сөздерінің өзі сыни тұрғыда жазылған. Халықтың жақсылығы мен жамандығы, бала тәрбиелеудегі олқылықтар, мақал-мәтелдердің озығы мен тозығы жайлы сөз қозғаған ұлы ақынның бұл мұрасын 9-11-сыныптың оқушылары кеңінен өз пікірлерімен дәлелдеуге ұмтылады. Абай қара сөздерінің мазмұны да бүгінгі күні жаңартылған бағдарлама бойынша талап етілетін эссенің негізі деуге болады. Мысалы, 2-қара сөзіндегі өз мініңді көре білу, 5-қара сөзіндегі мал туралы мақалдарға талдау жасалуы бұл бүгінгі эссе талаптарын орындап тұрған құнды дүние. Осыны оқып отырған оқушылар кез келген дүниені тек оқып қана қоймай, ой елегінен өткізіп жазуға дағдыланады. Жас ұрпаққа қажетті құндылықтардың бірі – отбасылық тәрбие. Бұл тұрғыда Құнанбайдың әуелден-ақ Абайдың әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды армандағаны белгілі. Әке мен бала арасындағы қай заманда да болатын мәселені шешу осы Абай мен Құнанбай диалогындағы сөздермен-ақ ұғындыруға болатыны сөзсіз. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы заңдылық. Абай – ұлы ұстаз, кемеңгер. Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы – таусылмайтын телегей теңіз. Қорыта айтқанда, Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің қайнар бұлағы. Абай айтқан «толық адам» тұлғасын тәрбиелеуде жас ұрпаққа ұстаным ретінде Абай шығармаларының идеясын негізге алу – өркениетті елге бастар бір жол болмақ.

Абай Құнанбаевтың шығармашылық жолын тану процесі қазіргі қазақ әдебиетінің ілгері де өнімді саласына айналғаны хақ. Оған себеп поэзия пайғамбарының ұланғайыр әдеби мұрасы ұлтымыздың рухани әлеміндегі қайталанбас ғажайып құбылыс болуында

жатыр. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық. Бұған қарап, «Қазақтың бас ақынының» есімі мен еңбегі ел жадында көмескіленді дей алмаймыз. Мұхтар Әуезов негізін салып кеткен қазақ әдебиетінің іргелі саласы абайтану барында ұлы ғұлама қазынасы ұрпақтан-ұрпаққа жете бермек. Осы бастаманы біз де мектеп оқушыларына «Абайтану» курсына оқыту арқылы жалғастыруды жөн деп тауып, арнайы басты тақырыптарды қамтып, бағдарламасын жасадық.

Бағдарламада: Ø Абай мұрасының ХХ ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылды; Ø ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлімтәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілді; Ø Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды; Ø Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына көңіл бөлінді; Бағдарлама Абай Құнанбайұлының: қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын: ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігін; шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуын және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғандығын; Абайдың әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін; Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын; Абайтану ілімін қалыптастырған М.Әуезовтің Абайдың ақындық дәстүрінің негізгі арналарын сараптап, Абайдың ақындық мектебін айқындап, оның ақындық айналасын ғылыми жүйелеп беруінің маңызы мен мәнін оқушының ғылыми негізде ұғынуына және тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең танып, білуіне; курстың соңына қарай: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп өсиет қалдырған қайраткер, кемеңгер ойшыл Абай «Қазақтың бас ақыны» ретінде танылуына бағытталған. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері «Абайтану» курсының мақсаты – ақынның өсиет-өнегеге, ақыл-білімге, пайым-парасатқа тұнған баға жетпес байлығы арқылы саналы, өрелі ұл-қызды, өмірі мен өлеңдері туралы жетік білетін абайтанушыларды, Абай мұрасының білгірлерін қалыптастыру. Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру. Курсты оқытудың міндеттері: 1) қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану. Абай шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру. 2) ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіндіру арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, автордың ұстанымын түсінуге баулу, көркем туындының тілдік ерекшеліктерін, идеялық мәнін талдауға, пікір алмасуға үйрету, жастардың өмірден өз орнын табуға бағыттау; 3) Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан таныту, ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына дарыту, ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алуға тәрбиелеу, шығармаларының адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты,

әділеттілікті, татулықты, бірлікті жырлайтындығын келер ұрпаққа үлгі-өнеге ету. 4) абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға, толық адам концепциясына қатысты өзекті мәселелерді айқындау. Ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету; 5) ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын сөз ету, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастарымен таныстыру; 6) ақынның шетел ақындарының шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту; 7) Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау. Қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы жұмыстарынан хабардар ету; Өзектілігі: Бүгінгі білім беру жүйесінде аса маңызды, өйткені ұлттың мәдениеті мен рухани дүниесін терең түсіну үшін Абай шығармашылығын оқыту — қазақ халқының ұлттық болмысын сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізудің бірденбір жолы. Ұлттық құндылықтар мен моральдық тәрбиенің негізін қалайтын Абай шығармалары ұрпақ тәрбиесіне, адамгершілік, адалдық, білімге, еңбекке және елге деген сүйіспеншілікке баулиды. Бүгінгі күнде қазақ қоғамы жаһандану мен глобализацияға бет бұрып, сырттан келген ақпараттар мен мәдениеттердің әсерінен қазақ тілінің, мәдениетінің және ұлттық құндылықтарының әлсіреуі байқалуда. Бұл жағдайда Абайдың терең ойлы шығармалары, оның ұлттық рухты ұлықтауы, адамгершілік, білім мен ақыл туралы өсиеттері оқушыларды тәрбиелеудің қуатты құралы болып табылады. Абай шығармаларының өзектілігі: Ұлттық бірегейлікті сақтау: Абай қазақ халқының болмысын, мәдениеті мен салт-дәстүрін терең түсініп, оны өз шығармаларында асқақтата жырлаған. Абайтану арқылы оқушылар өз халқының мәдени кодын, ұлттық құндылықтарды толық танып-біледі. Адамгершілік тәрбиесі: Абайдың шығармалары жастарды еңбекқорлыққа, білімге, әділдікке, адалдыққа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Бұл, әсіресе, бүгінгі жастар үшін маңызды. Қазіргі қоғамның мәселелері: Абай шығармаларындағы қоғамды, адами құндылықтарды сынға алу бүгінгі таңда да өзекті. Ол қазақ қоғамындағы кемшіліктер мен адами кемшіліктерді ашып, жастарға дұрыс бағыт-бағдар берді. Жаңалығы Абайтану пәнінің жаңалығы ұлттық құндылықтарды жаңаша тұрғыда танытумен байланысты. Абай шығармалары арқылы қазіргі заманның мұқтаждықтарына жауап беретін тың тәсілдерді қолдану өте маңызды: Абайдың өлеңдерін заманауи тұрғыда талдау: Мысалы, Абайдың «Жаз» өлеңі мен «Қыс» өлеңін оқыту арқылы табиғат пен адам арасындағы үндестікті түсіндіру, ұлттық дүниетанымды заманауи контексте қайта қарастыру. Абайды ұлттық құндылықтармен байланыстыру: Қазіргі қоғамның санасындағы мәні терең ұғымдарды (адамгершілік, білім, еңбек, ұлттық тәрбие) Абай шығармалары арқылы баланың санасына сіңіру. Жас ұрпаққа Абай философиясын ұсыну: Абай шығармаларының терең мағыналық деңгейін түсіндіре отырып, олардың бүгінгі қоғамдағы ролін көрсету, ақыл мен білімді басты құндылыққа айналдыру. Инновациялық технологияларды пайдалану: Электронды оқулықтар, интерактивті тақта, видео және аудио ресурстар, білім беру платформалары арқылы Абай шығармаларын оқыту, оны виртуалды әлеммен байланыс орнатып, оқушылардың қызығушылығын арттыру. Күтілетін нәтиже Абай шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіру нәтижесінде келесі жетістіктерге қол жеткізу жоспарланады: Ұлттық сананың қалыптасуы: Оқушылар Абайдың шығармалары арқылы өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін құрметтеуді үйренеді. Олардың ұлттық сана-сезімдері оянып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына деген құрметі артады. Адамгершілік және рухани құндылықтар: Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі моральдық және этикалық ұстанымдар оқушылардың адамгершілік тұрғысынан дамуына ықпал етеді. Адалдық, еңбексүйгіштік, білімге деген құштарлық, адамға деген құрмет сияқты құндылықтар олардың өміріне енгізіледі. Тілдік

дағдылардың дамуы: Абай шығармаларымен танысу арқылы оқушылар қазақ тілінің байлығы мен көркемдігін түсініп, әдеби тілде ойлау, жазу және сөйлеу дағдыларын дамытады. Шығармашылық қабілеттерінің артуы: Абай шығармаларының философиялық, көркемдік мәнін зерттеу арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті артады, олар әдеби шығармаларды терең түсініп, өзіндік ой-пікірлерін білдіре алады. Жоғары моральдық деңгей: Оқушылар Абайдың «Адам бол» деген ұстанымымен өмір сүруге үйренеді. Абайдың шығармалары арқылы жастардың мінез-құлықтары жақсарып, олар жоғары моральдық деңгейде тәрбиеленеді. Абай шығармаларының ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі ерекше. Абайтану пәнін оқыту барысында оқушылардың бойында ұлттық сана, адамгершілік, білімге деген құрмет, еңбекке деген сүйіспеншілік сияқты қасиеттер қалыптасады. Абайдың шығармашылығын терең зерттеу оқушыларға өз халқының мәдени мұрасын дұрыс бағалауға және оны қазіргі қоғамда тиімді пайдалануға көмектеседі. Осы тұрғыда Абайтанудың жаңашылдығы — оның тек әдеби шығармашылық қана емес, сонымен қатар ұлттық тәрбиенің, адамгершіліктің, білімнің және рухани байлықтың символы болуында. Курс жүктемесінің көлемі: 9 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар 9-сыныптың соңында оқушылар: 1) абайтанудың қазіргі уақыттағы өзектілігін, рухани қажеттілігін түйсінулері; 2) Абайды оқу, түсіну, жұртқа танытудағы басты мақсат пен міндеттерді білуі; 3) ақынның қазақтың халықтық өлең-жырларынан, ертегі, қисса, аңыз әңгімелерінен үйренгендігін білуі; 4) ақын шығармашылығына шығыс, батыс, орыс әдебиеттерінің тигізген игі ықпалын білуге; 5) ақын аудармаларының қазақ әдебиетін көркем ой оралымдарымен байытқандығын білуі; 6) абайтану ғылымының негізін салушылар мен оның қалыптасу кезеңдерін және алғашқы зерттеушілердің еңбектері жайында білуі; 7) ақын шығармашылығындағы шығыс, батыс, орыс әдебиеттеріне қатысты күрмеуі қиын мәселелерді білуі; 8) ақын шығармаларының басылымдары мен оған ықпал еткен адамдар хақында білуі; 9) Абайдың ғылым, білім тақырыбына жазған өлеңдерінің, қарасөздерінің басты идеясын және философиялық көзқарастарындағы тағылымдарын түсіне білуі; 10) ән мен күй өнері жайындағы толғанысын және эстетикалық талғамын білуі; 11) поэмаларының тақырыбын, көркемдік-идеялық маңызын, тәлім-тәрбиелік мәнін, көркемдік ерекшеліктерін білуі; 12) ақын шығармаларының көркем-образдылық қасиеттерін талдай білуі тиіс. «Ішсем, жесем, ұйықтасам — тән құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен — жан құмары». А.Құнанбаев Абай Құнанбайұлы мен Александр Пушкин — екі ұлы тұлға, олар өз халқының мәдениеті мен әдебиетінің дамуына айрықша әсер етті. Абай шығармаларын оқытуда тиімді әдістемелік көмек көрсету үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Сонымен қатар, Абай мен Пушкин шығармаларын салыстыру арқылы әдебиет пәнін тереңірек түсіну мүмкіндігін тудыруға болады. Мұнда Абай мен Пушкин шығармаларын оқытуда қолданылатын тиімді әдістер мен олардың салыстырмалы талдауының кестесін ұсынамын: Әдістер Абай шығармаларын оқытуда қолдану Пушкин шығармаларын оқытуда қолдану;Талқылау және пікір алмасу;Оқушыларды Абайдың шығармалары туралы пікірталасқа тарту, оның философиялық көзқарастарын талқылау. Пушкиннің поэзиясының маңызы туралы пікірталас, оның қоғамдық мәселелерді көтеруі. Анализ және салыстыру Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі ойларды жүйелі түрде талдау, оның көркемдік құралдарын анықтау. Пушкиннің шығармаларындағы бейнелеу құралдарын, құрылым мен тақырыптарды салыстыру. Кейіпкерлерді зерттеу Абайдың шығармаларындағы кейіпкерлердің ішкі әлемін зерттеу, оларды қазақ қоғамымен байланыстыру. Пушкиннің кейіпкерлерін зерттеу, олардың рухани және моральдық құндылықтарын талдау. Дебаттар мен пікірсайыс

Абайдың адамгершілік, әділеттілік, ұлттық рух туралы ойларын қорғау немесе қарсы пікірлер білдіру. Пушкиннің әдебиеттегі демократиялық көзқарастарын қорғау,

оның әлеуметтік әділеттілікке деген ұстанымын талқылау. Мазмұндама және эссе жазу; Абай шығармаларынан үзінділерді оқып, олардың мағынасын ашу, жазба жұмыстарында шығармашылық көзқарас білдіру. Пушкин шығармаларының мазмұнынан үзінділер жазу, оларды әдебиетке қатысты пікірлермен толықтыру. Топтық жұмыс: Оқушыларға Абай шығармаларынан бір тақырыпты таңдап, топ болып зерттеу жұмыстарын жүргізу. Пушкиннің шығармаларындағы әртүрлі әдеби бағыттар мен стильдерді топтық талқылау. Тарихи контексте түсіндіру Абайдың шығармаларының тарихи және әлеуметтік маңызын түсіндіру, қазақ халқының тарихымен байланысын көрсету. Пушкин шығармаларын Ресейдің әлеуметтік және саяси жағдайында түсіндіру, патшалық билік пен халықтың қарымқатынасы туралы айту. Көрнекі құралдар мен мультимедиа Абайдың шығармаларын түрлі визуалды материалдармен (картина, фотосуреттер, видеолар) ұсыну, тарихи кезеңдерді көрсету. Пушкиннің өмірі мен шығармашылығына қатысты бейнемазмұн, театрлық қойылымдар арқылы таныстыру. Абай мен Пушкин шығармаларын салыстыру: Әлеуметтік тақырыптар: Абай да, Пушкин де қоғамның өзекті мәселелерін, әділетсіздікті, адамдардың моральдық тұрғыдан даму қажеттілігін көтерді. Абайдың шығармаларында қазақ қоғамының дәстүрлері мен тұрмысына сын айту, ал Пушкинде Ресейдің әлеуметтік әділетсіздігіне назар аударылды. Адамгершілік философиясы: Абай өзінің өлеңдерінде адамның рухани ізгілікке, білімге ұмтылуы керектігін насихаттай отырып, өмірдің мәні туралы ойланады. Пушкиннің шығармашылығында да адамгершілік пен жақсылық, адалдық мәселелері өзекті болып табылады. Өмір мен өлім туралы ойлар: Абай да, Пушкин де өлім мен өмірдің мәнін терең талдайды.

Абайдың өлеңдерінде өмірдің мәнін түсіну үшін адамға ғылым мен білім қажет екендігі айтылады, Пушкиннің шығармаларында да бұл сұраққа философиялық тұрғыдан қаралады. Тілдік стиль мен көркемдік құралдар: Абай қазақтың ұлттық тілін терең меңгеріп, қара сөздерінде ұлттық ерекшеліктерді, қарапайым халықтың тұрмысын көрсету арқылы үлкен мән береді. Пушкин орыс тілінің барлық мүмкіндіктерін ашып, лирикалық поэзия мен прозада жан-жақты тәсілдер қолданған. Абай мен Пушкиннің шығармаларын оқытудағы салыстыру арқылы оқушылар тек әдебиетті ғана емес, сонымен қатар екі халықтың мәдениеті мен дүниетанымын да терең түсіне алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Абайды оқы, таңырқа... - Алматы: Ана тілі, 1993.- 160 б.
2. □ Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы: Ана тілі, 1995.- 272 б.
3. □ Әуезов М.О. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. - Алматы: Санат, 1997.- 448 б.
4. □ Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармаларын оқыту. - Өскемен: Б.ж., 1994.- 180 б.
5. □ Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. - Алматы: Қазақстан, 1997.- 272 б.
6. □ Омаров Д. Абайтану курсы. - А.: Рауан, 1998.- 192 б.
7. □ Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. - Алматы: Ғылым, 1994.- 280 б.
8. Мырзахметұлы, М. Абайтану: оқу құралы Алматы: Asia Book Trade Company, 2010. — 149 б. ISBN: 978-601-06-0768-2.
9. (Антология, көптомдық) Абайтану. Таңдамалы еңбектер (Қазақ университеті, Алматы, 2015–2020).
10. Дәдебаев, Ж. Абай // Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы Алматы: Қазақ университеті, 2021. — 134–159 б. ISBN: 978-601-04-5423-1.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВ ӘДІСТЕМЕСІМЕН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Оралова Гүлзира Сапарқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
филология ғылымдарының кандидаты

Андатпа. Мақалада қазіргі әдеби білім беру жүйесіндегі көркем шығарманы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері Әуелбек Қоңыратбаев ұсынған «оқу – талдау – түйіндеу» үш сатылы әдістемелік жүйе аясында қарастырылады.

Мақалада ғалым ұсынған әдістемелік жүйенің теориялық мәнін айқындау және оның көркем мәтінді меңгертудегі практикалық мүмкіндіктерін нақты әдеби шығарма негізінде көрсету.

Мақалада Қоңыратбаев әдістемесінің көркем мәтінді тұтас қабылдаудан бастап, әдебиеттанушылық, психологиялық және философиялық пайымға дейін жеткізетін кешенді жүйе екені дәлелденеді. Әдістеменің мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ететін әмбебап сипаты, білім алушының талдау, салыстыру, пайым жасау және дербес ой қорыту дағдыларын қалыптастырудағы рөлі сараланады.

Тәжірибелік нәтижесі ретінде әдістемелік қағидалардың жүзеге асу үлгісі ретінде Әбіш Кекілбаевтың мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытылатын «Аңыздың ақыры» романы негізге алынады. Шығарма оқу, талдау және түйіндеу кезеңдері бойынша жүйелі түрде қарастырылып, оның философиялық-психологиялық табиғаты, композициялық құрылымы, тартыс сипаты мен кейіпкерлер жүйесі Қоңыратбаев әдістемесі тұрғысынан талданады.

Мақалада көркем шығармадағы психологизм, характер мен идея бірлігі, ішкі тартыстың көркемдік қызметі ашылып, түйіндеу кезеңінің білім алушының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы маңызы айқындалады. Зерттеу нәтижелері Қоңыратбаев ұсынған әдістемелік жүйенің қазіргі құзыреттілікке бағытталған білім мазмұнымен толық үйлесетін, теориялық негізі берік әрі практикалық мүмкіндігі кең әдістемелік мұра екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: әдеби білім беру, көркем шығарманы оқыту әдістемесі, оқу–талдау–түйіндеу, Ә. Қоңыратбаев, «Аңыздың ақыры», философиялық-психологиялық роман, әдеби талдау.

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические основы преподавания художественного произведения в современной системе литературного образования в рамках предложенной А. Кобыратбаевым трехступенчатой методической системы «учебно – анализ – обобщение».

В статье дается определение теоретической сущности предложенной ученым методической системы и демонстрация ее практических возможностей в овладении художественным текстом на основе конкретного литературного произведения.

В статье доказывается, что методология Кобыратбаева представляет собой комплексную систему, которая ведет от целостного восприятия художественного текста к литературоведческому, психологическому и философскому суждению. Дифференцируется универсальный характер методики, обеспечивающий преемственность между школой и высшим учебным заведением, роль обучающегося в формировании навыков анализа, сравнения, рассуждений и самостоятельного мышления. В качестве практического результата за основу взят роман Абиша Кекильбаева «Конец легенды», который преподается в школах и вузах. Произведение систематически рассматривается по этапам чтения, анализа и обобщения, анализируется с точки зрения его философско-

психологической природы, композиционной структуры, характера конфликта и системы характеров.

В статье раскрывается психологизм в художественном произведении, единство характера и идеи, художественная деятельность внутреннего конфликта, определяется значение этапа обобщения в формировании духовно-нравственных ценностей обучающегося.

Результаты исследования доказывают, что методическая система, предложенная Коныратбаевым, представляет собой методическое наследие, полностью сочетающееся с современным компетентностно-ориентированным содержанием образования, имеющее прочную теоретическую основу и широкие практические возможности.

Ключевые слова: литературное образование, методика преподавания художественного произведения, учебно-аналитический-обобщающий, А. Коныратбаев, «конец легенды», философско-психологический роман, литературный анализ.

Annotation. The article examines the scientific and methodological foundations of teaching fiction in the modern system of literary education within the framework of the three-stage methodological system "educational analysis – generalization" proposed by A. Konyratbaev.

The article defines the theoretical essence of the methodological system proposed by the scientist and demonstrates its practical possibilities in mastering a literary text based on a specific literary work.

The article proves that Konyratbaev's methodology is a complex system that leads from a holistic perception of a literary text to literary, psychological and philosophical judgment. The universal nature of the methodology is differentiated, ensuring continuity between schools and higher education institutions, the role of the student in the formation of skills of analysis, comparison, reasoning and independent thinking. As a practical result, the novel "The End of the Legend" by Abish Kekilbayev, which is taught in schools and universities, is taken as a basis.

The work is systematically examined according to the stages of reading, analysis and generalization, analyzed from the point of view of its philosophical and psychological nature, compositional structure, nature of conflict and character system.

The article reveals psychologism in a work of art, the unity of character and idea, the artistic activity of internal conflict, and defines the significance of the generalization stage in the formation of a student's spiritual and moral values.

The results of the study prove that the methodological system proposed by Konyratbaev represents a methodological legacy that is fully compatible with modern competence-oriented educational content, has a solid theoretical foundation and broad practical capabilities.

Keywords: literary education, methods of teaching fiction, educational-analytical-generalizing, A. Konyratbaev, "the end of the legend", philosophical and psychological novel, literary analysis.

Қазіргі әдеби білім беру жүйесінде көркем шығарманы оқыту үдерісі тек мәтін мазмұнын баяндаумен шектелмеуі тиіс. Бүгінгі негізгі талап – көркем мәтінді әдебиеттанушылық, педагогикалық және психологиялық негізде меңгерту арқылы білім алушының талдау, пайым жасау және дербес ой қорыту қабілетін дамыту. Осы талаптарға толық жауап беретін әдістемелік жүйелердің бірі – **Әуелбек Қоныратбаев ұсынған «оқу – талдау – түйіндеу» жүйесі [1]**. Бұл жүйе көркем шығарманы меңгертуді кезең-кезеңімен ұйымдастырып, мәтінді алдымен тұтас қабылдауға, кейін оның құрылымы мен кейіпкерлер жүйесін талдауға, шығарманың идеялық-көркемдік мәнін пайымдауға бағыттайды.

Қоныратбаев әдістемесінің ғылыми негізі әдебиеттану, педагогика және психология ғылымдарының бірлігінде қарастырылады. Ғалымның пікірінше, көркем

мәтінді тиімді талдау бірден күрделі теориялық пайымнан басталмауы керек. Алдымен мәтін тұтас қабылданып, содан кейін ғана ғылыми талдауға көшу қажет.

Қоңыратбаев әдістеменің маңызды ерекшелігі – оның **мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы әдістемелік сабақтастықты қамтамасыз етуі**. Мектеп деңгейінде көркем шығарма жас ерекшелікке сай талданса, жоғары оқу орнында сол мәтін ғылыми-теориялық, философиялық және психологиялық қырынан тереңдетіледі. Алайда екі деңгейде де көркем шығарманы меңгерудің негізгі тірегі ретінде «оқу – талдау – түйіндеу» жүйесін ұсынады.

Ғалымның пікірінше, көркем мәтінді меңгерту жекелеген әдіс-тәсілдер жиынтығы емес, білім алушының қабылдауынан бастап ғылыми пайымға дейін жетелейтін тұтас әдістемелік жүйесі ретінде қарастырады.

Ғалым ұсынған көркем шығарманы оқу кезеңінде көркем шығарма тұтас қабылданып, оның негізгі мазмұны мен оқиға желісі айқындалады. Бұл саты көркем мәтінді бөлшектемей қабылдауға негізделіп, білім алушының мәтінді түсінуін қамтамасыз етеді. Осы кезеңде қалыптасқан тұтас қабылдау кейінгі талдаудың әдістемелік негізін құрайды.

Талдау кезеңінде көркем шығарманың ішкі құрылымы ашылып, кейіпкерлер жүйесі, сюжеттік-композициялық құрылым, көркемдік тәсілдер мен тілдік ерекшеліктер әдебиеттанушылық категориялар негізінде қарастырылады. Қоңыратбаев талдап оқытуда проблемалық сұрақтар арқылы ой қозғауды және образға сүйене отырып тұтас пайым жасау ұстанымын негізгі әдістемелік тірек ретінде ұсынады. Бұл кезеңде талдау дайын қорытындыға жетелеу емес, білім алушының мәтінге сүйене отырып ой қорытуына бағытталады.

Осы әдістемелік бағыт біршама әдіскер ғалымдар **еңбектерінде** дамытылып, нақты талдау түрлері арқылы толықтырылады. Мәселен, Т. Ақшолақов еңбектерінде образды талдау, тұтас талдау, автор ізімен жүре отырып талдау композициялық тұтастықты пайымдау, көркем деталь арқылы идеяны ашу тәсілдері кеңінен қарастырылса [2], Б. Сманов әдістемесінде проблемалық сұрақтар негізінде - ой қозғау, салыстырмалы талдау, пікірталас элементтері жүйелі түрде қолданылады[3]. Бұл талдау түрлері мазмұндық тұрғыдан Қоңыратбаев қалыптастырған талдау кезеңінің әдістемелік мүмкіндіктерін кеңейтіп, оны практикалық деңгейде тереңдете түседі.

Көркем шығарманы оқытудың түйіндеу (қорытынды) кезеңінде талдау барысында алынған нәтижелер жинақталып, білім алушы көркем туындының идеялық-көркемдік мәні жөнінде дербес тұжырым жасайды. Бұл саты көркем мәтінді саналы түрде меңгеруді аяқтайтын, оқушының жеке бағалауы мен пайымын айқындайтын қорытынды кезең ретінде қарастырылады. Алайда оқу тәжірибесінде оқушының көркем мәтіндегі ойды көбіне өмір шындығы деңгейінде ғана қабылдап, образдылық, типтілік, мазмұн мен форманың бірлігі сияқты әдебиеттің теориялық астарларына терең үңіле бермеуі мүмкін. Осы мәселеге назар аударған Бекен Сманов: *«Әдетте оқушы шығармадағы көркем ойды шындық түрінде ғана қабылдап, ондағы образдылық, типтілік, мазмұн мен форманың бірлігі секілді әдебиеттің теориялық астарларына назар аудара бермеуі мүмкін. Сол үшін мұғалім көркем мәтінмен жұмысты тереңдете отырып, оқушыларды әдеби-теориялық сауаттылыққа дағдыландыруы керек. Бұл көркем туындыны дәйекті түрде талдауға, білімді саналы меңгеруге үйретеді»*, - деп көрсетеді [4, 5 б.]. Осы әдістемелік қағидаларды басшылыққа ала отырып, түйіндеу кезеңінің мүмкіндіктерін нақты мысал арқылы көрсету мақсатында Әбіш Кекілбаевтың мектеп бағдарламасында да, жоғары оқу орындарында да оқытылатын «Аңыздың ақыры» романын негізге ала отырып қарастыру орынды. Бұл шығарма түйіндеу кезеңінде оқушыны көркем мәтінді теориялық тұрғыдан пайымдауға, философиялық-психологиялық мазмұнын терең түсінуге және жеке көзқарасын тұжырымдауға жетелейтін тиімді көркемдік материал ретінде танылады.

Ғалым ұсынған оқу кезеңінде – шығарманы тұтас қабылдау ұсынылады. Ә. Қоңыратбаев әдістемесінде оқу кезеңі көркем мәтінді талдаудың дайындық сатысы емес, оның мағыналық негізін қалайтын басты кезең болып табылады. Бұл сатыда шығарма бөлшектенбей, тұтас көркем әлем ретінде қабылданады. «Аңыздың ақыры» романының басталуындағы шөл дала, сусыма құм, жорықтан қайтып келе жатқан Әмірші бейнесі оқырманды бірден ауыр, мазасыз психологиялық кеңістікке енгізеді. Мұнда оқиға желісінен бұрын кейіпкердің ішкі күйі алдыңғы қатарға шығады. Табиғат суреті Әміршінің жан дүниесіндегі тынышсыздықпен астасып, көркем тұтастық құрайды.

Оқу кезеңінде білім алушы:

- Әміршіні – айбарлы билеуші ретінде емес, іштей күдік пен ой арпалысына түскен тұлға ретінде қабылдайды;
- көк мұнараны – жай құрылыс емес, мазасыздық тудыратын көркем нысан ретінде сезінеді;
- қызыл алманы – күнделікті зат емес, ой салатын деталь ретінде түйсінеді.

Оқу кезеңінде «шығарма не туралы?» деген сұрақтан бұрын, «шығарма қандай көңіл күй тудырады?» деген мәселе алдыңғы орынға шығады. Осылайша оқу кезеңі кейінгі әдебиеттанушылық талдауға берік негіз қалайды.

Ә. Қоңыратбаев әдістемесінде талдау кезеңі көркем шығарманың идеялық-көркемдік өзегін ашатын шешуші саты болып табылады. Талдау кезеңінде шығарма оқиғалар тізбегі ретінде емес, адам болмысының рухани-психологиялық қырларын танытатын көркем құбылыс тұрғысынан қарастырылады. Ғалым көркем мәтінді талдауда жанр, сюжет, тартыс, характер, психологиялық тәсілдер мен кейіпкерлер жүйесін бірлікте қарастыруды талап етеді.

Шығарманың жанрлық және сюжеттік-композициялық құрылымына назар аударар болсақ, Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы жанрлық тұрғыдан философиялық-психологиялық роман. «Аңыздың ақыры» – аңыздың ізімен жазылып, ондағы оқиғаны философиялық-психологиялық астармен өрбіткен жазушы Әбіш Кекілбаевтың кесек туындысы. Бұл роман алғаш рет «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланды. Жазушының тарихи тақырыпқа жазылған алғашқы романында романтикалық бейнелеу тәсілін аңғарамыз Роман төрт бөлімнен тұрады. Шығарманың кейіпкерлері бар болғаны үшеу. Әмірші, Кіші ханым және шебер. Ұлы ханым, күтуші кемпір, бас шебер, Ахмет саудагерлер осы негізгі басты үш бейнені ашу үшін алынған. «Аңыздың ақыры» романы қалыптасқан ұғымдағы тарихи роман емес. Сыншызерттеушілердің романның жанры туралы ортақ бір пікірге келе алмай жүруі де сондықтан болар. Ғалымдардың бір тобы бұл шығарманы тарихи романдардың қатарында атаса, екінші бір топ оның философиялық қасиетінің басымдығына назар аударады. Шығарманы үздіксіз сана ағымы тұрғысынан қарастырған бір топ ғалымдар оның монологқа, толғанысқа құрылғанын баса айтады. Ә.Кекілбаев өз шығармаларында халық жадында сақталған ескі аңыздарды жаңғыртып, көне сюжеттерді көбірек бағдар тұтады [5].

Шығармада Әмір Темір дәуіріне қатысты тарихи деректер дербес мақсат ретінде емес, кейіпкердің ішкі дүниесін, рухани күйзелісі мен психологиялық тартысын терең ашуға қызмет ететін көркемдік негіз ретінде қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, роман поэтикасында психологизм жетекші эстетикалық тетікке айналады. Көркем прозадағы психологизм табиғаты мен оның бейнелеу құралдарын ұлттық сөз өнерінің даму үдерісімен сабақтастыра қарастырған Гүлзия Пірәлі: *«Әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу»* [6, 7 б.], – деп анықтайды. Бұл теориялық тұжырым **«Аңыздың ақыры»** романының көркемдік табиғатымен толық үндес келеді. Осы психологиялық тереңдікті ашуға романның композициялық құрылымы да қызмет етеді. Шығарма **«Қызыл алма» – «Мұнара» – «Махаббат» – «Аңыздың ақыры»** атты

төрт бөлімнен тұрып, олар Әміршінің ішкі рухани күйінің өзгерісін, психологиялық эволюциясын кезең-кезеңімен бейнелейтін құрылымдық сатылар ретінде ұйымдастырылған. Нәтижесінде тарихи оқиға желісі кейіпкер санасындағы ой, толғаныс, ішкі қақтығыстарды тереңдететін философиялық-психологиялық кеңістікке айналады.

Бұл бөлімдер Әміршінің рухани дамуын кезең-кезеңімен көрсететін құрылымдық сатылар ретінде ұйымдастырылған:

- бастапқыда – сыртқы жеңіс пен айбар,
- одан кейін – күдік пен ішкі мазасыздық,
- одан әрі – рухани дағдарыс,
- соңында – ішкі күйреу.

Осылайша, сюжет оқиғаны баяндау қызметінен шығып, кейіпкер мінезінің қалыптасу логикасын көрсететін көркем тетікке айналады. Бұл – Қоңыратбаев көрсеткен сюжет пен характер бірлігінің нақты көрінісі.

Шығармадағы тартыс сипаты оның ішкі негізін танытады. Ә.Қоңыратбаев әдістемесіне сәйкес, тартыс тек сыртқы қақтығыс ретінде емес, адам санасындағы ішкі қайшылық ретінде талданады. «Аңыздың ақыры» романындағы негізгі тартыс Әмірші мен басқа кейіпкерлер арасында емес, Әміршінің өз болмысымен арпалысы түрінде көрінеді.

Тартыс бірнеше бағытта тереңдей түседі.

- билік пен ар алдындағы жауапкершілік,
- күш пен адамдық сезім,
- үстемдік пен рухани ізденіс арасындағы қайшылық.

Көк мұнараның биіктігінен үрейленуі, қызыл алмаға байланысты күдігі, шебердің ойын аңғара алмауы – осы ішкі тартыстың сыртқы көріністері. Әміршінің қатал үкімдері күштің белгісі емес, ішкі сенімсіздіктің, рухани тұрақсыздықтың салдары ретінде беріледі.

Шығармадағы кейіпкерлер жүйесі және характер жасалу логикасына тоқталсақ,

Ә. Қоңыратбаев әдістемесінде кейіпкерлер жеке-жеке оқшау мінездеме түрінде емес, өзара байланыста, тартыстағы қызметі арқылы талданады. Осы ұстанымға сәйкес романдағы Әмірші, Жаппар шебер, Кіші ханым және Үлкен ханым бейнелері бір-бірінен бөлек қарастырылмай, ортақ идеялық өзекке қызмет ететін характерлер жүйесі ретінде танылады. Әмірші – биліктің адам болмысына тигізер ықпалын танытатын күрделі тұлға болса, Жаппар шебер – өнер мен рухани еркіндіктің символы ретінде оған қарсы қойылады. Кіші ханым мейірім мен сезім тазалығын білдіріп, адамдық бастау рөлін атқарса, Үлкен ханым ішкі қызғаныш пен есепке құрылған мінез арқылы сарай ішіндегі жасырын ықпалдың көрінісін береді. Осы характерлер арасындағы идеялық-қақтығыстық байланыс романның тұтас философиялық мазмұнын құрайды. Бұл тұста Зейнолла Қабдоловтың *«бір шығармадағы бірнеше және әр алуан жеке тақырыптар мен идеялардың басын бір жерге қосып, бір арнамен өрбітіп тұрған бірегей, өзекті мәселені негізгі идея дейміз»* [7, 156 б.] деген тұжырымы айқын дәлелін табады. Өйткені романдағы кейіпкерлер жүйесі арқылы жеке тақырыптар (билік, өнер, махаббат, қызғаныш, рухани еркіндік) бір арнаға тоғысып, билік пен адамдық болмыс арасындағы рухани тартысты негізгі идея деңгейіне көтереді.

Демек, характерлердің өзара қарым-қатынасы мен тартысы арқылы идеяны тану – Қоңыратбаев талап еткен әдістемелік қағиданың нақты көркемдік жүзеге асуы болып табылады.

Ә. Қоңыратбаев әдістемесінде психологиялық талдау көркем шығарманың тартысын терең түсіндірудің негізгі жолы ретінде қарастырылады. «Аңыздың ақыры» романында тартыс сыртқы әрекеттен гөрі кейіпкердің ішкі ой әлемінде өрбиді. Сондықтан жазушы ішкі монолог, түс көру, елес секілді психологиялық тәсілдерді жүйелі әрі мақсатты қолданады.

Әміршінің ішкі монологтары – оның билеуші ретіндегі сенімді бейнесін біртіндеп бұзып, адам ретіндегі тұрақсыз күйін ашатын құрал. Ол үнемі ой үстінде: мұнараның не үшін сонша биік салынғаны, шебердің астарлы ойы, махаббаттың билікке қатысы туралы толассыз күмәнға беріледі. Осы үздіксіз ой ағымы Әміршінің негізгі тартысын айқындайды: ол өз билігіне сенгенімен, өз ішкі дүниесіне сенімсіз халін танытады.

Романдағы ең шешуші психологиялық эпизод – Әміршінің Қағбаны түсінде көруі. Түсінде ол қасиетті мекенге ұмтылады, «Ләббай!» деп жан даусымен үн қатады, бірақ Қағба оған жақындаған сайын алыстай береді. Бұл көрініс – тартыстың нақты психологиялық дәлелі. Мұнда Әміршінің қарсыласы жоқ, оған бөгет болып тұрған ешбір сыртқы күш байқалмайды. Кедергі – оның өз болмысында.

Қағбаға жете алмау арқылы жазушы кейіпкердің рухани шегіне жеткенін көрсетеді: ол билікке ие, бірақ ішкі үйлесімге жете алмайды; жеңімпаз, бірақ жан тыныштығынан айырылған. Демек, тартыс Әмірші мен әлем арасында емес, оның билікке негізделген өмірлік ұстанымы мен адамдық болмысы арасындағы қайшылықтан туындайды.

Елес бейнесінде көрінетін соқыр құмырашы да осы ішкі тартысты күшейтетін тәсіл. Бұл елес Әміршінің өткен әрекеттерін, өнер мен адамдыққа жасаған қиянатын еске салып, оның санасындағы кінә сезімін нақты бейнеге айналдырады. Осылайша, елес – сыртқы қорқыныш емес, ішкі ар алдындағы жауаптың көрінісі ретінде беріледі.

Романның осындай құрылымы автордың негізгі идеясын айқындап қана қоймай, көркемдік тәсілдердің кейіпкер психологиясын ашудағы қызметін анық көрсетеді. Осыдан келіп, талдау табиғи түрде шығарманың идеялық түйінін жинақтауға алып келеді.

Түйіндеу кезеңінде оқушы «Аңыздың ақыры» романының идеялық-эстетикалық мәнін жеке қабылдап, шығарма ұсынған рухани бағдарларды саралай бастайды. Ең алдымен, Әмірші бейнесі арқылы биліктің адам болмысына тигізер ықпалы, жауапкершілік пен рухани таңдау мәселелері терең пайымдалады. Роман оқушыны билік пен адамгершілік, күш пен ар арасындағы күрделі қайшылықтар жөнінде ой түюге жетелейді.

Шебер тағдыры арқылы туынды өнердің, адамдық еркіндіктің және рухани тазалықтың құндылығын алға тартып, оқушыны әділет пен ар мәселесіне моральдық-этикалық тұрғыдан баға беруге бағыттайды. Шығарманың жалпы идеялық желісін түйсіну барысында Әмірші характері билікке сүйенген өмірлік ұстанымның рухани күйреуге әкелу мүмкіндігін танытатын жинақталған тұлға ретінде көрінеді.

Соңында оқушы романның бүгінгі күнмен үндес мәнін ашып, билік иесінің жауапкершілігі, рухани шекара, адамдық ар және тарихи сабақтастық сияқты құндылықтардың қазіргі қоғамдағы маңызын пайымдайды.

Түйіндеу кезеңі «Аңыздың ақыры» романының философиялық, тәрбиелік және рухани маңызын оқушы санасында терең орнықтырады. Алынған танымдық пайымдар негізінде оқушы шығарманың көркемдік және дүниетанымдық құндылығын айқындап, өз ойын шығармашылық жұмыс немесе әдеби эссе түрінде еркін жеткізе алады.

Жаңартылған білім мазмұны тұрғысынан алғанда, бұл кезең:

- сын тұрғысынан ойлауды,
- өмірмен байланыстыруды,
- дербес пікір қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қорыта айтсақ, Әуелбек Қоңыратбаев негіздеген «оқу – талдау – түйіндеу» үш сатылы жүйе көркем шығарманы меңгертудің мазмұндық тізбегі ғана емес, білім алушыны мәтінді тұтас қабылдаудан бастап, оның идеялық-көркемдік табиғатын ғылыми тұрғыда түсінуге және тұлғалық деңгейде бағалай білуге жетелейтін тиімді әдістемелік бағдар болып табылады. Бұл жүйе көркем мәтінді механикалық түрде меңгертуді емес, оқушының ойлау, пайымдау және рефлексия жасау дағдыларын бірізді түрде қалыптастыруды көздейді.

Қоңыратбаев ұсынған талдаудың сатылы құрылымы бүгінгі құзыреттілікке бағытталған білім мазмұнының негізгі талаптарымен толық үйлесіп, әдеби білімді тек ақпараттық деңгейде емес, дүниетанымдық және рухани кеңістікте игеруге мүмкіндік береді. Осы әдістемені басшылыққа алу мұғалімнің кәсіби-әдістемелік шеберлігін арттырып қана қоймай, оқушының әдеби талғамын, эстетикалық мәдениетін және рухани ойлауын жүйелі түрде дамытуға жағдай жасайды.

Ғалымның «оқу – талдау – түйіндеу» тәсілі қазақ әдебиетін оқыту тәжірибесінде теориялық негізі берік, практикалық мүмкіндігі кең, уақыт сынынан өткен өміршең әдістемелік жүйе ретінде бүгінгі білім беру кеңістігінде де өз маңызын жоймайтын ғылыми мұра деп бағалануға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Қоңыратбаев. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.6. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мерсал, 2005.-520 б.
2. Ақшолоқов Т. – *Көркем шығармаға талдау жасау әдістемесі.* – Алматы: Мектеп, 1983-192 б.
3. Сманов Б. *Көркем шығарманы талдау әдістемесі:* монография. – Алматы: Ұлағат, 2011. - 344 б.
4. Сманов Б. Мектепте көркем шығарманы талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, 2010.
5. «Аңыздың ақыры»- кемел ойлы көркем сөзді шежіре: Библиографиялық көрсеткіш /Құрастырушылар: Касымова А.Т., Татыранова Ж.Ә. – Тараз: М.Х. Дулати атындағы ТарМУ – Кітапханалық – ақпараттық орталық, №2 көркем әдебиет секторы, 2019. – 24 б.
6. Г.Ж.Пірәлі. Көркем прозадағы психологизм және оның бейнелеу құралдары.- Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2016. - 366 бет.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.-352 б.

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ- КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІҢ ШЫҢЫ

Ертаева Жадыра Дүйсенбайқызы

№136 Т.Жүргенов атындағы мектеп-лицейінің мұғалімі
Филология магистрі

Аңдатпа

Бұл мақалада дуальды оқыту жүйесінің мәні мен маңыздылығы, оның кәсіби біліктілікті қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Теория мен практиканың ұштасуын көздейтін бұл жүйе – еңбек нарығына сай маман дайындаудың тиімді жолы. Мақалада дуальды оқытудың негізгі артықшылықтары, білім алушылардың тәжірибелік дағдысын арттырудағы орны, жұмыс берушілермен байланыс және кәсіптік бағдар берудегі ықпалы жан-жақты талданады. Сонымен қатар, дуальды оқыту кәсіби шеберлікті шыңдаудың, бәсекеге қабілетті маман қалыптастырудың заманауи тетігі ретінде сипатталады.

Кілт сөздер: еңбек, дуальды оқыту, шеберлік, кәсіби, заманауи.

Аннотация

В данной статье рассматривается значение и значимость дуальной системы обучения, ее роль в формировании профессиональных компетенций. Эта система,

предполагающая сочетание теории и практики, - эффективный способ подготовки специалистов, соответствующих рынку труда. В статье подробно анализируются основные преимущества дуального обучения, место обучающихся в повышении практических навыков, их влияние на связь с работодателями и профессиональную ориентацию. Кроме того, дуальное обучение характеризуется как современный механизм закалывания профессионального мастерства, формирования конкурентоспособных специалистов.

Ключевые слова: труд, дуальное образование, квалификация, профессиональный, современный.

Abstract

This article discusses the significance and significance of the dual training system, its role in the formation of professional competencies. This system, involving a combination of theory and practice, is an effective way to train specialists who correspond to the labor market. The article analyzes in detail the main advantages of dual training, the place of students in improving practical skills, their impact on communication with employers and professional orientation. In addition, dual training is characterized as a modern mechanism for hardening professional skills, the formation of competitive specialists.

Keywords: labor, dual education, skill, professional, modern.

Еліміздегі заманға сай білім беру жүйесі – халыққа сапалы білім беріп, білікті маман даярлаудың бірден бірі жолы – елімізде дуалды оқыту жүйесін енгізу.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Тұңғыш Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы» атты бағдарламасында дуалды білім беру жүйесін енгізу қажеттілігіне баса мән беріліп отыр. Осының арқасында мемлекетімізде білім беру деңгейі жоғарылап, білікті мамандар қатары көбеймек. Теориялық біліммен қатар практикалық дайындыққа ие болатын білікті мамандар дайындау мәселесін шешуге бағытталған және кәсіпорындар мен білім беру мекемелерінде сұранысқа ие болатын дуалды білім беру жүйесін енгізу қазіргі заман талабынан туындап отыр.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп-қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді. Білім берудің дуалды жүйесін енгізу үрдісі зерттеп, ой елегінен өткізуді және заңнамалық тұрғыда шешімдердің қабылдануын қажет ететін келелі мәселелер жиынтығынан тұрады.

Оқу үрдісіне дуалды білім беру жүйесін сәтті енгізу келесі мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді:

- оқу мекемесінің беделінің артуы, оқушылар контингентінің жоғарылауы;
- оқушылардың қызығушылығы мен әлеуметтік серіктестердің сұраныстарына қарай бағдарламалар, арнайы курстар әзірлеу қажеттілігі;
- мамандықты тереңірек ойланып таңдауға, тапқырлық пен шығармашылыққа бейімдейтін біліктіліктің дамуы;
- оқушының біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болып, еңбек нарығында сұраныс деңгейінің жоғарылауы;
- бітірушілердің жұмысқа орналасуы және әлеуметтік бейімделуі;
- білім беру мекемелерінің кәсіпорындармен өзара әрекеттесу аясының кеңейуі;

— білім беру мекемелерінің бәсекеге қабілеттілігінің артуы.

Осы жүйе бойынша кәсіптік оқу орындарының студенттері бір мезгілде өндірісте шәкірт ретінде жұмыс істей алады.

Кәсіптік шеберлікті қамтамасыз етудің нақты жолы – жас мамандарды оқытып үйрету, жаңа мамандыққа бейімдеу. Жұмыс берушілермен ынтымақта болу – студиялық индустриялы елдерде – Германияда, Англияда, АҚШ-та, Оңтүстік Кореяда, Сингапурда жұмысшы мамандарды даярлаудың дуалдық жүйесі өзін жақсы жағынан көрсете білді.

Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандарттарының жаңа буыны құзыреттілік қатынасқа негізделген, соған сәйкес қазіргі заманғы маман еңбек нарығында және кәсіби салада әлеуметтік қорғалуды, икемділікті, бейімделгіштікті, табыстылықты қамтамасыз ететін әлеуметтік және кәсіби сапалардың жиынтығына ие болуы қажет. Стандарт талаптарына сәйкес кәсіби құзыретті маман даярлау мазмұны білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, өндіріс қажеттіліктеріне сәйкес дамыған кәсіби іс-әрекет дағдыларын меңгертуге бағытталған.

Қазіргі кезеңде кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік нақты білім беру мекемелерінің жұмыс берушілермен, жергілікті атқарушы үкімет, еңбекпен қамту қызметтерімен, қоғамдық ұйымдармен жастардың кәсіби қалыптасу, олардың аймақтық еңбек нарығын игеру үдерісіне қатысушы барлық тараптардың мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған өзара әрекеттесуінің ерекше түрі болып табылады. Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік қарым-қатынасқа қатысушылар мемлекет, өндіріс, кәсіптік және техникалық оқу орны болып табылады. Кәсіптік білім берудің әлемдік тәжірибесінде әлеуметтік серіктестікті жүзеге асырудың тиімді жолы ретінде Германияның қос бағытты білім беру- дуалдық жүйесі кеңінен қанат жаюда. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әлемде болып жатқан келелі жаңалықтармен ұштастыру мақсатына байланысты еліміздің педагогикалық қоғамдастығының алдында білім беру саласына сапалық өзгерістер енгізу мәселелері тұр. Олар «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» да нақты көрсетілген. Жоғары білім жүйесінің қазіргі қоғамдағы ақпараттану жағдайында оқушылардың жалпы-білімдік және кәсіби даярлық деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі- осы заман талабына сай білімді, білікті және компьютерді еркін түрде меңгере алатын мамандарды дайындау. Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында алдымызға бірқатар жаңа міндеттер қойып. «Озық индустриялы елдерде-Германияда, Англияда, АҚШ-та, Оңтүстік Кореяда-жұмысшы кадрларды даярлаудың дуалдық жүйесі өзін жақсы жағынан көреткендігін. Осы жүйе бойынша кәсіптік мектептер оқушылары бір мезгілде өндірісте тағылымгер болып табылатындығын. Даярлаудың осындай жүйесін Қазақстанда да кеңінен енгізу қажет екендігін.

«Самұрық-Қазына» қорына арқаулық кәсіпорындар тізімін белгілеп, дуалдық модельді бірте-бірте енгізудің жоспарын әзірлеуді тапсырды. Бұл біздің жаңа индустрияландыру үшін кадрларды даярлауды жаңғыртуымызға жағдай жасайды»-деген болатын.

Елімізде 600 мыңнан астам адам техникалық және кәсіптік білім берумен қамтылған. Кәсіптік шеберлікті қамтамасыз етудің нақты жолы-жас мамандарды оқытып үйрету, жаңа мамандыққа бейімдеу болып табылады. Бұл мәселе жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы арқылы өріс алып келеді.

Тұңғыш Елбасымыз барлық отандық компанияларды дуалды білім беру жүйесіне атсалысуға шақырды. «Бүгінде бұл жүйе 60 елде жұмыс істеуде. Мен барлық қазақстандық компанияларды осы жүйемен шұғыл айналысуға, ал Үкіметке оны қадағалауды тапсырамын»,-деді Елбасы.

Бұл ретте Мемлекет басшысы аталған жүйені енгізген «Қазақмыс», «Кегок», «Самұрық-Қазына» сынды компанияларды атап өтті.

«Онда білім алушы өндірістегі тәлімгер болып табылады әрі оған жалақы тағайындалып, білім алады», - деген Тұңғыш Елбасы, сол жерден алған кәсібінің басқа мекемеде жұмыс істеуі барысында мол пайдасы тиетіндігін баса айтты.

Дуалдық оқытудың негізгі артықшылықтарына ең алдымен, түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары пайызын қамтамсыз ететінін жатқызуға болады, өйткені олар жұмыс берушінің талаптарына толығымен жауап береді. Оқыту өндіріс қажеттілігіне барынша жақын. Есте қалатыны, дуалдық оқытудың қатысушысы ең кіші компания болуы мүмкін. Екіншіден, білім алудың жоғары деңгейіне жетеді, болашақ қызметкердің психологиясы қалыптасады.

Осы орайда жасалынып жатқан колледждердің эксперименттік жұмысы базалық мекемелер тарапынан оң баға алынып, елімізде бұл жүйемен айналысу қажеттілігі мен артықшылығы дәлелденіп, дайындау мен енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүгінде дуалдық оқыту жүйесін қолдану тәжірибесі келесі артықшылықтарды айқындайды:

-дуалдық жүйе оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістерінің негізгі кемшілігін- теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды;

-дуалды жүйенің механизмінде маманның жеке тұлғасына әсер ету, болашақ маманның жаңа психологиясын жасау жатыр. Оқушыларда білім алу мен дағдыға ие болуға үлкен мотивация туады, себебі олар білім сапасының жұмыс орнында қызметтік міндеттерін орындауына тікелей байланыстылығын сезінеді;

-жұмыс берушімен тығыз байланыста жұмыс жасаушы оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескеріп отырады;

-жұмыс берушілер өздеріне мамандарды қамтамсыз ету мәселесін шешеді.

Дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің-білім, ғылым, өндірістің-өзара байланысы мен әсерін, енгізілу тәжірибесін қамтамсыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттырады.

Дуалдық жүйе, өз мәнінде, білім беру мекемесі мен өндірісте қатар білім алуды білдіреді. Білім беру теория мен тәжірибенің байланысты принципіне негізделеді. Дуалдық жүйеде тараптардың қарым-қатынасы тепе-теңдік және әділдік принциптері негізінде құрылады. Әлеуметтік серіктестікке қатысушылар оқыту нәтижесіне ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұнына, оның ұйымдастырылуына мүдделі. Білім алушылардың әлеуметтік кепілдікке ие болуға және бәсекеге қабілетті мамандық алуға, мемлекеттің кәсіби мамандарды даярлауға тапсырыстың қалыптасуына және орындалуына, өндірістің өмірге және жұмысқа жақсы дайындалған білімді мамандардың келуіне, оқу орнының білім беру қызметіне сұраныстың артуына деген мақсаттары орындалады.

Бұл үшін ең алдымен Елбасы Жолдауында көрсетілген алғашқы екі бағыт соңына дейін қарастырылуы қажет. Мұның біріншісі, ел ішіндегі жұмыссыздықпен күресу. Жұмыссыздық мәселесі еліміздің, қоғамның ілгері дамуына өзінің теріс әсерін тигізбей қалмайды. Бүгінде тұрақты жұмысы, меншікті баспанасы және мамандығы жоқ үлкен әлеуметтік топ пайда бола бастады. Екінші бағыт өз тамырын осы аталған бірінші бағыттан тарта алады. Өйткені, баспанасы жоқ жанның әлеуметтік көңіл-күйіде, мемлекет болашағына деген сенімі де жоғары бола қоймайды.

Дуалдық оқыту жүйесіне еліміздің 100 колледжі енгізіледі. Қазіргі кезде қалаларда техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері, ал жалпы алғанда, еліміздің 100-ден астам колледждерінде ауыл шаруашылығы, көлік, металлургия, машина жасау, мұнай-газ, химиялық және кен өндірісі салаларындағы кадрларды дуалдық білім беру жүйесімен дайындау элементтері енгізілу міндеттеліп отыр. Ал республика көлемінде 120-дан астам мамандық бойынша жаңа кадрлардың 70 пайыздық өндірістік тәжірибеден өте жүріп білім алуына жол ашылады.

Осылайша, өндіріс орындары техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерімен біріге отырып, өздерінің талаптары бойынша білім алып шыққан дайын кадрларды бірден жұмысқа алатын болады. Дуалды оқыту жүйесі дегеніміз-теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы, яғни білімгер –түлектер білім алумен қатар, кәсіпорындарда жұмыс істеуді бастайды. Оқуды бітіргенде бұл білімгерлер сол кәсіпорынның жұмыс ерекшеліктерімен және қондырғы-құрылғыларымен толық танысып, сол кәсіпорынға орналасуға мүмкіндік алады.

Бұл әдіс Елбасымыз айтқандай – Германия, Ұлыбритания, АҚШ-та және Оңтүстік Кореяда сәтті жүзеге асып келеді. Қазақстанда дуалды жүйені оқу үрдісіне енгізуде «Самұрық-Қазына» қорына тапсырған Мемлекет басшысы, қазақстандық компанияларды да осы жүйеге назар аударуға шақырған еді. Осы орайда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры басқарма төрағасы Ө.Шөкеев биыл елімізде кәсіптік-техникалық білім беру орындарына дуалды білім беру тәжірибесін енгізу үшін 50млн теңге бөлінгенін мәлімдеген. Сондай-ақ іріктеліп алынған 16 оқу орнында қыркүйектен бастап 400 бала 20 мамандық бойынша білім ала бастағанын хабарлаған. Бұл жүйенің мән-жайымен танысып, толықтай түсіну үшін елімізден бірнеше кәсіптік оқу орындарының оқытушылары Германияға барып, білімдерін ұштап та келді. Жаңа жүйенің пайдасы мол. Оны жұмыс беруші компаниялардың бәрі енгізуі қажет.

Алайда жеке меншік компаниялар бәрі бірдей келісе бермейді, сол үшін оларға жеңілдіктер жасаған дұрыс. Германияда жұмыс беруші орындар оқу орындармен байланыс орнатып, студенттерді оқытса, Үкімет тарапынан жеңілдіктер алады. Біздің елде де солай жасасақ жұмыс беруші компаниялардың дуалды жүйесі қызығушылықтарын арттырар едік. Германияда жұмыс берушілер оқу орындарымен заңды түрде жұмыс істейді. Мысалы, 9 сыныпты бітірген оқушы таңдаған оқу орнымен қатар, жұмыс орнын да сайлау керек. Ол жақта арнайы «Жұмысқа тұрғызу агенттігі» бар. Сол арқылы талапкер мамандығына сай жұмыс берушілерге жол тартпақ. Ал жұмыс орны келген баланы алдымен шеберлердің бірінің көмекшісі ретінде алады. Оған жұмыс орнының талаптары түсіндіріліп, ата-ана, оқу орны, жұмыс беруші фирма арасында 3 жақты келісім жасалады. Ол келісімде қанша жыл білім берілетіні, оның ішінде теория және тәжірибе күндері, студенттің алатын степендиясының құны жазылады. Яғни дуалды оқу жүйесі бойынша, студент аптаның күнінде өндірісте тәжірибе жинап, қалған 1-2 күнінде оқу орнында теориялық білім алмақ. Жұмыс берушілер оқу орындарымен бірлесіп жылда тапсырып отыратын аралық емтихандарды сол жерде қабылдайды. Өндіріс кезінде алған білімдерінің сапасын анықтау барысында қорытынды аттестацияны да, жұмыс берушілер өткізеді. Негізінен, бұл жүйе немістердің айтуынша, 100 жылдан бері бұл жүйені дамытуға Германия мамандары көмектесіп, тәжірибелерімен бөлісуді ағымдап қарасақ, бұл жүйе жұмыс берушілерге де, студентке де ұтымды болмақ. Өйткені одан студент екіжақты білім алуының арқасында, жұмыстың қыр-сырын меңгеріп алмақ. Ал жұмыс орындарына келетін пайда- арзан жұмыс күші көптеген жұмыс орындары кем дегенде бір жыл тәжірибенің болуын талап ететіні рас. Ал дипломын енді ғана қолына ұстаған жас маманға тәжірибе түгіл, жұмысына кірісіп бейімделіп кетуінің өзі қиынға соғып жатады. Ал теориялық білім мен жұмысты қатар алып жүрген студент ертеңінде білікті маманға айналады. Демек, Германияда қалыптасқан бұл жүйенің білікті маман дайындауда берері көп. Дуалды жүйенің негізі-оқушыны оқу орнымен өндірісте қатар оқыту. Бұл жүйеде ең бастысы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады. Дуалды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастырып нәтижесінде, оқушы оқу бағдарламасын жақсы меңгереді деу аз, нағыз дайын маман болып шығады.

Қызылода облыстық білім басқармасының бұйрығы негізінде Көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі дуалды оқытудың элементтерін енгізу бойынша экспериментті алаң

болып табылады. 2015-2016 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап «0513000 Маркетинг» мамандығы бойынша дуалды оқыту жүйесінің элементтері үдерісіне енгізілуде.

Көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі Қызылорда облысындағы кәсіптік білім беретін байырдан келе жатқан оқу орындарының бірі. Институционалды даму жоспарын жүзеге асыру мақсатында колледж жаңа жабдықтармен жабдықталды және шеберханаларға жаңа технологиядағы өлшегіш құралдары мен есептегіш машиналары орнатылды, ЛСД панель, мульти-медиялық мінбе, компьютерлер алынып колледждің материалдық-техникалық базасы одан әрі толықтырылды. 2015 жылғы қыркүйек айында жұмыс беруші ЖШС «Retoll А-А» мен колледж директоры А.Ж.Сарбалакова қолдауымен, жұмыс берушінің талаптары бойынша «05130 Маркетинг» мамандығына теория мен практиканың кіріктірілген бағдарламасы жасақталды.

Дуалды оқыту әдісіндегі ерекшеліктердің бірі оқу орындары өздеріне әлеуметтік серіктес табуы керек. Яғни білім алушылар тәжірибе сабақтарын өткізуі үшін өздерінде даярланатын мамандықтарға сай келетін кәсіпорындармен келісімшартқа отыруы тиіс.

Дуалды оқыту жүйесін енгізу үшін, «Retoll А-А» ЖШС әлеуметтік серіктестігімен көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі және білім алушыларымен дуалды оқытуды жүзеге асыру жөнінде серіктестік туралы үш жақты келісімге қол қойды. Келісімге қол қойылған соң «Retoll А-А» әлеуметтік серіктестіктердің талаптарын ескере отырып «Дуалды оқытуды жүзеге асырудың Ережесі» жасалды.

Жалпы дуалды оқыту жүйесін енгізу барысында әлеуметтік серіктестікті дамытуға ерекше көңіл бөлінетіні анық. Колледжде бұл бағыттағы жұмыстар күн өткен сайын жандануда.

Дуалды жүйені енгізу өзінің алғашқы нәтижелерін беретініне сенеміз. Жұмыс беруші серіктесіміз ЖШС «Retoll А-А» ұжымы машықтан өтуге барған колледж білім алушыларының жұмысын жоғары бағалап, ары қарай жұмыс жасауға ұсыныстарын білдіреді» деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе оқу үрдісіне дуалды оқыту жүйесін енгізу арқылы күтілетін нәтижелер аз емес дегім келеді. Олар:

- теория мен тәжірибе сабақтар арасындағы алшақтық жойылады;
- түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі оң шешімін табады;
- оқу орны жұмыс берушінің болашақ мамандарға деген талаптарын үнемі ескеріп отырады;
- жұмыс берушілер өндіріс талабына сай білім алушыларға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарда, дуалды оқыту жүйесі бойынша модульдік оқу бағдарламаларын дайындауға қатысады;
- дуалды оқыту жүйесімен оқыған оқушы белгілі құзыреттерді меңгерген кәсіби маман болып қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттері тізімі:

1. ҚР Президентінің Жарлығы. Алматы: Елмұра баспасы, 2001, 189-210 бб.
2. Алшынбаева Ж.Е., Сарбасова К.А., Байжуманова Н.С. Дуалды оқыту негізінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау / Ж.Е. Алшынбаева. Алматы: CyberSmith, 2021. — 160 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘРЕКЕТІН ДАМУДАҒЫ ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ ТАБИҒИ САЯХАТТАРДЫҢ РӨЛІ

Нұрман Гүлнара Ұзақбайқызы
Жалағаш ауданы, Есет батыр ауылы
«Гүлсезім» балабақшасының тәрбиешісі

Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңында: «Білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі» деп сонымен бірге «білім беру жүйесінің басым міндеттері – жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту» [1] - деп көрсетілген. Бұл дегеніміз қазіргі кезде балабақша бүлдіршіндерінің жас және дара ерекшеліктерін есепке алу – тәрбиешінің оқу-тәрбие процесінде ұстанатын ең басты қағидасы. Осыған орай, оқу-тәрбие жұмысында ескерілуі тиісті кейбір ерекшеліктерге тоқталуды жөн санадық.

4-5 жасар балаларды өмірге және еңбекке бейімдеудің, дүниетанымын қалыптастырудың қоғам алдындағы зор міндеттері алдымен балабақшаға жүктелген. Тәрбие шын мәнінде, жеке тұлғаның дамуы мен жалпы қоғамның негізгі мақсаты болып табылады және ол қоғамның әрбір мүшесінің жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған.

Белгілі бір жастағы балалардың жас мөлшері дегенде олардың көпшілігі тән ерекшеліктер мен сипаттарды айтамыз. Бұл ерекшеліктерді педагогикалық процесте ескеру қажет және соған сәйкес оқыту, тәрбие берудің тиісті түрін, әдістемелік және тәсілін пайдалану керек.

Алғашқы кездерде қолданылатын оқыту әдістері тапсырманы белгілі үлгі бойынша орындауға бағытталды және баланың атқарушылық, өндірушілік (репродуктивті) қызметінің басымдығын анықтады. Бұл кезеңдерде оқытудың түрлі формаларын пайдалану білімді дайын түрде игеруге бағытталды.

Д.Б.Эльконин бастауышқа дайындық кезеңдегі оқытудың принциптері мен тәсілдерін талдай келе:

1) мұғалім өмір шындығының қандай да бір саласы туралы мәлімет береді және түсіндіреді, ал бала оны қабылдай отырып, өзінің даму деңгейіне сәйкес түсінуге және есте сақтауға тырысады;

2) мұғалім бірнеше біртектес міндеттер ұсынады, кейде шешімінің үлгісін көрсетеді, ал бала осы үлгіні қабылдайды немесе қарапайым міндеттерді шешуге білімін өз бетінше қолдануға тырысады, яғни көптеген біртектес жаттығуларды атқару арқылы білімін, білігін және дағдысын бекітеді [2]деп көрсетті.

Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан да бүгінгі 4-5 жастағы баланы оқытатын мұғалімнің жұмысы тек білім берумен шектелмеуі тиіс. Әр баланың танымдық қабілетін дамыту үшін қосымша сабақ, өз бетінше білімін жетілдіру, ақпарат құралдары арқылы оқу т.б. сияқты сабақтың көп түрі жүйесін де тиімді пайдалана алу талабы бар.

Жалпы мұғалімнің шәкіртке білім беру жүйесіндегі, сабақтарды үшке бөлуге болады: 1. Негізгі. 2. Қосалқы. 3. Көмекші.

1.Негізгі сабақтарға: Топтағы сабақтар, түсіндіру, қызықты тапсырма орындау т.б.жатады. Осы көрсетілген сабақтың түрлерінен басқа негізгі сабақтарға: бейімдік, үйірмелік топтардың қызметтері де жатады.

2.Қосалқы сабақтарға: оқу саяхаты, кеңес беру, жеке бағдарлама бойынша жұмыс істеу жатады. Тәжірибе алмасу, кеңесу, тәжірибені қорытындылауды да естен шығармаған жөн. Шығармашылық – жоба жұмысын жасауға дағдыландыру жатады.

3.Көмекші сабақтарға: үлгермейтін баламен жұмыс істеу, жеке және топтық қосымша сабақ, ынтасы жоқ баланы қызықтыру мақсатында ойын сабақтарын өткізу жатады.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған мәселелер оқыту жұмысын тек сабақ арқылы ұйымдастыру мүмкін еместігін көрсетеді. Топтағы сабақ - сабақ жүйесінің негізгі кемшілігі – балалардың дара ерекшеліктерін дамытуға жеткілікті мүмкіндіктерінің болмауы – оқытуды ұйымдастырудың басқа жолдарын іздестіруге себеп болады. Сондықтан, балалардың сыныптық сабақтағы танымдық әрекетін дамыту, толықтыру және баланың өзіндік шығармашылық белсенділіктерін, қабілеттерін арттыру мақсатында оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша түрлері қолданылады. Олардың қатарына экскурсия, қосымша сабақтары сияқты түрлерін жатқызуға болады.

Осылардың ішінде өз тәжірибеме сүйене отырып, саяхат сабағын өткізудің тиімділігі зор екендігіне көз жеткіздім. **Саяхат жұмысының мақсаты** – баланың сабақта алған теориялық оқу материалдарын практикамен жалғастыру және бекіту болып табылады. Сондықтан, оқыту процесінде оның мазмұны зор. Ол барлық оқу пәндерінде, әсіресе, дүниетану, табиғаттану және еңбек сабақтарында кеңінен қолданылады. Бұл балаларды оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді.

Саяхат сабағын өткізу орнына кей кездері: балабақшадағы ойын алаңына, табиғат аясына, көрмелерге, музейге бару т.б. жатады.


Оқытуды саяхат жолымен ұйымдастырудың үш түрі бар:

Біріншісі – кіріспе саяхат деп аталады. Бұл сабақ жаңа дүниені таныстырар алдында, жаңа тақырыптарды өтер алдында ұйымдастырылады. Саяхаттың бұл түрін 4-54 жасар балаға алдын-ала өткізсе, олар үшін сабақ өте қызықты жағдайда болады.

Екіншісі – ілеспелі саяхат деп аталады. Ол белгілі бір тақырыпқа арналып, сабақ барысында оның орта шенінде жүргізілуі мүмкін.

Үшіншісі – қорытынды саяхат деп аталады. Ол күрделі тарау немесе тақырыпты өтіп болғаннан кейін балалардың сабақтар жүйесінде алған теориялық білімдерін пысықтау, бекіту мақсатын көздейді.

Баланың техникалық ой-өрісін кеңейтеді. Ертегілер еліне саяхат жасау арқылы оқушының қиялы дамиды, сөз қоры молайады.



мақсаты: топта өтілген оқу материалдарын тереңдету және бекіту.

Саяхатты өткізу үшін жоспар жасалады, онда мынадай мәселелер бейнеленеді:

Саяхаттың мақсаты мен объектісі.	Балалармен алдынала объектіге байланысты түрлі жұмыстар жүргізіледі. (әңгіме, бақылау, тәжірибе және т.б.)	Саяхат барысында істелетін жұмыстар: бақылау, өлшеу, сурет салу, есептеу, жазып алу, объектіні толық қарау.	Балаларды бірнеше топқа бөліп, оларға нақты тапсырмалар беру.	Кіріспе сабақта мұғалім балаларды саяхат жоспарымен таныстырады, олармен ұйымдастыру мәселелерін талқылайды.
----------------------------------	--	---	---	--

Саяхат біткеннен кейін баламен оқу әңгіме өткізіледі. Онда балалар алған тапсырмалары бойынша баяндайды, сөз сөйлейді. Бұл баланың өз пікірін тосылмай, қысылмай жеткізуге үйретеді, ойын жинақтап негізгі бөлігін білдіруге де бейімдейді. Ең соңында әр баланың еңбегін бағалау міндетті.

Оқытуды ұйымдастырудың түрлі формаларын тиімді пайдалану үшін 4-5 жасар балалардың жас және дара ерекшеліктерін есепке алу өте қажетті, маңызды қағида екендігін де айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

3. Қазақстан республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы
- 2.Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. М.,1974
- 3.Жиенбаева С.Н. педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі. – Алматы., 2013

ЖОРЫҚ ЖЫРШЫСЫ НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДА ЕСКЕРЕТІН МӘСЕЛЕ

Абдрахова Аякуз Кожамурзаевна

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
баспа ісінің магистрі

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Кенесары ханның жорық жыршысы, XIX ғасырдағы жыраулық дәстүрдің соңғы өкілдерінің бірі – Нысанбай Жаманқұлұлының шығармашылығын орта мектепте оқытудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Автор жырау мұрасын оқыту барысында тарихилық пен көркемдіктің сабақтастығын сақтау, оқушылардың патриоттық сезімін ояту және мәтінді заманауи функционалдық талдау әдістеріне басымдық береді. Сонымен қатар, «Кенесары–Наурызбай» дастанындағы тарихи шындық пен көркемдік шешімді оқушыларға меңгертудің тиімді жолдары мен пәнаралық байланыс (тарих, әдебиет, мәдениеттану) мәселелері ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Түйін сөздер: Нысанбай жырау, жыраулық дәстүр, оқыту әдістемесі, тарихи жырлар, патриоттық тәрбие, әд-еби талдау, орта мектеп.

Қай қоғамда болмасын әдебиеттің көтерер жүгі ауыр екендігі белгілі. Себебі ол – қоғам айнасы, сөз өнері. Халықтың қанша замандардан бергі рухани тәжірибесін саралап-салмақтау үшін мол мағлұмат беретін басты байлығы. Әдеби туындылар сол қоғамның барлық оқиғаларын сипаттайды. Кей кездері белгілі бір тарихи оқиғаны қалпына келтіру үшін де әдеби еңбектерде сипатталған оқиғалар негізге алынады. Әсіресе, уақыт тезінен өткен тарихи тақырыпта жазылған шығармалар мен туындыларын, қазақ ақын-

жырауларының ерлік жырларын, өлеңдері мен толғауларын оқыту арқылы ұлттық дүниетаным қалыптастыру мүмкіндігін пайдалануымыз керек.

Жорық жыршысы Нысанбай жырау Жаманқұлұлының өмірі мен шығармашылығын орта мектепте оқытудың тиімділігі мол. Себебі, бүгінгідей мектеп жасындағы оқушылар бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, ел тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тіккен батырлар ерлігін, мемлекетшілдік, елшілдік қасиеттерді дәріптеу арқылы Елбасы айтқан ұлттық салт-дәстүрлеріміз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалады.

Елбасы орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеу қажеттілігінің маңыздылығына мән бере отырып, «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда»[1], - деп атап көрсетті. Міне, бұл тәуелсіз Қазақстанның тірегі мықты болуы үшін ең алдымен ұрпақ тағдырын ойлау керектігінің тағы бір дәлелі. Осы орайда Алаш арысы А.Байтұрсыновтың: «Әуелі, біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» [2],-деген пікірімен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» деген қанатты сөзі бала тәрбиесіне, оның орта мектепте білім алуына немқұрайлы қарамауымыз керектігін көрсетеді. Бала тәрбиесіне, оның білім алуына салғырт қарау - баланың тағдырына ғана емес, қоғамымыздың өркендеуіне жауапсыздықпен қарау деген сөз.

Қазіргі уақытта білім беру – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, [білімін](#), дағдысын, дүниеге [көзқарасын](#) жетілдіру процесі [3] десек, осы жүйеге қойылатын талаптар туралы «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен, ашылатын саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты – осы.Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек» [4,166] деген Ж.Аймауытовтың пікірі әлі өз құндылығын жойған жоқ.

Үшінші жаңғыруға аяқ басқан біздің елімізде жастар тәрбиесіндегі ұлттық дәстүр, ұлттық рух, ұлттық құндылықтар мен дүниетаным мәселелеріне ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Осыған байланысты бүгінде білім беру саласында жаңа реформалар жасалынды, жаңа талаптарға сай бұрынғы әдістердің мақсаты, мазмұны өзгерді.Жаңа сабақтың түрлері, әдістері пайда болуда. Сол үшін де мұғалім үнемі ізденісте болуы керек.

Бұл, әрине біздің еліміздің білім саласында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Жастарды адамгершілікке, имандылыққа, кішіпейілділікке, үлкенге құрмет көрсете білуге үйрету үшін ұлттық әдебиетті оқытуға айрықша көңіл бөлінуде. Өйткені, сөз өнері – халықтың жаны, рухани әлемнің айнасы. Ендеше әдебиет пәнін заманға лайықты оқыта білу – ұлттану ілімінің аса маңызды арнасы болып табылады. Тіпті, ұлы педагог Ы.Алтынсариннің қоғамды, адам мінезін әдебиет пәні арқылы түзетуге болады деген пікірінің өзі әдебиеттің қаншалықты пәрменді күшке ие екендігін көрсетсе керек.

Бүгінде әдебиет сабағы білім беру жүйесінің әр сатысында мемлекеттік стандартқа сәйкес белгіленген бағдарламалар көлемінде оқытылып келеді. Қазіргі таңда оқытудың негізгі мәселелері: бүгінгі сабаққа қойылатын талаптар, сабақ бөлімдерінің бір-бірімен сабақтастығы, әдістерді таңдау және оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, сабақтың нәтижелілігі, тиімділігі, сабақ типтері мен түрлері, оған қойылатын талаптар, оқушылардың сабақтағы өздігінен жұмыстарының мазмұны, сабақтың түрлі кезеңінде мұғалімнің алатын орны, сабақты өткізу формалары, педагогикалық технологиялардың мектеп тәжірибесіне енуі т.т. қаншама қарастырылса да, әлі күнге дейін зерттелу үстінде. Әр уақыттың өз ерекшелігіне орай, қабылданған реформалардың әсерінен де бұл әдістемеді басы ашық проблема болып табылады. Десек те, бұған дейін осы мәселе

бойынша біршама зерттеулер жүргізілген. Атап айтар болсақ, оқыту үрдісінің ерекшеліктері мен принциптері және оның әдістері мен құралдары туралы жазылған дидактикалық еңбектердің ішінде А.Байтұрсынов, Мәшһүр Жүсіп Қ.Бадырақов, А.Көшімбаева, Ә.Қоңыратбаев, М.И.Махмұтовтың, Г.К.Нұрғалиеваның, Қ.Бітібаеваның, М.А.Даниловтың, Ю.К.Бабанскидің, М.Н.Скатиңнің, М.И.Кудряшевтің, Н.Я.Лернердің еңбектерін ерекше атауға болады.

Қазіргі таңда мектепте қазақ әдебиетін оқытудың басты мақсаты – заманына лайықты, бәсекеге қабілетті, білікті де білімді, өз болашағын айқындай алатын азамат тәрбиелеу. Өйткені, ғасырлар тоғысында «білім беру» ұғымына деген көзқарас әлемдік деңгейде түбегейлі өзгерді. Сол себепті қоғамда басты құбылыс ретінде қарастырылып отырған бұл ұғым әдіскер-ғалым Б.Смановтың сөзімен айтар болсақ, «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – қоғамдық-саяси ойдың, философия, әдебиеттану, тіл білімі, эстетика, педагогика, психология ғылымдарының дамуымен өзара сабақтаса байланысқан қолданбалы ғылым» [5,38 б] деңгейінде.

Әдебиет - адамды адам, нағыз азамат ететін, оны рухани шыңдайтын, жанына жолдас болатын ерекше ғылым және ғажайып өнер. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану» құралы десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» деуге болады. Ол жасөспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржанының қыр сырын үйренуден жай білім ғана беріп қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – адалдық, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әдептілік, кішіпейілділік, сыпайылық сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіреді. Әдебиет пәні – оқушы жүрегіне жол тауып, зердесіне заман келбетін, өмірдің тылсым сырларын жеткізетін халқымыздың көркем тарихы, ұлттық сананы тәрбиелейтін, адам мен қоғам жайындағы түсінігін реттейтін өмір оқулығы.

Мектепте 9-сынып оқушыларына Нысанбай жыраудың өмер жолы мен шығармашылығы, «Кенесары-Наурызбай» дастанын оқытудың мақсаты - ұлт-азаттық қозғалыс жыршысының өмірі мен жыраулық өнерін терең түсіне білулеріне, тарихи шындықты тануларына мүмкіндік туғызу, тарихи тұлғалардың елі үшін жасаған ерліктерін дәріптей отырып, елінің адал азаматы, патриоты болуға баулу.

«Ұлтжанды ұрпақтың жүрегіне мәңгіге ұялап, ар-намысын оятқан жауынгер жыраудың жалынды жырлары бір жарым ғасырдан аса уақыт өтсе де, түрлі кедергілерге қарамастан, ұрпақтан-ұрпаққа жетті»[6,5б], деп зерттеушілер көрсеткендей бірнеше рет баспа бетін көрген «Кенесары-Наурызбай» дастанының құндылығы туралы кезінде М.Әуезов, С.Мұханов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Тәжібаев сынды әдебиет әлемінде белгілі тұлғалар пікір білдіріп, баға берген. Сонымен бірге Н.Жаманқұлұлының ақындық шеберлігі, қазақ әдебиетіндегі алар өзіндік орны мен деңгейі туралы да зерттеу мақалалары мен еңбектері баршылық. Атап айтар болсақ, Х.Досмұхамедов, Е.Ысмайылов, Н.Төрөқұлов, Қ.Бекхожин, М.Қойгелдиев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, С.Қирабаев, Т.Тебегенов, П.Бисенбаев, А.Жанаев, Т.Бекниязов, Ғ.Тұяқбаев, Қ.Мәдібай, Т.Есжановтардың Нысанбай жырау шығармашылығы, атақты дастаны туралы, ондағы батырлар бейнесі, тарихи оқиғалар шынайылығы, көркемдік мәні жөніндегі пікірлері де құнды.

Мектеп бағдарламасында Нысанбай жырау шығармашылығының ерекшелігін түсіндіру барысында аталған зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, жорық жыршысының өмірбаянына қатысты мәліметтерді нақты бере алуымыз керек. Мысалы, кейбір зерттеушілер еңбектерінде Нысанбай Жаманқұлұлының дүниеге келген кезеңін 1821 жыл деп, дүниеден озған жылын 1870 жыл деп көрсетеді. (Е.Бекмаханов), Ә.Қоңыратбаев 1823 жылы дүниеге келді десе, ал Ә.Тәжібаев жыраудың дүниеге келген жерін көкшетаулық деп көрсеткен. Сонымен бірге Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің «Сыр өнері» атты қосымшасының 2006 жылғы 29 маусымындағы (№15) саны Жалағаш ауданына арналады, осы бсылымда аудандық оқушылар үйі жанындағы әдеби-өлкетану үйірмесінің мүшесі Гүлнәзім Алтыбаеваның «Нысанбай жырау» мақаласы

жарық көрген. Онда: «Нысанбай жырау қазіргі Жалағаш ауданы көлемінде 1812 жылы дүниеге келген. Ол Бұқарбай батырмен құрдас болған» деп көрсетеді. Ал, Ахат Жанаев «Бұқарбай батыр мен Нысанбай жырауды қай жағынан алып қарасаңыз да, бір-бірінен ажырамас егіз ұғым іспетті. Бұлай дейтініміз екеуі де Кіші жүздің Жетіру аталығынан, әрі бір топырақта өсіп-өнген жандар. Өзінен он жас үлкен батыр ағасын Нысекең бірге туған өз бауырынан кем көрмей, ақыл-кеңесін тыңдап өскен еді...» [6,213б] деп жазады. П.Бисенбаев: «Дұрысы, Нысанбай Жаманқұлұлы 1822 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Елі Кіші жүз Жетіру, Керейт ішіндегі ашамайлы. Ал, оның Кенесары жасағына қосылуы – 1837 жыл» [6,27б] деп көрсетеді.

Керейттен шыққан жеті ер,

Жас балаңа медет бер!

Нәсіл затым сұрасаң,

Ашамайлы Керейтпін.

Он жасыма келгенде,

Қарыма қобыз ілгенмін.

Он бір жасқа келгенде,

Сөз мәнісін білгенмін.

Он екіге келгенде,

Жақсының алдын көргенмін.

Он үш жасқа келгенде,

Жақсының соңына ергенмін.

Он төрт жасқа келгенде,

Өз елімде жүргенмін.

Он бес жасқа келген соң,

Кенесары, Наурызбай

Төрөні іздеп келгенмін... - деген Нысанбай жыраудың өз сөзінен де біраз мәлімет алуға болады. Сонымен бірге Сыр өңірінің жорық жыршысы осы елдегі Аққошқар ауылының солтүстік-батысында екі шақырымдай жердегі Күлтары деген жерге жерленген деген мәліметті Т.Бекниязов мақалаларынан оқуға болады.

Жыраудың өмірбаянын дұрыстап түсіндіру арқылы оның басты ұстанымы қазақ жұртын отаншылдыққа, елшілдікке тәрбиелеу екендігін шығармалары арқылы дәлелдеуіміз керек. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, белгілі алаштанушы М.Қойгелдиевтің: «Досқожа, Нысанбай және Сүйінбай сияқты сол заманның ойшыл ақын-жыраулары өз шығармаларында осы негізгі ойды бедерлеп, елдің еркіндігі және қазақ жерінің тұтастығы үшін күресте кайрат, жігер танытқан ерлерді қолдауға шақырды. Нысанбай-жырау Кене хан бастаған қозғалыстың ұлт-азаттық сипатын терең түсініп, ақын ретінде ханның қоғамдық-саяси ұстанымын қабылдап, бұл күрестің ыстығы мен суығын, ащысы мен тұщысын оның бастаушысымен бірге күрестің соңғы сәтіне дейін бөліскен тарихи тұлға. Жырау Кенесары мен Наурызбайға байланысты баянын әдегенде-ақ Абылай хан ұрпағының саяси ұстанымына байланысты өз көзқарасын білдіруден бастайды. Бұл әулетті ол қазақтың жері мен елінің тұтастығы және тәуелсіздігі жолында жан алып, жан беріскен әулет болғандығы үшін құрмет тұтатындығын анық білдіреді. Жыраудың түсінігінде Кенесары сияқты мемлекетшіл тұлға ел қорғаны, ал оның қызметі ұлттық мемлекеттілікке ұмтылыстың көрінісі» [7] деген пікірін негізге ала отырып, «Кенесары-Наурызбай» дастанының құндылығын, көтерілістің ұлттық идеясын көрсете білген шеберлігін, қазақ жерінің тұтастығы үшін күрескен ерлер батырлығын дәріптеуіміз керек.

Қазақ әдебиетінің сан ғасырлық уақытын қамтитын бай тарихының өне бойында тәуелсіздікті аңсаған рухты елдің асқақ арманы, жалынды жыры дастан түрінде, кейде ауыздан ауызға көшкен жыр, бірде ұрпақтан ұрпаққа жеткен өсиет, нақыл, толғау түрінде көрінеді. Әр заманның айтулы, өз дәуірінің үніне айналған өз жыршысы болары сөзсіз.

Қазақтың белгілі академигі С.Қасқабасов:«...олар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ имандылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасыздығы, өлім мен өмір сияқты моральдық, этикалық, фәлсафалық проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырады» [8,64б] дегенін де естен шығармауымыз керек. Ғалым көрсеткен суреткерге тән осы белгілер қазақ әдебиетінің әр кезең авторларына ортақ қасиеттер деуімізге болады. Өзі өмір сүріп отырған замана тынысын, өз дәуіріндегі жақсылық пен жамандықты, ақ пен қараны, жан-жақты әрі терең таныған Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны туралы да бірнеше зерттеулерді негізге ала отырып, терең әрі тиянақты білім беруіміз керек.

Алты-жеті рет баспа бетін көргенде өзгеріске ұшыраған дастанның шынайы нұсқасын оқытып, үйрету де аса маңызды. Бұл мәселе бойынша да салиқалы салыстырулар керек-ақ. Әр нұсқасындағы өзіндік ерекшеліктер мен өзгеріске ұшыраған тұстарын нақты көрсетіп, себебін түсіндіру арқылы дастанның шынайы бағасын бере алатындығымыз анық.

Сонымен бірге ханның саясатын айқындап, халықтың сөзін айтатын, өз өресіне сәйкес жөн-жоба сілтейтін жырауларға тән ерекшеліктерді де көрсете білуіміз керек. Қазақ жерінде «Хан болсын, ханға лайық заң болсын. Абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын. Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын. Би болсын, би түсетін үй болсын» деген ұстаным болды. Міне, осы негізгі төрт ұстаным жыраулар поэзиясында басымдыққа ие болды. Мемлекеттік тұтастыққа осы төрт қағида қорған болған. Тарихымыздан білеміз, жыраулар ел өмірінде ерекше рөл атқарды. Олар қанкешті соғыстарға қатысып, қаһармандық, ерлік көрсетті. Ханның ақылшысына, кеңесшісіне айналды. Елге, ер-азаматқа ақылгөй болған жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт-бағдарын, идеялық тұғыры мен көркемдік биігін айқындап берді. Өкініштісі сол, жырау мен жыршылардың қатары күн санап азайып бара жатпаса, көбейіп келе жатқаны байқалмайды. Өнердің осы ғажап түріне қолдау, қамқорлық көрсету – парыз десек, оқушылар бойындағы осы өнерге деген қызығушылықты Нысанбай жырау мысалында оятуға болады.

«Сабақ беру жай ғана үйреншікті нәрсе емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Ж.Аймауытовтың, «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» - деген А.Байтұрсыновтың сөзін әрбір мұғалім басшылыққа алуы қажет, жаңа технология әдістерін өз сабақтарында тиімді пайдалана отырып, оқушылар қызығушылығын оята білу де шеберлікті талап ететіндігін де ұмытпауымыз керек. Ол үшін мұғалімнің өзі осы тақырып төңірегіндегі зерттеушілер еңбектерімен танысып, салыстырмалы түрде түйінді ойларын өз сабағында бере білуі қажет. Бұқардан кейінгі ең ірі жорық жыршысы деп бағаланған әлі зерттеліп болмаған Нысанбай жырау шығармашылығы жөнінде оқушыларға зерттеушілер еңбегін жүйелі таныстыру уақыт талабы деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. 2018 жыл 5 қазан.
2. Байтұрсынов А. Қазақша оқу жайынан //Қазақ газеті. 1913 ж.
3. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 384 б.
4. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Ғылым, 1999.
5. Сманов Б. Мектепте көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы, 1999. – 272 б.
6. Нысанбай жырау. Зерттеулер мен ғылыми мақалалар. – А: «Арыс» баспасы, 2013. – 248б
7. <http://e-history.kz/kz/contents/view/>. «Мәңгілік ел»-Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы
8. Қасқабасов С. ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: ӘӨИ, 2005.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛИНГВОМӘДЕНИ КОМПОНЕНТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қабакбай Ж.А.

«7M01704 – Шетел тілі: екі шетел тілі»

1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Кортабаева Г.К., ф.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада шет тілін оқыту үдерісінде лингвомәдени компоненттің маңызы мен оны қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Лингвомәдени бірліктерді меңгеру шет тілін үйренушілердің мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетін арттырудың маңызды тетігі ретінде сипатталады. Зерттеу барысында мәдениетаралық құзыреттілік көпқырлы құрылым ретінде талданып, оның тілдік, әлеуметтік және мәдени құрамдас бөліктері айқындалады. Шет тілін оқытуда мәдени мазмұнды жүйелі түрде енгізу үйренушінің басқа мәдениет өкілдерімен тиімді әрі нәтижелі коммуникация орнатуына мүмкіндік беретіні дәлелденеді.

Кілт сөздер: шет тілі, лингвомәдени компонент, мәдениетаралық құзыреттілік, коммуникация, тіл мен мәдениет.

Қазіргі жаһандану жағдайында түрлі халықтар мен мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастықтың күшеюі шет тілін оқытудың мазмұнына жаңа талаптар қояды. Бүгінгі таңда шет тілін меңгеру тек грамматикалық құрылымдар мен лексикалық бірліктерді игерумен шектелмей, сол тілде сөйлейтін қауымның мәдени, әлеуметтік және құндылықтық ерекшеліктерін түсінуді де қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, лингвомәдени компонент шет тілін оқытудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісінде тіл мәдениетті тасымалдаушы құрал қызметін атқарады. Тіл арқылы ұлттық дүниетаным, мінез-құлық модельдері, сөйлеу этикеті мен әлеуметтік нормалар көрініс табады. Сондықтан шет тілін оқыту барысында лингвомәдени мазмұнды елеулі үйренушілердің коммуникациялық мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, мәдениетаралық құзыреттілік тілдік білім мен мәдени тәжірибенің өзара байланысында қалыптасады [1].

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру тұлғаның өзара сыйластық, мәдени айырмашылықтарға төзімділік және мәдени кедергілерді еңсеру қағидаттары негізінде мәдениеттер диалогына қатысу қабілетін дамытуға байланысты қарастырылуы керек. Мәдениетаралық тәрбие оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыруға бағытталған және екі оқушының да белгілі бір этносқа жататындығы туралы хабардар болуына және басқа мәдениет өкілдерінің дәстүрлері мен мәдени ерекшеліктерімен танысуына ықпал етеді.

Мәдениетаралық құзыреттілік – бұл басқа мәдениет өкілдерімен өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынас орната алу қабілеті. Ол тұлғаның мәдени айырмашылықтарды қабылдауы, стереотиптерден арылуы және коммуникативтік жағдайға бейімделе алуымен сипатталады. Осы құзыреттілікті қалыптастыруда лингвомәдени терминдер мен ұғымдарды меңгерудің маңызы зор. Себебі олар тілдік бірліктердің артында тұрған мәдени ақпаратты түсінуге мүмкіндік береді.

Шет тілін оқытуда лингвомәдени компонентті енгізу оқыту мазмұнын байытып қана қоймай, білім алушылардың сыни ойлауын, салыстыру қабілетін және мәдени рефлексиясын дамытады. Мысалы, түпнұсқалық мәтіндермен, бейнематериалдармен, ұлттық салт-дәстүрлерді сипаттайтын тілдік үлгілермен жұмыс жасау арқылы оқушылар өз мәдениеті мен өзге мәдениетті салыстыра отырып қабылдайды [2]. Осыған байланысты

шет тілін үйрену тек бай лексикалық қор мен лайықты айтылымға ие болу үшін ғана емес, сонымен қатар шетелдік грамматиканы білу үшін де, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру үшін де қажет. Бұл құзыреттілік тілді меңгерудің осындай деңгейіне жетуді көздейді, бұл, біріншіден, әңгіме барысында күтпеген бұрылыстардың барлық түрлеріне икемді әрекет етуге мүмкіндік береді; екіншіден, сөйлеу әрекетінің адекватты бағытын анықтау; үшіншіден, орасан зор арсеналдан нақты қаражатты тандап, төртіншіден, бұл қаражатты ұсынылған жағдайға сәйкес пайдалану қатесіз. Табысты қарым-қатынас алдыңғы дәуірлерден мұраға қалған жасанды түрде жасалған салтанатты емес, ол әлеуметтік-мәдени дәстүрден өсіп келеді, бұл біздің қоғамда практикалық және әдеттен тыс танымал. Қарым-қатынастың белгілі бір ережелерін ұстану және сонымен бірге оларды тастап кету, басқа адамдармен қарым-қатынаста импровизация жасау қабілеті біздің жеке басымыз бен даралығымызды баса көрсетеді, шектемейді немесе шектемейді, керісінше, ашық диалогқа ықпал етеді, тәуелсіздік сезімін тудырады және өзіміз болуға мүмкіндік береді [3].

Мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасуы екі мәдениеттің бірнеше бағыттар бойынша өзара әрекеттесуін болжайды: шет тілінің өзі арқылы зерттелетін тілдің елінің мәдениетімен танысу және шет мәдениеті сөйлеушілерінің мінез-құлық моделін игеру; шет тілі мен шет мәдениетінің ана тілінің дамуына және ұлттық мәдениеті шеңберіндегі мінез-құлық моделіне әсері; екі мәдениеттің әсерінен тұлғаның дамуы болып табылады.

Фюрстенберг мәдениетті көпқабатты әрі күрделі құбылыс ретінде сипаттай отырып, оны тілден бөліп қарастыру мүмкін еместігін атап өтеді [4]. Осыған байланысты шет тілін оқытуда мәдени мазмұнды жүйелі түрде қолдану үйренушілерді нақты өмірлік жағдаяттарға дайындаудың тиімді жолы болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, жобалық жұмыстар мен интерактивті тапсырмалар мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың нәтижелілігін арттырады.

Қазіргі кезде ғылым, техника және жаһандану нәтижесінде қоғамның қарқынды түрде өзгеруі қазіргі заманғы азаматтар мен қауымдастықтардың қажеттіліктерін көрсету үшін мәдениетаралық мақсаттарды үздіксіз дамуына алып келді. Яғни, коммуникативті-сөйлеу жағдайына қатысты мәдениетаралық-коммуникативті жағдай бірінші жағдай ретінде қарастырылады. Бұл қабілетте ол мотивацияға, сөйлеу мазмұнына, тілдік құралдарға, вербализмге әсер ете алады. Осылайша, интерактивті формаларды, оқыту әдістері мен әдістерін қолдана отырып, мәдениетаралық және коммуникативті сөйлеу жағдайлары жағдайында кәсіби білімді, шет тілін меңгеруді жүйелі түрде қолдану техникалық және гуманитарлық пәндердің интеграциясын қамтамасыз етеді.

Практикалық сабақтарда арнайы жаттығулар сериясы қолданылады: диалогтар мен монологтардағы лингвистикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдарды пысықтау (мысалы, әуежайда, сауда орталығында, қонақ үйде байланыс); оқытылатын тіл елінің өкілдерімен қарым-қатынас жасау кезіндегі проблемалық жағдайларды талқылау; оқытылатын тіл елінің өкілдерімен нақты қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану (электрондық пошта арқылы, форумдарда хат алмасу); оқу курсының оқу тақырыптарына байланысты шығармашылық және ғылыми жобалар; баспалардан, фильмдерден, зерттелетін елдің ұлттық арналарының жаңалықтарынан бастап түпнұсқалық материалдарға лингвистикалық және лингвистикалық-мәдени талдау.

Осылайша, лингвомәдени компонентке негізделген шет тілін оқыту оқушылардың тілдік білімін тереңдетіп қана қоймай, оларды жаһандық мәдени кеңістікте еркін бағдарлай алатын, толерантты әрі ашық тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, шет тілін оқытуда лингвомәдени компонентті мақсатты түрде қалыптастыру мәдениетаралық құзыреттіліктің дамуына тікелей ықпал етеді. Тіл мен мәдениетті біртұтас жүйе ретінде қарастыру оқыту үдерісінің тиімділігін арттырып, білім

алушыларды шынайы коммуникациялық жағдаяттарға дайындайды. Сондықтан лингвомәдени бағыт шет тілін оқыту әдістемесінің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Свиридон Р.А. Английский язык: межкультурная коммуникация: практикум. – Красноярск: ИПК СФУ, 2008. – 93 с.
2. Агапова С.Г. Основы межличностной и межкультурной коммуникации. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2004. – 288 с.
3. Подгурецкий Ю.Ю. Социальная коммуникация. Учебник. – Москва: Гелиос АРВ, 2006. – 210 с.
4. Furstenberg Gil. (2010). Making culture the core of the language class: Can it be done?. The Modern Language Journal, 94 (2), 329-332.
5. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: Базовый курс лекций: Пособие для студентов пед. вузов и учителя. – Москва: Просвещение, 2002. – 239 с.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз. Жанбершиева Ұ.Н. – ф.ғ.к., профессор	3
Бағдарлама және конференция бағыттары (секциялары)	4-5
Сейфуллах Йылдырым – Түркия Республикасы, Гази университетінің профессоры, доктор. Қазақстан даласының діни дастандары және жыраулық дәстүр.	6-11
Асқарова Г.С. – ф.ғ.к., профессор. Ә. Қоңыратбаевтың ежелгі әдеби мұраларды талдау тәсілдері және оны ЖОО-да оқытудың маңызы.	12-15
Оралова Г.С. – ф.ғ.к. Көркем шығарманы Ә.Қоңыратбаев әдістемесімен оқыту және оның теориялық негіздері	16-22
Біләлов С.Ө. - PhD (философия докторы). Ә.Қоңыратбаев еңбектерінің Сыр бойындағы археологиялық ескерткіштері: тарихы, аңыздары	23-31
Алмауытова Ә.Б. – ф.ғ.к. Ә.Қоңыратбаевтың “Тілдік әлемі”	32-34
Кұдайбергенова К.Т. - PhD (философия докторы). Әуелбек Қоңыратбаев және тұрмыс-салт жырларын жүйелеу мәселелері	36-39
Изтлеуова Ж.Б. – м.ғ.н. Содержание профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов на основе полилингвального образования	40-47
Қазбай П.А. - докторант. Халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу	48-55
1-секция Фольклортану мен түркітанудың өзекті мәселелері	56
Нуржанова А.С. - ф.ғ.к, доцент. Әуелбек Қоңыратбаев және қазақ ауыз әдебиетін ғылыми тану	56-59
Козыбаева А.М. Әуелбек Қоңыратбаев және түркі эпосының типологиясы	60-64
Сейтова Г.П. Ұлт рухын ұлықтаған ғалым: Әуелбек Қоңыратбаев мұрасы негізінде	65-68
2-секция Әдебиеттанудағы ғылыми-теориялық бағыттар және зерттеу әдіснамасы	69
Жанбершиева Ұ.Н. – ф.ғ.к., профессор. Тұрмағанбет шығармаларының ұлттық тәрбиемен байланысы	69-73
Төлебаев Қ.Т. Бейсенбай Қасқырбайұлының айтыстары	74-77
Оралова Г.С. – ф.ғ.к. Қарасақал Ерімбет айтыстарының поэтикалық ерекшеліктері	78-84
Үдербаева Ш. – магистрант. “Едіге батыр” жырындағы бейнелі сөздер	85-90
Серікбаев М.Б – студент. Мағжан Жұмабаевтың ұлттық болмысы	91-94
Тұрсынбай Қ. – студент. Абай шығармашылығы және Т.Әлімқұловтың танымдық, теориялық тұжырымдары	95-98
Айтбаева А., Дауылбай М. – докторант. Ә.Кекілбаевтың романдарындағы әдеби түстерді психологиялық талдаудағы рөлі	100-105
Абдуллаева А.Ж. – докторант. Постколониалдық нарратология және	106-112

М.Мағауиннің “Шақан Шері” романы	
Сыздыкова У.С. Әуелбек Қоңыратбаев – әдебиеттанушы-ғалым	113-115
Ахметбек Б.М. Сунақ Бабай – батыр заманы	116-120
3-секция	121
Қазіргі гуманитарлық ғылымдағы зерттеу бағыттары: тарих, археология және лингвистика	
Елемесова Ш.М. – ф.ғ.к. Ұлттық мәдениеттің көркем мәтінде берілуінің этнолингвистикалық негізі және “тілдік тұлға” мәні (Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ солдаты” романы бойынша)	121-126
Кисыкова А.Ж. Үш тұғырлы тіл саясатының басты тірегі – мемлекеттік тіл	127-128
Әбсадық А.Н. – магистрант. Академиялық жазуды дамытуда терминологиялық глоссарийді қолданудың теориялық негіздері	129-133
Сарышова К.С. – ф.ғ.к., қауым.профессор. Фразеологизмдер бойындағы бағалау категориясының көркем мәтіндегі көрінісі	134-138
Баялиева Г.Ж. - ф.ғ.к., қауым.профессор. Қазақ акын-жырау шығармаларындағы мәдени лексика қолданысының этномәдени фоны	139-144
4-секция	145
Фольклор үлгілерін мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары	
Нұртасова Н.М. – магистрант. Өтірік өлеңдерді оқытуда инновациялық технологияларды қолдану	146-149
Дәулетбаева Ж.Қ. Фольклорды оқытудың инновациялық технологиялары және ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін жұмыстар	150-153
Исмайлова А.Б. Жастар тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызы	154-156
Сейталиева Қ.О. Ш.Х.Сағынбаевтың әдістемелік тұжырымдары және оның өзіндік ерекшеліктері	157-164
Әлиакбар Қ.М. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің қазақ тілін оқытудағы рөлі	165-168
Текесбаева Г.М – аға оқытушы, Текесбаева А.М - ф.ғ.к. Мультимедия құралдарын қолдану арқылы білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру	169-173
Уткелбаева А.А. Мектеп бағдарламасында “эко-әдебиетті” оқытудың инновациялық әдістері	174-178
Игизбаева Л.Ж. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытудың тиімді стратегиялары: мәтінмен жұмыс және функционалдық дағдылар	179-181
Есмағамбет З.Н. “Абайтану” пәні арқылы ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіру	182-190
Оралова Г.С - ф.ғ.к. Көркем шығарманы Ә.Қоңыратбаев әдістемесімен оқыту және оның теориялық негіздері	191-196
Ертаева Ж.Д. Дуальды оқыту - кәсіби біліктіліктің шыңы	197-202
Нұрман Г.Ұ. Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік әрекетін дамытудағы виртуалды және табиғи саяхаттардың рөлі	203-204
Абдрахова А.Қ. Жорық жыршысы Нысанбай жырау шығармашылығын орта мектепте оқытуда ескеретін мәселе	205-209
Қабақбай Ж.А. Шет тілін оқытуда лингвомәдени компонентті қалыптастырудың әдістемелік негіздері	210-212

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

«Ә. Қоңыратбаев және түркі халықтарының рухани мұрасы: фольклортану мен әдебиет тарихын зерттеудің жаңа парадигмасы» профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың 120 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

18 желтоқсан, 2025 жыл

Тіркеу номері № 597

Басуға 27.02. 2026 жылы қол қойылды. Формат 60*84 ^{1/8}

Көлемі 26,75 б.т. Тапсырыс №1824. Таралымы 500 дана.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

«Жиенай» баспа үйі

Қызылорда қаласы, Байсейітова көшесі, 101 А баспаханасында басылды.